

ҚҰРАН КӘРІМ

ЖӘНЕ

ҚҰРАН ҒИЛМДЕРІНЕ КІРІСПЕ

Профессор, доктор
Суат Йылдырым

Алматы 2007

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Құран Кәрімнің мазмұны

Аллаһ адамдарға үндейді	9
Уахидің мәні	12
Уахидің түсуі	18
Уахидің жазылуы	27

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Құран Кәрімнің түсуі және мәтіннің жеткізілуі

Құранның мағынасы мен кейбір атаулары	31
Құранның түсу жолдары	32
Аяттар	34
Нүзул барысы	37
Мекки және мәдени сүрелердің арасындағы айырмашылықтар	42
Сүрелер	45
Уахидің сақталуы	49
Құранның Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұйрығымен жазылып, жаттау арқылы белгіленіп, тіркелуі.....	51
Құран мәтінінің мұсхаф халіне келтірілуі	54
Мұсхафтың Хазіреті Османның халифалығы кезінде көбейтілуі	58
Құранның «жеті әріп» болып түсуі	62
Қырағаттар	66
Құран мәтініне нүкте және хареке қойылуы	71
Құранның оқылуындағы тоқтайтын жерлер	74

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Құран ілімдері

Уахидің келу себебі	81
Аяттар арасындағы үйлесімділік	85
Құранның бөлшек-бөлшек түсуі.....	89

Нәсх мәселесі	93
Құран қиссалары	96
Сүре бастарындағы жеке әріптер	103
Құрандағы мүшкілдік	105

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Құран Кәрімнің әдіс-тәсілдері

Құран әдіс-тәсілдеріне кіріспе	111
Құран тәсілінің басты ерекшеліктері	117
1) Барлық әдеби түрлерден бөлек болуы	117
2) Құранның теңдессіз үйлесімдігі	122
3) Мағына мен сөздің теңдігі	125
4) Құран Кәрімнің әдеби түрлердің барлығындағы кемелдігі	127
5) Бір сәтте әрқандай деңгейлерге үндеуі	133
6) Әдеби түрлердің араласып кетуі	137
7) Қайталану мәселесі	143
8) Баян тәсілінің түрлілігі	148
9) Ақыл мен сезімге тепе-теңдікпен үндеуі	150
Құран тәсілі мен хадис тәсілін салыстыру	153

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Құранның иғжазы

Құранның иғжазы	159
Иғжаз түрлері	164
1) Шешендік пен тәсілі	165
2) Мазмұнының байлығы (жәмийеті)	167
3) Қамтығын негіздерінің адамзатқа жеткілікті болуы	179
4) Ғайб хабарларын қамтуы	185
5) Құранның үнемі жаңа болуы	189
6) Құранның Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) қалауына сай келмеуі	201



БІРІНШІ БӨЛІМ



ҚҰРАП ҚОРЫМШЫ, МАЗМҰНЫ

АЛЛАҺ АДАМДАРҒА ҮНДЕЙДІ

Әлемнің Жаратушысы, Иесі және Билеушісі сансыз туындыларын іс-әрекеттерімен бірге ғайб пердесінің аржағында оларды басқарып Өзінің бар екендігін көрсетуде. Мысалы: Бір сағат, бір орындық, тіпті бір ине де ұстасыз, өздігінен қалыпқа келе алмайды. Сол сияқты, бұлардан мыңдаған есе жоғары, бір жүйеде реттелген әрі кемелді, өлшеусіз құдіретті еңбектері арқылы жасалып, құралуға тиіс заттарға толы бұл әлемнің де әлбетте біз көре алмайтын Жаратушысы бар. Бұл Жаратушы өз туындыларын ерекше толық бір іліммен, орасан-зор құдірет-күшпен және асқан хикметпен жасағандығы біз білетін табиғат әлемінде көрініп тұр. Қасиетті Құран Кәрімде: “Рахманның (Аллаһтың) жаратқандарынан қылдай да селкеу таба алмайсың. (Аспан әлеміне) Қайта бір көз жіберші, әлдеқандай ақау көзіңе шалар ма екен?! Сонан соң және екі рет көз жіберші (сырына жете алмай) күдер үзе бұлдырап, талған көзің өзіңе қайтады” (Мүлк, 3-4) - дейді Аллаһ Тағала.

Міне, тоқтамай жұмыс істейтін сағаттай жалғасатын ұлы әлем жүйесінде орын алған сансыз туындылардың әрбірі - Құран тілінде “кәлімәтүллаһ” (Кәһф, 109 т.б), яғни Аллаһтың сөзі деп аталады. Бұлардың әрбірі жазылған хат. Баян етілген сөз. Бір-бір кітап. Біз біле бермейтін көптеген нәрселерді түсіндіреді. Иегердің сипаттарын және мақсаттарын көрсетеді. Бұл сөздер әсте таусылмайды. “Егер жер жүзіндегі ағаш атаулының барлығы қалам болса, теңіз сия болса, оған тағы жеті теңіз (сия болып) қосылса да, Аллаһтың сөздерін (жазып) тауысуға болмайды. Аллаһ - анық жеңімпаз, ұлы хикмет иесі” (Лұқман, 27).

Қандай да бір өнерпаздың еңбегі, мысалға сағатты алар болсақ, ол оны жасаған ұстаның тірі, тіршілік иесі болғандығын айқындайды. Өмірде болмаған істі ешкім істей алмайды.

Көріп, естіген нәрселерін ғана істейді. Дәлелдейді. Көрместен, дауыстарды естіместен ол туындыны ешкім жарыққа шығара алмайды.

Бұл оның қалауымен болғандығын көрсетеді. Қалағандығы үшін жасады. Қаламаса жасамайтын еді.

Бұл демек, сағат ұстаның жынысынан болмағандығын білдіреді. Ұста бір бөлек, оның еңбегі бір бөлек нәрсе.

Ондай туындыларды шығарған және ондай қасиеттерге ие болған кісінің, сонымен қатар оларды жасаудағы мақсаты болуы керек. Ол мүліктің неменеге жарайтындығын, қалай қолданылатындығын көрсететін нұсқасы болуы керек.

Міне, бұл жағдай әлгі затты жасаушының ол жайлы сөзі де болуын керек етеді. Демек, бұл нәрселерді жасаған кісінің бұларды жасаудағы мақсатының не екендігін баяндамауы немесе баяндай алмауы мүмкін емес деген сөз.

Дәл осы сияқты жоғарыда берілген мысалдан мыңдаған есе артық қалыптағы әлемдегі сансыз, есептеуге келмейтін туындыларымен Өзін танытқан, білдірген, сүйдірген Раббымыздың адамзат ақылы таңырқап, қайран қалатын орасан зор жаратқан нәрселерінің де әлбетте мақсаттары бар. Өйткені, Оның өз жүйесіндегі біз үшін кішкентай, маңызсыз секілді болып көрінген нәрселердің де біз білмейтін сыры мен мақсаттары бар. Керексіз және мақсатсыз ешнәрсе жоқ. Тіпті, өздеріне сана беріп жаратқандары туралы айтар болсақ та, оның одан да маңызды көптеген мақсаттары бар екені даусыз.

Барлық нәрселерді кемелді етіп жаратып, оларды мүлтіксіз басқарып тұрғанда, әлемдегі басқа бүкіл мақлұқтарды басқару билігімен, қабілетімен және мүмкіндіктерімен жабдықтаған адам туралы Хақтың өз мақсаттарының, нұсқауларының болмауы тым хикметсіздік, әділетсіздік болар еді.

Көрсеткеніндей болмаған да Құранда бұйырылғанындай: “Бізді өздеріңді бекер босқа жаратты, біздің алдымызға қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?” (Мү’минун, 115) немесе “Адам баласы өзін емін-еркін жіберілеміз деп ойлай ма?” (Қиямет, 36).

Сондықтан Жаратушының мақлұқтарынан қалағандары, оларға беретін біршама бұйрықтары болады. Іс-әрекеттерімен, хал тілімен сөйлескені сияқты, кәләммен де (сөзбенен) сөйлесіп, Затын танытады. Өзін, бар екендігі мен жалғыз екендігін білдіруді тек қана жасаған туындыларының куәгерлігіне тастамай, Өзі сөзбен жеткізеді.

Өзін таныту үшін, әлемді мұндай шексіз материямен бастан-аяқ таңғажайыптарға толы қылып жаратқан және мыңдаған тілдермен мінсіздігін сөйлеттірген Аллаһ, әлбетте өз сөздерімен де бар екендігінен хабардар етеді.

Мақлұқаттың ең таңдаулысы және Жаратушысына ең мұқтажды болған нағыз адамдардың шүкіршіліктеріне және жалбарыныштарына іс-әрекетімен де, сөзімен де жауап беру - Оның Рубубийетінің (тәңірлігінің) атақ-абыройы.

Саналы және рухты мақлұқтарына (адамзаттың ілімде мұншалықты ілгерілеуімен қатар) әлі ешкім сырын біле алмаған баян мұғжизасын, сөйлесу қабілеті мен ерекшелік-қасиеттерін беріп, әрі олардың не сөйлескендерін білетін Аллаһтың, әлбетте Өзінің де ол сөздерге араласуы - Рубубийетінің қажеттілігінен. Тіпті бізге берген бұл баян ерекшелігі - Өз затының баянын түсінуіміз үшін берілген өлшем болуы керек.

Өмір мен ілімнің қажетті құралы және жарық көрінісі болған кәләм (сөйлеу) сипаты шексіз де шетсіз ілімге әрі мәңгі өмірге ие ұлық Заттан әлбетте табылады. Кең және мәңгі бір қалыпта табылады.

Ең сүйікті, қатты алаңдаушы, сүйеніш ететін күшке ең мұқтаж, Иесі мен басшысын табуға қатты асыққан күйде жаралған адамдарға, оның кедей мен әлсіз мақлұқтарына сол әлсіздік пен ынтықтықты, кедейлік пен мұқтаждықты, болашаққа алаңдаушылықты, сүю сезімі мен табынушылық қалауын берген Заттың, әлбетте Өзінің бар екендігі мен сипаттарын, адамдарға сөзімен білдіруі Ұлуһийеттің қажеттігі еді.

УАХИДІҢ МӘНІ

Ақыл - уахидің ақылға қонымды және зәрулік екенін қабылдағанымен, оның мәнін біле алмайды. Ақылға жасалған нәрсе қайда, Жасаушысын түсіну қайда? Демек, ағаш пен ұстасы арасындағы айырмашылық өте үлкен! Бірақ, оның бар екендігін білгенімізбен, біз қабылдауға мәжбүр болған көптеген ақиқаттардың негіздерін білмейтініміз де сөзсіз. Сөйте тұра істері арқылы олардың (біз білмейтін ақиқаттардың) бар екенін қабылдауға мәжбүрміз. Бұл шындықты ғасырымыздың адамдары бұрынғы дәуірдегілерден де жақсы біледі. Мұндай әртүрлі деңгей - адам ақылының шектеулі болатындығынан. Күнделікті көріп жүрген осы дүниедегі көптеген заттарда да біз әлі маңызын түсіне алмаған нәрселер болып тұрғанда, біз әлі көріп-білмеген арғы дүниедегі кейбір шындықтардың мәнін қайтіп қана түсіне алмақпыз? Айналамызда да әр сәт сайын болып жататын қаншама құбылыстар бар? Оларды қарапайым түрде көре алмаймыз, ести алмаймыз және тани алмаймыз. Бірақ, ілімнің дамуы нәтижесінде оларды біліп, түсінуде белгілі дәрежеге жетеді. Демек қазір ғарыштағы космос сәулелерін

белгілеп алуға да және бірнеше миль қашықтықтағы ұшқан шыбынның дауысын тура қасымыздағы секілді тыңдауға да мүмкіндіктер бар.¹ Адамдар ести алмайтын және сезбейтін біршама дауыстар мен иістерді кейбір жануарлардың сезе алатындығы бар. Жануарлардың да, адамдардың да арасында телепатия (көзге көрінбейтін байланыс) іске асуда.

Дәл сол секілді Аллаһ Тағаладан келген иләһи (тәңірлік) үндеуді - адамдардың арасында тек қана Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) естуі таңданарлық жәйт емес. Сондықтан біз аңғарып, анық-қанығына жете алмайтын әлемге тән иләһи сөздің мазмұнын да білуге мәжбүр де, міндетті де емеспіз.

Уахи

Аллаһ Тағала Кәләмі (сөзі) арқылы қалауын және ісін көрсетеді. Аллаһтың қалауы мен жаратушылығының көрсеткіші болып табылатын сөздері бітіп, таусылмайды. Әлем жүйесі Оның тәкуини (жаратушылық) әмірлерінен құралған. Мінеки, сол жүйені түсіну, түсіндіру және одан бірнешеуін басқарудың билігі мен қабілетін жабдықтап, Өзіне жауапты әрі жер-жүзіне уәкіл етіп тағайындаған адамға бұл кешенді жүйені қалай пайдалану керектігін Кәләмімен (сөзімен) білдірген.

Аллаһтың қалау сипатынан туындаған “күн” (бол) деген әмірі – тәкуини (жарату) шарифатын ал, кәләм сипатынан келген уахи болса - тәнзили (түсу) шарифатын көрсетеді. Бұл екі шарифат бірігіп “аят” деп аталады. Өйткені, әлемдегі жүйе һәм тәңірлік сөз Аллаһтың дәлелі (аят) болып табылады.

Уахи сөздікте - ымдау, сыбырлау, өте шапшаң ишарат ету, жазу, басқаға бір нәрсені жеткізу, шабыт (Нахл, 68) және үгіттеу

¹ Уахиддин Хан, әл-Ислам, 161 бет.

(Өнғам, 121) қорыта айтқанда “өте шапшаң әрі жасырын түрде білдіру” - деп аталады.²

Дінде - Аллаһ Тағала білдіргісі келген һидаяты мен бұйрықтарын таңдаған құлдарына, әлде адамдар арасында жария салып емес, әдеттен тыс құпия жолмен білдір еді.

Тәңірлік және ақиреттік ақиқаттарды адамдар ақылдарымен түсіне алмайды. Өйткені ақыл шектеулі. Сондай-ақ ақыл адамдарды әр түрлі жолдарға сілтей алады. Ұлы шындық туралы сөз айту барысында фәлсәфәшілер адамзатқа қаншалықты түрлі, теріс жолдар көрсеткілері келгендіктері белгілі.

Аллаһ Тағала адамзатқа деген ілтисатын әр заман сайын, жер-жүзінің әрқилы аймақтарында иләһи тәблиғді қауымдарына жеткізетін адамдарды таңдаған. Өйткені дүние тіршілігінің, өмір сүру тәсілінің тәңірлік нұсқауға қарай тәртіпке келтірілуі мақсатқа алынған.

Тәңірліктің адамдармен байланыс орнатуы туралы адамзат арасына тараған сенімдерімен (тәнәсүһ = *generation*, хулул = кіру, иттиһад = бірлік, пантеизм) Аллаһтан келген уахи салыстырылса, ақылға ең қонымды байланыс жолының Құран білдірген уахи жолы екені өте айқын болады. Өйткені, бұл уахи жолы Аллаһ Тағаланың қиялдар жетпейтін ұлы, пәк сипаттарына нұқсан келтірмейді. Алайда христиандық бойынша уахи – Аллаһтың рухының тұлғалық қасиеттерін жоймау негізінде киелі жазушылардың ішіне кіріп, оларды рухани да, ғайыптық жағдайдан хабардар етуі. Негізінде олар уахиді “Тәңір өзін ұлы Иса бейнесінде адамдар ішінде көрсеткен” деп қабылдайды.³ Сөйтіп, олар Аллаһтың ұлық затына баланы қосып, ширкке ұрынады.

Адамзаттың жұлдыздары іспеттес мыңдаған пайғамбар (алейһимус сәләм) тәңірлік уахиға сүйеніп түрлі уақыт пен

²Зәрқани, Мәнәхил, 25 - бет.

³Субһи Салих, Мабахис, 25-бет.

түрлі орындарда адамдарға ақиқатты көрсеткен. Аллаһ кітаптың (Құран) және иманның не екенін білмейтін (Шура, 52), өзіне бір кітап жіберілетіндігінен еш үміттенбейтін (Қасас, 86) бір құлын, яғни Хазіреті Мұхаммедті (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамзатқа ең көркем үлгі (Ахзаб, 21) болуы үшін уахи-мен күшейтіп, пайғамбарлықпен міндеттеген.

Пайғамбар (с.а.у.) өзінен сыртқы күш-қуат тарапынан таңдап алынып, өзінің ойына қарамастан елшілікке мәжбүр қылынды. Бұл жағдай көптеген пайғамбардың өмірінде көрініс табады. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) өзіне пайғамбарлық міндет жүктелер кезде уахиді әкелген Жәбірейілге (а.с.): “Мен оқуды білмеймін” деу арқылы қашқысы келгендігі сезілгендей болады. Бастапқыда естіген дауыстың, көрген көріністің және келген періштенің мақсатын біліп, анық-қанығына жету үшін жұмсаған қайраты да осыны көрсетеді. Өйткені, жындармен байланыс жасайтын балгерлердің айтқандарымен Оның (с.а.у.) жағдайының арасында (сыртқы көрініс жағынан) ұқсастық бар еді. Ал, балгерлер болса, Оның (с.а.у.) ең жек көретін адамдары еді. Бірақ уахидің Аллаһтан келгендігіне және Оның өзін пайғамбар еткендігіне әбден сенгеннен кейін немесе “Фәтрәтүл-уахи” деп аталатын кезеңнің үстінде уахи тоқтап қалғанда, Ол (с.а.у.) бірнеше жыл бойы Жәбірейіл періштенің қайтадан уахи алып келуін күткен. Бірақ, уахи Ол (с.а.у.) сағынғанымен де келмеген еді. Ақыры бір күні періштені көрді де ерекше қорқып кетіп, жары Хазіреті Хадишаға келіп дегбірсіздене: “Мені бүркеші, мені бүркеші!” - деді. Содан кейін “Мүддәссир” сүресі түсті:

“Ей, жамылғысына оранған (Мұхаммед), тұр енді! Адамдарға ескерт! Раббыңды ұлықта. Кигендеріңді таза ұста. Өр түрлі лас істерден аулақ бол!” (Мүддәссир, 1-5).

Қалауына лайық келмейтін бұл көріністің өзінен, ойынан тыс, тәуелсіз болып келген иләһи уахи екендігін Пайғамбарымыз (с.а.у) түсінді.

Құран Кәрімде үш жүзден артық аяттың “қул”, яғни “Айт” деп басталатыны да, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өздігінен айтпағандығын, сырттан бір күш-қуаттың оны баяндауға мәжбүрлегендігін көрсетеді. Осылайша тыңдаушының үздіксіз бұл шындықты жадында ұстауы қамтамасыз етіледі.

Аллаһтың сөзі біз білетіндей сөз емес, жанға толы бір үндеу. Екі сөздің арасындағы айырмашылық - Жаратушы мен жаратылған арасындағы айырмашылық секілді. Барынша кеңдігімен Исламият - иләһи сөздің өмірге рух беретін қуатының әлемнің көкжиектерінде жаңғыруынан тұрады емес пе!

Уахиді ерекшелендірген басты маңыздылық оның шындыққа сай және қозғалыс үстіндегі ерекшелігі еді. Пайғамбар (с.а.у.) Хақтан алған уахиімен бұрынғы өзінен басқа бір адам халіне келеді. Уахи оған (с.а.у.) жаңа бір өмір, жаңа бір тұлғалылық сыйлайды. Ол ең үлкен ақиқатпен қатынас құрып, Оған сүйеніп, дүниенің ағысымен кетпей, қалың халықтың алдында, Аллаһтың куәгері әрі елшісі сипатымен (Бақара, 143) шыңға көтеріледі. Жан-жағындағы діндер, ілімдер, мемлекеттер, беделділер, туыстар, фәлсәфәшілдер, тіпті барлық адамдар оған (с.а.у.) қарсы шықса да, өз өмірі бойына оның (с.а.у.) сеніміне ешқандай көлеңке түсіре алмайды. “Бір қолыма айды, бір қолыма күнді орнатып қойсаңдар да бас тартпаймын” дегендей нақты иман мен күшті қанағатқа ие етілген. Уахи шабыт, сезім, көрегендік ой-сана секілді түсініктерден мүлдем басқаша.

Шабыттан сансыз есе жоғары болған уахи көбінесе періште арқылы жіберіледі. Ал, шабыттың жалпы ешқандай қатынасы, дәнекері жоқ. Бір өлкенің патшасы қол астындағыларымен қалайша екі түрлі байланыста болса, ол да сол секілді. Біріншісі - халықтың барлығына қатысты мәселеде бүкіл өлкенің сұлтаны сипатымен жоғарғы деңгейдегі қызметкерді бір әкімге жібереді. Үстемдік еткен әкімшілігінің сән-салта-

натын, өмірінің маңыздылығын көрсету және әркімге естірту үшін, үлкен мереке ұйымдастырылып, жарлық баяндалады. Екіншісі болса - сұлтан атағымен емес, өзіндік бір мәселесі үшін, кіші бір қызметкерімен, кішігірім мәселені телефонмен сөйлескеніндей.

Сахаба Нәууас ибн Семан Расулұллаһтың (с.а.у.) былай дегенін жеткізеді: «Аллаһ өмірін білдіргісі келгенде уахимен сөйлейді. Ол сөйлегенде көктер қатты тебірене бастайды. Аспан тұрғындары оны естігенде талып қалады. Сосын сәждеге бас қояды. Басын сәждеден бірінші болып Жәбірейіл көтереді. Сосын оған Аллаһ Тағала қалағанын уахи етеді. Жәбірейіл олауахиді періштелерге жеткізеді. Жәбірейіл көктің әрбір қабатына жеткенде сол көктің періштелері: “Раббымыз не бұйырды?” - деп сұрайды. Жәбірейіл: “Шындықты айтты. Ол - Ұлылардың ұлысы, үлкендердің үлкені! - дейді. Осылайша Жәбірейіл періште көктегі не жердегі Аллаһтың өмір еткен жеріне Оның уахиын әкеледі”.⁴ Ибн Аббас пен Катадә есімді сахаба Сәбә сүресінің 23-ші аятын Хазіреті Исадан кейінгі фәтрәт (екі пайғамбар арасындағы аралық) дәуірінен кейінгі Пайғамбар болып келген Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у) уахидің басталуы деп түсіндіреді. Ибн Кәсир (ө. 774/1372): “Бұл аят кәріманың тәпсіріне кіруге ең лайықтысы Құран уахиы болғандығында еш шүбә жоқ” - дейді.

Күннен пайдаланғысы келген адам, қолындағы айнасын күнге қарсы ұстаса айнаның мөлшеріндей сәуле алады. Енді біреуі болса, ол да сол мақсатпен үйінің түрлі жерлерінен күнге қарай үлкен есік-терезелер ашып қояды. Біріншісінің күннен пайдалануы айнасымен ғана шектелсе, екіншісі күннің нағыз жарығынан үздіксіз де тікелей пайдаланады.

Демек, уахи Құран - бүкіл әлемдердің Раббы Аллаһтың бұйрығы. Ал, шабыт болса, меншікті және кішігірім нәрсе.

⁴ Ибн Кәсир, Тәфсир, Сәбә сүресінің 23 аяты.

Вахи мен шабыт арасындағы басқа да маңызды айырмашылық мынада: вахи - көлеңкесіз, таза, әрі қас пенделерге тән. Шабыт болса - көлеңкелі, түрлері аралас, жалпыға тән. Періштелерге, дәрежелеріне қарай адамдарға, тіпті хайуандарға берілген шабыттар секілді түрлі шабыттар, теңіз тамшыларындай бітіп-таусылмайтын иләһи сөздердің ішінде орын алады.

Кәшф (көрегендік) жалпылай қарағанда рухани тәрбиенің, ұзақ ойлау мен мұрақабаның (пенденің ішкі жан дүниесінде өзін-өзі бақылауы) жемісі болғандықтан, ол адамның мүлтіксіз, толық сенімін қалыптастырмайды. Кәшф дәрежедегі адам жеткен білімінің негізгі бұлағын білмейді, бірақ, жүрегінде бір нәрселерді сезінеді.

Вахидағы діни ақиқаттардың және ғайб хабарларының алынуы, өте шапшаң сезім мен жасырын аңғарумен беймәлімдік пердесін ашуға тырысқан және “санадан тыс” делінетін жағдайлардың механизміне қарай іске аспайды.⁵ Тіпті, шындықты, көбінесе тек қарапайымдандырып, бөліп түсіне алатын ақыл мен қисынның өрең алға жылжып, жарым-жартылай білуіндей де болмайды. Демек, вахи - сөйлеген, әмір еткен, берген, иләһи Заттан (Аллаһтан) тыңдаушы, әмір алушы және қабылдаушы адам пайғамбарға келген бұйрықтар мен айқындаулар деген сөз.

УАХИДІҢ ТҮСУІ

Құран бізге вахидің үш түрлі болатындығын мына аятта білдіреді: “Аллаһ әрқандай адаммен тек вахи (көкейіне салу) арқылы немесе перде артынан, яки бір пайғамбар жіберіп өз өмірімен соған қалағанын вахи ету арқылы сөйлеседі. Аллаһ расында аса үстем, хикмет иесі” (Шура, 51).

⁵ Субхи Салих, Мабахис, 27-бет

Демек, уахи мына үш түрдің біреуімен болады:

а) Аллаһ мағынаны нәбидің жүрегіне салады.

ә) Бір перде артынан нәбиге үндейді. Хазіреті Мұсаға ағаштан үндегені секілді.

б) Уахи әкелуге міндеттелген бір періштені елші ретінде жібереді. Уахи сөзінен бірінші ретте түсіндірілетін мағына да осы. Құран Кәрім басқаша емес, әрдайым осы жолмен, яғни Жәбірейіл (а.с.) арқылы түскен. *Тәклим* (еш дәнекерсіз сөйлеу), шабыт беру немесе ұйқыда ешқандай уахи келмеген.⁶

Уахидің келу түрін Расулдан (с.а.у.) басқа ешбір адам түсіне алмайтындықтан, мұны ақылмен тергемей, тек Оның білдіргенімен үйрене аламыз. Ол да бұл туралы хадисінде: “Періште, кейде маған шыңғырған дауысқа ұқсас бір түрде келеді. Маған ең ауыр болатыны осы түрі.* Оның айтқандарын жадымда сақтағаннан кейін, ол менен кетеді.⁷ Кейде періште маған адам кейпінде көрінеді. Маған айтады. Мен оның айтқандарын сақтаймын” - дейді.

Міне, осы екінші түрі - уахидің ең оңай жолмен келген түрі. Уахидің бұл түрі көбінесе сахабадан Дихйә есімді кісінің кейпінде, кейде белгісіз бір бәдәуидің пошымында келеді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, Құранның уахиы көбінесе бірінші түрде, яғни Жәбірейіл періштенің негізгі өз жаратылған кейпінде келуі арқылы әрі Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) адамдық қасиеттен періштелік қасиетке көтерілуі арқылы қабылданған. Жәбірейілдің адам бейнесінде келуі сүннет ретінде қалыптасқан уахиді әкелген жағдайдағысы еді.⁸

⁶ М. Мұхаммед Әбу Шухбә, әл-Мадхәл, 61-63 бет.

* Бұған қоса бұл хадисті риуаят еткен Хз. Айша күннің суық болғанына қарамастан Хз. Пайғамбардың уахи толығымен түсіп біткенге дейін шылқылдаған тер ішінде болғандығын жеткізген.

⁷ Бұхари, Сахих, Бәдул-Уахи, 1.

⁸ М. Мұхаммед Әбу Шухбә, әл-Мадхәл, 63-бет.

Пайғамбардың (с.а.у.) бұл сөзіндегі ерекше назар аударарлық бір мәселе мынау: Оған уахи өте қиын келсе де, оңай келсе де уахидан бұрын да, уахи үстінде де, уахидан кейін де санасы толық өз орнында болатындығы. Өз есінен танған халде емес, қайта ақылының ерекше шоғырлануымен әрбір уахиды зер сала тыңдағаны таң қаларлық жағдай еді. “Саған Жәбірейіл арқылы уахи түскен кезде, оны есте тұту үшін асығыс қайталап, тіліңді әрекеттендірме. Оны құрастыру,* оқып ұқтыру шын мәнінде біздің міндетіміз. Біз оны (Жәбірейіл арқылы) оқып берген кезде, сен оның оқығанына ілесіп отыр (құлақ түр)” (Қиямет 16-18) деген аят кәрімәсы да осы шындықты дәлелдейді. Өйткені бұл уахи кезінде Пайғамбардың (с.а.у.) барлық зейінін сақтағандығын көрсетеді. Мәселен, бұл жағдай Таһа сүресінің 114-ші аятында да: “(Ей, Мұхаммед!) Саған Құранның уахи етілуі толық аяқталмай тұрып, ұмытып қалмайын деп, оны оқуға асықпа” - деп білдіріледі. Ибн Аббас бұл аят кәрімәның түсуіне байланысты былай деген: “Расулұллаһ (с.а.у.) түскен аяттарды жаттау үшін, жадында сақтау үшін қиналып, көп мәрте еріндерін жыбырлатып, іштей күбірлейтін. Ол Жәбірейіл келісімен оны тыңдап, ол кетер-кетпестен келген уахиды Жәбірейілдің өзі секілді оқи бастайтын”.⁹

Осылайша Құран түсуінің бүкіл кезеңдерінде осындай толық санасы мен зейіні арқасында Хазіреті Пайғамбар өзінің алушы, *жауапты және адамдық тұлғасымен* уахидың *ұлы әмір етуші тұлғасын* тіптен араластырмаған.

Жәбірейіл (а.с.) Құран уахиын сүннет ретіндегі уахидан бөлек түрде әкелетін. Құранды бейне бір жарлық түрінде алып оқиды, сүннет уахиын болса, бірнеше практикалық нұсқаулар тәсілінде білдіретін. Құран уахиы келгенде Пайғамбарымыз (с.а.у.) дереу жазушыларын шақыртып,

* Сенің ойыңда жинау немесе кітап етіп жинау.

⁹ Бухари, Сахих, Бәдул-Уахи, 1.

жаздыратын. Басқа сөздерін, яғни құдси хадистерді жаздырмайтын. Тіпті, Ол (с.а.у.) пайғамбарлықтың алғашқы кезеңінде сахабалары мұқияттылық тәртібіне үйренгенше Құраннан басқа сөйлеген өз сөздерінің жазылуына тиым салған.

Демек, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

а) Құран уахиін

ә) Сүннет уахиін

б) Өзіне тән ойды

в) Пәтуа мен хадистерді өте жақсы ажырата білетін. “Расулұллаһты Аллаһтың алдында, Одан жәрдем, һидаят және кешірім тілеген, әмірін бұлжытпай орындаған, тіпті кейде қатаң ескертуге тап болған әлсіз адам ретінде суреттеген Құран аят кәрімәларын оқыған кісі ұжданының тереңдігінде Жаратушының сипаты мен жаратқанының (с.а.у.) сипатын, Жаратушының өз заты мен мақлұқтың затын және ұлы Рабтың әдісі мен құлдың әдісі арасындағы шексіз айырмашылықты түсінеді”.¹⁰ Жоғарыда айтқанымыздай Расулұллаһтың (с.а.у.) бұл күйлерін өзгеше әсер етуші әдістермен түсіндірген көптеген аят кәрімәлар бар. Солардың бірі Абәсә сүресі. Бұған мәселен мына екі аят кәрімәны оқып көрелік. Аллаһ Тағала Расулына былай дейді: “(Ей, Мұхаммед!) Олар сені саған уахи еткенімізге қиғаштық істетіп, Құраннан басқаны жасатып, бізге жала жаптыра жаздады. (Солай істеген болсаң) олар сені дос тұтар еді. Біз сені мызғымас етіп, бекемдемеген болсақ, расында оларға біраз бейімделіп, кете жаздаған едің. Егер солай болған болса, саған әлбетте тіршілікте де, өлгеннен кейін де, еселеп азап тарттырар едік, одан соң бізге қарсы өзіңе медеткер таба алмас едің” (Исра, 73-75).

Әсіресе: “Егер Ол (елшіміз) біздің атымыздан өтірікті соқтыртқан болса, Оны әрине құдырет күшімізбен қолға

¹⁰ Субхи Салих, Мабахис, 29-бет

алар едік те, күре тамырын қияр едік. Сендердің ешқайсың оны қорғай алмайтын едіңдер” (Хаққа, 44-47). Міне бұл аят кәрімәдағы көктің күркіндей пәрменді әмірлер ескерту арқылы сондай бір биікке ұласады. Мұның жанында басқа әрбір қорқыту мәнсіз.

Хазіреті Айшаның душар болған ифк (өсек-аян) оқиғасында уахи толық бір ай кешіккен еді. Сол бір ай Оған жылдардан да ауыр болған және сонша мұқтаж болса да, аспан үнсіз қалған-ды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Қағбаның қыбла болуын ынтасымен қалағанда, он жеті айдай ұзақ бір мезет жауапсыз қалған еді. Егер Расулдың (с.а.у.) өз қолында болғанда, мұндай жағдайларда осыншалықты күтуі мүмкін емес еді. Бірақ Құран - Хазіреті Мұхаммедтің Раббысының сөзі. Ол өзі қаласа жібереді. Қаламаса байланысты үзеді. Хазіреті Мұхаммедтің қалауы - көктің әмірін жеделдете де, кешіктіре де алмайды.

Бір топ бұрынғы және қазіргі көшірлер Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) келген уахи жағдайына психологиялық түсініктеме беру мақсатымен: “Онда - бірі саналы, енді бірі - саналылығын жоғалтатын екі тұлғалық мінез бар” - дейді. Бұл идея ешқандай да жаңадан айтылған нәрсе емес. “Бұл (Мұхаммедтің) шым-шытырық түстері, не өзі ойдан шығарып алғандары шығар. Әлде ол ақын шығар...” - (Әнбия, 5) деген мүшрикертер де сол жоғары идеяны алға қоятын.

Бірақ жоғарыда айтқанымыздай Расулұллаһқа (с.а.у.) уахидің Хира тауында “иқра” (оқы) сөзімен басталып, оның 23 жылдық елшілік дәуірі бойында түскен. Демек демалыс осы мезгілдің уахи түскен әр сәтінде ол (с.а.у.) өзінің ояу да сергек халін әрдайым сақтайтын. Уахидің алғашқы басталуындағы бұндай саналы сезімталдықты, Хазіреті Айша анамыз:

“Расулұллаһқа (с.а.у.) уахи алғашқыда ұйқысында көрген шын түстерімен іске асқан. Сондағы көрген әр түсі таң шапағындай айқын әрі айнымай келетін. Кейіннен Ол (с.а.у.)

оңаша қалу мен жалғыздықты жақсы көретін болды. Содан Хирада оңаша қалып, бірнеше түн бойы құлшылық жасап, содан үйге келіп, бірнеше күндік азығын алып, қайтадан кететін. Осылайша бұл ісін қайталап тұратын. *Ақыры Хақ Оған күтпеген сәтте келді.* Хира үңгірінде Жәбірейіл періште Оған кенеттен келіп: “Оқы!” деді. Ол оған: “Оқуды білмеймін” деп жауап берді. Расулұллаһтың өз сөзімен айтқанда: “Ол мені ұстап алып, жанымды ауыртатындай дәрежеде қысты. Содан босатып: “Оқы!” деді. Мен: “Оқуды білмеймін” - дедім. Ол мені тағы ұстап, қатты қысты да сосын қайта босатып: “Оқы!” - деді. Мен тағы да: “Оқуды білмеймін” - деп жауап бердім. Сосын қайтадан ұстап алып, үшінші рет тағы қысты. Сөйтті де қайта босатып:

“Жаратқан Раббыңның атымен оқы!

Ол адамды қан түйірінен жаратты.

Оқы! Раббың аса ардақты.

Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті.

Адамға білмеген нәрселерін білгізді” (Алақ, 1-5) - деді”.

Расулұллаһ (с.а.у.) үйіне жүрегі дірілдеген күйде оралды. Хуайлидтің қызы Хадишаның қасына келіп: “Мені бүркеші, мені бүркеші” - деді. Бүркеді. Оның қорыққаны басылды. Сосын Хадишаға: “Өзіме алаңдап отырмын” дегенінде, ол: “Жо-жоқ. Алаңдама! Уаллаһи, Аллаһ сені ұятқа қалдырмайды. Өйткені, Сен туыстарыңа қарайсың. Тарыққандарға жәрдемдесесің. Мұқтаждарды киіндіресің. Қонақты жақсы көріп, күтесің және қиын күні досы болып, қиыншылықта болғандар мен жағдайы төмендерге жәрдемдесесің” - деп жұбатып жатты.¹¹

Міне, осылайша уахи Расулұллаһқа ойда жоқта болмаған сәтте келген. Қорыққан кезде сол сезіммен пайда болатын дененің сууы, бет-жүздің өзгеруі, тістердің сатырлауы

¹¹ Бұхари, Сахих, Бәдул-Уахи, 7.

сияқты жағдайлар Онда байқалмаған. Керісінше, уахидан кейін денесінің ыстығы көтеріліп, өңі қызарып, денесі ауырлап, қара терге түсетін. Жамылғы сұрауы тоңғанынан емес, көргенғажайып көріністен үрейленгеннен еді. Расулұллаһтың (с.а.у.) елшілігінің басынан аяғына дейінгі барлық деректер - уахи келердің алдындағы және кейінгі Расулұллаһтың өте тың, сана-сезімінің толықтығы, мінезінің де әдеттегідей қарапайым күйде болғандығы, қандай да бір жүйкенің бұзылуының немесе аурудың белгісі байқалмағандығын айқындайды.

Хазіреті Пайғамбарға уахи белгілі уақыттарда емес, әр түрлі жағдайда келе беретін. Тәбук соғысына қатыспаған үш кісіге қатысты үкімді білдірткен аят кәрімә (Тәубе, 118) сәресіде үйінде келген. Кәусәр сүресі күндіз, мешітте, асхабтарының арасында отырғанда түскен. Сол сияқты түрлі аяттар ыстықта да, салқында да, түнде де күндіз де, кез-келген уақытта, соғыстың қызған сәтінде де, тыныштықта да, тіпті миғражда да келіп отырған.

Уахидің сыртқы көріністері, яғни уахиді қабылдаушы Нәбиде болған жағдайлар болса, ол да ақылмен емес, сол сәтте қасында болған куәгерлердің өз көздерімен көргендерін көрмегендерге жеткізулері арқылы білінеді. Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) уахи періштесі көрінгенде Ол (с.а.у.) кәдімгі адамдық табиғатынан шығып, періштелердің табиғатына көтерілгенде өз өмір салтында болмаған күйде болатын. Нәууастан (р.а.) риуаят етілген хадисте көктерді қоршаған періштелердің өзі естігенде зорға көтере алатын иләһи кәләм - «үлкен әрі ауыр сөз» (Мүзәммил, 5) көкейіне салынғанда қасиетті денесі, мысалы түйенің үстінде болса, түйесі шөгуге мәжбүр болатындай ауырлайтын еді. Тұрса сирақтары иіліп, сынады деп, қобалжытатын.¹²

¹² М. Хамидуллаһ, «Құран Кәрім тарихы», 11-бет, Ибн Саадтан.

Зәйд ибн Сәбит: “Бір күні мен Оның (с.а.у.) қасында едім. Жұрттың көптігінен (тіземізді бүгіп отырғанымыздан) Оның (с.а.у.) тізесі менің тіземнің үстінде еді. Оны бірден уахи халі тұтты. Содан балтырымның сүйегін сындыратындай ауырлық сезіндім. Уаллаһи, қасымдағы Расулұллаһ (с.а.у) болмағанда, қиналғанымнан шыңғырып, аяғымды тартып алар едім” - деген.¹³

Кейде Расулұллаһ (с.а.у.) уахи кезінде есінен танбай, нұрға қарық (рухани мастық) болатын. Кейде Оның (с.а.у.) көкірегінен қорылдаған дыбыс шығатын. Суық күннің өзінде қара терге түсетін. Кейде Одан (с.а.у.) айналасындағылар ара ызыңына ұқсас ызылдаған дыбыстарды еститін. Бірақ, не айтылғанын түсіне алмайтын. Жалпы отырып қалатын. Орынан қимылдамайтын. Кейде уахи кезінде үстіне жамылғы жамылатын.*

Содан ол уахидың халі өзінен кетер-кетпестен, әлгі алған уахиды толық сақтап алған күйі өзінің қалыпты жағдайына қайта оралатын. Еш әбігер болмастан көкейіне салынған кәләмның Аллаһтан екендігін анық біліп, барлығын бейне бір жүрегіне нақышталғандай табатын.

Мұсылман еместер Пайғамбарымыздың (с.а.у.) уахи кезіндегі терлеуін, қорыл шығаруын және ауырлау жағдайын ұстама ауруымен байланыстырып, дәлелдемек болған. Бұл пікірдің негізсіздігі мына төмендегі мыналардан түсінікті болады.

а) Қояншық болған адам ұстамадан кейін бүкіл мүшелерінде соншалықты бір ауырлық пен әлсіздікті сезінеді. Ол халіне іштей қайғырады. Тіпті, ұстамасы ұстаған кезде тап болған жағдайларының себебінен кейбіреулері өзін-өзі өлтіруді де ойлауы мүмкін. Ал, Пайғамбарымызға (с.а.у.)

¹³ М. Хамидуллаһ, Құран Кәрім тарихы, 12-бет, Бұхари мен Тирмизиден.

* Исраил ұрпақтарына келген пайғамбарлар да уахи алған кезде жамылатын еді

уахи келген кезіндегі тап болған жағдай егер қояншық ауруы болса, ол оған ренжіп, ауыруы басылып кеткенде оған қуанар еді. Бірақ, нақтылы жағдай оның керісінше. Өйткені, Ол (с.а.у.) уахи үзілген *фәтрәт* кезінде уахи перішtesін сағынышпен күтетін.

ә) Уахи - Оның бойынан рухани мастық пен қорылдау белгілерін әрдайым көрсете бермейтін. Кейде періште адам бейнесінде келетін. Расулұллаһ (с.а.у.) оның Жәбірейіл екенін білсе де, өзінің әдеттегі күйін айнытпайтын.

б) Медицинадан анықталғандай қояншық ауыруы ұстаған кезде адамның түсіну мен ойлау қабілеті түгелімен дерлік жоғалып, айналасында болып жатқан істердің парқына бара алмайды. Өзінде не болып жатқанын білмейді. Санасы өшік тұрады... Алайда, Хазіреті Пайғамбар уахидің соңынан қасындағы адамдарға құқықтың, мінез-құлықтың, құлшылықтың, әдебіліктің, қиссалардың ең көркем мысалдарын қамтыған Құран аяттарын баяндайтын. Оның бір ұқсасын жарыққа шығаруға барлық адамзаттың шамасы келмеген сөз бір қояншықтың аузынан қалай пайда болмақ?

в) Қояншық болған адам қатты дірілдейді. Ал, бірақ уахи келгенде Пайғамбарда ондай дірілдеу күйі болғаны айтылмайды.

г) Қояншық ұстағанда адам сандырақтайды. Хазіреті Пайғамбарда (с.а.у) ондай жағдай мүлдем болмаған. Оның уахи алғаннан кейін баяндаған Құраны қолымызда. Дос та, дұшпан да мойындаған Құранның баянындағы кемелдіктің негізі.

ғ) Жүз мыңдаған қояншығы бар адамдар келіп, кетті. Бірақ, бұлардың ішінде мұндай ұлы дін қалыптастырып, ақылға қонымды негіздер мен сөздерді ортаға салып, тепе-теңдік үлгісін ұсынған бірде-бір адам жоқ.¹⁴

¹⁴ М. Хамидуллаһ, Құран Кәрім тарихы, 12-бет.

УАХИДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Аллаһ Тағала аят кәримәда “Расында Құранды біз түсірдік. Әрі шын мәнінде, оны Біз қорғаушымыз” - деп, (Хижыр, 9) күші жойылмай мәңгі жалғасатын соңғы бұйрығының сақталып, қорғалуын өз мойнына алғандығын білдірген. Бірақ, Расулұллаһ (с.а.у.) Құранды бүкіл адамдарға жеткізуге міндеттелгендігінен және осы себептер әлемінде Аллаһтың тәртібінің қалай орындалатынын өте жақсы білгендігінен, дәнекерлікке кірісіп, уахиді сақтауға қайрат танытқан. Нағыз қорғаушы Аллаһ Тағаланың құралы болуды қалаған.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және уахидің алғашқы тыңдаушылары әрі жауаптылары көпшіліктің басым сипаты - үммилік (сауатсыз) болғандықтан және жазу құралдары көп болмағандықтан Құран көбінде жадыларға (еске сақтауға) аманат етілгеніменен, жазу ісіне де өте мұқияттылықпен қараған. Аллаһ Тағала оған Кітап атын беруімен бірге жасырын түрде жазылуын да әмір еткен болатын. Өйткені, кітап - “жазылған нәрсе”.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар уахи жазушыларын атап қойған болатын. Уахи келген сайын олардың біреуін шақыртып, Жәбірейілдің нұсқауымен, түскен бөліктің қандай сүренің, қай жеріне қойылатындығын, айтып жаздыратын. Ол ресми тізімнен басқа сахабалар да мүмкіндік тапқандарында өздері үшін жазатын. Хазіреті Әли, Ибн Мәсуд, Убәй ибн Кағб секілді сахабаларға тиесілі Құран нұсқалары осы түрдегі меншікті көшірмелермен ортаға шыққан. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) келген уахиді айтып, жаздырғаны туралы риуаяттар хадис кітаптарының көптеген жерлерінде бар.

Уахи жазушыларының саны қырыққа жуық. Іштерінде төрт рашид (адал) Халифа және Убәй ибн Кағб, Халид ибн

Уәлид, Зәйд ибн Сәбит, Мұаз ибн Жәбәл секілді кісілер бар. Төрт халифаның соңғылары hijрәттан кейін қосылған.

Хазіреті Пайғамбардың дәуірінде жазушылар Құранды құрма ағаштарына, жұқа ақ тастарға, қой мен түйенің жауырындарына қабырғаларына, иленген терілерге, тақта сияқты табылған заттардың бетіне жазатын.

“Хикмет”
баспа үйі



ЕКІНШІ БӨЛІМ



ҚҰРАП КӨРІМІШІ ҚҰСЫ ЖӘНЕ
МӨТІЛІМШІ ЖЕТІЗІЛІСІ

ҚҰРАННЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН КЕЙБІР АТАУЛАРЫ

Аллаһ Тағала адамзатқа жіберген соңғы Кітабын, түрлі атаулармен атаған. Бұлардың ең атақтылары *әл-Құран* және *әл-Китап* сөздері. *Әл-Фурқан* (бүкпесіз шындықты айырған), *әт-Тәнзил* (бөлім-бөлім түсірілген уахи), *әз-Зикр* (мерей), *ән-Нур*, *әр-Рух*, *әш-Шифа* сияқты атаулар Құраннан алынған және сандары кейбір ғалымдардың анықтауынша 55-ке, тіпті 90-ға жететін атаулары бар. Бірақ бұлардың көпшілігі есім емес, негізінде оның ерекшеліктерін білдіретін сипаттар.

Құран сөзі - араб тілінде, *қара'ә* етіс-тігінде *фуғлан* формуласында түбір сөз ретінде “тилауәт ету, оқу” деген ұғымды білдіреді. Мысалы: Қиямет сүресінің 17-18 аят кәримеларында осы мағына бар. Әрине, мұнда айтылғаны жатқа оқу. *Құран* Исм мәфғұл мағынасында, яғни “оқылған, тилауәт етілген” деген ырықсыз етіс формуласында тұр. Исламның шығуымен Құран - Аллаһтың кітабының өзгеше атына ие болып, Құранда да көбінесе осы мағынада қолданылған.

Әл-Китаб болса “жазу немесе жазылған нәрсе” деген сөз. Құранның ең атақты осы екі есімінің бірі - *әл-Құран* тілде оқылуы мен жүректерде жатталуына, ал, *әл-Китаб* болса, оның жазылып, кітапта жиналуын көрсетеді әрі оған ынталандыруды қамтиды. *Қырағат* пен *тилауәт* - сөздерді бірінің артынан бірін реттеуді, кітабәт болса - жазғанда сөздердің пішінін қосып жазуды білдіреді. Негізгі мағыналарымен КТБ және ҚРӨ сөз түбірі “сөзсіз, жинап, бір араға келген” мағынасына келеді. Масдар (түбір) - әрі исм файл, әрі исм мәфғұл мағынасын білдіргендіктен Құран және Кітапты “жинаған” немесе “жиналған нәрсе” десек болады. Ол - жүрек

қабаттарында жиналған иләһи үкімдер немесе қағаз бен маңдайшаларда топталған әріп пішіндері, яки тілдерде төртіл етілген (оқылған) дауыстар жиынтығы. Осылайша бұл Кәлам - әр түрлі ақиқаттарды қамтып, «ілімдерді жинаған сөз» немесе «кітапта жиналған ілімдер» мағынасына келеді.¹ Шынында Аллаһ Құранның “барлық нәрсені түсіндіретінін” (Нахыл, 89) білдірген. Пайғамбарымыз да ол туралы: «Онда сіздерден бұрынғылардың жағдайлары, сіздерден кейінгілердің хабарлары мен араларыңыздағы мәселелердің үкімдері бар»² дей отырып, Құранның *жәмиетіне* (мазмұнының байлығына) нұсқаған.

Діни терминдегі Құранның анықтамасы мынадай: «Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) уахи жолымен түсірілген, мұсхафтарда жазылған, тәуәтүрмен жеткізілген, тиләуәтімен құлшылық етілген ғажайып иләһи сөз».

Құран милади 610-632 жылдары арасындағы 23 жылдық елшілік дәуірінде Пайғамбарымызға (с.а.у.) Аллаһ тарапынан әр түрлі оқиғалар арқылы жіберілген мәтлу уахилардың жиынтығы.

ҚҰРАНЫҢ ТҮСУ ЖОЛДАРЫ

Құранды жіберген Заттың ұлылығын білдіру үшін не бұл нұсқаулардың уахи түрімен келгендігін көрсету үшін Құран аят кәрімәларының келуі - нүзул (түсу) немесе сол түбірден инзал (түсіру), тәнзил (көптеп және бөлек-бөлек түсіру) түсініктерімен баяндалған. Бұл жердегі түсіру сөзінің мақсаты білдіру дегенді білдіреді.

Аллаһ Тағала Құранды мына үш түрде түсірген. Олардың әрбірі *тәнәззүл* (көпше түрі: *тәнәззүлат*) делінеді.

¹ М. А. Дераз, «ән-Нәбеул-Азим», 7-8 бет.

² Ахмед б. Ханбәл, «Мүснәд», I, 91; Дарими, «Фәзәйлүл-Құран», 1.

1) Құранды *Лаухул-Махфузға* түсірген. «Әрине ол, ұлы бір Құран Лаухы Махфузда сақтаулы» (Бұруж, 21-22) деген аят кәрімә сөзімізді дәлелдейді.

2) Дүние аспанындағы (яғни жерге ең жақын көктегі) «*Бәйтул-иззәға* немесе *әл-Бәйтул-Ма'мурға*» түсірілуі.

«Негізінен Құранды қадыр түнінде түсірдік» (Қадір, 1), «Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік» (Дұхан, 3) және «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда (...» (Бақара, 185) деген аят кәрімәлары, Құранның Рамазан айының түндерінің бірінде түскендігін көрсетеді. Бұл түн «Қадір түні» немесе «Қасиетті түн» ретінде анықталған. Жоғарыда айтылғандай, Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) Құранның барлығы бір түнде толық емес, жиырма үш жыл бойы түрлі себептердің арқасында жіберілген. Олай болса, жоғарыда айтылған үш аят кәрімәмен нұсқалғаны, Пайғамбарымызға (с.а.у.) түсіріле бастағанынан басқа да түсу жолы болуы керек. Дүние аспанындағы *Бәйтул-иззәға* түсуін түсіндірмек болған Ибн Аббаста мәукуф сахих хадистер бар. Бірақ, осы жайлы сөйлеген сахабаның сөздері – Пайғамбардан (с.а.у.) *мәрфуғ* түрінде жеткізілген. Өйткені, бұлардың ижтиһадпен білінетін мәселе еместігі анық. Сондықтан олардың бұл мәліметтерді Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) үйренгендері түсінікті жағдай.

Әл-Хаким Ибн Аббастан былай риуаят етеді:

«Құран Зікірден бөлініп *Бәйтул-иззәға* түсірілді. Артынан Жәбірейіл оны Хазіреті Пайғамбарға түсіре бастады».

Бұл тақырыпта дәлелдеуге қиындық туғызған бірнеше көзқарастар бар. Бұлардың біріне сүйенсек Құран дүниенің аспанына жиырма үш қадыр түнінде түскен. Әрбір қадыр түнінде Пайғамбарымызға бір жылда бөлініп-бөлініп, енетін уахилар бір мәртеде түскен. Ал енді мына көзқарас бойынша, Құран қадыр түнінде Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.)

түсіріле бастаған, кейіннен уақыт өткен сайын уахи жалғаса берген. Бұл көзқарас Бәйтул-иззатқа тобымен ендірілгендігіне қарсылық пікір оятады. Тағы да бұл көзқарастардың бірінде Ләухул-махфуздан бірден енген, *Хафаза* періштелері 20 түнде Жәбірейілге бөліп-бөліп ендірген. Жәбірейіл де жиырма жыл бойы белгілі уақыт сайын бөліп-бөліп әкелген.³

3) Үшінші ендірілуі уахи әмині (аманатшысы) Жәбірейіл арқылы Пайғамбарға (с.а.у) әкелінуімен дүниені жарқырата бастаған.

АЯТТАР

Аят сөзі сөздікте әр түрлі мағыналарды білдіреді:

а) **Мұғжиза:** «(Ей, Мұхаммед!) Исраил ұрпақтарынан оларға қаншалық айқын дәлелдер жібергенімізді сұра» (Бақара, 211).

ә) **Белгі:** «Оның патшалығының ғаламаты болып, сендерге бір сандық келеді (...» (Бақара, 248).

б) **Ғибрат:** «Расында мұнда ғибрат бар еді. Сонда да олардың көбі иман келтірмеді» (Шұғара, 158).

в) **Қайран қалдыратын, ешкім көрмеген іс:** «Біз Мәриям-ның ұлын (Исаны) және оның шешесін (Мәриямды) (қүдіретімізге) бір дәлел қылдық» (Мүминун, 50).

г) **Дәлел:** «Көктер мен жерді жаратуы, тілдерің мен өңдеріңнің алуан түрлі болуы да – оның белгілері (Оның барлығының дәлелі)» (Рум, 22).

Бұл мағыналардан басқа діни терминде «Құранның кезкелген бір сүресіндегі басы және соңы болған, бір немесе одан көп сөйлемнен құралған сөз» екендігі айтылған. Сондықтан Құран аят көрiмелары әрi мұғжиза, әрi Пайғамбарымыздың

³Зөрқәши, Бурһан, I, 228-230 бет; Әдiл Камал, «Улумул-Құран», 12-13 бет.

(с.а.у.) пайғамбарлығына дәлел, оны ойланғандар үшін ғибрат әрі таңғаларлық, әрі қайрандық туғызатын сирек нәрсе немесе һидаят дәлелдері.

Аяттың көпше түрі - *ааят* немесе *ай*. Аяттың соңғы сөзі - екі аятты бір-бірлерінен айырғандығы үшін *фасыла* (айырған) делінеді. Бұл фасыла сөзінің соңғы әрпі - *харфул-фасыла* делінеді. *Фасыланың* көпше түрі - *фәуасил*. Құран сүрелерінде шектеулі түрде фасылалар бар. Мысалы: Йәсин сүресінің фасыла әріптері *нун* мен *мимнен* ғана тұрады.

Құранның кейде бір аят кәрімәдан аз немесе одан да көп бөлігі - *тәжәууз* (кеңшілдік, астарлы сөз) бейнесімен аят деп аталатыны да бар. Ең ұзын аят көбінесе мұсхафтарда толық бір парақ қамтыған *мұдайәнә* аяты (Бақара, 282). Ең қысқа аят *وَ الضُّحَى* (Дұха, 1) сөзі болып табылады. Ал, әріптен болса, бір аят саналған *Йәсин* болып табылады (Йәсин, 1). Құранда 77 934 сөз бар.

Құранның аяттарға бөлінуі ижтиһадпен немесе қияспен жасалмай, Шариғ (Аллаһ шариғатты белгілеп, бекіткен) тарапынан *тәуқифи* түрде білдірілген. Яғни, қазіргі қолымыздағы қасиетті мұсхафтардағы сүрелердің аяттары, әріп-әрпімен Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) Жәбірейілдің білдіргені бойынша орын алған және орындары өзгертілмейді. Сондай-ақ түскен әр аяттың қай сүренің қандай бөлігіне қойылатындығын тек Аллаһ өзі білдірген. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Құранның әр сүресін намаздарда, уағыз және жол көрсеткенде, үкім берген жағдайларда қаншама рет оқыған және әр жылы Рамазанда Жәбірейілге оқып отырған. Бұлардың барлығы Құрандағы қазіргідей рет-қатарымен болған. Сол себептен де, мысалға *Йәсин* бір аят кәрімә болып есептелсе, оған ұқсас Тасин аят деп саналмаған. Мысалға Рахман сүресінде “*әр-Рахман*” немесе “*Мүдһәммәтан*” секілді бір сөзден тұратын аят кәрімәлардың болғаны ол туралы пайғамбарға жеткенімен біз

оған шектелеміз. Аяттарға бөлінудің себептерін дәлелдейтін көптеген деректер бар. Кейбір ғалымдар *сәмаи* және *тәуқифи* болған тәсілмен бірге қияси болғандарының да бар екенін қабылдайды. Бірақ, нәтижесі жағынан Құран мәтінінде кемдікке және артықшылыққа жол бермегендіктен бұл соңғы көзқарасты қолдауда тұрған ешбір қолайсыздық жоқ.

Кейбір аят кәрімәлардың басталып бітетін жерлерінде келіспеушіліктің шығуы, мәселенің ижтиһади болғандығынан емес, қырағат ғалымдарына жеткен риуаяттардың түрлілігінен болған еді. Түрлі риуаяттарда Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әр түрлі уақытта оқығандағы тоқтайтын жерлерінің себебінен (*уакыф* және *ибтида*) пайда болған. Ол алғаш оқығанында, аяттың басын білдіру үшін әр аяттың соңында тоқтайтын, тұратын. Бұған үйренушілер қанық болғанда, мағыналық байланысын жалғастыру үшін кейде артынан келген аятқа өтіп кететін. Сондықтан алғаш естіген адам бүкіл аятты бір аят екен деп ойлап қалатын.⁴

Құран аяттарының барлығының 6200-дей болғандығына бір ауыздан келісім болғанымен, 6200-дің үстіне қабылданып аят сандарына қырағат мектептерінің арасында тартыс бар. Куфи қырағатына қарағанда бұл бөлшек 36, Меккеге қарағанда 20, Шамға қарағанда 16, Мәдинаға қарағанда 17 (немесе 14, немесе 10), Басраға қарағанда 4 (немесе 5, немесе 19).

Аяттардың реттелуі

Аяттардың ретінің Мұсхаф шәрифтегі ретімен болған мәселесінде үммет бірауызда келіскен. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірінде болсын, одан кейін болсын, мұсхафтардың барлығында бірдей жағдай көрініп, бұған қайшы ешбір мәселе жалғанбаған. Сондай-ақ Жәбірейіл (алейһиссәләм)

⁴Зәрқани, «Мәнәхил», I, 344-бет.

уахи әкелгенінде, әкелген аят бөлімі қай сүренің қай жеріне төн екендігін де Пайғамбарымызға (с.а.у.) білдірген. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) содан кейін асхабына оқып, сүресін және орнын айтып, уахи жазушыларына жаздыратын. Намазында, уағыздарында және де көп жағдайда оларға Құран оқығаны секілді, Жәбірейілмен де жылына бір мәрте салыстырып тексеріп тұратын. Қайтыс болар жылында бұл қайталау екі мәрте болған. Бұны *әл-ардатул-ахира* деп атаған. Бүкіл бұл оқылулар мұсхафтарымыздағы тәртіппен болатын.

Демек, аяттардың тәртібі тәуқифи деп аталады. Тура Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) арқылы Аллаһ Тағаладан келген. Мұны дәлелдейтін көптеген хадис бар. Мысалы: Бұхариде Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) таң намазында Бақара, Әли Имран, Ниса сүрелерін; ақшам намазында Ағраф сүресін оқығандығы риуаят етіледі.

НҮЗУЛ БАРЫСЫ

Заманның өлшемін негізге алған реттеуге байланысты *хижрәттан* бұрын түскен сүре мен аяттарды *меккелік*, кейінгі аяттарды *мәдиналық* деп атаған. Мекенді назарға алған реттеу бойынша *хижрәттан* кейін болса да Меккеде түскенді меккелік, Мәдинада түскенді мәдиналық дейді. Басқа жолмен жасалған реттеулер болса да, ең негізгісі - біріншісі.

Сүрелердің басым көпшілігінде әрі *меккелік*, әрі *мәдиналық* аяттар бар. Аяттарының көптігі жағынан, меккелік делінген сүрелерде мәдиналық аяттар, кейде мәдиналық сүрелерде меккелік аяттар орын алған. Мысалы: Нахл 41, Қасас 52 аяттары, меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттарға, ал Әнфал 33, Хаж 52-55, Мағұн 4-7 аяттары мәдиналық сүрелердегі меккеліктерге мысал бола алады. Екінші түрдің мысалы аз болса, бірінші түрдегілердікі көп. Бұл - аяттардың сүренің кез келген жеріне кіргендігін ескерсек, бұларды

айыруға қандай дәрежеде күш керектігі түсінікті. Міне, бұл қиындық бір жағынан уахидың енуіне куәгер болған сахабаның қадағалауы, екінші жағынан әр нәсілдегі ислам ғалымдарының мұқияттылығымен шешіліп, бұл мәселе Құранның меккелік және мәдиналық бөлімдерін үмметтердің анық білуіне мүмкіндік берген. Мөлшермен, есеппен салыстыру керек болса, Құранның 65-70% меккелік, 30-35% мәдиналық болғандығын айта аламыз.

Құран аяттарының түсу барысына қатысты Пайғамбарымыздан (с.а.у.) қалған мәлімет жоқ. Тіпті, бұл тұрғыда Оған әмір берілмеген және мұны білу - үмметке де парыз етілмеген.⁵ Онсыз да оның заманындағы мұсылмандар уахидың түсуін, мекенін, уақыты мен түсу себептерін білгендіктен оны білуге мұқтаждықтары да жоқ еді.

Бірақ Құран аяттарының түсу барысын білу нәтижесінде мына пайдалар қамтамасыз етілді:

а) Ислам құрылысының негізі саналатын алғашқы жамағаттың жетілуі мақсатымен, иләһи хикметтің адамдарды қалай біртіндеп, дәреже-дәреже жұмсақтық және нәзіктікпен тәрбиелегендігін;

ә) Исламның заң шығару тарихын;

б) Мұсылмандардың Құранға байланысты тақырыптарға қаншалықты дәрежеде абайлап қарағандығын;

в) Мүминдерге, мүшріктерге және Әһли кітапқа жасалған үндеулерде тыңдаушылар мен аймақты назарға алып, әртүрлі әдістер қолданғандығын жақсы түсіне аламыз.

Осылайша Құран мәтінінің ең кіші өзгеріске де ұшырамастан, мәңгілік сақталатын түрде, адамдарға Аллаһтың дәлелі ретінде кейінгі нәсілдерге өту механизмінің

⁵ Сююти, Итқан, I, 9-бет.

қалай істегендігі көрсетілген болады. Алғашқы мұсылмандар аспанды дауысқа құлақ салуда сондай бір зейін көрсеткен, яғни жиырма үш жылдық ұзақ дәуірлер бойында келген уахилардың көбісін уақытқа, мекенге және адамдарға байланыстарын белгілеп, жазып қойған. Кейде тақырыбын да көзде ұстап, бағалаған. Келген уахидың һижрәттан бұрын немесе кейін, үйде немесе сапарда, күндіз немесе түнде, қыста немесе жазда түскендігін де үнемі анықтап отырған. Осылайша уахидың кезеңдерін білу, Құранның тәфсирін де жеңілдетеді. Тіпті, Мұхаммед ибн Хабиб ән-Нисабури (ө. 406-1015) былай деген: «Құран ілімдерінің ең ерекше бөлігінің бірі - аяттарының түсуін және бағыттарын, сондай-ақ, Мекке дәуірінің басында, ортасында және соңында түскендерін, Мәдина дәуірінде де дәл сол түрде білу, Меккеде түскенімен үкім жағынан мәдиналық, ал, Мәдинада түскенімен үкім жағынан меккелік болғанын білу». Бірақ, бұл кісінің мына айтқанын да асырып айтқан деп қабылдай аламыз: «Нағыз тәпсірші - Мәдина тұрғындары туралы Меккеде түскенді, Мекке тұрғындары туралы Мәдинада түскенді, Мәдинада түсіп, меккелікке, сондай-ақ Меккеде түсіп, мәдиналыққа ұқсағанды, (...) күндіз немесе түнде түскенді, басқа періштелердің бірге болуымен немесе жеке Жәбірейіл арқылы түскенді, сондай-ақ, меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттарды, мәдиналық сүрелердегі меккелік аяттарды, Меккеден Мәдинаға апарылғанды, Мәдинадан Меккеге апарылғанды, Мәдинадан Хабашстанға апарылғанды (...) білуі керек. Міне, осындай жиырма бес шартты білмегеннің және араларындағы айырмашылықты ажырата алмағанның Аллаһтың кітабы туралы сөз айтуы халал болмайды».⁶

Мысалы, әл-Мүмтахина сүресіне түскен мекені жағынан қарайтын болсақ, ол - басынан соңына шейін Мәдинада түскен. Яғни, уақыт жағынан һижрәттан кейін. Тыңдаушылары

⁶Зәрқәши, Бурһан, I, 92-бет.

жағынан Мекке тұрғындарына үнделген. Тақырып жағынан болса, мүминдердің жүректерін тазалауға бағытталған қоғамдық тақырып бар. Міне, сондықтан да ғалымдар бұл сүрені «Мәдинада түссе де үкім жағынан мекки» тобына орналастырған.⁷

Басқа бір аят кәрімәны оқып көрейік: «Ей, адамдар! Сендерді бір еркек, бір ұрғашыдан (Адам мен Хауадан) жараттық. Біріңді бірің танып алуларың үшін, сендерді ұлттарға және руларға жіктедік. Аллаһтың алдында ең ардақты болғандарыңыз - (бұл жалғанда) тақуа болғандарыңыз» (Хұжурат, 13) - деген аят кәрімәсы, мекен жағынан Меккеде түскен. Уақыт жағынан, һижрәттан кейін, Фатх күні түскен. Тақырып жағынан, адамзаттың жаратылысындағы бірлікті еске түсіреді. Адамдар жағынан болса, әрі Мекке әрі Мәдина тұрғындарына үнделуде. Сондықтан ғалымдарымыз бұл аятты не нақтылай түрде мекки, не де нақты түрде мәдени санамай «Меккеде түскен болса да, үкім жағынан мәдени болғандар» тобына жатқызған.⁸

Ғалымдарымыз Ислам дағуатының (егжей-тегжейіне дейін) жайылу барысына қарай риуаяттарды зерттеп, тіркегенімен, шығыстанушылардың (миссионер) қарсы пайдаланып* рауиларға және риуаяттарға шабуыл жасап, теріске шығаруға тырысқандарына таңданбау және үрейленбеу мүмкін емес.

⁷ Зәрқәши, «Бурһан», I, 195-бет

⁸ Субһи Салих, «Мабахис», 168-бет

* • Ориенталисттер XIX ғасырдың ортасынан бері Құранның бөлімдерін хронологиялық тізбекке қоюға тырысып келді. Себебі олар Ислам жайындағы ең басты үкімдерін осы тізбекке байланыстырғылары келеді. Өткен ғасырда Г. Уэйл, Уильям Муир, З. Нөлдеке, А. Радуэл, осы ғасырда Р. Бэл, Р. Блачер осы тақырыппен көп айналысқан кісілер. Бұлар көбіне Ислами риуаяттарды я біле тұра алмаған, яки риуаяттарды талдау қабілеттері болмағандықтан аттап өтіп кеткен. Уэйл бұл істі 1844 те

Тақырыптың басында айтып өткеніміздей, Құран уахиінің тарихи реттеуі басынан бері ислами міндет саналмаған. Бақиллани (ө. 403/1012) секілді бір беделді былай деген: «Бұл іс - сахабаның және олардан кейінгі табиғунның жадына қатысты. Нүзул барысын білу - шынайы қызығарлық тақырып. Бірақ, Расулұллаһтан (с.а.у.) бұл мәселе жайлы ешқандай анықтама болмаған. Оның: «Біліңдер! Меккеде түскені мұншама, Мәдинада түскені мұншама» - деп, әрі оны асхабына егжей-тегжейлі білдірген ешқандай жағдай дерек жоқ. Егер ондай жағдай болғанда жұртқа жайылатын еді. Олай істемеуі мұны істеуге бұйырылмағандықтан және оларды білуді Аллаһтың үмметке діни міндет қылмауынан туындаған. Әйтсе де, ілім иелерінің -қамтылған үкімдерді шығару үшін- насих пен мәнсухтың тарихын білулері керек. Бірақ, бұл Расулұллаһтың (с.а.у.): «Бұл бірінші мекки, келесісі кейіннен келген, мәдениң деп, айтқан сөзі болмаса да біліне береді. Сахаба мен табиғун да білу керек болғандардан тыс, қалған аяттардың мекки не, әлде мәдени болғандығын егжей-тегжейлі білінуін діннің міндеті санамағандықтарынан, бұларды түсіндіру үшін жеткілікті себеп табылмаған. Жағдай осылай болғанда, Құранның бір бөлігінің мекки не, мәдени болғандығы мәселесінде келіспеушілік болды да осы тақырыпта ой және ижтиһадпен амал етуге рұқсат етілгендей болды».⁹

бастап, 1872 де аяқтаған. Меккелік дәуірді үш кезең, мәдиналық дәуірді бір кезең деп ала отырып, аяттардың түсу кезеңін төртке бөлген. Жалпы бұл тақырыпта батыста ең атақты шығарма *Geschichtedes Qorans* (1860 ж. бірінші, 1910 ж. екінші баслымы шыққан), авторы З. Нөлдеке және оның шәкірті Швалли. Бұл кітапта Уэйлдің пікірлері мен әдісі аз ғана өзгертулер мен қосымшалармен қабыл көрген. Р. Блачер болса түсу тәртібіне қарай құрастыруға тырыса отырып Құранның француз тіліндегі аудармасын жазған (*Le Coran, Traduction selon un essai de reclassements des sourates*, Paris, 1949-1951). Бұл аудармада ол, барлық орианталисттердің бұрынғы шығармаларына сүйенуімен қатар, З. Нөлдекенің әдісін негіз етіп алған.

⁹ Зәрқәши, «Бурһан», I

Бірақ, сахабалар дәуірінен бері Құранға деген мұқияттылық себебімен бұл іспен айналысқан, жаттап жеткізген адамдар болып тұрған. Бұл жайлы тек мынаны айту керек, бұл тақырыптағы көптеген риуаяттар, хадис ілімінің өлшемдеріне қарағанда интикадқа (талқыға) салуы керек және салынған да. Негізінде кезеңдерінің ең сенімді жолы риуаят болса да, риуаяттарды бағалау қажеттігі қабілеттілікті керек еткен. Осыдан барып көптеген тәпсірші және ғалымдар әр уақыт риуаятқа көп көңіл бөлмей, ауық-ауық осы тақырыпта ижтиһадқа мойын бұрған. Шынында мекки мен мәдени аяттардың ұсақ-түйек мәселелерінің едәуір бір бөлігі ижтиһад арқылы бізге жеткен.¹⁰ Жабери (ө. 732/1332) былай деген: «Мекки мен мәдениді білудің екі жолы бар: бірі сәма'и (жеткізу), екіншісі қияси (ижтиһад) жолы».¹¹ Алдында көрсеткеніміздей Бақиллани да осыны нұсқаған.

МЕККИ ЖӘНЕ МӘДӘНИ СҮРЕЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Құран сүрелерін атақты түрімен мекки және мәдени деп реттеуде қиындық тумады. Хадисшілердің интикад (хадис ілімінің әдіс-тәсілдерін айқындау) тәсілдерін қолдану арқылы, риуаяттардың сахихтары алынып, мәселе анықталады. Мәдинада түскен сүрелердің реттелуінде әбігерлік көп болмауы мүмкін. Өйткені, ол уақытта Ислам жайылған, Құран нұсқалары көбейтілген. Бірақ, мекки бөлімде әбігерліктер болды. Өйткені, ол кезде мұсылмандардың саны аз еді; оқиғалар Мәдинадағыдай ашық емес еді. Соған қарамастан, ол турасында құбылулар көп болмайтындай түрде, тек үш мекки, үш мәдени дәуірге жата алатын сүрелер бар. Сұбхи Салих “Мәбахисінің” 185-233 беттерінің арасында елу парақтық кең орында әсіресе мекки дәуірдің сүрелерін, тақырып және

¹⁰ С. Салих, Мәбахис, 181-бет.

¹¹ Зәрқәши, Бурһан, I, 189-бет.

өдістеме жағынан әдемілеп талдау жасаған. Өте нақтылығы айтылмаса да, реттелуде атақты ислами риуаяттың барынша сенімді екенін айта аламыз.

Абдұллаһ ибн Мәсғуд, Алқамә (ө. 62/681) секілді алғашқы тәпсіршілерден және де кейіннен шыққан кейбір ғалымдардан жасалған риуаяттарды бағалайтын болсақ, мекки мен мәдени сүре және аяттарды ажырату мәселесінде мына өлшемдердің негізге алынғанын көреміз. Бұлардың бөліп көрсетілген бір-екеуінен басқасы нақты.

Мына ерекшеліктерге ие болған сүрелер мекки:

1) Сәжде аятын қамтыған барлық сүрелер.

2) *Кәлла* сөзін қамтыған сүрелер.

3) *يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا* (Ей, адамзат!) қамтып, ішінде *يَا أَيُّهَا النَّاسُ* (Ей, мүминдер!) болмаған бүкіл сүрелер (Хаж, 77 тыс).

4) (Бақара сүресінен тыс) пайғамбарлардың және өткен үмбеттердің қиссаларын қамтыған сүрелер.

5) Адам мен Ібіліс қиссасын қамтыған сүрелер (Бақара сүресінен тыс).

6) *Хуруф-и муқатта'амен* басталған (Бақара мен Әли Имран сүрелерінен басқа) жиырма жеті сүре.

Нақты болған бұл ерекшеліктерден басқа, мекки сүрелердің едәуір бөлігі мына сипаттарды да қамтиды:

1) Аят пен сүрелер қысқа, баяны жинақы, сөйлемдер қызулы және екпінді.

2) Аллаһқа және ақиретке иманға (сенуге) шақырады. Жәннат пен жәһәннам бейнелері көптеу.

3) Жақсы мінез-құлыққа және тура жолға үндейді.

4) Мүшриктермен шайқасады және шіркті шірітеді.

5) Арабшадағы тәсілді бақылап, анттарға көп орын береді.

Мына ерекшеліктері бар сүрелер болса, мәдени:

1) Жиһадқа рұқсат берген немесе жиһадты, не, жиһад үкімдерін ашық баяндаған сүрелер.

2) Шарифаттық хад пен жазаларды, мирас үлестерін, қоғамдық және мәдени заңдарды, мемлекеттер мен халықаралық құқыққа тән кейбір үкімдерді қамтыған сүрелер.

3) Мүнәфықтар туралы баяндаған барлық бөлімдер (Анкәбут сүресі мекки болса да, бас жағындағы мүнәфықтарды бейнелеген 11 аят мәдени).

4) Әһли кітаппен талас-тартыс және оларды жолдан шығуларынан қайтуға шақырған сүрелер (Бақара, Әли Имран, Ниса, Мәйдә, Тәубе, Бәйинә).

Мәдени сүрелердің әр уақыт емес, бірақ көбіне ие болған сипаттары мыналар:

1) Сүре мен аяттар заң шығару бұйрықтарын ұйғарған, тыныш және рахат тәсілге ие. Сондықтан аяттар мен сүрелер мүлдем ұзын. Профессор Мәди Базерган «*Сейри Тахаввул-и Құр'ан*» деп аталатын қазіргі математикалық және статистикалық тәсілдерді қамтыған шығармасында орташа есеппен аят ұзындығын үздіксіз қысқасынан ұзынына қарай биіктелетін бір ирек сызғандығын дәлелдеген.

2) Діни ақиқаттарға тиісті егжей-тегжейлі дәлелдерді қамтиды.

Меккеде Исламға шақыру ісі күшті қарсылыққа және азапқа душар болғандықтан, мүшрикттерді батылдықпен қабылдамау, мүминдерді болса жұбататын аяттардың жіберілуі түсінікті жәйт. Мәдинада адамдардың үш тобы бар еді: Мүминдер, мүнәфықтар және яһудилер. Құран Әһли Кітапты ортақ сөзге яғни тәухидқа (Әли-Имран, 64), Тәурат секілді Құранды да қабылдауға шақырды. Мүнәфықтардың ішкі

дүниелерін көрсетті. Мүминдерді болса «сырат-ымустақимде» жүруге ынталандырып, өмірдің әртүрлі көріністерінде керек болатын ережелерді оларға үйретті. Уақты келместен мәселеге қатысты үкімдер жіберілмеді.

СҮРЕЛЕР

Сүре сөздікте - биік орын, мәртебе, әдемі және биік құрылыс, қамал мағыналарына келеді. Діни терминде, “аяттардан тұратын, басы мен ақыры бар, өз алдына бөлек Құран бөлігі” делінеді. Өйткені, Құран бөліктері орын-орнында сөздерден құралған және иықтан-иыққа беріліп, бір-біріне сүйеу болған аяттардан өрілген мықты және биік бір қала қамалы тәріздес. Басқаларынан лезде айрықша көрінетін биік және берік ғимарат күйіндегі ақиқаттардың бір қорғаны.

Құранда 114 сүре бар. Ең қысқасы - үш аятты Кәусар сүресі. Ең ұзыны болса, 286 аяттан тұратын Бақара сүресі. Сүрелердің бөлінуі – тәуқифи. Құранның сүрелерге бөлінуінде түрлі пайда және хикметтер бар. Олардың кейбіреулері мыналар:

Оқуды және жаттауды қолдап, жеңілдетеді. Бөлімдерге бөлінбесе, бұл жағдай нәтижесіз болатын еді. Өйткені, бір кітапты қолына алған оқушының, бөлімдерге бөлінген кітапты өте үлкен әуестікпен оқитынын біз жақсы білеміз. Бірінен соң бірін оқып, бөлім бойынша жылжып отырады. Бір сүрені жаттаған және оқыған адам да, Аллаһтың кітабынан бір бөлімді жаттап немесе оқығандығын ойлап, бұдан үлкен бір бақыттылық сезінеді. Бұлардың санын көбейтейін деп, ісіне әуестік туады. Сүрелер түрінде болмаса, көз алдымызда үлкен көрініп, жаттауға, бөлкі оңайлықпен оқуға да ынтамыз болмас еді.

Сүрелердің есімдері

Сүрелер өз есімдерін қиссасы баяндалған кісілерден* (Нұх, Һуд, Ибраһим, Юсуф, Әли Имран, Мұхаммед сияқты) немесе қауымдардан (Жын, Періштелер Мүнәфиқун, Мұтаффифин),** немесе тақырыптардың бірінен немесе алғашқы сөздерінен (*Қад сәми'а, Ә.Л.М. Тәнзил, Субхан, Ләм якун*) немесе бастарындағы хұруф мұқаттадан (*Таһа, Йәсин, Қаф, Сад секілді*) алған. Берілген атаулар тәуқифи болмағандығынан, кейде бір сүренің бірден көп есімі болады. (Инсан-Дәһр, Фатыр-Мөләйкә, Исра-Бәни Исрайл сияқты. Фатиха сүресінің *Асас, Сальат, Дүға, Үммүл-Құран, Шифа* секілді 20 шақты есімі бар. Зәрқаши сияқты бұлардың тәуқифи болғандығын қабылдауға пейілді болғандар да табылады.

Кейде екі немесе одан да көп сүре тобына берілген атаулар да бар: *Зәһрауан* (екі жарқыраған сүре, яғни Бақара мен Әли-Имран), *Мұаввизәтан* (Фәлақ пен Нас), *Муаууизат* (Ықлас, Фәлақ, Нас), *Мусәббихат* (Хадид, Хашр, Саф, Жұма, Тағабұн, А'ла)¹² *Хауамим* немесе *Зәуатул-хамим* (40-46 сүрелер - Мүмин, Фуссиләт, Шура, Зухруф, Дұхан, Жәсия, Ахқаф сүрелері). Зәуатур-Ра болса, Әлиф Лам Ра-мен басталған Юнус, Һуд, Юсуф, Рағд, Ибраһим және Хижр сүрелері.¹³ *Тауасин: Тасин миммен* басталған Шұғара және Қасас сүрелері мен *Та син* деп басталған Нәмл сүресін қамтиды.¹⁴

* Бірақ бұл қатып қалған ереже емес. Мәселен, Хз. Мұса жайындағы аяттарға толы болғанымен Ағраф, Таһа және Қасас сүрелерінің ешбірі «Мұса сүресі» деп аталмайды. Фатыр сүресінің тағы бір аты «Мөләйкә».

** Фатыр сүресінің алғашқы аты «Мөләйкә».

¹² Тухуатул-Ахвези, VIII, 238.

¹³ Әбу Дәуіт, Сальат, 329; А. Айдемир, 85-бет.

¹⁴ А. Айдемир, 85-бет; әл-Мөғәлибул-Алийя, III, 283-бет.

Сүрелердің тәртібі

Сүрелердің қолымыздағы қасиетті Мұсхафтағы ретінің неге сүйенгендігі туралы басты үш көзқарас бар:

а) Барлық сүрелердің тәртібі - Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) нұсқауына сүйенген, яғни тәуқифи. Өйткені, Хазіреті Осман кезінде жазылып, *Имам* атауы берілген мұсхафты, барлық асхаб, оның ішінде қолдарында жеке нұсқалары болғандары да бір ауыздан қабылдаған. Имам мұсхафтағы реті, қазіргі кездегі бізге мәлім реті. Тәуқифи болмағанда қарсылық шығатын еді. Басқа жағынан көптеген хадистерде, сүрелердің бірінен кейін бірі реттелгендігін айтуы да осыны көрсетеді. Шындығында, асхабтан Уасыла ибн әл-Аска Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай дегенін жеткізеді: “Маған Тәуратқа тең - *әс-сәбут-тцуәл*, Зәбурға тең - *әл-миун*, Інжілге тең әл-Мәсани берілді және Мұфассалмен де мен ерекше болдым”. Сүрелердің ретінің тәуқифи болғандығын қабылдағандар арасында Әбу Жағфар ән-Нәһһас, әл-Кирмани, Әбу Бәкір ибнүл-Әнбари бар (Бәйхаки мен Суюти де Әнфал және Тәубе сүрелерінен басқа бұл пікірді қабылдайды). Оларға қарағанда, ауызша өмір болмаса да, іс-әрекетпен жасалған тәуқифилік бар. Бұған қарсылық болмаған. Сондай-ақ Хауамим (Ха мимдер) бір арада, бірақ *Мусәббихаттың* арасына Мужадәлә, Мумтахинә, Мунәфиқун сүрелері кірген. Та син мим, Шұғара мен Қасас арасына Та син Нәмл кірген; бұл да ижтиһадпен болмағандығына дәлел (М. Әбу Шүһбе, Мәдһал, 329-331 б. Субхи Салих та бұл пікірді қостағандардан (71 б.)). Бұған қарсы дәлел болмағандығын, басқалай тәртіппен сахаба мұсхафтарының өзінше еңбек болып, иелерінің басқа мұсылмандарды қабылдауға шақырмағандарын айтады).

ә) Сүрелердің бір бөлігінің тәртібі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) білдіруіне, қалған бөлігі сахабаның ижтиһадына қатысты. Ибн Атийе, Зәрқани және басқа ғалымдар осы пікірде

қосылумен бірге, қандай сүрелердің тәуқифи болғандығы туралы олардың арасында тағы да келіспеушіліктер болған.

Әс-сәбут-тувал (2-9 сүрелер), әл-Хауамим (40-46 сүрелер), *әл-Мұфассал* (50-114 сүрелер) бөлімдеріндегі сүрелердің тәртібі, Бәни Исрайл (Исра), Кәһф, Мәриям, Таһа және Әнбия (17-21 сүрелер), сондай-ақ Ықлас, Фәлақ және Нас сүрелерінің (112-114 сүрелер) бірінің соңынан бірі келгені туралы хадистер бар.¹⁵

б) Бұл тәртіп сахабаның ижтиһадына жатады. Өйткені, сахабадан Хазіреті Әли, Үбәй ибн Кағб, Ибн Мәсуд секілді кісілердің меншікті нұсқаларындағы сүрелердің реттелуінде өзгешеліктер кездеседі. Тәвқифи болғанда олар бұл билікке, өзгешелікке өздеріне лайық деп қарамайтын еді.

Сүрелердің бөлінуі (тасниф)

Құран Кәрімнің мәтіні - практикалық (тәжірибе) жағынан оңай болуы үшін сүрелерден тұратын бірнеше топтарға бөлінген:

1) *Әс-Сәбут-тувал** - «ең ұзын жеті сүре» деген мағына береді. Олар Фатихадан кейінгі 2-9 - Бақара, Әли Имран, Ниса, Әнғам, Ағраф, Әнфал, Тәубе сүрелері болып табылады. (Бисмиллаһпен бөлінбегендіктен кейбір адамдар Әнфал мен Тәубені бір сүре деп есептеген).

2) *әл-Миун*: Бірінші топтан кейінгі және аят сандары 100-ге жуық немесе одан да біраз асатын сүрелер (Қолымыздағы әдебиеттерде бұл сүрелер жайында толық бір шектеу көре алмадық).

¹⁵ Зөрқәши, Бурһан, I, 258.

* Тыйуаль деп оқу кең тараған, алайда дұрысы ең ұзын мағынасындағы «тула» сын есімінің көпше түрі қылып «Туаль» деп оқу. (Бурһан, I, 244)

3) *әл-Мәсани*: Аяттың саны жағынан әл-миуннан кейінгі орынды иелейді. Фәрра (ө. 207/822): «Аяттары жүзден аз болғандығынан түүел мен миуннан да көп қайталанып, оқылатындықтан осылай аталған» - дейді.

4) *әл-Мұфассал*: Қабылданған пікірлерге қарағанда Мұсхаф шәрифтің соңғы бөлімі болып табылады. Қаф (50) сүресінен Нас (114) сүресіне дейінгі бөлім.¹⁶ Қысқалығынан Бисмиллаһпен жиі-жиі бөлінгендігі үшін немесе мәнсух аяты болмағандығынан, осы мағынаға келетін мұфассал атауы берілген. Оншалықты мәшһүр емес әл-мухкәм атауы болса, бұл сүрелердің үкімі мәнсух аяттарды қамтымағандықтарынан осылай аталған болуы керек. Бұл топ та үшке бөлінеді:

1) *Туал мұфассал* (ұзын): Қаф-Бүруж, яғни, 50-85 сүрелер.

2) *Әусат мұфассал* (орта): Тариқ-Бәйинә, яғни, 86-98 сүрелер.

3) *Кисар мұфассал* (қысқа): Зәлзәлә-Нас яғни, 99-114 сүрелер.

УАХИДІҢ САҚТАЛУЫ

Құран Кәрім - сауатсыз ортада¹⁷ өмір сүрген үмми кісіге¹⁸ уахи етілген. Аллаһ Тағаланың Құранға берген екінші есімі саналатын әл-Китап атауы¹⁹ осы уахидің жазуменен тұрақтандырылуы керектігін астарлы білдіргеніндей (33 бетке қараңыз), ең алғаш уахи етілген бөлімде де қаламның, сондай-ақ жазудың адамның ең маңызды ерекшелігі болған білім үйрену мен үйретудегі рөлі күшейтіліп көрсетілген. Демек, адамзатты надандықтан парасаттылыққа, сауатсыздықтан білімділікке шығаруды мақсат еткен Құранға, “жазулы мәтін”

¹⁶ Зәрқәши, Бурһан, I, 245-247.

¹⁷ Жұма, 2.

¹⁸ Анкәбут, 48.

¹⁹ Бақара, 2, 89 151; Әли Имран, 3; Ағраф, 2 және т.б.

мағынасына келетін «кітап» атын берумен, «адамға қаламмен үйреткен Раббымыз» (Алақ, 4) бұл иләһи нұсқаулардың жазылуын астарлап әмір еткен болатын.

Ең басында түскен уахилардан Құранның жазуменен тұрақтандырылғаны ашықтан-ашық түсінікті. Шынында Құран, мүшриктердің былайша қарсылық көрсеткендерін баяндайды: «Олар: “Бұл Құран бұрынғылардан қалған аңыз, ол мұны жаздырып алған да, жатқа алу үшін ертелікеш оған оқып беріледі” дейді» (Фұрқан, 5). Бұл сүренің түсуі жағынан 42-қатарда орын алғандығы риуаят етілген. «Ол шынында ардақты Құран. Кітапта (яғни лаухул махфузда) сақтаулы. Оны пәк адамдардан басқасы ұстай алмайды» (Уақиға, 77-79), деген аят та Құранның жазулы болғандығын, оны ұстау үшін таза болу керектігін білдіреді. Бұл да, бастапқы дәуірге тән уахилардан. Нүзулі жағынан бұлардан да бұрынғы бір сүреде «Жоқ, олай емес! Бұл (аяттар) расында бір насихат. Қалаған адам одан үгіт алады. Ол қымбатты, жоғары бағаланған, таза бет-парақтарда жазулы. Ардақты да игі жазғыштардың қолында» (Абәсә, 11-14) деген аят орын алған бөлім де Құранның әубастан-ақ бері жазуға меңзелгені байқалады. Ыжрәттан бұрынғы 8-жылда Хазіреті Омардың Исламға кіру оқиғасында да уахидың жазылғандығы көрсетіледі. Сонда Хазіреті Омар, қарындасы Фатиманың үйінде Таһа мен Тәкуир сүрелері жазылған парақтарды қолына алған еді.

Пайғамбарымыз періштенің жеткізген уахиін жаттайтын, кейін уахи жазушыларынан біреуін шақыртып, келген бөлімнің тиісті орнын айтып, жаздыратын. Ол дәуірде Құранның мәтінін иленген теріге, құрмабұтақтарына, жалпақ тастарға, тақтайға, түйе мен қойдың жауырын сүйектеріне жазатын.²⁰

²⁰ Зерқәши, Бурһан, I, 238.

Риуаяттардан түсінгеніміз бойынша, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) қате болуы ықтимал жерді түзету үшін келген уахиды жаздырғаннан кейін, жазушының оқуын қалайтын. Өзіне оқылу арқылы салыстырылған бұл мәтін, Расулұллаһқа (с.а.у.) тапсырылып, үйінде сақталатын.²¹

ҚҰРАННЫҢ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (с.а.у.) БҰЙРЫҒЫМЕН ЖАЗЫЛЫП, ЖАТТАУ АРҚЫЛЫ БЕЛГІЛЕНІП, ТІРКЕЛУІ

Бұл дара-дара материалдардың әр қайсысының артық мәтін қамтымағандығын, сондықтан бұл жүздеген (әрі бөлуге қолайсыз) материалдың бір-біріне араласып кетуі әбден мүмкін екендігі ойландыруы мүмкін. Бұл уахи мәтіндерін әртүрлі заттарға жазуының себебі, алдымен уақытша тіркеу жасаудың мақұл болуы еді. Өйткені, уахи тәмәмдалмай, ауық-ауық келіп тұрғандығынан, сүренің бітуін күтіп, біткенде барып оны өте орынды тәсілдермен парақтарға өткізетін.²²

Әл-Хаким (ө. 405-1014) «Мүстәдрәкінде» «Құран мәтінінің жинақталуы үш мәрте жасалып, оның біріншісі Расулұллаһтың (с.а.у.) алдында болған» деген. Осы үкімге негіз болатын мына хадис Зәйд ибн Сәбиттен (Бұхари мен Мұслимнің риуаят шарттарын қамтитын сәнәдта) жеткізген.²³ Ол: «Біз Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) алдында Құранды бірнеше паршадан жинайтынбыз» - дейді. Бейхаки (ө. 458/1065) осы хадис туралы: «Қанағатым бойынша мұндағы мақсатым бірнеше мәрте, бөлек-бөлек түсірілген аят топтамаларын Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) көз алдында сүрелерге бөлу, жинақтау» - дейді. Бұл сөздер Пайғамбарымыз (с.а.у.) уахиі біткен сүрелерді табылған ең

²¹ М. Хамидуллаһ, Құран Кәрім тарихы, 43-бет

²² М. Хамидуллаһ, «Құран Кәрім тарихы», 44 - бет.

²³ Зәрқаша, «Бурһан», I, 237; Суюти, «Итқан», I, 57 - бет.

лайықты құралдарға бірнеше *парақ* түрінде таза қылып, көшіртіп сақтайтындығын білдіреді.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) жаңадан түскен әр уахи мәтінін бірінші еркектерге, артынан әйелдердің жамағатына оқып баяндайтын.²⁴ Құран мәтінін жазғандар паршаны әрі жаттайтын әрі жазулы күйінде үйлерінде сақтайтын. Жазуды білмейтін және жеке нұсқасы болмаған мүминдер Хазіреті Пайғамбардың намаз, уағыз және басқа жолдармен үнемі Құран оқуы кезінде есту арқылы құлақтарына құйып алатын.²⁵ Құранды жадында сақтау, жазудан да кең тараған еді. Мұсылмандар намаз оқу, құлшылық жасау, сауап алу, үйрену, амал жасау секілді мақсаттары үшін бар ынтасымен Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) өзінен, не оның үйретіп, өкілі еткен асхабынан Құран паршаларын үйрететін, жаттайтын. Пайғамбарымыз Исламға жаңадан кіргендерді Құранды жақсы білетін сахабаға жіберетін. Мешітте Құранды үйретіп және үйреніп жатқандардың дауыстары бір-бірлерін шатастырмаулары үшін Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) асхабына дауыстарын бөсеңдетулерін әмір ететін. Түнде асхаб отырған орындарының жанынан өткендер ара ұясының ызыңындай Құран дауысын еститін.²⁶

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тірі кезінде-ақ көптеген сахаба жадыларында әрі парақтарда Құранды жинақтаған болатын. Ол (с.а.у.) қайтыс болғанда Хазіреті Әли дереу үйіне қамалып, «Құран жинақталмайынша, жұма намазына шығудан басқа уақытта жамылғымды кимеуге ант еттім» - деп, бекініп және сол сөзін орындап, Құран жинақталмайынша, Хазіреті Әбу Бәкірге бәйәт етпеген (мойынсұнбаған). Асхабтан Ұбей ибн Кағб, Әбу Мұса әл-Әш'ари, Миктад ибн Амр секілді кісілердің меншікті нұсқалары бар еді. Негізінде жүздеген мұсылманда жазылған Құран мәтіндері бар болатын. Бірақ, толық мәтінге ие болғандар тым аз еді. Онсызда мұсылмандардың көбісі

²⁴ М. Хамидуллаһ, «Құран Кәрім тарихы», 43 - бет.

²⁵ Сол туынды.

²⁶ Зәрқани, Мәнәхил, I, 241.

оқу мен жазуды білмейтін. Күн көріс және мекендейтін орын жоқшылығынан алыста тұратындары бар еді. Бұлар мәтіннің бір бөлігін де ұстамаған болатын. Кейде Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) жол үстінде уахи келетін. Міне осы себептерге байланысты мәтіннің түгелдей белгілі бір кісінде барлығын айту қиын.

Түрлі сахабалардан жеткен дәлел сөздерде бақыт ғасырында Құранның барлығын жаттаған кісілердің саны мен есімдері туралы мағлұматтар бір-бірінен өзгеше. Олар 4,5 немесе 6 қариды атайды. Негізінде асхабы кирам әр түрлі қалаларға таралғандықтарынан, іштеріндегі қариларын өркімнің білуі мүмкін емес еді.²⁷ Осы мағлұматты бергендер өздері білетін қарилардың есімдерін айтқандықтарынан, риуаяттарда түрлі есімдер аталған. Бұдан басқа, жаттауын кейіннен бітірген бір топ сахабалардың да болуы мүмкін және жоғарыда айтылған сөздердің уақыттары одан бұрынғы замандарға тән болуы да мүмкін. Хазіреті Әли, Абдұллах ибн Мәсуд, Сәлим, Мұаз ибн Жәбәл, Ұбәй бин Кағб, Зәйд ибн Сәбит, Әбуд-Дәрда Құранды жатқа білген қарилар. Бір Үмму Уарақа есімді әйел қаридың да болғаны айтылады.²⁸ Әбу Ұбәйд (224/838) есімді бір автордың «*әл-Қырағат*» атты туындысының басында отызға жуық қари сахабаның аты беріліп, кейбіреуінің қарилықтарын Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейін толықтырғандықтарын жазған (Иткан, I, 72).

Құранның Жәбірейілге Арзы (ұсынылуы)

Құран мәтінінің жеткізілу турасында арз мәселесі туралы да айтуымыз керек. Әр рамазан айында Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған дейін уахи етілген Құран мәтінінің толығын Жәбірейілге оқып беріп, Жәбірейіл оған оқып мұқабәлә (салыстыратын) ететін. Бұл арз (ұсыну) ісі – Бұхари және басқа хадисшілер

²⁷ С. Атеш, Тәфсір сабақтары, 17-бет.

²⁸ Ахмет бин Ханбал, Мүснәд, VI, 405.

тарапынан жеткізілген. Ұсыну кезінде олардың жанында кейбір сахабалардың болғандығы риуаяттардан байқалады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) соңғы рамазанында болған арзды «*әл-ардатүл ахирә*» дейді. Бұл туралы Хазіреті Фатима өзіне Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жасырын түрде: «Жәбірейіл Құранды менімен әр жылы бір мәрте салыстыратын. Биыл болса екі мәрте мұқабәлә етті. Осыдан-ақ ажалымның келгендігін түсіндім» дегенін Хазіреті Айшаға айтқан.

Ислам әлеміндегі бақыт ғасырынан қазірге дейін жалғасқан *мұқабәлә* әдеті арз ерекшелігінің дәстүрін жанды ұстау қалауының бір көрінісі болып табылады.

ҚҰРАН МӘТІНІНІҢ МҰСХАФ ХАЛІНЕ КЕЛТІРІЛУІ

Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тірі кезінде үздіксіз уахи келіп тұрғандықтан, Құран мәтінін кітапқа (*дәффәтәйн*) айналдырып, мұсхаф халіне келтіруі мүмкін емес еді. Бұлай жасалған болса жиі-жиі өзгерту енгізу, араға кіретін бірнеше аятты орналастыру үшін екінің бірінде жазылған көп мәтінді жоюға мәжбүрлік туатын еді. Екіншіден болса, көптеген қари Құран мәтінін жаттап, үнемі оқып тұратын және асхабтың бір бөлігінің жанында жазулы нұсқалары да болатын. Сондықтан мәтіннің сақталуы тақырыбында алаңдауға себеп жоқ еді.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) дүниеден өткеннен кейін, хәм ол секілді кепілдік берушінің араларынан кетуі хәм Исламға қауіп төндірген иртидат әрекеттеріне қарсы соғыстар иләһи жол көрсетуші - Құран Кәрім мәтінінің үмметтің ижма'ынан өтіп, бір сөзінен болса да, ешкімді шек-шүбәға апармайтын түрде қияметке дейін ешкім қарсылық ете алмайтын *имам** болуы қажеті туындаған еді.

* Хз. Әбу Бәкр жаздырып, Хз. Осман көбейттірген мұсхафты ғалымдарымыз «Әл-Мусхафуль Имам» немесе жәй ғана «Әл-Имам» деп атаған.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) жаздырған парақтар бар бола тұра, неге Хазіреті Әбу Бәкір мұнымен қанағаттанбай, мұсхаф халіне жинақтауына мұқтаж болды деген сұрақ ойға келуі мүмкін. Мұның жауабы мынау: Өйткені біріншіден, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүниеден өтпестен, ол парақтар болумен қатар, олардың мемлекеттік белгі ретінде ресмилігі жоқ еді. Өйткені, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тірі болуы көптеген мәселедегідей Құран мәтініне кепілдік беру тұрғысынан да талассыз бедел саналып, Ол - *әминул-уахи* еді. Ал, одан кейін келген халифаның мұндай ерекшелігі болмағандықтан, бұл парақтарды бір кітаптай мұсхаф халіне келтіруге мәжбүр болды. Негізгі билік пен кепілдіктің бұдан былай *имамы* (Құран мәтінінің) болуы керек еді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) артында Аллаһтың кітабын қалдырғандығын, мұсылмандардың оған тәуелді болғандарында әсте адаспайтындықтарын білдірген еді.

Екінші бір себеп, Хазіреті Әбу Бәкір мұсхафты ол парақтардан көшірте алатын еді. Бірақ бұлай жасау не болса да қауіпті еді. Мұсылмандар арасында кейіннен ортаға шығуы мүмкін жағдайларды есепке алу керек болатын. Толық немесе бір бөлігі ғана бар жеке Құран нұсқаларында майда-шұйда қателері болмайтын ба еді? Әлбетте, болатын еді. Кейбір бөлімдерінің өте аз адамдарда жазылғаны болғандықтан, көп өтпестен толығымен жоғалып кетуі мүмкін еді. Аз да болса тиләуәті нәсх етілген бөлімдер болып*, мұны білетіндермен қатар, білмейтіндер де бар еді. Сондықтан қолдағы мәтінді бір жағынан асхабтың жазбалары және жаттағандарымен күшейту, бір жағынан жеке қателерді түзету арқылы нәтижеде

* Жұмһур, яғни ғалымдардың басым көпшілігі насх сөзін мәтінді мұсхафтан шығарып тастау деп түсінеді. Мутәзиләлық және т.б. кейбір ғалымдар мұны қабыл етпейді. Ғалымдардың аз бөлімі мұны мәтіннің мұсхафта қалып, тек орын ауыстыруы деп түсінеді.

үмметтің бір ауыздан келісімінен (ижма'ынан) өткен имам мұсхафтың заңды тұлғалығы мен заң күшіне ие болуы керек еді.

Алдында көрсетілгендей, Расулұллаһтың (с.а.у.) беделді тұлғасының өмірден өтуіменен орны толмас олқылық, тартыстар және иртидат соғыстары, бір сөзбен айтқанда осы себептердің барлығы Құранның ресми бекітуден өткен және үмметтің бір келісімде тоқтауын қамтамасыз ететін имам мұсхаф халінде жинақталуын қажет еттірді. Шынымен-ақ Хазіреті Әбу Бәкірдің халифалығының басында болған Ямамә соғысында 70 қари²⁹(бұлардың барлығы емес, едәуір бір бөлігі қари болуы керек) сахабаның шәһид болуы, шара қолдану керектігін анық көрсеткен еді.

Зәйд ибн Сәбит былай дейтін: Ямамә соғысында көптеген асхабтың қаза болуынан кейін Хазіреті Әбу Бәкір мені шақыртты. Барсам Хазіреті Омар да сол жерде екен. Әбу Бәкір маған: «Омар Ямамәда Құран қариларының көбісі қайтыс болды. Осы секілді оқиғаларда қарилар өле берсе Құраннан айрылып қаламыз. Меніңше Құранның жинақталуы үшін өмір шығаруың керек» - дейді. Мен Омарға: «Расулұллаһтың (с.а.у.) жасамаған ісін қалай жасай аласың?» - деймін. Омар: «Уаллаһи, бұл жақсы іс» - деді. Кейін осы іс туралы ұзақ сөз қозғап, маған айта-айта ақырында Аллаһ жүрегімді осы іске көндірді. Мен де оның көзқарасын құптадым» - дейді. Сонда Әбу Бәкір маған бұрылып: «Сен жас, тың, ақылды адамсың. Ешкім сені кінәлай алмайды. Сен онсыз да Расулұллаһтың (с.а.у.) уахи жазушысы едің. Құранның мәтіндерін жина» - деді. Уаллаһи! Маған бір тауды орнынан көшіруді тапсырса да Құранды жинау жауапкершілігіндей ауыр болмас еді».

²⁹ Құртуби, Тәфсір, Алғы сөз.

Ақырында Құранды құрма ағаштарынан, жалпақ тастардан және жаттаған адамдардан жинай бастадым».³⁰

Қайнар деректердің бір ауыздан білдіргендігіне қарағанда Хазіреті Әбу Бәкір Зәйдке өз жадысындағыға әсте сенбеуін және әр аятқа екі дәлел болуымен бірге, екі кісіден жазылған нұсқа іздестіруін әмір етті. Қолдарында Құраннан жазулы бөлімдер болғандардың барлығына, бұларды Зәйдке әкелуін жариялады. Бұл мешітте жарияланған еді. Хазіреті Омар да куәгерлердің қолдарындағы нұсқалардың Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) бақылаған-бақыламағандығын нұсқа иелеріне ант еткізіп, тексертіп, қуаттап отырды. Зәйд те міндетін алғаш қабыл алғанда, оның зіне жәрдемдесуін шарт еткен. Ол да шындап жәрдем еткен.³¹

Зәйдтің өзі де жақсы қари бола тұра, өзі секілді басқа қариларға да қанағаттанып қана қоймай, әр аят турасында Пайғамбар (с.а.у.) мен Жәбірейілдің (а.с.) мұқабәләсінен өткені туралы екі жазулы куәгер іздестіргеніндей, өте мұқияттылықпен және ғылыми тәсілмен қарастырған. Тек қана Тәубе сүресінің соңындағы екі аят туралы қанша іздестірсе де екі жазушы куәгер таба алмаған. Әбу Хузәймадағы жазулы нұсқаға сүйенуге мәжбүр болған. Ол заманның шарттарында мұндай қаталдық пен ғылыми талғағыштық көрсете алу оқиғасында «Расында Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде, оны Біз қорғаушымыз» - деген (Хыжыр, 9) иләһи қалау мен ғиаятты көрмеу мүмкін емес.

Хазіреті Әбу Бәкір дәуірінде бір араға жинақталып тәртіпке келтірілген парақтар - әл-Мұсхаф деп аталған. Бұл сөз сөздікте: «Мұқабасында парақтар қамтылған» деген мағынаны білдіреді. Діни терминде болса: «Хазіреті Осман кезінде бір ауыздан келісім бойынша аяттары мен сүрелері рет-

³⁰ Бұхари, Фәзәйлүл-Құран, Жәмул-Құран, VI, 98.

³¹ Суюти, Итқан, I, 73.

телген түрде Құран мәтінін қамтыған құжат» мағынасында қолданылған және сол кезден бері бүкіл мұсылмандар осылай түсінеді.

Мұсхаф шәриф Хазіреті Әбу Бәкірден кейін Хазіреті Омарға өткен, ол оны өмір бойы жанында ұстап, қайтыс болғанда қызы Хафсаға қалдырған.

МҰСХАФТЫҢ ХАЗІРЕТІ ОСМАННЫҢ ХАЛИФАЛЫҒЫ КЕЗІНДЕ КӨБЕЙТІЛУІ

Нижри 12 жылы Хазіреті Әбу Бәкір дәуіріндегі жинақтау ісінен кейін Хазіреті Омардың халифалығында және Хазіреті Османның халифалығының алғашқы кезеңдерінде жағдай өзгермеген қалыпта еді. Тек аз уақыттан кейін мұсылмандар арасында бұл имам Мұсхафтан көптеген нұсқалар көшіру қажеттілігі пайда болды.

Хазіреті Омар мұһажирлердің алдыңғы қатардағы асхабтың Мәдинадан кетіп қалуына тосқауыл қою үшін қиындықтар туғызып, олардың өзінің рұқсаты болмайынша, Мәдинадан кете алмайтынын жариялаған еді. Одан кейін халифа болған Хазіреті Осман сыртқа шығуды еркіне қойды. Сахаба кеңейген Ислам мемлекетінің өркендеп дамыған орталықтарына таранды. Әр қаланың тұрғындары, араларында болған сахабаның үйреткен қырағаты бойынша, мысалға Дамашқ халқы Миктад ибн Әсуәдтан, Куфа халқы Абдұллаһ ибн Мәсудтан, Басра халқы Мұса әл-Әшаридан, Шам жағы Ұбәй ибн Қағбтан үйренген еді. Осылайша қалалардың арасында түрлі қырағаттар пайда болды. Сондай-ақ Хазіреті Әбу Бәкір дәуірінде жазылған имам Мұсхаф жеті әріпті (акцент) назарға алып, яғни кейбір сөздерді акценттеріне қарай түрлі дыбыс ырғақтарын көрсететіндей етіп жазған еді. Көбінесе емле ережесі бірдей болғанымен, сол сөзді оқу, сөйлеу әр түрлі бола беретін еді.

Жаңадан мұсылман болған араб емес халықтар басқа диалектілерді білмегендіктерінен басқасы болуы мүмкін емес деп, жалғыз өз қырағатына сенетін.³² Осыдан талас-тартыстар шығып, бір-біріне «кәпір» дейтіндей қорқынышты жағдайлар көрініс тапты.

Әбу Қылабе былай дейтін:

«Хазіреті Османның халифалығы кезінде мұғалімнің бірі бір адамның қырағатын, енді біреуі басқа бір адамның қырағатын үйрететін. Үйренуші балалар тартысқа түсіп, мәселені ұстаздарына жеткізетін. Мәселе соншалықты дәрежеге ауыр жетті. Оқудың түрлілігінен бірі екіншісін кәпір санады. Бұдан хабардар болған Хазіреті Осман хұтпа айтып: «Сіздер менің қасымда бола тұра тартысасыздар. Өте шағын қыстақтағылар әлбетте бұдан да көп тартысқа түсер» - деп, мұсхафты көбейтуге бекіді».

Мұндай жағдайлар шыны аяққа тамған тамшыдай жиі-жиі болып тұрды. Бұхари ескерткен мына оқиға болған еді. Армения соғысында Сирия мен Ирак әскерлері бірігіп соғысқанындай, қырағат турасында тартыс шықты. Тіптен бір-бірлерін кіналағандар да болды. Орданы басқарған Хузайфа Ибнул Яман бұл жағдайға қатты ренжіді. Мәдинаға оралғанда үйіне бармастан Хазіреті Османның алдына барып: «Жойылып кетпей тұрғанда мына үмметке жәрдемінді тигізсең қайтеді!» - деді. Сосын мәселені ұзақ түсіндіріп, яһуди мен христиандар секілді Кітап туралы тартысып, бөлініп кетулерінен қорқатындығын айтты.

Содан Хазіреті Осман мүнәжир мен әнсарды жинады. Жағдай туралы ақылдасты. Кейін Хазіреті Хафсаға хабарлатып, «Парақтарды бізге жібер. Біз одан мұсхафтарға көшіріп алып, қайтадан саған жібереміз» - деді. Ол беріп жіберді.

³² С. Атеш, Тәфсір сабақтары, 22-бет.

Хазіреті Зәйд Ибн Сәбит, Сайд Ибнул-Ас, Абдұррахман Ибнул-Харис, Абдұллаһ Ибнуз-Зубәйрді көшіру ісіне міндеттеді. Ол да нақты шешімге келе алмағасын Құрайштың емле ережесіне қарай жазуларын әмір етті. Жоғарыда айтылған төрт кісіден басқа бұл алқада Ұбәй бин Кағбтың да бар екендігі, сандарының 12 болғандығы да риуаят етіледі. Бұлардың ішінде алғашқы төртеуінен басқалары көптеген нұсқаларды жазуға қажеттілік туғандықтан жәрдемдескендігін, бірақ, үнемі алқа мүшесі болмағанын тарих растайды.³³ Хазіреті Осман бұл алқаға *имам мұсхафтың* емле ережесін керек болғанда өзгерте алатындықтарын айтқан. Мысалы: Бақара сүресінде өткен *التَّابُوتُ* (әт-тәбут) сөзін, Зәйд тamarбута “тә” мен *التَّابُوتُ* түрінде жазғысы келді. Хазіреті Осман болса, құрайштар секілді ұзын “*тә*” *التَّابُوتُ* пішінінде жазылуын әмір етті. Бұхари секілді басқа хадисшілер де риуаят еткен бұл оқиға Хазіреті Османның халифалығы кезінде жасалған істің негізінде емле ережесінің жөнделуімен бірге көбейту жұмысының да болғандығын көрсетеді.³⁴

Бұл көбейту ісі хижрәттың 25-жылында басталған еді. Мұсхафтар көшіріліп біткенде, парақтар Хазіреті Хафсаға қайтарылып берілді. Жазылған мұсхафтар мешітте оқылып, мұсылмандар бірауыздан құптады. Біреуі Мәдинада сақталып, қалған үшеуі сол заманның басты Ислам орталықтары болған Шам, Куфа және Басраға жіберілді. Тағы бір риуаятқа қарағанда, олардың саны жетеу болып, Мекке, Бахрейн және Йеменге де бір-бірден мұсхаф жіберілген. Содан кейін Хазіреті Осман басқа жеке нұсқалардың жойылуын әмір етті. Мақсаты мұсылмандарға берілген, уақытшарұқсат етілген туындыдағы кейбір сөздерді басқа акценттермен оқуына жол бермей, бір емлеге тоқтау еді. Дыбыс ырғақтарының әртүрлілік саны кей-

³³ М. Хамидуллаһ, Құран Кәрім тарихы, 49.

³⁴ Зәрқани, Мәнәхил, I, 401.

бір белгілі сөздерде ғана болса да, мұсылмандар арасында келіспеушілікке себеп бола алатын еді. Басқа да жағынан кейбір меншікті нұсқаларда кемшілік болуы әбден мүмкін еді. Сондай-ақ мұқият бақылаудан өтпегендіктен қателіктерге де толы болуы мүмкін еді. Жалғыз кісі қателеседі, ал бірақ қарилардан құралған алқа жаңылыспайды. Бұдан басқа кейбір сахабалар өздері мәтінді жақсы біліп, шатаспайтынына сенімді болғандықтарынан, меншікті нұсқаларға тәпсір мәнінде қысқаша жазулар қосқан. Мысалы: (Бақара, 198) لَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَبْتَغُوا فَضْلًا مِنْ رَبِّكُمْ «Раббыларыңнан ризық талап етсеңдер, ешқандай күнә болмайды...» деген аяттың артынан Ибн Мәсуд فِي مَوَاسِمِ الْحَجِّ «қажылық мерзімінде» - дегенін жалғаған. Ибнүл-Жазери (ө. 833/1429) былай дейді: «Кейде түсіндіру мақсатымен мәтін арасына қырағаттар қоятын. Өйткені олар, Хазіреті Пайғамбардан» (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) үйренген Құранды жақсы білетінді».

Бірақ, Хазіреті Осман жойылуына бұйрық бергенімен, кейбір меншікті мұсхафтар Ислам дүниесіне кең жайылғандығынан түгелдей жойылмады. Ғижри III-IV ғасырда Құранның тарихы туралы шығарма жазғандар, Ибн Мәсуд, Ұбәй секілді тұлғалардың меншікті мұсхафтарын көргендіктерін білдіреді. Негізінде бұл да жақсы болды. Бәрі жоғалса қарсыластар араларындағы айырмашылықтың көп екендігін айтулары әбден мүмкін еді.

Демек, Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Османның жасаған істерінің арасында мынадай айырмашылықтар бар:

1) Хазіреті Әбу Бәкір Құранға қатысты болуы мүмкін алауыздықтың алдын алу үшін асхабтың келісімімен, Расулұллаһтан (с.а.у.) қалған парақтарды мұсхаф халінде жаздыртып, оны «Заңды тұлға» деп бекітті. Ал, Хазіреті Осман болса, кеңейген өлкеге қажет болғандықтан оны көбейтті.

2) Хазіреті Осман, кейбір сөздерді жергілікті акценттерге қарай оқуына мүмкіндік берген уақытша рұқсаттың күшін жойып, бұл жағдайды білмегендердің және араб емес мұсылмандардың сандары артқанда істі берік ұстау үшін үмметті бір әріп (акцент) төңірегіне жинады.

Осылайша, иләһи аманат болған Құран – Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.), Хазіреті Әбу Бәкір және Хазіреті Осман тарапынан бір-бірінің ішіне тұрғызылған үш бөлек берік қамалмен қорғалып, басқа ешқандай мәтінге нәсіп болмаған қауіпсіздікпен халық ішінде Хақтың дәлелі ретінде қияметке дейін жалғасуы үшін сақталынған.

ҚҰРАНЫҢ ЖЕТІ ӘРІП БОЛЫП ТҮСУІ

Жеті әріп - Құран тарихының маңызды әрі онда ең көп түрлі анықтамалар болған тақырыбы. Бұхари мен Мұслим Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай бұйырғанын риуаят еткен: «Құран *жеті әріп* болып түсті, сондықтан олардан қайсысы оңай келсе, сол әріпті оқыңыздар». Мұслимнің тағы басқа бір риуаятында Жәбірейіл Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.): «Аллаһ үмметінің Құранды бір әріпке қарай оқуларын әмір етеді» - дейді. Расулұллаһ (с.а.у.) үмметінің бұған дәрмені жетпейтіндігін айтып, Аллаһ Тағаланың кешіруін қалайды. Артынан екі, одан кейін үш әріпке рұқсат беріледі. Расулұллаһ (с.а.у.) тағы да сұрайды. Нәтижесінде жеті әріпке рұқсат беріледі. Тирмизидің сахих хадистер тізбегіндегі риуаятына қарағанда Расулұллаһ (с.а.у.) Жәбірейілге: «Мен сауатсыз үмметке жіберілдім. Араларында ерлі-зайыптысы, кәрісі, ұл және қыз балаларының ешқайсысы оқуды білмейтіні бар», - деп айтқанында, Жәбірейіл: «Уа, Мұхаммед! Бұл Құран жеті әріпте түсті» - дейді.

Әріп сөзі арабшадағы орнына қарағанда «әр нәрсенің ұшына, тарапына, шетіне, ұшқыр және өткір жағына,

буын әріптерінің әр біріне, арық ұрғашы түйеге, су жолына, белгіге»³⁵ атау бола алады. Хадисте өткен жеті әріптің көптеген түрде түсінік беруінің себептерінің бірі, сөздің көп мағыналарға келуі. Өйткені, көп мағыналы сөз жанындағы бір сөз не басқа бір белгінің арқасында белгілі бір мағынаға жүктеледі. Ғалымдардың көбісі жеті әріпті, «жеті араб диалектісі» немесе «жеті түр» деп түсінген.

Араларында Ибн Құтайба, Ибн Абдилбәрр, Мекки Ибн Әби Тәлиб секілді ұлылары бар жамағаттың пікіріне қарағанда жеті әріп Құран мәтініне таралған:

1) *Дыбыс ырғақтарындағы айырмашылыққа қарамастан мағыналарының бірдей болуы.*

2) *Не болмаса әрі дыбыс ырғағының, әрі мағынаның айырмашылығы болуы.*

3) *Бір сөздің көптігі немесе кемдігі.*

4) *Харекенің (әріптің дыбысы) ауысуы.*

5) *Сөзді алдына қою немесе кейінге қалдыру.*

6) *Мәд немесе қасыр* секілді сөздің не негізіне, не дыбыстың ырғағына байланысты айырмашылықтар. Бұл өзгерістер емле ережесінде өзгеріске жол аша алатындықтары секілді, өзгеріске жол ашпаулары да мүмкін. Міне, бұл түрлердің әрқайсысы бір әріп, қырағат түрлері көп болса да нәтижеде мына жеті түрге қайта оралады:

1) Сөздің мағынаға әсер етпейтіндей, қысқа немесе ұзын оқылуы, иғраб немесе бинасының өзгеруі:

بُخْل (бухл) немесе بَخْل (бахал) сияқты.

2) Мағынаға әсер ететіндей түрде иғраб немесе бинасы өзгеріске ұшыраса да, жазудың сол қалпында қалуы және

³⁵ Асым Мырза, Сөздік.

мағынада қайшылықтың болмауы: **رَبَّنَا بَعْدَ بَيْنِنَا أَسْفَارَنَا** сөйлемінде **بَاعِد** (баағид), **بَعْد** (бағғид) немесе **بَاعَد** (бааәдә) оқылуы сияқты.

3) Иғраб сол қалыпта қалып, мағынада өзгеріске жол ашатын тәрізде әріптің өзгеруі. Бірақ бұл жағдайда да жазу өзгеріссіз қалады және мақсат айырмашылығы шықпайды: **سِرْهَا**-ның, **نُنْشِرُهَا** (нәншүрүһә) немесе **نُنْشِرِهَا** (нүншпизүһә) тәрізді оқылуы.

4) Сөздің жазуы өзгергенімен мағынасының өзгермеуі,

إِنْ كَانَتْ إِلَّا زَقِيَّةً وَاحِدَةً немесе **إِنْ كَانَتْ إِلَّا صَيْحَةً وَاحِدَةً** тәрізді.

5) Жазу өзгеріп, мағына әр түрлі болғанымен екі мағына арасында қайшылықтың болмауы:

أَلَمْ تَنْزِيلُ الْكِتَابِ немесе **أَلَمْ ذَلِكَ الْكِتَابُ** тәрізді.

6) Алдына қою немесе артқа қалдыру:

وَجَاءَتْ سَكْرَةٌ немесе **وَجَاءَتْ سَكْرَةُ الْمَوْتِ بِالْحَقِّ** секілді.

7) Сөз және әріпте артық немесе кемдік айырмашылығы болғанымен де басқаша үкімге жол ашылмауы:

تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا немесе **تَجْرِي تَحْتِهَا** тәрізді.

Расулұллаһтан (с.а.у.) есту шартына байланысты жоғарыда берілген шарттар арқылы көрінген айырмашылықтарға Аллаһ рұқсат берген. Өйтпесе бұл өзгерістер тілдің немесе жазудың берген мүмкіндіктерінің нәтижесінде ортаға шықпайды.

Тирмизи риуаят еткен хадис шәрифтен де түсінікті болғанындай, жеті әріптің хикметі - Құран оқуды оңайлату. Құранның алғашқы тыңдаушылары қауым-қауым болып тарап кеткендіктерінен араларында акцент айырмашылықтары бар еді. Сол орынды себептерден де оларға рұқсат берілді. Рұқсат: «Негізгі үкімнің себебі жалғасуымен бірге бір қиындыққа қарай шариғат үкімінің оған қарағанда жеңілдірегіне қарай ауысуы». Жеті түрлі нұсқамен оқу (қырағат) рұқсаты берілсе де, кітабөт (хат, жазу) тек қана Құрайш диалектісі бойынша қалған. Бұл да келіспеушілікті ең оңай төменге түсірген. Сондықтан жеңілдетуді керек еткен қиындықтың бітуінен кейін, негізгі әріптің жазылуы тилауәті үшін де негіз болған.

Қиындықтың бітуімен жеті әріпке берілген уақытша рұқсат та біткен. Өйткені, диалектілер арасындағы бөліну және кең орын алған сауатсыздық Құранның жиналуы және сауатсыздықтың азаюымен жойылған болатын.

Ибн Ұйәйнә (ө. 198/814), Ибн Уәһб (ө. 197/813), Табери (ө. 310/922), Тахауи (ө. 321/933), Ибн Абдилбәрр (ө. 463/1017) осы пікірде болған.

Мұсхафтың жазуына қарама-қайшы басқа әріптердің оқылуына қай уақытта тыйым салынғандығы турасында ғалымдар түрлі көзқарастар ұстанған. М. Зәрқани (ө. 112-2/1710): «Ғалымдардың көпшілігінің пікіріне қарағанда бұл Расулұллаһтың кезінде және оның әмірі мен болған» - дейді.³⁶ Хазіреті Осман да үмметті Құрайш *әрпінің* айналасында жинау және басқаларын жойдыру батылдығын Расулұллаһтың (с.а.у) осы тәсілінен алған. Сахабаның бұл мәселедегі келісімі де осыны көрсетеді. Кейбіреулерінің тұжырымына қарағанда жалғыз әріптің айналасында жинаған Хазіреті Осман болған.

³⁶ Зәрқани, Шәрхул-Мұатта, I, 363.

Хазіреті Османның жаздыруынан кейін дыбыс ырғақтары (оқу, сөйлеу) жағынан айырмашылығы бар қырағаттар жеті әріптің бір бөлімі болып, мұсылмандардың бір ауыздан құптауына ие болған имам мұсхафтың жазуына сәйкес болғандығынан, солай оқуға рұқсат етіліп, мақұлданған.

Жеті әріп туралы анықтамалардың бірі және түсінуге оңайырағы мына көзқарас: Құран түскен кезде арабтар руруларға бөлініп, әр ру өзіне тән диалектілерде сөйлеуші еді. Олар қажылықтың арқасында ортақ бір тілге де ие болды. Құран қаншалықты бұл ортақ акцентпен түскен болса да, көпшілікті құрайтын қарапайым халықтың үйреніп қалғанына да көңіл бөлді. Жеті саннан ерекше атаудағы мақсат - санының қаншалықтығы емес, көптігі еді. Мұнда араб диалектісі болуы да шарт емес еді. Индиялық, түрік, алманиялық ұлттар Құранды кейбір фонетикалық ерекшеліктерімен оқыса, оны оқуға қолынан келген күш-қайратын жұмсаса, оларды «қате оқыды» деп пайымдау дұрыс емес. «Жеті әріп туралы барлық риуаяттар, басқа біреудің оқығанын сынаудан тыятын мақсатты көрсетеді». Қади Ияд (ө. 544/1149) осы көзқарасты ұстанған.³⁷

ҚЫРАҒАТТАР

Зөрқәшидің айтуынша Құран мен қырағаттар - бір-бірінен өзгеше ақиқат. Құран – Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) баян және иғжаз үшін уахи етілген сөз. Қырағаттар болса, бұл сөзде кейіннен пайда болуы мүмкін *мәд, қаср, тахфиф, тәсқил, ималә, идғам, изһар, ибдал, нүктелеу* секілді мәнер және дыбыс ырғақтары түрлері болып, бұлар да Құран сияқты сахих мүтәуатир тізбекпен Пайғамбарымыздан (с.а.у.) нақыл етілген.

³⁷ Адил Кемал, Улумул-Құран, 85-86 беттер.

Хазіреті Осман мұсхафтарды жаздыртып, мұның жазуына қайшы басқа меншікті нұсқаларды қолданбауға шақырғанда, кейбір кісілер қайшы болғандарды тастап, имам мұсхаф-тың жазуына қайшы келмеген және Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) төуатүрмен нақыл етілген басқа қырағаттарды оқуды жалғастырды. Жеті әріптен басқа және кейбір сөздерде кездескен бұл айырмашылықтар қырағат делінеді.

Қырағаттарға рұқсат берілудегі хикмет

1) Әрқелкі диалектілерде сөйлейтін әр түрлі араб руларының біліп, не білмей бұзып күнәһар болмай, Құран оқуларын жеңілдету.

2) Құранның мұғжиза екендігін барлық араб руларына ашықтан-ашық көрсету. Құран өзінің ұқсасын келтіру үшін жекпе-жекке шақырғанда бір акценттен болуын шарт етіп, шектемеген, керісінше түрлі акценттерден болса да қабыл болатындығын білдірумен оларға тіпті кең мүмкіндік берген болатын.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) оқыған қырағат түрлері жетеумен шектелмей, оннан артық болған. Сахабалар түрлі қырағаттарды Расулұллаһтан (с.а.у.) тыңдаса да, кейіннен оңай көрінген, таңдаған бір қырағатпен оқитын. Табиғун да осылай жалғастырды. Арабтардың тілінде лахн (қате) пайда болғанда кейбір ғұламалар қырағаттарды белгілеп, шектеп, тұрақтандырып, оларды нақыл еткен ғұламалардың тізбектерін тексере бастады. Түрлі үлкен қалалардағы имамдар мыналар: Әбу Амр (ө.154/772), Ибн Кәсир (ө. 120/738), Ибн Амир (ө. 118/736), Асым (ө. 128/745), Хамза (ө. 156/773), Нафи (ө. 169/785), Қисай (ө. 189/805).

Қырағаттар жетеумен шектелмесе де не үшін бұл жеті имам атақты болды? Хазіреті Осман мұсхафтарды жаздырғанында сол II-III ғасырларда қарилар көп еді. Төртінші ғасырда мұсхафқа сәйкес болу шартын алға тартып, сонымен қатар фықыһта терең білімді болу, нақылында сенімді болу, діндарлығы және кең ілімі, салихалы егде жасымен бір аймақтың сеніміне ие болған кісілерді іздеді және Хазіреті Осман мұсхаф жіберген әр аймақтан, сол аймақтағы мұсхаф бойынша қырағатты толық меңгерген имамдар таңдады. Бұлар осы істегі терең ілімдерімен танымал болған, өмірлері қырағат оқуменен өткен, бұрын аты аталған жеті кісі еді. Нақыл еткен қырағаттарының өздеріне теңестірілу әдет болып, қалыптасқан. Бұл имамдардың қырағаттарына сенім артылуының өлшемі мынау:

1) Пайғамбарымыздан (с.а.у) сахих тізбекпен риуаят етілуі.

2) Хазіреті Османның имам мұсхафына сөзсіз мойынсұну. Мысалы: Хазіреті Османның мұсхафында әлиф жазылмағандығынан **يَوْمَ الدِّينِ مَالِكٍ** сахих нақылмен әрі (مَالِكٍ) (мәәлик), әрі (مَلِكٍ) (мәлик) деп риуаят етілген. Бұл да мұсхафтың жазуына бұлай болса да сәйкес келеді.

3) Әркім құптайтындай араб тілінің ережелеріне сәйкес болуы.³⁸

Бұл үш шартты қамтыған қырағаттар жоғарыда аталған жеті имамнан, не басқаларынан таратылса да қабылдануға тиісті, жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ Әбу Жағфар (ө. 130/748), Яқуб (ө. 185/801) және Халеф (ө. 229/844) қырағаттары да сахих қырағаттарға жатады. Бұл шарттарға ие болмағандар болса, қайсыбір имамға қарасты болса да шаз немесе мөрдут саналады.

³⁸С. Рамазан, Рауайлұл-Құран, 103-бет.

Бұл қырағат имамдары тек өз қырағаттарының дұрыс екендігін пайымдап, халықты оған шақырмайтын. Қайта басқа қырағаттардың да тұрақты болғандығына сеніп, бірақ өзі риуаят еткен қырағаттың қызметіне бар өмірін арнаған.

Бір сөз немесе аяттың Құраннан болғанының белгіленуі үшін қырағатының негізінің мұтәуатир болуы керек. Он қырағат (қырағат-ы ашәра) бұл шартқа ие болып, олармен тилауәт және құлшылық сахих болады. Бірақ ерекшеліктері мен қолданылуы сахих болғанымен, мұтәуатир болуы шарт емес. Мысалы, кейбір мәдтардың орындалуында тул, тауассут немесе каср (ұзын, орта және қысқа оқу) түрлерінің болуы сияқты.

Шаз Қырағаттар

Жоғарыда айтылған үш шартты қамтыған қырағаттардың тізбегіне және бастауына қарамай-ақ шаз болғандығына үкім беріледі. Шаз қырағаттарымен тилауәт та, құлшылық та жасалмайды. Бірақ ахад хадистағы сыххат шартына жатса, хадис дәрежесінде саналып, одан үкімдер шығара алады.³⁹ Сірә шаз қырағаттарының көбісі мынадан бастау алады:

Сахабалардың кейбіреулері жабық жерлерді түсіндіру үшін, меншікті нұсқаларына тәпсірлеуге қысқа белгілер қойған болатын. Өйткені бұларды мәтінге араластырмауға өздеріне сенімді еді. Мысалы: Ибн Мәсғуд ант кәффәраты туралы Мәйдә 89 аят кәрімәның **ثَلَاثَةَ أَيَّامٍ فَصِيَامٌ** соңына **مُتَّابِعَاتٍ** «арты-артынан» сөзімен түсінік беретін.⁴⁰ Ханафи мәзһәбі бұл шаз қырағатты үкім беруде дәлел ретінде қабылдап, бұл оразаның бірінен кейін бірін үш күн түрінде тұту керектігін білдіргенде, Шафиғи шаз қырағатын дәлел ретінде санамай,

³⁹ Сол туынды, 106 - бет.

⁴⁰ Суюти, «Итқан», I, 77.

бұл оразаның бөліне алатындығын айтады. Бақара сүресі 238 аят кәрімәда *حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَى* «(Бес) Намазды, өте-мөте орта намазды (екінті намазын) жалғасты өтеп тұрыңдар» сөзінде, *وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَى* дан кейін шаз ретінде риуаят етілген *وَصَلَاةِ الْعَصْرِ* сөзінің жалғануы «орта намазды» дегендегі мақсаттың екінті намаз екендігіне дәлел саналған.

Кейінгі дәуірлердегі кейбір адамдар бұл мұсхафтарда көргендерін тұрақты қырағат деп ойлаған. Ибнул Әнбари (ө. 328/940) секілді кісілер бұлардың бұрыннан бері қырағат емес, мағынасын түсіндіретін белгілер болғандығын айтқан. Өйткені, «пәленше деген ұстаздың мұсхафында табылып, басқаларында табылмауы, бұл қосымшаның тәпсірден туындағандығын білдіреді». Хазіреті Османның әміріне қарамастан, басқа мұсхафтардағы санаулы жерлердегі түрлі қырағаттар мұсхаф иелерінің ұрпақтары тарапынан сақталған нұсқаларынан жинақталып, нәтижеде мағыналас болғандықтары байқалған. Ибн Әбу Дәуіттің (ө. 316/229) бұл айырмашылықтарды қамтыған «*Kutabul-Masaxif*» еңбегін бастырып және бұл тақырыпта «*Materials for the History of the Text of the Qur'an*» кітабын жазған А. Жеффри осы айырмашылықтарды тізімдеп шығарған. Көбінесе тәпсірлейтін белгі болғандықтары анықталған бұл қырағаттар мағынаны өзгертпейтін мағыналас сөздерден басқа еш нәрсені қамтымайды.

Кейбір мұсылман еместер *жеті әріп* және қырағат мәселесін сылтау етіп Инжілдер сияқты Құранның да бөлек-бөлек мәтіндері болып, Хазіреті Османның мұсхафынан басқалары жойылған дегенді алға тартады. Алайда Инжілдер Хазіреті Иса жайында түрлі кісілер тарапынан жазылған өмірбаян мен естеліктер болса, Құранның тек Пайғамбарымыз (с.а.у.)

тарапынан жаздырылғандығы күллі әлемге белгілі.

Жеті әріп туралы барлық риуаяттар зерттелгенде, мәселенің кейбір санаулы сөздердің акцент пен мәнер (дыбыс ырғақтары) жағдайының айналасынан шықпайтындығы байқалады. Осы себептен мұсылмандардың бұл тақырыпта барлық айтатын сөздері мынау ғана: Түрлі диалектілерде сөйлейтіндерге Құранды оқуды жеңілдету үшін осы рұқсат берілген.

Бұл тақырыпта ерекше назар аудару керек нүкте мынау: *Жеті әріп бойынша оқу – жатқа оқығанда ғана іске асады. Жазулы парақтан оқумен немесе түрлі тәсілдегі жазумен еш байланысы жоқ.* Тирмизидің мына риуаяты да осыны көрсетеді: Жәбірейілге Расулұллаһ (с.а.у.) сауатсыз ортаға жіберілгендігін, олар оқуды білмегендіктен аяттарды тек есту арқылы жаттағандықтарын айтқан болатын. Сонда Аллаһ Тағала да осы жеңілдікті көрсеткен. Жеңілдік – тақдим немесе тәхир (бір сөзді алдыға немесе кейінге алу) немесе (бір сөздің орнына синонимін қою ықтималдығы) жатқа оқыған болады. Әйтпесе, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тірі кезінде жаздырған парақтарға сүйенген Хазіреті Әбу Бәкір заманындағы мұсхафтан көшірілген имам мұсхафтағы бір сөздің орнына синонимі болса да басқа бір сөздің жазылуына рұқсат берген жағдай жоқ (М. И. Дәруәзә, әл-Құран уәл-мүлһидун, 329-334 б).

ҚҰРАН МӘТІНІНЕ НҮКТЕ ЖӘНЕ ХАРЕКЕ ҚОЙЫЛУЫ

Тарихи деректерге қарағанда жазу – Меккеге алғаш рет Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) жасы жағынан одан біраз үлкендеу замандастарының кезінде кірген. Ислам діні келгенде Меккеде сауатты адамдардың саны саусақпен санарлықтай

аз еді.

Жазуда әріптерге кәдімгі нүкте қойылмайтын. Араб әліппесіндегі 28 әріптің 15-інде белгі ғана бар еді. Қалған 13-ін нұсқаумен ғана білуі мүмкін еді. Мысалы: б, т, с, н, и (ب ت ث ن ي) әріптері (ب) пішінде бір ғана белгімен жазылатын. Сондай-ақ ж, х, х (ج ح خ) әріптері де (ح) пішінде солай жазылатын. Жоғарыда айтқанымыздай Хазіреті Осман заманында жазылған мұсхафтарға нүктелер қойылмаған.⁴¹ Бұл да сөздің Пайғамбарымыздан (с.а.у.) риуаят еткен қырағат түрлерімен оқылуына мүмкіндік беретін. Нүктелеудің Исламнан бұрын болған-болмағаны даулы мәселе. Кейбіреудің пікіріне қарағанда, нүктелеуді білсе де қырағаттарға жол беру ойымен, Хазіреті Осман тарапынан жаздырылған имам мұсхафта әдейілеп қолданылмаған. Шынында мұсхафтың нүктеленуінен бұрын Мұауияның Тайфтағы хижри 51 тарихты жазбасында нүкте қолданылған. Бұдан да алдыңғы тарихтарда да нүкте қоюдың сирек қолданылғандығын дәлелдейтін папирустардың табылғандығы айтылады.⁴²

Мұсхафтың нүктеленуіне алғаш рет хижрәттің 65 жылында Абдүлмәлік Ибн Мәруанның (ө. 86/705) кезінде аса қажеттілік болғаны үшін бастаған. Істің басталуында харекенің орнына нүкте қолданылғандықтан, осы хареке қою ісі ол уақытта накт, яғни нүктелеу деп аталған. Осы күн нүкте қою болса, кейіннен жасалған. *Кәсра*, *фатха* және *дамма* секілді белгілердің орнына мәтінді жазған сияның түсінен басқа бір түспен нүктелер қойылатын. Фатханың орнына әріптің үстіне бір нүкте, кәсраның орнына әріптің астына бір нүкте, дамманың орнына әріптің алдына бір нүкте, сүкунның орнына екі нүкте қойылатын.

Бұл нүктелеу (яғни харекелеу) ісін алғашқы болып Әбул

⁴¹ Адил Кемал, Улұмұл-Құран, 57-бет.

⁴² М. Хамидуллаһ, Құран Кәрім тарихы, 51-52 беттер.

Әсуәд әд-Дуәли (ө. 69/688), Хасан Басри (ө. 110/728), Насыр Ибн Асым (ө. 89/707) немесе Яхия ибн Ямурдың (ө. 129/746) әрқайсысы тарапынан жасалғандығы айтылады. Әбул Әсуәд бастап, басқалары жүйенің жетілуінде маңызды рөл атқарған болуы мүмкін. Негізінде Наср мен Яхия, Әбул Әсуәдтің шәкірті болып, Абдүлмәліктің нұсқауымен Хажжаж тарапынан осы іске міндеттелген болатын. Осылайша істі бөлу осы жүйені алғаш тапқанның тез арада көміл жүйе қалыптастырғанын қабылдаудан қисындырақ.

Риуаятқа қарағанда Басра әкімі Зияд Әбул Әсуәдқа хабар жіберіп, Аллаһтың кітабын дұрыс оқыту үшін кейбір белгілер қоюын талап еткен. Ол мұны қаламайтын. Бірақ бір күні Құран оқып жатқан біреу,

وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ بَرِيءٌ مِنَ الْمُشْرِكِينَ وَرَسُولُهُ (Тәубе, 3)

аят кәримәдағы расул сөзінің харекесін дамма орнына кәсрамен رَسُولُهُ түрінде оқып, мағынаны астан-кестең етті. Негізгі мағынасы «Аллаһ та, Расулы да мүшриктерден аулақ» деген сөйлем. Дәл осы оқуымен «Аллаһ, мүшриктерден және Расулынан аулақ» болып шықты. Әбул Әсуәд: «Құдай сақтасын! Аллаһ Расулынан аулақ болмайды!» - деп, әкімнің ұсынысын қабылдады. Нәтижеде фатха үшін әріптің үстіне бір нүкте, кәсра үшін астына бір нүкте, дамма үшін әріптің алдына бір нүкте қойды.

Кейіннен, тағы да Абдүлмәлік (ө. 86/705) дәуірінде түрі жағынан бір-біріне ұқсаған әріптерді айыру үшін нүктелеуге (*ижам*) қажеттілік туды. Бұл іске де нүкте қолданылғанда, хареке қою мақсатымен қолданылған нүктелеу жүйесімен шатасып кетті. Бастапқы кездері нүктелеуге бөлек, харекеге бөлек түсті сия қолданылды. Тағы бір заманнан кейін хареке қою ісінде қазіргі біліп, қолданып жүрген белгілеріміз ойластырылды. Бұлар: *уаудан* шыққан *дамма*, *элифтен* шығатын *фатха*, *йәдан* шығарылған *кәсра*, *шәддәнің* алғашқы әрпінен алынған кішкентай шин болған *шәддә*, жабық буынды

көрсететін кішкентай жабық шеңбер түріндегі жәзм белгілер.

Ол замандағы мұсылмандардан көптеген адам Мұсахафқа кез келген нәрсені араластырмау керек деген ойменен нүкте, хареке қоюды мәкруһ санады. Уақыт өткен сайын Құранды дұрыс оқу үшін нүкте мен харекеге зәрулік қайта туды. Бұл жолы уәжіб немесе мұстахаб болғандығы айтылды. Бірақ, бұл өзгеріс бірден бола қойған жоқ. Тіпті, V-XI ғасырдың арасында Құранды харекесіз оқу керектігін пайымдаған кейбір мұсылмандар болды. Бұл даулар - Құран мәтінін ұқыштылықпен қорғау секілді ұлы мақсатты іске асыруға талпынудан туындаған болатын.

Сүрелердің басына сол сүренің атын жазу, аят бастарын көрсететін белгілер қою, параларға бөлу, параларды хизибтерге (параның 1/4 бөлігі) бөлу және бұларға тиісті белгілерді қолдануды бастапқыда ғалымдар жағымсыз көрсе де, кейіннен мұбах, тіптен мұстахаб саналды.

ҚҰРАНЫҢ ОҚЫЛУЫНДАҒЫ ТОҚТАЙТЫН ЖЕРЛЕР

Құран ілімдерінің бірі саналатын *уақыф* және *ибтида* - Құранды оқығанда мағынаны негізге алу арқылы, қай жерлерде тоқтап, қай жерлерде тоқталмай өтетіндігін білдіреді. Бұл жерлер білінбейінше көптеген жағдайда мағына білінбейді де, үкім шығарылмайды. Әбу Жағфар ән-Наххастың (ө. 338/948) пікіріне қарағанда сахабалар, Құран мәтінін үйренгендері секілді, уақыф яғни тоқтайтын жерлерді де үйренетін.⁴³ Көптеген ғалымдар уақыф жерлерді үйренудің парыз екендігін айтқан.

Нахив, қырағат, тәфсир, тіл, қисса және фикх ғалымы болмаған адамның, уақыф жерлерін дәл білуі мүмкін емес.⁴⁴

⁴³ Суюти, Итқан, I, 83.

⁴⁴ Сол туынды.

Сол себептен жазылған немесе басылған мұсхафтарда уақыф жерлерін көрсеткен бірнеше белгілер қойылған. Құран оқыған адам бұл белгілердің нені көрсететіндіктерін білуге және оларды орындауға міндетті.

Мұсхафтардың көбісінде Сәжавәндиге (ө. 560/1164) қарап белгілер қойылғандықтан, уақыф түрлерін оның бөлуіне қарай қолға аламыз. Оған қарағанда, уақыфтың бес дәрежесі бар. Бұлар рет-ретімен:

- а) Ләзім
- ә) Мұтлақ
- б) Жәйіз
- в) Бір түрмен жәйіз
- д) Мәжбүрлік жағдайда рұқсат берілген уақыфтар.

1) *Уақыф-ләзім*: Тоқтамаса көзделген мағына өзгереді.

Белгісі тоқтайтын сөздің ең соңғы әрпінің үстіндегі мим م.
Мысалы: (Әли-Имран, 7)

وَيَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ ۗ وَالرَّاسِخُونَ فِي الْعِلْمِ يَقُولُونَ

аят кәрімәсында **إِلَّا اللَّهُ** дегеннен кейін уақыф-ы ләзім бар. Осыған қарай мағынасы: «Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан» - дейді». Бірақ, жоғарыдағы жерде тоқтамаса мағына мынадай болады: «Оның ұғымын Аллаһтан және ғылымда озат болғандардан басқа ешкім білмейді. Олар былай дейді (...)

2) *Уақыф-мұтлақ*: Мағына жағынан өзінен кейін келген бөлімнен бастау (*убтида*) жақсы көрінген және тоқтайтын жерде мағынаның біткендігін білдіретін уақыф. Белгісі - тоқтайтын сөздің соңғы әрпінің үстіндегі (ط).

Мысалы: **يَوْمَ الدِّينِ مَا لِكَ** (Фатиха, 4) аят кәримәсында осы жағдай бар.

3) *Уақыф-жәйіз*: Әрі уасыл, әрі фасыл етілуі, яғни өтуі де, тоқтауы да, мүмкін болған тоқтайтын жер. Белгісі - (ج). (Ықылас, 1-2) **قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ اللَّهُ الصَّمَدُ** аят кәримәларындағы (الصَّمَدُ) өрі (أَحَدٌ) сөзінде жәйіз болған уақыф бар.

4) *Жәйіз болса да, өтіп кетуі артық көрінген уақыф*. Белгісі - (ز). Мысалы:

بَلْ تُؤْثِرُونَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةَ خَيْرٌ وَأَبْقَى

(Ағла, 16-17) сөйлемінде (الدُّنْيَا) сөзінде тоқтамай өткен жақсы.

5) Мәжбүрлік жағдайда *мураххас* болған, яғни кейінгісі алдыңғысына мұқтаж болумен бірге, демнің жетпеуі немесе жалғасқан сөздің ұзын болу себебінен тоқтайтын жер. Тек кейінгі бөлім түсінілетін сөйлем болғандығынан, басынан алу керек емес. Белгісі - (ص). Мысалы:

تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِنْ سِجِّيلٍ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَأْكُولٍ


(Фил, 4-5) бөліміндегі (سِجِّيلٍ) сөзінде тоқтау осыған жатады.

Тоқтауға жәйіз болмаған жерлер болса, (لا) белгісімен көрсетіледі. Шарасыздықтан тоқталған жағдайда ол сөзді қайталау керек. Бұл жерлерде тоқтау, мағынаны бұзуға себеп болады. Мысалы: (Йәсин, 1-5)

قَالُوا مَا أَنْتُمْ إِلَّا بَشَرٌ مِثْلُنَا وَمَا أَنْزَلَ الرَّحْمَنُ مِنْ شَيْءٍ إِلَّا أَنْتُمْ إِلَّا تَكْذِبُونَ

аят кәрімесында (۷) белгімен 2 жерде тұрған жағдайда, қабыл етпейтіндердің сөздері, олардан нақыл етілген сөздер болмай, оқыған жақтан айтылған сөз тәрізді болады. Әйтпесе **فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ** (Мағун, 4) дегенде тоқтау жәйіз емес; себебі өйтсе «Сондай намаз оқығандарға өкініш» деген болады. Алайда артынан, бұлардың кімдер екендігін білдірген сипат жалғасады. Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, кейінгісімен байланысты болса да, аят кәрімелардың соңында тоқтау сүннетке мойынсұнған болады.⁴⁵ Құран оқып бітерде аят кәрімөның ортасында қалмай соңына шейін жету керек. Керісінше істеу мөкруһ саналады.

⁴⁵ Сол туынды.



ҮШІНШІ БӨЛІМ



ҚҰРАП ШІМДЕРІ

“Хикмет”
Баспа Үйі

ҚҰРАН ІЛІМДЕРІ

Құран Кәрімнің тәпсірін білу үшін керек болатын Құранның ілімдері көп. Бірақ біз, бұл жерде мамандық иесі болмаған оқушыны ең көп қызықтырады-ау деген кейбір тұстарға ғана тоқталмақпыз.

УАХИДІҢ КЕЛУ СЕБЕБІ (ӘСБӘБҮН-НҮЗУЛ)

Себебі нүзул - бір немесе одан да көп аяттың қорытындылау, жауап беру немесе үкімін ашықтауда түсуіне себеп болған жағдайға айтылады. Себебі нүзул (түсу себебі) – көктен келген иләһи уахидың жер-жүзіндегі көрініс табуы. Бұл терминдегі себеп, «бір нәтиженің болуы үшін шарт болған нәрсе» мағынасында философиялық мазмұн алмай, Құранның бір бөлім аяттарының түсуіне себеп болған жағдай деген сөз. Бұл еш ұмытылмауы керек мәселе. Құранның заңдар мен мінез-құлыққа қатысты аяттарының көп болу себебі нүзул деп аталатын кейбір себептермен келген. Ал бұрынғы үмметтер жайындағы аяттардың едәуір бөлігі анық бір себебі болмай-ақ түскен. Өйткені, бірінші түрдегі аяттар - қоғамның өмір сүру барысын өзгертуге бағытталған. Бағыт беретін үкімдердің және заң шығаратын үкімдердің тек идея болып қалмаулары үшін кейбір жағдайлармен өте қажет болған кезде жіберілулері керек. Осы түрдегі аяттардың қамтыған үкімдерінің және ол үкімдердің заң шығарудағы негіздерінің дұрыс түсінілуі үшін де себебі нүзулінің білінуі шарт. Көбісін қиссалар қамтыған

екінші түрдегі аяттардың* түсу кезеңі мен мекені өте маңызды емес және оларды дұрыс түсіну үшін міндетті түрде себебі нұзулді білу де шарт емес.

Бұл түрдегі аят пен сүрелердің түсуіне нақты себебі саналмаған, бірақ жалпы себеп немесе оқиға туралы айту дұрысырақ болады. Бұған жататын мысалдардың бірі - әрқалай формаларда көптеген сүрелерде қайталанған Хазіреті Мұса қиссасы. Сөзсіз, жалпы себеп ізделетін болса, «Хазіреті Пайғамбарды (с.а.у) жұбату үшін түскен» болуы мүмкін.

Себебі нұзулді білудің жолы

Ақылмен қарастыру арқылы және ижтиһадпен нұзул себептерін білу мүмкін емес. Ол - уахидың түсуін бақылап жүрген сахабаның жеткізуімен білінеді. Нұзул себебі ақылмен пайымдау мүмкін еместігіндей тек есту және көру мен білуге болатындықтан, сахабадан келген риуаят үкім бойынша мәрфу саналады. Яғни, толық дерлік Пайғамбарымызға (с.а.у.) білдірілген деп қабылданады.

Себебі нұзулдер не үшін Құранның өзінде берілмейді? Аллаһтың сөзінде орын алмаса, ең болмағанда Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) білдіре алатын еді. Неге Ол білдірмейді? Оның себебін Аллаһ пен Расулы (с.а.у.) жақсы біледі. Бірақ хикметтері мыналар болуы мүмкін:

1) Тәңірлік пен адамзаттық болған, көктік пен жерлік болғанды араластыру қаланбаған.

* Асру Саадет дәуірінде болған кейбір түсініксіз оқиғалардың басын ашу үшін аяттардың түсу себептерін білу алғашқы қажеттілік. Мысалы Ифк оқиғасы (Нур, 11-20) және басқа да соғыстарда болған жағдайларға сілтейтін аяттар. Құранда аяттың түсу себебіне ымдаумен, кейде сәл кеңірек тоқталады, бірақ бұл көбіне жеткіліксіз. Оқиғаның мән-жайын ашатындай, аяттың түсуіне себеп болған тарихи оқиғаны терең зерттеу керек. Бұл мүмкін нәрсе. Мәселен Зульқарнаин аяттарының яһудейлердің сұрағына байланысты түскендігі Құранның өзінде де айтылады. Бірақ оқиғаны тарихи деректерден тереңірек зерттеу оқиғаны аша түседі.

2) Бұл жағдайлар мен себептердің Құранда орын алмауы, оның уахидың туындысы болғандығын дәлелдейді. Егер уахи болмаса, міндетті түрде ол оқиғалар араға кіріп, бейнеленеді, қысқасы жер жүзінің жағдайы өзін көрсететін еді.

3) Себеп болған жағдай белгілі болса, адамдар, үкімді сол мәселеге арналған деп ойлап қалатын еді.

4) Себеп нұзулдер - көбінесе адамдармен байланысты болғандығынан олардың сырлары жасырылған. Адамдардың ең көп оқитын кітабы - Құран. Ол кісілердің қаламаған құпияларын баяндау арқылы мәңгілік қылғысы келмеген.

5) Әуелі сахабаларға, оларға ерген мүминдерге уахидың дұрыс түсінілуі үшін қайратын жұмсап, үлестерін қосуға мүмкіндік берілген.

Түсу себептері қалыпқа келген 4-5 раймен нақыл етіледі. Кейде түсу себебі болып бірден көп жағдай риуаят етіледі. Нұзул себебі білдірген нақты риуаятты таңдауда, ғалымдарымыздың ортаға қойып, қолданған бірнеше өлшемдері бар. Оларды түсіндірмей, тек оған ишарат етімен шектелеміз.

Әсбаб нұзулді білудің пайдалары

1) Аяттардың мағыналарын ашықтау тұрғысында түсу себептерін білудің үлкен маңызы бар. Өйткені, кейбір аяттар алғашқы сәтте, мақсат етілмеген түрде түсуі мүмкін. Тәпсірші аяттар нұсқаған оқиғаларды, сондай-ақ, жалпыға тән сөзді шектейтін қиссаларды немесе кәламды, аяттың сыртқы мағынасынан басқа мағыналар шығаруды білуге жауапты. Мысалы, Әли-Имран сүресінің 188 аятын Мәруан Ибн Хакем (ө. 65/684) қате түсініп: «Істегендеріне қуанған және істемегендерімен де мақталуды қалаған әркім азапқа душар болса, барлығымыз азап тартамыз» - деген. Бұл мәселе

жайлы Ибн Аббастан сұрағанда: «Бұл сіздерге байланысты емес. Расулұллаһ (с.а.у.) яһудилерді шақыртып, бір нәрселер сұраған, олар да негізгі айтулары керек мағлұматтарды жасырып, басқа жауаптар берген. Дұрысын айттық деп, Оның (с.а.у.) өздерін мақтап, рахмет айтуын күткен және бұл жасаған жасырын істерін де ұнатқан болатын әлгі аят міне солар туралы түскендігін ескерте келіп, мына аятты оқыған: «Кезінде Аллаһ «кітапты (ондағы Аллаһтың үкімдерін) адамдарға түсіндіріңдер, оны жасырмаңдар» деп кітап иелерінен уағда алған еді. Бірақ, олар мұны қайырып қойды және арзанға сатып жіберді. Олардың сатып алғаны қандай жаман десеңіші! (Ей, Мұхаммед!) Істеген (жаман) істеріне мөз болатын, істемеген істерімен мақталуды ұнататындарды өсте есепке алма, сондай-ақ оларды Аллаһтың жазасынан құтылады деп есептеме. Оларға қатты азап бар» (Әли-Имран, 187-188).

2) Аллаһ Тағаланың үкімдеріндегі хикметті түсіну оңайлау болады. Әсіресе ішімдіктің, өсімқорлықтың харам қылынуының және жиһадтың парыз қылынуының нақтылай бекітілуінің бірте-бірте іске асу жағдайы Исламның адамзатқа мейірім құшағын ашып, оларды хидаятқа апаратынын көрсетеді.

3) Құран аяттарының оңай жатталуы қамтамасыз етіледі. Әсіресе Құранның сауатсыздық қанатын жайған ортада енгендігі ескерілетін болса, бөлініп-бөлініп келуінің, аяттардың жатталып, ұмытылудан құтылуы туралы үлкен рол ойнағандығы түсінікті болады.

4) Аяттардың қамтыған мағынасы, үкім және хикметтердің жақсы түсініліп, аңғарылуы осылайша жеңілденеді. Өйткені үкімдерді - ол үкімдерге қажеттілік туылған ортасына орналастыру, ол оқиғалармен байланыс құрдыру, оқиғаларды мекендермен, уақыттармен және адамдармен байланысқа қою әрі мәселелерді ақылға жақсылап қондыруды, әрі қажет болғанда оларды еске түсіруді жеңілдетеді.

5) Құранның и'жазын ашықтаған *Мәани* және *Баян* ілімдерінің себебі болған «қажет жағдайды білу» нұзулдің себептерін білу арқылы мүмкін болады. Өйткені, бір сөз сөйлегенге тыңдаушыларға, шарттарға және сөздің айтылатын мақсатына қарай түрлі үкімдер мен түрлі мағыналар қамтылуы мүмкін.

Нұзул мәселесінде құпталатыны - себептің меншіктілігі емес, сөздің жалпылығы. Үкім қамтыған аяттар көбінесе белгілі адамдар туралы түскен болса да, сондай жағдайдағы өркімге қатысты. Міне, аяттардың үкімдерін айқын нұзул себептерінен басқасында да жарамды қылу - ғалымдардың басым көпшілігін себептің меншіктілігіне емес, үкімнің жалпылығына назар аударуға бағыттаған. Өйткені, Құранның жалпылығын белгілі адамдарға арнап, мағынасын шектеу қисынға жатпайды.

АЯТТАР АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Аяттардың бір бөлігі кейбір себептердің арқасында түскенімен Құранның үйлесімдігін қамтамасыз ету мақсатыменен, әрбір аят Аллаһ Тағаланың білдіруімен Пайғамбарымыз (с.а.у.) жағынан тиісті орнына орналастырылатын.

Ғалымдар аяттардың жеке оқиғаларға байланысты түсулерімен, олардың лайықты орындарына орналастырылуларынан қайшылық таппаған.¹ Осылайша бір жағынан тарихи орта, екінші жағынан әдеби үйлесімді назарға алған. Бәрібір Құран кәрім тәнзил ретінде басқа-басқа уақыттарда ендірілсе де иләһи хикмет қазіргі тәртіп пен рет бойынша бекітілуін қалаған.

Мысалы: «Кітаптан сыбаға берілгендерді көрмедің бе? Олар пұтқа, шайтанға сенеді және кәпірлерді көрсетіп;

¹Зәрқәши, Бурһан, I, 25.

«бұлар иман келтірмегендерден гөрі дұрыс жолда» дейді» (Ниса, 51) - деген аят кәрімәсі яһудилердің басшыларының бірі Кағб Ибн Әшрәф туралы түскен. Бұл адам Меккеге барып, Бәдірде өлген мүшриктердің кегін алуға оларды итермелеген және олардың мүминдерден гөрі тура жолда екендерін айтқан. Ол адам мен оның осы сөзін ұнатқандар туралы біраз аят түскеннен кейін, аманаттарды иесіне қайтару туралы: «Аллаһ сендерге аманатты иесіне қайтаруларыңды, адамдар арасында билік айтар болсаңдар, билікте әділ болуларыңды бұйырады» (Ниса, 58) - деген аят кәрімәсі келеді. Бұл аят Меккенің алынуы кезінде түскен. Кағбаның қарауылы Осман Ибн Талха есікті құлыптап, Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Кағбаға кіруіне кедергі болады. Хазіреті Әли кілтті алып, есікті ашады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ішіне кіріп шыққаннан кейін ағасы Аббас кілттің өзіне берілуін ұсыныс етеді. Бірақ, Ол (с.а.у.) бұрынғы қарауылы Османға берілуін бұйырғанда осы аят кәрімә түседі. Тарих жағынан қарағанда араларында алты жылдай ұзақ уақыт айырмашылығы бар бұл екі пассаж, қалайша, не үшін бір қатарда келтірілген болуы мүмкін? Ғалымдар бұл екі бөлім арасындағы ұқсас, бірдей ерекшеліктің аманатқа құрмет көрсетіп, қиянаттан сақтандыру болғандығын білдіреді. Өйткені, ол яһуди Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) және мүминдердің сипатын білсе де мәлімет тұрғысындағы аманатына, яғни Тәуратқа қиянат еткен. Мінеки, бұған негізделген кейінгі аят аманаттың иесіне қайтарылуын және әділеттіліктен айырылмауын білдіреді.

Аяттардың арасындағы байланысты білудің пайдасы кәламның кейбір бөлімдері мен тағы басқа бөлімдері арасындағы байланысты білу арқылы олардың, тастары мен кірпіштері берік қаланған ғимарат бейнесінде екенін көрсету. Мұның кейде өте жұқалықтары бар іс болғандығынан бұрынғы төпсіршілердің көбісі бұған көңіл аудармаған.² Иззуддин Ибн

² Сол туынды, I, 36.

Абдиссәлам (ө. 660/1262) былай дейді: «Байланыстарды білу - жақсы әрі пайдалы іс. Басы соңымен байланысты болып, бір мәселеге қатысты сөзде әдемі бір байланыстың болуы шарт. Бірақ әр түрлі себептерден пайда болған кәләмның бөлімдері арасында байланыстың болуы керек емес». Бұл ғалымның көзқарасынша түрлі себептерден жиырма жылдан астам уақытта бөлек-бөлек түскен аяттардың арасынан байланыс іздеу - орынсыз қайрат көрсету. Фахруддин Рази болса (ө. 606/1209): «Құранның көркем баяндауларының көпшілігі – төртпін пен байланыстарға қаратылған» - дейді. Ол және әсіресе Бурхануддин Ибраһим әл-Бикай (ө. 885/1480) «*Назмү'д-дурәр фи тәнасуби'л-аяти уә'с-сувар*» атты тәпсірінде бұл байланыстарды өте жақсы көрсеткен.

Тәпсіршілер аяттардың тәпсірін кейде түсу себебімен, кейде байланыс түрін көрсетумен бастайды. Кәләмның түзулігін көрсету байланыс түрін білдіруге тәуелді болғанда бірінші байланысты, ал, байланысты ұғу себебі нүзулды білуге бағынышты болғанда бірінші түсу себебін баяндайды. Жаңа ғана берілген мысалда (Ниса, 58 - аят) жағдай осылай. Нүзул себебін білмейтін қатардағы бір оқушы бұл аяттағы сөздің бітімдегі байланыс пен үйлесімділікті тым ашықтай алмайды.

Кейбір тәпсіршілер аяттар сияқты сүрелердің арасынан да байланыс пен үйлесімдік іздейді. Сүрелер арасында үйлесімдік болғандығы туралы пікір сүрелердің Мұсхафтағы ретінің тәфқифи болғаны жөнімен байланысты. Сонымен бірге реттің тәфқифи болуы - сүрелер арасындағы үйлесімділікті әр уақыт қажет етпейді. Бірақ, негізгі маңыз - аяттар арасындағы үйлесімдікті табу. Өйткені, қатарымен келген екі аят туралы ойға келетін алғашқы сұрақтардың бірі мынау: «Алдыңғы жағымен байланысты ма, әлде байланысты емес пе? Байланысты емес болса, алдыңғы жағымен арасында қандай байланыс бар? Не үшін қатарымен жазылған?»

Аяттар мен сүрелер арасындағы байланыс тақырыбында үйлесімдіктің табиғилығын айтудың немесе дәлелдер арқылы күш салып, үйлесім құрудың негізгі өлшемі – тақырыптар арасындағы ұқсастық.³ Сөздің соңы басымен байланысты және бір тақырыпта болса, түсінікті әрі қабылданған бір үйлесімділік бар болғаны. Әр түрлі себептерге және бір-бірімен қатысы жоқ мәселелерге тиісті болса, ашық түрдегі үйлесімділіктің болмағандығы. Демек, үйлесімділік жағдайы ашық болумен бірге, кейде жасырын да болады. Бұл жасырындық - аяттардан гөрі сүрелер арасында көрінеді. Өйткені, тақырыптың бір ғана аятпен аяқталуы өте сирек: *тә'кид* (күшейту) немесе *тәфсір* (ашықтау), *истисна* бөлекке шығару немесе *хаср* (шектеу) *и'тираз* (қарсылық) және *тәзіил* (толықтыру) мақсаттарының біреуімен аяттар қатарласып келеді. Осылайша байланыс пен бүтіндік пайда болады. Аяттар арасындағы байланысты байқау үшін Құранды оқыған кісі, кейде әдеби зауқын, кейде тума ақыл-парасатымен басқарып, мән беріп отыруы керек. Осылайша, аяттағы сөздердің терминдік мағынасы мен философиялық түсініктемесін білсе де, білмесе де жалпыға, не жекеге тән жайттар мен субъектив, не объектив болсын, ақылдық, сезімдік немесе қияли бірнеше байланыстар құра алады. Аяттар арасындағы *таләзүм*, көптеген жағдайда себеп-нәтиже байланысымен жалғасады. Егер оншалықты қажеттілік болмаса, бір нәрсенің екі ұшын, қарама-қарсы жағын көз алдыға келтіріп, көзделген мақсат жеткізіледі. Азаптан кейін рахметтің, жәһәннамнан кейін жәннаттың айтылуы, ақылды қозғағаннан кейін жүрекке үндеу, үкімдерді баяндағаннан кейін жүректі жұмсартатын зүһд пен қиссалардың баяндауы осы ерекшеліктен туындаған.

Аят пен сүрелер арасындағы үйлесімділікті көрсету тұрғысында шынайы тәпсіршілер орынсыз түсініктеме бе-

³ С. Салих, Мәбәхис, 152-бет.

руден қашқан және бұл ұқыпты әрекеттері мейлінше табысты болған. Бейне бір бақшаның ең жақсы жемістерін жинағандай. Жиырма үш жыл бойы түрлі себептермен және түрлі шарттарға байланысты түскен Құран Кәрімнің әр сүресінде аяттар нақты орындарын тапқандығын дәлелдегені сонша көптеген жердегі үйлесім - нұзул себебінің болып - болмағандығын іздестіруді ойға да алғызбайтындай дәрежеде. Баяндалуындағы көркем тілділігі, үйлесімділігі сол аяттың қашан түскенін іздестіруге қажеттілік қалдырмайды әрі інжудей тізілген аяттарымен 114 сүре, 114 алқа түрінде заманның мойнын сәндейді.⁴

Осылайша Құран аяттарының арасындағы байланыс түрі мен үйлесімі дерлік нұзул себептерінің орнын алатындай тәсілде құрылған. Өйткені, нұзул себебі білінбеуі мүмкін. Немесе білінсе де бізге жетпеген болуы мүмкін немесе жетсе де кең тарамаған болуы мүмкін. Бірақ, мәтін өз көздерінің алдында болғандықтан адамдар қаласа да, қаламаса да осы байланыстар туралы ой жүгіртетіні даусыз.

ҚҰРАННЫҢ БӨЛШЕК-БӨЛШЕК ТҮСУІ

Құран мәтінінің барлығы бірден түспеген. 23 жылдық пайғамбарлық дәуірі бойында бөлшек-бөлшек болып жіберілген. Құранның әр паршасына нәжм атауы беріледі. Бұл сөздің басты мағыналарының бірі – «жұлдыз». Құран аспанының жұлдыздарының бөлек-бөлек уақыттарда шығуына да нәжм сөзінің түбірінен туындаған бір мағына ретінде Құранның тәнжимі деген ат берілген. Құран – алғашқы тыңдаушылары мен жауаптылары - Расулұллаһ (с.а.у.) пен сахабалардың қажеттіліктеріне жауап беретін деңгей түскен.

Құранның өзі бұл ерекшелігінің басты хикметтерін мына аяттарда білдіреді: «Құранды адамдарға байыппен оқып

⁴ С. Салих, Мәбәхис, 157-бет.

беруің үшін біз оны даналап, бөлімдерге (аяттарға) бөліп, бір-бірлеп түсірдік» (Исра, 106). «Кәшірлер: «Құран неліктен оған бір жолда түсірілмеді» - дейді. Біз (Құранды) сенің көкейіңе ұялатып, жүрегіңді бекемдеу үшін оны бір-бірлеп, бөлек-бөлек аян еттік» (Фұрқан, 32-33). Бұл соңғы аят қарсылықтың болғандығын, әрі оған қарамастан иләһи хикметтің әдейі осылай ендірілгендігін ортаға салады.

Бұл мәселе, Құранның тұңғыш тыңдаушысы мен жауаптысы әрі баяндаушысы болған тұлға мен тұңғыш жауаптысы болған адамдардың Құран ілімінде, Құран қоғамы мен мәдениетінде не үшін бірінші қатарда таңдаулы орынға ие болғандықтарын және солай болуы керектігін де ашықтан-ашық көрсеткен. Қияметке дейін жалғасатын үмметтің негізінің тым бекем болуы шарт еді. «Мінез-құлқы Құраннан» болғанға дейін Расулұллаһтың (с.а.у.) және асхабы-кирамның ауыздарымен оқығаны секілді, аяттарды халдері және іс-әрекеттерімен де оқитындай көрініске ие болғанға дейін, сондай-ақ кейінгі ұрпақтарға жақсы сабақ берулері үшін жақсы үйренулері және есте сақтап қалулары керектұғын. Мінеки, осы жақсылап жетілдіру - елшілік аспанында Құранның бір-бір жұлдыздар күйінде шығуымен болады. Мұның хикметтерін былайша түйіндеп бөлуге болады:

1) Басқа мүминдер секілді Расулұллаһ (с.а.у.) та, адам ретінде мүшриктердің адасушылықтан қайтпай, өз жолдарын ұнатуларынан, ақиқатқа қарсы көр болуларынан, мазақ етулерінен, тағы басқалай азап етулерінен жағымсыз әсерленгендіктен жұбатуға (бірақ адамдардыкіне емес, бір әлпештегеніне дүниенің құны тұрмайтын Рахманның жұбатуына) қажеттілік және сағыныш сезінетін. Қайғы мен қиыншылықтың бола беруіне қарсы, жұбату мен қуаттандырудың жаңаланып отыруы - Оған барлық тартқан қасіреттерін ұмыттыратын. Бұл қуаттандырып отыру да түрлі тәсілдер түрінде болатын. Кейде бұрынғы елшілердің

тап болған жағдайлары түсіндірілетін (Һуд, 120). Кейде сабыр етуі айқын ескертілетін (Мүзәммил, 10; Ахкаф, 35). Кейде ренішке тыйым салынатын (Йәсин, 75; Кәһф, 6 т.б). Кейде Аллаһтың өз пайғамбарын қорғайтындығына және Оны (с.а.у) әлдендіретіндігіне кепілдік берілетін (Мәйдә, 67; Тур, 48).

Жәбірейіл сияқты иләһи хабаршының дүниеден сансыз мәрте артық достығымен тіреу болып, қуаттауы осы жұбаныштың ерекше бір көрінісі.

Уахидің бөлек-бөлек түсу барысында келген әр уахи бөлімінің ұқсасын әкелуден қарсыластарының әлсіздігі көрінгенде, тағы бір мұғжиза жүзеге асқан болатын. Бұл да хақ иелерін қуантқан да адасқандарды болса түңілдіретін.

2) Құранның жаттауын жеңілдету және мазмұнын қорыту.

Құран бір мәртеде тұтас түссе, сахабалар оны жаттай алмайтын еді. Сондай-ақ, барлық нұсқауларын бірден игеріп, жүзеге асыра алмайтын еді. Әсіресе Құран түскен ортаның сауатсыз орта болғандығын, оқып-жазатындар санының және жазу құралдарының аздығын еске алсақ, біртіндеп үйретіп, ілгерілетуінің не деген үлкен хикмет және нығметті қамтығандығын тіпті оңай түсіне аламыз.

3) Құран - белгілі, басты-басты Ислам үкімдерін, мүжмәл (жалпы) немесе мұфассал (егжей-тегжейлі) түрде қамтиды. Құранның алғашқы тыңдаушылары Исламнан бұрын да әр түрлі шектеулерден, міндеттеулерден азат, ерікті еді. Оларды шектейтін ешқандай заң немесе жүйе жоқ болатын. Сондай күйде тұрғанда бірден жеке тұлғалық, қоғамдық, дүние-мүліктік, басқарушылық және жазалаушы үкімдердің барлығына тәуелді болулары өте қиын болар еді. Сондықтан Аллаһ Тағала үкімдерін аз-аздан, біртіндеп түсіріп тамамдаған. Бұхари Хазіреті Айшаның осы тақырыпта келтірген мына маңызды мағлұматын бізге жеткізген: «Құран уахиі

бастапқыда жәннат пен жәһәннам туралы қысқа бір сүремен басталды. Адамдар Исламға жиналғанда халал мен харамдар енді. Егер бірінші «Ішімдік ішпеңдер» деп әмір етілсе, олар: «Ішкіліктен мүлдем бас тарта алмаймыз деп дейтін еді. (Істің әу басында) «зина жасамаңдар» үкімі енсе, «зинаны мүлдем тастамаймыз деп дейтін еді».

Құран - тұлғаның болсын, қоғамның рухында болсын үстінде болғандар мен тереңде орналасқан элементтер арасын айырып көрсеткен. Тұлға мен қоғам болмысының тереңдігіне тамыр жайған жағдайларды өзгертуде асығыстық жасамаған. Жоспарланған осы кешігудің, әр нәрсені араластырған түрде жарыққа шығарудан жақсырақ екендігіне сенген. Ішімдік пен өсімге тыйым салулары, намаз және зекет әмірлері, құлдық тақырыбындағы жақсарту осылайша тәдрижи (біртіндеп, мөлшерлеп) болған. Ал бұған қарама-қарсы тереңдіктерге тамыр жаймаған, бірақ, адамзаттық өмірде күнә болған үстірт мәселерге тән үкімдер бір мәртеде айқындалған, тәдрижиге жөнелмеген. Зина, ұрлық, өлім, тартып алу, алдау секілділерге арналған тыйымдар осыларға жатады.⁵

Құранның мұминдердің қажеттіліктерін ашатын түрде енуінің тағы бір ерекшелігі – жаңартылған оқиғаларда мұминдердің қажеттіліктері мен түйінді мәселелерін шешіп, оларға үнемі жол бастау еді. Мұның сансыз мысалы бар. Барлық нұзул себептері осыған мысал болады. Осылайша Құран - Ислам үмметі құрылысының негізі саналатын сақабалар қоғамын рухани тұрғыдағы мақсаттарымен бірге жануарлар дүниесіндегі секілді организм құрылысының табиғи, іштей жетілуіне ұқсас бағыттаған. Яғни зорлықпен бірден жетілдіруді орынды көрмеген.⁶

4) Құранның тек әлемдердің Раббы болған Аллаһтың сөзі болғандығына меңзеу. Құран аяттары (үйлесім

⁵ Сол жерде, 57-58 беттер.

⁶ М. С. Рафий, Иджаз, 34-бет.

тақырыбында көргеніміздей), 23 жылдай ұзақ уақытқа созылған, түрлі жағдайлар себебімен еңсе де, аяттардың орындарынан қимылдата алмайтындай дәрежеде орын-орнында тұрулары, адам күші жетпейтіндей іләһи бір туынды болғандығын көрсетеді. Кез-келген шебер бір жазушының өмірдің ағысындағы түрлі жағдайларға орай өте өзгеше ілім бұтақтарының түрлі тақырыптарынан алып, жиырмадан астам жылда жазған жүздеген бөлімнің барлық тақырып, сөйлем мен сөздерінің мағына және сөзбе-сөз нақ орындарын табуы қандай қиын, тіпті, мүмкін емес болса, Құранның да адамның сөзі болуы мүмкін емес.

Өйткені, уақыттың, мекеннің, себеп, жағдай және тақырыптардың өзгешелігі, кәдімгідей бытырап бөлшектенуге, байланыссыздыққа және таралуға жол ашады. Бірақ, Құран ерекше жағдай көрсетіп бөлек-бөлек келсе де, нәтижеде бірден жазылғандай ретті болып тамамдалған. Тағы да мына оқиға ойға келсе бұл мұғжиза одан сайын айшықтана түседі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) келген аяттарды «пәленше сүренің, пәлен жеріне орналастырыңдар» - дейтін. Алайда уахидың үздіксіз келуінен ол сүренің ақыры қандай болатындығын білмейтін. Міне, осыдан-ақ Құранның: «Бәрін білуші Аллаһ жағынан келген, аяттары өте орынды, ашық баяндалған кітап» (Һуд, 1) екендігі өте түсінікті. Мысалы: Адамның ең шешені саналған бір жазушы Расулұллаһтың (с.а.у.) сөздерін жинақтап бір кітап жазатын болса, оның кітабында дәл Құрандай мінсіз, берік байланыстың іске асуы мәңгі мүмкін емес еді!

НӘСХ МӘСЕЛЕСІ

Нәсх - сөздікте нақыл немесе жою мағыналарына келеді. Діни терминде болса: «Шариғдің (Аллаһ пен Расулы үкім беруші) шарғы үкімді кейіннен келген шарғы бір дәлелмен

алып тастауы». Нәсх еткен аятқа нәсих, үкімі жойылған аятқа мәнсух, мәнсух болмаған аятқа мұхкәм аты беріледі.

Нәсх - бір жағынан, уахидың ақырын-ақырын ендірілуінің көрінісінен тұрады. Ұлы Аллаһ ең қайырлы үммет ретінде белгілеген соңғы үмметтің құрылысының іргесі іспеттес міндет атқаратын және қияметке дейін келетін ұрпақтарға үлгі болатын сахабаларды жәһилийеден Исламға көпір етті. Дұрысырағын жәһилийе тамұғынан шығарып, үлгілі ұрпақ күйіне көтеру үшін олардың құрылысының әр кірпішін берік қылуды қалаған. Нұсқауын олардың ақылдарына және жүректеріне сіңдіріп тұрып орналастырған. Жоғарыда айтылған хикмет себебімен оларға арнайы ерекшелік беру - Аллаһтың адамзат қоғамы өміріне қойған жүйесінің қажеттігінен. Бұл нәсіл - адамзаттың жәһилийеден Исламға, ширктен тәухидқа көшуінде көпірдің басы болған. Түсіндірудің қажеттілігі жоқ, «өтпелі дәуірлер, яғни қоғамның тұтас ауысым кезі белгілі бір уақыт үшін жасалған кейбір ерекше жағдайларды қамтиды».⁷

Аллаһ Тағала өзәли және әр нәрсені қамтыған ілімімен мәнсух үкімнің мәңгі емес, уақытша екендігін біледі. Бірақ онымен бірге бұл уақытшалықтың нәсих үкімнің баянымен шектелетінін де біледі. Аллаһтың ілімі есбаб пен мүсеббатты (себептер мен нәтижелерді) бөлек-бөлек емес, барлығын бірден қамтығанындай, нәсх пен мәнсухты да тұтас қамтиды. Демек, *нәсх - Аллаһқа қарата айтқанда соңғы үкімді баяндау, ал құлдарға қарата айтқанда күшін жою*. Тек бірінші үкімнің күшін жоятын уақыты білдірілмегендігінен, екінші үкімнің келуін біз шектеулі білімімізге сүйеніп, «ауыстыру» деп санадық. Аллаһ Тағала кейбір үкімдерін келесі кейбір үкімдерге ауыстырғанда, Оған бұдан бұрынырақ жа-

⁷ Аднан М. Зарзур, *әл-Фәлсәфәтүт-Тәрбәуийя лилнәсхи уә-л мәнсух*, өл-Уммә (Қатар), 3 (1981, Қаңтар), 81-бет.

сырын болған бір жағдай жарыққа шықты дей алмаймыз. Өйткені, Ол нәсихты да, мәнсухты да мақлұқатты жаратпастан бұрын білетін. *Бірақ, ұлы хикметімен, мәнсух болған алғашқы үкімнің белгілі бір уақытта бітетін бір хикмет және жақсартылумен шектелетіндігін де біледі.*

Құран Кәрімде нәсхтың бар екендігі мына аят кәрімедан анықталады: «Қайсы аятты күшінен айырсақ та, яки ұмыттырсақ, оның орнына онан да жақсысын немесе сол тектесті келтіреміз. Аллаһтың барлық іске құдыретінің жететінін білмейсің бе?» (Бақара, 106).

Нәсхқа бір мысал келтірейік: Бақараның 180-ші аят кәрімесы артына мал қалдыра алатын жағдайдағы мүминдерге, өлместен бұрын анасына, әкесіне және туған-туыстарына өсиетпен мал айыруын парыз қылған еді. Бірақ кейін түсіп, мирас үлестерін егжей-тегжейлі білдірген Нисаның 11-12-ші аят кәрімеларымен (ашық баяндалғанымен, үкім бойынша) өсиет нәсх етілген. «Мирасшы үшін өсиет жоқ» деген Пайғамбар (с.а.у.) хадисі де бұл нәсхты баяндаған.

Бірақ Құранда негізгі нәрсе - нәсх емес үкім беру. Яғни негізінен аяттар мәнсух емес, мұхкәм деп қабылданады. Онсыз да бұған қарамастан нәсхтің күшінде болғандығын қабылдамаған кейбір ғалымдар болған. Кейбір тәпсіршілер мәнсух деп жорамалдаған аят кәрімелардың көбісі, негізінде «қажетті уақытына дейін баянның кейінге қалдырылуынан» тұрады. Бұған қатысты нәсхтің тақырыбын құрастырғаны туралы айтылған бір тақырыпты мысал келтірейік:

Кейбір тәпсіршілер сәйф (қылыш) аят кәрімесінің* болу себебімен, мұсылман еместер хақындағы бейбітшілік,

* Бұл аят Тәубе сүресінің 5-ші аяты, мүшрикердің қай жерде болса да Исламды қабыл етпеген жағдайда өлтірілулері керек екендігін бұйырады. Мужтәһид имамдардың бұл жайында түрлі көзқарастары бар, кеңірек білу үшін тәпсір кітаптарына қараңыз.

сабыр және материалдық күш қолданбауды талап еткен аяттардың мәнсух болғандығын жазған. Бұлай болғанда, бұл мәселеге байланысты қырыққа жуық аят кәрімәнің мәнсух болғандығы белгілі. Бұл тұрғыда ғылымды жетік меңгерген ғалым Б. Зәрқашиге (ө. 794/1391) қарағанда Аллаһ Тағала мұсылмандарға әлсіз болғандарында сабыр және бейбітшілікті, ал қуатты болғандарында соғысуды әмір еткен. Өйтпесе екіншісі біріншісін нәсх еткен емес. Ол мұны ұзақ түсіндіргеннен кейін тағы да былай дейді: «Бұл жүргізілген зерттеуменен жеңілдетуді баяндаған аят кәрімәлардың, сөйф аятымен мәнсух болғандығына қатысты көптеген тәпсіршілердің айтқан сөздерінің негізі көрінеді. Жағдай мүлде бұлай емес. Бұл аят мұнса' (кешіктірілген) түрінен. Яғни түскен әр әмірге бұл үкімді қажет еттірген себептің салдарынан белгілі бір уақытқа дейін мойынсұну парыз, кейін себептің кетуімен (шарттардың өзгеруімен) басқа бір үкімге өтеді. Бұл, нәсх емес. Нәсх: Бір үкімді енді онымен мәңгі амал етуге болмайтын түрде жоюдан тұрады».⁸ (Суюти де, одан дәл осы сөзді нақыл етеді, Итқан, II, 21). Көптеген зерттеуші ғалымдар мәнсух болған аят кәрімәнің мөлшерінің өте аз болғандығын айтады. Суюти де (ө. 911/1505), Е. Ибнул-Араби⁹ (ө. 543/1148) секілді, тек 20 аят кәрімәнің мәнсух болғандығын айтады. Шах Уәлиюллаһ Дихлеви (ө. 1176/1762) болса, тек 5 аяттың мәнсух болғандығын баян етеді.

ҚҰРАН ҚИССАЛАРЫ

Көлемі жағынан қиссалар Құранның жартысына жуығын құрайды. Сондықтан тоқталуға тұрарлық құнды тақырыптардың бірі. Қиссаның бірінші мағынасы – «біреудің ізіне түсіп, артынан еру». (Мысалы, Кәһф 64; Қасас 11-аят кәрімәларында қасса етістігі осы мағынада қолданылған).

⁸ Зәрқашиге, Бұрһан, II, 42.

⁹ Суюти, Итқан, II, 23.

Екінші мағынасы - «біріне-бір сөзді баяндау», «бұл Құранды саған жіберу арқылы өзіңе қиссалардың ең жақсысын баяндаймыз (нақуссу)» (Юсуф, 3) деген аят кәрімә міне осы мағынада. Осылайша қасса етістігі «оқиғаларды қадам сайын бақылап, нүктесіне шейін білдіру» деген сөз болып, сөздің үшінші мағынасы - «түсіндіру, әңгіме айту» деген түрде қолдану арқылы бірінші, екінші мағынасын шектейді. Мұнда қисса орнына хикая сөзін қолданбау керек. Өйткені, хикая өмір шындығында болмаған жағдайларды баяндаса, қисса ежелде болған оқиғаларды баяндап, адамдарға сабақ алулары үшін сол кезеңдегі жағдайды білдіруді мақсат етеді.

Қисса - Құранның негізгі мақсатын іске асыру тәсілдерінің бірі. Құранның негізгі мақсаты - Аллаһты және ақиретті таныту. Сол арқылы әділетті жүзеге асыру. Құрандағы қиссалардың тақырыптарында болсын, баяндауларында болсын және қиссалардағы оқиғалардың бағытталуында болсын құр өнер мақсаты көзделмейді. Бірақ, қиссалардың істің негізі болған діни мақсатқа қызмет етуі - оқиғалардың ұсынылуында өнерге лайық ерекшеліктердің көрінуіне кедергі болмайды. Құранның баяндауы - ортаға шығарған көріністерде діни мақсаттар мен әдеби мақсаттарды бірлестіріп, адамның рухына өнер әдемілігімен үндейді. Мұндай керемет өнер ерекшелігін түсіну болса - тыңдаушыны діни әсер алуға дайындайды. Қозғалған пікірдің шынайылығы туралы алдындағы адамға нұсқау беру көбіне оңай емес. Бұл мәселелерде алдындағы адам оған қарсы тұру сынды психологияда болады. Алайда, пікір сезім арқылы жібітілген түрде ұсыныла алады. Осылайша жоғары шеберлікпен сомдалған әдебиет туындылары түсіндіргісі келген шындықтарды айқындыққа шығарады. Ұсынылған пікірлер ақылмен дәлелденуі қажет болмай-ақ алдындағы адамға пайдасы тиеді. Демек, қиссалардың Құран Кәрімде көп орын алуының басты хикметтерінің бірі де осы үгіттеу сыры болуы мүмкін.

Бір жағынан «тәухид ақидасының тарихы» деп аталатын қиссалардың көбісі, пайғамбарлардың дағуаттарын және оларға қарсы үмметтерінің жағдайларын білдіреді. Демек, Құранда Адам, Нух, Ибраһим, Юсуф, Мұса, Иса, Мұхаммед (aleyhimүссәләм) қиссаларына ерекше көп орын берілген.

Қиссалардың мақсаттары

Қиссаның мақсаты «Құранның ендірілу мақсаттарын жүзеге асыру» сөйлемінде қысқаша, берілсе де, біраз ашықтап, мақсаттарын топтарға бөле сөйлеу болады. Олар мыналар:

1) *Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у) пайғамбарлығын дәлелдеу.* Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзі секілді қауымы бұ дүниеден өткен пайғамбарлардың және үмметтердің жағдайларынан еш хабарсыз еді (Юсуф, 102; Қасас, 44-46). Осындайда Құран арқылы оларды дұрыс бір жолмен түсіндіруі - Аллаһтың уахиына лайықты болғандығын көрсетеді. Құранда түсіндірілгендердің кейбірі Тәурат қиссаларына ұқсаумен бірге, кейде маңызды мәселелерде олардан бөлінуі, әсіресе, сол бөлінген мәселелерде олардың қате болып, бертін кездерде қателерінің түсінікті болуы, Құранның сөзсіз уахи болғандығын көрсетіп, ешбір күмәнға орын қалдырмайды.

2) *Бүкіл пайғамбарлардың Исламды дағуаттағандарын көрсету.* Бұл шындықты бекіту үшін Құран пайғамбарлардың қиссаларын көптеген жағдайда бірінің артынан бірін баяндайды. Әнбия сүресінің 48-92 пассажи мұның әдемі бір мысалы және соңғы аят осы ұзын мағынаның негізгі мақсатын білдіреді: «Сөзсіз сендердің бұл үмметтерің - тек бір үммет (діндерің де тек бір дін). Мен де сендердің Раббыларыңмын. Олай болса, (өзгеге емес) маған құлшылық етіңдер». Екінші мақсаттар болса, қиссалардың арасында әңгіме етіледі. Ағраф 59-85, Худ, 25-99; Шұғара, 10-191 - пассаждары осы мазмұнда.

3) *Алдындағылардың сабақ алуларын қамсыздандыру.*

Адам қиссаларда образдары жасалған жақсы кісілерге қарап, оларға ұқсауды қалайды. Жамандарын жек көріп, ондай мінезде болып қалудан сақ болу керектігін сезінеді. Өйткені, адамдар тарихи шындық бойынша әр екі топтың ақырғы сәттері ашық түрде ортаға қойылғандығын көреді. Халықтар - түрлі ерекшеліктерімен тарихтың алыс бір түкпірлерінде өмірге келіп-кеткен бірнеше қауым ғана емес, қайта алуан түрлі мысалдары әр уақытта табыла алатын бірнеше үлгі ретінде ұсынылады.

Гибраттың тағы бір түрі - әсіресе пайғамбарлардың мұғжизаларында кездескен ғылыми дамуды қолдаушы қасиетіндегі нұсқауларда көрінеді. Ислам ғалымдары әр аят көрiмeның түрліше тәрбие тәсілдерін қамти алатындығын айтады. Әрбір аяттың өзінен түрлі дәлелдер арқылы түрлі мағыналар шығаруы мүмкін. Пайғамбарлардың рухани қасиеттерінің түсіндірілуі арқылы тыңдаушы олардың кемелдіктерінен үлгі алуға ынталандырылатыны сияқты олардың мұғжизаларының түсіндірілуі арқылы пайғамбарларды ол жағынан да үлгі тұтуға астарлы түрде ынталандырған болуы мүмкін. Құрандағы бұл астыртын иршад түрін төмендегі бірнеше мысалдармен ашып көрелік:

Сәбә сүресінің 12-ші аят көрiмeсyндa «Біз Сүлейменге таңертеңгі жеткені бір айлық, кештегісі де бір айлық қашықтығы бар желді бағындырдық. Оған еріген мыстан бұлақ ағызып бердік» - деп баяндалады. М. Хамди Языр бұл аят көрiмeғa қарап Хазіреті Сүлейменнің бір күнде 1800 шаршы метр қашықтық жол жүргенін есептейді. Бұл аяттан аэродинамика заңдарын пайдалануға жасырын ынталандыру сезіледі. Өйткені, (мұғжиза болғанымен) Хазіреті Сүлеймен бұл істі еш дәнекерсіз жасаған жоқ. Ауа (жел, самал) арқылы ауаның ерекшеліктерін пайдалана отырып іске асырған. Ауаның әрекет ету заңдарына көңіл аударту хикме-

ті болмағанда Аллаһ Тағала оны дәнекерсіз ол аралықтардан асыратын еді және Кітабында да ауаны себеп қылып, бұл мұғжизаны жүзеге асырғандығын білдірмейтін еді. Аяттың соңғы бөлігі мысты сел секілді ағызуды Хазіреті Сүлейменге берілген тәңірлік бір қайыр ретінде бейнелейді. 10-аят кәрімәда да Хазіреті Дәуітке «темірдің жұмсарғандағы» айтылады. Зерттеуші тәпсіршіміз М. Хамди Языр нақыл еткен басқа тәпсірлердегі әлсіздіктерді нұсқап және аят кәрімәдағы ғылыми жолға көңіл аударту үшін, «Біз мұның бір иләһи сый болған ғылыми өнермен ағызылғандығын бәрінен маңызды көреміз» - дейді.¹⁰ Осылайша Құран Кәрім темірді өңдеп, қолдануды және мысты ерітіп сел секілді ағызуды бұл аят кәрімәда үлкен иләһи сый ретінде білдірумен қатар, кендерді қазып өңдеудің - өндіріс пен материалдық күштің негізі екендігіне нұсқау беріп және бұл нығметтен пайдалануды ұйғартады.

4) *Қиссалар - Хазіреті Пайғамбардың және мүминдердің жүректерін қуаттандырады.* Дағуат та ұшырасқан машақаттарға сабыр ету мен қызметте төзімділіктерін жеңілдетеді. Тартқан қиыншылықтардан кейін Аллаһтың жәрдемінің бұрынғы пайғамбарлар мен олардың жамағаттарына келгеніндей, Құранға мойынсұнғандарға да келетіндігін түсіндіргісі келеді.

Қиссалардың басқа да мақсаттары болумен бірге, бірінші кезекте ойға келетін бұл жағдайды баяндағанды жеткілікті деп есептейміз.

Қиссалардың ерекшеліктері

Құран қиссалары негізінде - адамдарға әмір етілген иләһи заңдардың атқарылуынан тұратын бірнеше әрекеттер,

¹⁰ М. Хамди Языр, Хақ дін - Құран тілі, V. 3951.

көріністер және дауыстар күйіндегі тарихи көріністер. Хикая мен романдарда туындының бас кейіпкері уақыт пен мекен үлкен маңызға болса, Құран қиссаларының бас кейіпкері - өзінің айналасында өтіп жатқан оқиғалардағы адам емес, қиссаның нағыз кейіпкері - адамның сенім, мінез-құлық және қылықтарына тығыз байланысты болған *тарихи заң*. Мысалы: Қиссаның кейіпкері - Хазіреті Ибраһим мен қарсыласқан адамдары емес, тәухид пен ширктің тарихи шындықтары. Не Хазіреті Юсуф пен үй иесі емес, Юсуфтағы пәктік пен амнат, әйелдегі шәуһәт пен опасыздық еді. Әсілінде Құрандағы өмір - ұмытылмас кейбір тұлғалар арқылы баяндалады. Бірақ, Құран тәсілі қиссаның кейіпкерлерін оқиғаның негізгі тақырыбы қылуды лайық санамайды. Қиссалар - тек бір жаққа ғана қарататын хикаялар емес, пікірді жан-жақты алға ұсынушы қиссалар болып табылады. Құран оқиғаның өзіне аудартқандықтан уақыт пен мекенді негізге алмайды, оларды айтпайды. Өйткені, оқиғалардың ғибрат беру мақсатына қызмет етпейтін ерекшеліктерінен сөз ету мәселені ұсақ-түйекке айналдырып, қиссадан шығатын қорытынды пікірге көлеңке түсірер еді.

Қиссалардың ең көп назар аудартатын ерекшеліктері мыналар:

1) *Қайталау ерекшелігі*. Адам, Нух, Мұсамен (aleyһимүссәләм) байланысты кейбір қиссалардың қайталанғандығына тыңдаушы куә болады. Негізінде толық қайталану жоқ. Сүренің жалпы мағынасы мен сөйлемдегі байланыс себебінен ол қиссалар әр жолы басқа ерекшеліктерімен қосылып, өзгеше тәсілмен тілге тиек етіледі. Сондай-ақ мұндай түрлі қосымшалар өзгеше ғибратқа жол ашады.

Қайталану - негізгі діни мақсаттың түрлі тәсілдерменен уағыздалуы. Қатардағы мәселелер қайталанбайды. Мысалы: Хазіреті Мұсаның туылуы мен сол кездегі іске асқан

жағдайлар, қоршаған шарттар, жастық шағы, үйленуі қайталанбайды, бірақ Перғауынмен кездесуі, сиқыршыларға айтқан сөздері, пайғамбарлықтың мақсаты жағынан өте маңызды болғандығынан, діни мақсат қайталануларын керек еткен.

Сондай-ақ бір кісіге байланысты қиссаның түрлі жерлерде баяндалған бөлімдері тартыс пен қайшылықсыз жалғыз тақырыпты құрайды. Түрлі пассаждар бір араға келтірілгенінде тақырыптың үлкен және егжей-тегжейлі суреті көрінеді.¹¹ Тек мынаны ұмытпау керек, қиссаның буыны іспеттес базбір бөлімдерін қайталуынан қашу мүмкін емес.

2) *Құран қиссаны қандай мақсатта баяндаса, оқиганың тек сол мөлшерін бейнелейді.* Діни мақсатты бейнелеуге артықшылық берілгендіктен, тарихи кезегі бақыланбастан басынан, ортасынан немесе соңынан түсіндіріледі.

3) *Тыңдаушының қиссадағы оқиғалар ішіне батып кетуіне жол берілмей, арада жол көрсету мен бағыттар орналастырылады.*

Қиссаларда мына әдеби өнер ерекшеліктерін байқаймыз:

1) Тыңдаушыны баурап алатын, тартымды кіріспемен бастайды.

2) Көз алдына келтірілген түсінік таңдалады, яғни маңызды сахналар көрсетіліп көптеген ұсақ-түйектер қиялдауға қалдырылады.

3) Оқиғалар құр сөзбен, не оқулықтағылар сияқты айтып өтілмей, белсендіріп, жандандырылып деректі халде ұсынылады.

¹¹ М. М. Хижази, 325-398 беттер.

СҮРЕ БАСТАРЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ӘРІПТЕР

(Хуруфу мұқаттаға)

Құран сүрелерінің 29 жеке буын әріптермен басталады. Бұл сүрелердің Бақара мен Әли Имраннан басқасы дерлік меккелік сүрелер. Бұл әріптер оқылғанда әліпбедегі есімдерімен айтылады. Мысалы: *Әләм* деп емес, *Әлиф Ләм Мим* деп оқылады.

Бұл әріптердің орналастырылуында керемет жүйе бары соншалық, бертін кездің кейбір ғалымдарының оған атүсті қарап, батылдықпен бұл «кездейсоқтық» - деп бағалауларына мүлдем мүмкіндік бермейді. Қорыта айтсақ:

а) Бұл жеке әріптер 29 сүренің басында орын алады. Дауыссыз әлиф бір әріп саналса, бұл арабшадағы әріп санына тең болады.

ә) *Дауыссыз әлифтен басқа арабшада 28 әріп бар.* Құран сүрелерінің басында әріптің түрлерінен 14-і, яғни жартысы қолданылған.

б) Қайталанғандар саналмағанда қолданылған әріптер, жоғарыда айтылғандай 14 әріптен құралады. Бұлар нүктесіз бітімдер болып, арабшадағы әріп түрлерінің барлығы (тек дәлдан басқа) келтірілген.

в) Құранның баяндалған бөліміндегі әріптер, баяндалмағандарға қарағанда өте көп қолданылған әріптер.

г) Әліппе әріптерінен *хуруф-и халқ, мәхмусе, мәжһуре, шәдидә, рахуә, мұстағлие, мұнтабықа, мұнфәтиха* секілді жұп жыныстардың әр бірінен тағы жартысын алған.

Бұл әріптерді мағынасыз деп айту қате. Аллаһтың Кәламы мұндайдан пәк. Толықтай мағынасын тек Аллаһ білетін мүтәшабиһаттан (адамдардың түсінуіне оңай соқпайтын өте терең мағыналы аяттар) санау керек. Нәтижесінде тәпсірші-

лер «бұлардағы мақсаттың нақты не екендігін Аллаһ біледі» деумен бірге, жорамалдарын айтудан да тартынбаған.

Бұл әріптердің ерекше түрде сүрелердің бастарында келтірілуінің ашықталуына қатысты отыздан аса көзқарас айтылған. Сол көзқарастардың ең көп назарға алынуы керектерін түйіндесек былай:

а) Құран - дағдыланбаған, үйреншікті емес, әуендік әсері де бар осы сөз үлгілерімен айналаның назарын тартуды, тыңдауларын қамсыздандыруды қалаған.

ә) Құран бұлармен иғжазына меңзеген. Яғни, «Құранның сөйлемдері, құрамдары бәріміз білетін мына кәдімгі әріптерден құралған. Олай болса шұғылданып көр! Сендердің де қолдарындағы осы мүмкіншілікті қолданып, ұқсасын келтіруге тырысыңдар. Сендер ұқсасын жасай алмағандарыңа қарағанда, бұл - мұғжиза» деп нұсқаған.

б) Бұл әріптер сүрелердің есімдері болу міндетін атқарады.

в) Біз, үстінде көп тоқталмаған бір хикметті іздестіру арқылы мынаны ұсынамыз. Аллаһ Тағала кітабәттің (жазудың) маңыздылығына нұсқауға назар аудартуды қалаған болуы мүмкін. Әріптердің әліппедегі атауларын санап, дауыстап оқу, жаңадан оқуды, жазуды бастағандарға тән. Осыдан Құранның сауатсыз қауымға әрі істі енді бастаған қауымға мұғалімдік жасағандығы анықталуда.¹² Жазудың табылуы қалай адамзат үшін ең маңызды жетілу кезеңінің ашылуына жол ашқан болса, бұл кітаптың һидайәты да мәдениетте және қоғамдық дамуда үлкен бір ғылыми өрлеуге жол ашып, надандықтан жарыққа шығарады. Шынында ол, «оқы!» деп басталған бір кітап болған және алғашқы келген уахи бөлімінде Аллаһтың «Ол қаламмен (хат жазуды) үйреткендігі» туралы айтылған (Алақ, 1-5).

¹² Адил Кемал, 111-бет, Хасан әл-Беннадан.

Аллаһ Тағала оқуды, жазуды үйренуге ынталандырады. Өйткені, әріп атауларын созу - үйренуді жаңадан бастағандардың жұмысы. Дәл әрпінен басқа барлық әріп түрлері сүрелердің бастарындағы осы әріптер арасында келтірілген. Араб алфавитіндегі сан бойынша сүрелердің бастарында орын алған. Кейде бір, кейде екі, кейде үш, кейде төрт, кейде бес әріп қатар келумен бір жағынан ақырындап дағдыландыру жасалса, тағы бір ерекше маңыз алатын әріптің саны жағынан арабшадағы сөз түрлерінің барлығына бірден мысал келтірілген. Негізі әріп саны жағынан арабша сөздер 2, 3, 4, немесе 5 әріптен құралады. Осыдан басқалай жағдай болуы мүмкін емес.

Ғалымдар бұл жеке буынға бөлінген әріптерді ашықтау барысында жасалған ұсыныстардың еш біреуінің нақты еместігін және Аллаһ Тағала мен Расулы арасындағы бұл құпиялардың бір ауыздан мұтәшабиһаттан екендігін қабылдайды. Біз де бұл тақырыптағы сөзді Субхи Салихтің мына әдемі сөйлемімен бітірейік:

«Бұл сүре бастары - әлі қайран қалдыратын ерекшелікке ие. Қайран қалу - қызығушылыққа, қызығушылық - көңіл бөлуге жол ашады. Көктің, жердің құлағына сыбырлаған осы мәңгілік әріптерден де әсері үлкен ешбір нәрсенің, адамзаттың құлағын баурайтындығы ақылға келмейді».¹³

ҚҰРАНДАҒЫ МҮШКІЛДІК

«Олар Құран туралы ой жүгіртпей ме? Егер Құран Аллаһтан басқа біреуден келген болса, олар сөзсіз ол Құраннан түрлі қайшылықтарды кездестірген болар еді» (Ниса, 82) - деген аят кәрімә Құранда қайшы мәселелердің болмағандығын көрсетеді. Өйткені, Мекке мүшриктері Құранда қайшы

¹³ Мәбәхис, 246-бет..

жағдайларды табуды бәрінен көп қалағандарымен бұл мәселеде орынды бір ой алға тарта алмаған.

Мұнымен қатар Құран туралы жақсы мәліметке ие болмаған оқушы кейде аяттардың арасында қайшылықтың болғандығын ойлап қалады. Міне мұндай жобалауды ишкал, осылай есептелген мәселелерді мүшкіл (мүшкіл) дейді.

Маңыздысы - осылай жорамалданғандардың табылуы емес, айқындалмайтындай мәселелердің табылмауы. Ишкал мына себептердің бірінен пайда болады:

1) Білдірілген мәселенің түрліше жақтарының болуы. Мысалы: адамның жаратылысы мынадай: топырақтан (Әли Имран, 59), балшықтан (Хижр, 26), құп-құрғақ балшықтан (Рахман, 14), ұрықтан (Нахыл, 4) жаратылғандығының білдірілуі қайшылық емес, адам жаратылысының түрлі жақтарын білдіру үшін еді.

2) Тақырыптың түрлілігі сөз болуы мүмкін. Мысалы: «Бұлардың арасында әділдік істей алмауларыңнан қорықсаңдар, бір әйелге үйленіңдер...» (Ниса, 3) аят кәрімәсімен «Қанша тырыссаңдар да әйелдеріңнің арасына бүкілдей әділ мәміледе бола алмайсыңдар» (Ниса, 129) деген аят кәрімәсі арасында қайшылық жоқ. Әрқайсысында басқа тақырыптар туралы айтылған. Біріншісінде сыртқы хақтар - заңды жағдай, екіншісінде болса, жүректен орын алған сезім туралы айтылған.

3) Істің екі бөлек жөні табылуы мүмкін. Мысалы: “Атқанда сен атпадың, іс жүзінде Аллаһ атты” (Өнфал, 17) деген аят кәрімәсі «ату іс-әрекетін сен жаратпадың, бірақ иелену жағынан сен аттың» деу. Яғни істің жарату жағы - Аллаһқа, иелену жағы - құлға тән.

4) Тура немесе астарлы мағынадағы жорамалы табылуы мүмкін. Мысалы: «Қиямет күні адамдарды мас күйде

көресің. Затында олар мас емес» (Хаж, 2) деген аят кәримәда айтылған “мас” сөзінің біріншісі астарлы, екіншісі болса тура мағынада қолданылған.

Осындай мүшкілдерді ашықтаған көптеген жеке туындылар болғанындай, тәпсір кітаптары да қайшы көрінген аят кәримелардың қалайша келістірілетіндігін білдіреді.

“Хикмет”
баспа үйі



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



ҚҰРАП КӨРІМІНІҢ ӨДІС-ТӨСІЛДЕРІ

“Хикмет”
Баспа Үйі

ҚҰРАННЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНЕ КІРІСПЕ

Құранның тәсілі - сөйлемдердің құралуында сөздердің таңдалуын өзіне тән түсіндіру тәсілі болып табылады. Сөздер және синтаксис ережелері тілде өзгермесе де сөйлегенде немесе жазғанда бөлек-бөлек тәсілдерге ие болады. Мінеки, мұғжиза болған Құран сөздері және сөйлем құрылымдары жағынан арабшадан ауытқымаса да басқаларынан бірден айырылатын өзіне тән сөз тұлғасына ие. Көпшілік халық тарапынан осы тәсіл тақырыбының айқын еместігі байқалғандығынан мәселені біраз ашықтауға тура келеді.

Ұқсас құралды қолданған шебер суретші мен жаңа суретші қолынан шыққан туынды арасындағы үлкен айырмашылық бірден көзге шалынады. Бұдан басқа барлық өнерлерде де жағдай осындай. Бұл - жаратылыс, қабілет, ұсталық, өнер және әуестік мәселесі. Дәл сол сияқты сөзге шешен адам мазмұн көркемдігімен тыңдаушының ақылын және жүрегін баурап алғанда, әуестігі мен өнері төмен екіншісінің сөзіндегі әлсіздік пен тиянақсыздықтар істі түсінетіндерге өзін бірден көрсетіп алады.

Мәселені әлде де ерекшелеу үшін тілдердегі шешендік ерекшеліктерін жалпылай емес, Құранның тілі болған арабша жағынан қарастырайық: Кейбір сөздердің әріптері бір-бірлерімен сәйкес болса да кейбірі сәйкессіз. Бұлбұлдың дауысы мен қарғаның дауысы бірдей болмайтынындай, мысалы, екеуі де бұлт мағынасына келетін (ғамам) **عَمَام** мен **بُعَاق** (буақтың) адамның құлағына естілу әсері екі басқа. Мағынасы ашық

және дыбысталуы сүйкімді, құлаққа жақсы тиетін сөздер бар да, мағынасы жабық және дыбысталуы жағымсыз, құлақты тырнайтын сөздер бар. Кейбірі тілдік ережеге сай келсе, кейбірі ережеге келіспейді. Сондай-ақ, мағыналарының қамтыған мазмұны және анықтығы жағынан сөздер әр түрлі, жалпылық немесе даралық, абсолютті немесе шектеулі, ашық немесе астарлы болуы әбден мүмкін.

Сөздер сияқты құрылымдар да өзіне тән өзгешеліктер болады. Онда да шын әрі ашық астарлы мағына орын алады. Сөздерінің арасында сәйкестік немесе сәйкессіздік табылуы мүмкін. Оңай түсінілгені немесе шиелінісіп, мақсатты түсінуде тыңдаушының ақылын шаршататын күрделі сөйлемдер болуы әбден мүмкін. Есім немесе етістік сөйлемі, тілек (*инша*) немесе хабар мәнді, болымды немесе болымсыз (*нафи немесе исбат*), қысқа немесе ұзын жолдардан бірі таңдалады.

Бұдан басқа тілде орын алған жоғарыда айтылған мағына түрлерінен кез-келген біреуін қолданудың, нақты түрде әрқашан мақұл етілгендігі немесе қабыл етілмегендігі де айтылмайды. Өйткені, орнына қарай ерекше сөз сөйлеу тәсілі бар. Бір сөз орнына қарай лайықты немесе лайықсыз болуы мүмкін. Сондықтан оны мазмұнға, мақсатқа, тақырыпқа және тыңдаушыға қарай түрліше түсіндіру керек. Мінеки, осы мәселелерге назар аудару қажет болмағанда, барлық адамдардың сөздері бірдей болып, шешендік дәрежесін оңайлықпен анықтай алмас едік. Бірақ, мәселе жағдайға және тыңдаушыға қарай мүмкін болатын бұл тәрізділерден оңтайлы біреуін таңдау лазым. Дәрежесі бірдей мәселе ақылымен түсінігі аз біреуге бірдей жолмен түсіндірілмейді. Ақайд негіздері - заңдық үкімдер (құқықтық тақырыптар), қиссалар басқаша тәсілдермен түсіндірілуі керек. Қызулы және күшті тартыс пен тыныштық жүйелі тәлім-тәрбие ісі басқа-басқа тәсілдерді керек етеді. Сотқарларды және

қырсықтарды қорқыту, мүмин және тақуаларды жақсы хабармен қуанту (сүйіншілеу) бірдей тәсілде болмайды.

Әдебиетшілер мен әдебиет сыншылары бұл тақырыпта өте нәзік өлшемдермен қабылданған не қабылданбаған түрлерді көрсеткен. Әлбетте, мұншалықты көптеген мүмкіндіктің арасында таңдау жасау тұрғысында мұсылмандар арасында үлкен айырмашылықтар ортаға шығады. Бір жазушының көңіл аударған жағдайы басқасының назарын тартпауы мүмкін. Бірінің білгенін екіншісі білмеуі мүмкін. Зауықтар арасында айырмашылық болуы мүмкін. Тіптен жазушы мен ақынның бір мақалада бірдей еске түсіргендігін басқа бір жерде ұмытуы мүмкін т.б. Барлық осы жағдайларға мысал берер болсақ, бұл кітапта өзімізге сызған шекараның сыртына шығып кетеміз. Мақсат мынаны түсіндіру: шешендік - халдің қажетіне (жағдайға) қарай сөз сөйлеу. Шешендік тәсіл - түрлі жағдай мен байланыстарды көз алда ұстап, өзіне тән ерекшелігімен баяндау. Бұл байланыстарға неғұрлым мән беріп, бағынсақ солғұрлым тыңдаушыға әсерлі болады. Сондай-ақ, шешендіктегі шеберлік белгілі болады. Мінеки сондықтан Құран тіліндегі шешендікке дүниедегі ешбір туынды жете де, жақындай да алмаған. Демек, бұл Кітаптың иесі ұлы Аллаһ - сөз мұғжизасы ретінде Оның, Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у) пайғамбарлығының ең үлкен куәгері болуын қалаған.

Адам сөздері Құранға ұқсамауға үкімделген. Өйткені, бұл тектің айырмашылығынан туындаған. Шешендердің тәсілдерінің зерттелуінен, бір-бірлерінен өзгеше болу себептерінің іздестірілуінен, шешеннің және оның өмір сүрген дәуірінің ерекшеліктерінің зерттелуінен шыққан нәтиже мынау: Сөздің құрамы (шығармасы) кәламның иесінің жаратылысына байланысты. Жазу тәсілінде кездескен айырмашылықтар - адамдардың бір-бірлерінен бөлінген тәсілдерде, өзгешеліктерде. Әсте сөзді әдемілеген өнер әдеміліктерінде емес. Мысалы: Иегердің байсалды немесе

ашушаң болғандығы кәламынан байқалады. Кәлам иесінің пікірі бейнесінен тұрады. «Услуг-и баян, айныйла инсан» яғни баян тәсілі - адамның дәл өзі деген қанатты сөзі көп мөлшерде бұл шындықты баяндайды.

Бертін кездердегі араб әдебиетіндегі ең танымал бейнелердің бірі - М. Садық Рафий (ө. 1356/1937), ұзақ уақыт жалғасқан зерттеулерінде бұл тәсілді қолданғандығын және жазушының тәсілінен оның көптеген сипаттарын таба алғандығын айтады.¹ Мысалы: Күйгелек тәсілдердің өте алдыңғы жағында болған Жажыздың (ө. 255/869) тәсілімен бір нәрселер жазу жуас мінезді жазушыдан талап етілсе, оның оны игере алмайтындығы, өзін қинап жазатындығы анық байқалады. Адам жаратылысын өзгертуге болмайтыны сияқты, жазу тәсілін өзгертуге де шамасы жетпейді.

Міне Құран тәсілі өзін бірден ерекшелетіп танытса, бұл оның адамның туындысы еместігін көрсетеді. Егер адамның туындысы болса, өзінен бұрынғы немесе кейінгі арабшадағы тәсілдердің біріне ұқсайтын болар еді. Сондықтан Құран түскен кезеңдегі шешен арабтар мұны өте жақсы түсінгендіктерінен ерегесу жолын ұстанбай, *тәхадди* (Құранның жекпе-жекке шығуы) алдында бастарын иді. Өйткені мәселенің тек дәреже айырмашылығынан ғана емес, мазмұнының айырмашылығынан да көрініп тұрғанын көрген.

Мақлұқаттың барлық күйлерін білетін жалғыз Аллаһ Тағала болғандықтан Оның кәламы - ол жағдайлардың қажет еткен барлық, сансыз байланыстарын қамтыған. *Алимул-ғайби уәш-шәһада* (адамдарға көрінетін және көрінбейтін әр нәрсені білетін) болған Аллаһтан басқа кімнің күші бұған жете алады? Барлық уақыттар мен мекендерді, ғасырлар мен нәсілдерді назарына бірден келтіре алатын Аллаһтан басқа

¹М. С. Рафий, Иджаз, 202-бет.

кімнің назары мұншалықты әсерлі бола алады? Ол «Құранды көк пен жердің сырын білетін Аллаһ түсірді» (Фұрқан, 6) - деген баянындағыдай аса ұлы. Құран – адамзаттың көкжиегіне ол арқылы туғанымен, оны өзіне баламай, оның тек қана жеткізушісі болғандығын айтқан Хазіреті Мұхаммедтің (алейһиссәләм) «Аллаһтың кәламы мен адамзаттың кәламы арасындағы айырмашылық - Жаратушы мен мақлұқтың арасындағы айырмашылықтай» - деген сөзі де мұны түсіндіреді.

Сондықтан, келер тақырыптарда ғалымдарымыздың мыңдаған томдық кітаптарына сыйғыза алмаған осы иғжаз тәсілін теңіздің тамшысындай қысқаша түсіндіруге тырысамыз:

Мүшриктер Құранды «сиқыр» деді. Сиқыр, яғни себебі жасырын, әсері белгілі... Мұнымен оның әсер етуші күші туралы айтылса, ия, ол бір сиқыр, адамды жеңеді, әдет-дағдыларын да өзгертеді. Адамға ықпал етеді, жүрегі мен қалауының арасына кіреді. Яғни қалауларына қарамастан оған әсер етеді. Су тамшылары ағашта қалай көтерілсе, адамның ойларына да солай өрістейді. Мүшриктер Құранды «өлең» деген еді. Ия, ол бір өлең. Бірақ, сөздерінің қалып және өлшемі мағыналарында, ал, мағыналарының әшекейі болса, сөздерінде.² Мінеки осыдан Құрандағы сәйкестіктің әсеріне таң қалып, «өлең» дегендер көп өтпестен оның өлең өлшемдеріне жатпайтындығын көрді

Құранның баяндаушысын «жынды» деген еді. Ия, пісіп-толған күйдегі үлкен ақыл - топас, таяз кішкентай ақылдыларша есалаң саналады. Үлкен жұлдыздар дүниеден қараған әлсіз көздерге нүкте секілді көрінеді. Қараса, құтты сөздері, қараңғылықты жарық қылған шырақтар екен. Бұл нұрды үрлеп сөндіргісі келді. Бірақ жұлдыздың жарығын желдің өшіруі қалай мүмкін?

² Сол туынды, 31-бет.

Арабтар Құран түскенде оның сөздерінің өздері білетін сөздері екендігін, бұл мәселеде ерекше бір жағдайдың жоқтығын көрді. Бірақ өлең (ұйқас) тәсілінде, құралу түрлерінде, сөздерінде әріптердің тізілуінде, сөйлемдегі сөздердің орналасуында қайран қалдыратын бір ерекшелік тапты. Сондықтан өз кәлемдарынан мүлдем басқаша бір кәлем екендігін мойындады. Осыдан тілге шешен арабтар Құранға ерегесуден үміттерін үзді. Өйткені, Құран – олардың дәрмендерін тауысқан еді.

Ерегескен кісі жеткізу және баяндау жолдарының барлық түрлерін біліп алып, алдынан шығатын әдемі сөздің қарама-қарсысын тауып, ерегескен сөздің әсеріне ұқсас бір әсерді тудыруы мүмкін. Шешендер негізі мұндайдан әлсіз емес. Өйткені, олардың әрқайсысы адамның бір қасиетін арнап үндеу жасаумен әсер жолын ұстана алады. Шешен адам біреудің жеткізуіндегі сөз, тәсіл және мағына жағынан босаң және әлсіз жерлерін табуда да епті. Бұл нүктелерді анықтап, жеткізуде бұлардан қашқақтаса қарсыласын жеңе алады. Осыдан келіп шешендердің жаратылысында осы қарсыласу сезімі орын алғандықтан, ақындар мен жазушылар бейне бір әсер ету жарысына қатысқандай жағдайда. Әдебиет сыншылары да осыларды бағалаудан қолдары босамайды.

Бірақ ендігі қарсыласатын сөз - әріптері, сөздері, сөйлемдері, мағыналары және тәсілдері өзгеше Құран болғанда онымен қарсыласа алмайтындығын ең алдымен өте жақсы түсінген шешендер болды.

Өнер бейнесінің таза түрі рухта сезіледі. Өнерпаз оны бейнелегенде біз ұнатамыз. Бірақ ол, бейнелеген туындысынан гөрі өз рухында сезінген кемелдікті, қиялындағы көріністі толық мағынасымен қалаған кемелдікте жеткізе алмаса да сол көріністі ұнатады. Өйткені бір сезім рухта сезілген сайын, онда рухтың кемелі артады. Оның мүшелермен жеткізілуінде, мүшенің кем-

дігі өзін көрсетіп алады. Кәләмдағы әсермен есінен танатындай шаттанып, тілге күшті жаратылыспен жаратылған арабтар, өз жаратылыстарын сезімталдығымен өздері бейнелеген баян сезімдерін көргенде өздерінің саналықты әлсіз екендіктерін анық түсінді. Тек кейбіреулерінің қарсылығы жүректеріндегі бұл түсінікті мойындауға кедергі келтірді.³ Құран жекпе-жекпен оларды есеңгіретіп, ең сезімтал жақтарына ауыртпалық тигізді. Тіпті барлығынан бас тартып, өтірікке толы болса да, он сүренің ұқсасын келтіруін талап етті. Соның өзінде олардың бұған күштері жетпеді.

ҚҰРАН ТӘСІЛНІҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1) БАРЛЫҚ ӘДЕБИ ТҮРЛЕРДЕН БӨЛЕК БОЛУЫ

Арабтар білетін әдеби түрлер - өлең мен қара сөз еді. Ақынның белгілі қалыптағы және ұйқастырылған өлеңі болуы шарт еді. Қара сөз болса ұйқастырылған шығарма немесе сілтеу пішінде болатын еді. Құран бұлардан ешбіріне жатпайды. Мұнымен бірге Құраннан қысқа бір бөлім оқыған адам, аяттардың кезек-кезек келуі арқылы сәйкестіктің әсері өзін баурап алғандығын сезінеді.

Бұл шындық Құранның тұтасын осылай. Әрбір мұсылман бірден жаттап алатын Фатиха сүресін, Йәсин, Рахман, Таһә сүрелерінің бас жақтарын осыған мысал ретінде еске түсірейік.

«Құранда көп мөлшерде ұйқас бар, ұйқасып келудің өзі араб әдеби қара сөз түрлерінің бірі емес пе?» - деген сұрақ қойылуы мүмкін. Жауабы мынау: Ұйқастық - сөйлемді немесе абзацты бір ұйқас және өлшеммен бітіру емес, осы істің маманының айтқанындай сөздің дәл сол өлшеммен жалғасуы.

³ Сол туынды, 192-бет.

Егер мысалы, кейбір өлең жолдары екі, кейбірі төрт сөзден туындап, өлшемдері мен тәсілдері өзгерсе үйлесімсіз сөз саналады.⁴ Алайда Құран мұндайдан аулақ. Бір неше аяттардың өлшемде және әріпте сәйкесуімен ұйқастық іске аспайды.

Қазіргі араб әдебиетінің ең атақтылары^{5а} Құранның әсерлілігі негізінен оның әрі өлең, әрі қара сөздің жақсы қасиеттерін бір араға жинағандығы деп бекітеді. Таһә Хусейннің: «Құран - өлең емес, қара сөз де емес; ол - Құран» сөзін нақыл етіп, «Біздің мұндай түрдегі сөз ойындарына мұқтаждығымыз жоқ. Құран - қара сөз. Бірақ өзіне тән керемет қара сөз өнерін қамтыған таңдаулы бір түр»^{5б} - деген. Осылайша ол да нәтижеде Құранның алғаш қарағанда-ақ ажыратылған «таңдаулы бір түр» екендігін айтады.

«Құран Кәрім қара сөз бен өлеңнің ерекшеліктерін бір жерге жинақтаған. Мағынаны жалғыз ұйқастық тіркеулерінен және толық өлеңдегідей біркелкі үйлесімдерден азат етіп бүкіл жалпылық мақсаттарын бейнелеуде толық бір бостандықта жеткен. Сонымен қатар өлеңнің ерекшеліктеріндегі ішкі әуенді өлеңдегі біркелкі үйлесімдерге қажет қалдырмаған өлшемде бір-біріне жақын бөлімдерді және ұйқастардан тыс қылған такфиейі (бірінен соң бірін келтіру) алған және бұларды біз баян еткен басқа ерекшеліктерге қосқан. Осылайша қара сөз және өлең ерекшеліктері бір араға келген».⁶

Адам қай уақытта Құран оқыса, ішкі әуеннің әсерін сезінеді. Қысқа сүрелерде жылдам аралықтарда жалпылай суреттеу және білдіру жерлерінде бұл әуен ашық түрде көрінеді. Ұзын сүрелерде азды-көпті жасырылса да Құранның әр тарапында бұл әуен ашық немесе жасырын болса да бар. Мысалы: Нәжм сүресінің бас жағын оқиық:

⁴ С. Рамазан, Рауайул-Құран, 111-бет.

^{5а} Сыхахул-Жауһари алғысөзі.

^{5б} С. Кутуб, Құрандағы әдеби жанр, 155-156 беттер.

⁶ Сол туынды, 155-бет.

وَالنَّجْمِ إِذَا هَوَىٰ. مَا ضَلَّ صَاحِبُكُمْ وَمَا غَوَىٰ. وَمَا يَنْطِقُ عَنِ
 الْهَوَىٰ. إِنْ هُوَ إِلَّا وَحْيٌ يُوحَىٰ. عَلَّمَهُ شَدِيدُ الْقُوَىٰ. ذُو مِرَّةٍ
 فَاسْتَوَىٰ. وَهُوَ بِالْأُفُقِ الْأَعْلَىٰ. ثُمَّ دَنَا فَتَدَلَّى. فَكَانَ قَابَ قَوْسَيْنِ أَوْ
 أَدْنَىٰ. فَأَوْحَىٰ إِلَىٰ عَبْدِهِ مَا أَوْحَىٰ. مَا كَذَبَ فَوَادُ مَارَأَىٰ. أَفْتَمَارُونَهُ
 عَلِي مَا يَرَىٰ. وَلَقَدْ رَأَاهُ نَزْلَةً أُخْرَىٰ. عِنْدَ سِدْرَةِ مُنْتَهَا. عِنْدَهَا جَنَّةُ
 الْمَأْوَىٰ إِذْ يَغْشَى السِّدْرَةَ مَا يَغْشَىٰ. مَا زَاغَ الْبَصَرُ وَمَا طَغَىٰ. لَقَدْ
 رَأَىٰ مِنْ آيَاتِ رَبِّهِ الْكُبْرَىٰ. أَفَرَأَيْتُمُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ. وَمَنَاةَ الثَّالِثَةَ
 الْأُخْرَىٰ. أَلَكُمُ الذَّكْرُ وَلَهُ الْأُنثَىٰ. تِلْكَ إِذَا قِسْمَةٌ ضِيزَىٰ.

Бұл жерде фасылалар (бөлімдер) өлшемде жуық шамамен тең. Бірақ бұл өлшем араб өлеңінің жүйесіне ұқсамайды. Такфие әрпі әрдайым біреу; әр фасыланың өзіне тән бір әуені бар. Бірақ бұл әуен, өлшем және ұйқастағы секілді ашық емес. Өйткені бұл әуен сөздердегі әріптердің бір-бірімен байланысуынан және сөйлемдердегі сөздердің сәйкестігінен туады. Аяттардың сөз қатарлары әуендік тәсілмен толық бірлік құрайды. Фасыла әріптері сөздің ауанына сай. Қиссаның тәсіліндегідей тартымдылық бар. Бұл айтылғандар кейбір фасылаларда тым ашық түрде көрінеді:

АФРАЙТМُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ. وَمَنَاةَ الثَّالِثَةَ الْأُخْرَىٰ секілді. Егер
 АФРАЙТМُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ делінгенде фасыла лайық
 келмейді де сәйкестік зиян көреді. Егер,

АФРАЙТМُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ делінгенде өлшемі
 бұзылатын еді. تِلْكَ إِذَا قِسْمَةٌ ضِيزَىٰ сөзінде де
 АЛКُمُ الذَّكْرُ وَلَهُ الْأُنثَىٰ делінгенде де
 تِلْكَ إِذَا قِسْمَةٌ ضِيزَىٰ сөзімен нәтижеленген өлшем бұзылатын еді.

(الأخرى) немесе الثالثة немесе (إذن) сөздерінің тек ұйқастық немесе өлшем үшін жалғанғандығын айтып отырған емеспіз.

Бұлар мағынадағы арнайы жұқалықтардың себебінен әуелгі сөздің келесі сөзге байланысуына қажет. Өлең тәсілі себебінен бұл ерекшеліктің болмауы және өзге ерекшеліктерді бұзбау шартымен, мағына немесе сәйкестік жағынан функциясы бар бір сөздің қолданылуы да бөлек бір әдеби ерекшелік.

Бұл сәйкестік жаңа ғана айтылған тәсілде немесе оған жақын бейнеде бірден барлық аят фасылаларында көрінеді. Қызыл тілділігіне зиян келтірмей Құранда кейбір сөздердің қағидадан тыс ерекше бір тәрізде қолданылуы, мұның дәлелі болып табылады. Құран жолдарында ең кішкене бір өзгерістің болуы яғни, бір сөзді алдыға не артына қою дереу сәйкестікті бұзады.⁷

Қорыта айтқанда Құрандағы әсер мынадай: Оның бөлімдері өлеңнің ұйқасында болғаны сияқты біркелкі үйлесімдермен және өлшемдермен, харекелермен және сүкундармен өлшенбейді. Оның өлеңі *хашв* және қайталаумен немесе *хазф* және нұқсандықпен түзетілмейді. Керісінше, оның бөлімдері - барлық бұл шектеулерден, өлеңі - жасанды өнерлерден, сөздері *тағкидтен** аулақ болу арқылы мақсатын кемшіліксіз түсіндірген қажет болған жерде тыныш тағы да қажет болған жерінде айбынды бір тәсіл болып табылады.⁸

Құранның нәзік жерлерін үлкен бір біліммен түсініп, түсіндірген заманымыздағы ғалымдарымыздан Бадиүззаман Сайд Нұрси бұл тақырыпта былай дейді: «Құран Муғжизул-баяндағы кемелді түсінік жүйесі әлемдік кітаптағы өнер тәртібін ретті тәсілдерімен тәпсір еткенінде, ұйқасты

⁷ С. Кутуб, «Құранда әдеби жанр», 156-158 беттер.

* Мұндағы: *хашв* - мәнсіз қоспа, *хазф* - алып тастау, *тағкид* - түсініксіз және жөн-жосықсыз дегенді білдіреді.

⁸ С. Салих, «Мәбәхис», 340 - бет.

болмауының бір себебі де мынау: Баяны тұтастай мұғжиза болған Құранның баяндау тәртібі әлем кітабындағы керемет өнер тәртібін даусыз кемелді тәсілімен ашықтағанына қарағанда Оның ұйқасты болмауының бір себебі мынау: Құдайдың хикметі Құран аяттарының әрбір нәжімі өлшем және қалыппен шектелмесін, көптеген аяттарға бейне бір орталық болсын әрі олардың (аяттардың) бауыры іспеттес болсын (...). Сырттай тәуелсіз көрінген әрбір аяттың, бейне бір басқа көптеген аятқа қараған бірнеше көзі, оған қарап тұрған жүзі бар, онымен арасында бір байланыс бар. Сағаттың секундын, минут және сағаттарды санаған халықтардың әрекеттері бір-бірін толықтыратын, бір-бірін еске түсіретін, бірі екіншісіне қарағаны және одан бөлек пікірде бола алмағандығы сияқты, Құран сөйлемдеріндегі сөздердің өлеңінде (қатарласуында) және сөйлемдердің орналастырылуында да осындай бір тұрақтылық бар.

Мысалы: Ықылас сүресіндегі алты сөйлемнің үші мүсбет (болымды) саналады: «Былай де: Ол – Аллаһ. Ол – жалғыз. Ол – Самәд». Келесі үшеуі болса мәнфи (болымсыз): «Тумаған, тумаған және Оған тең келер ешкім жоқ». Бұл сөйлемдер тәухидтің алты мәртебесін дәлелдейді. Ал, шірктің алты түрін де қайтарады. Әрбір сөйлем басқаларға әрі дәлел, әрі нәтиже күйінде. Былайша: «Былай де: шын иләһ болған (Аллаһ) – Ол. Өйткені, Ол - жалғыз. Өйткені, Ол – Самәд.* Өйткені тумаған». Соңынан бастасақ: «Оған тең келер ешкім жоқ. Өйткені, Ол - тумаған. Өйткені, Ол - туылмаған. Өйткені самәд. Өйткені жалғыз. Өйткені, Ол – шын иләһ (Аллаһ)». Басқа бір жүйеде мынадай болады: «Ол – шын иләһ (Аллаһ). Олай болса жалғыз. Олай болса самәд. Олай болса тумаған. Олай болса туылмаған». Осылайша Ықлас сүресінде бейне бір 30 ықылас сүресі бар. Аяттар мен сөйлемдер арасында көптеген байланыстары бар.

* Самәд – махлуқаттың, мұқтаждықтарын сұрайтын қамқоршысы дегенді білдіреді.

Аспанға қарағанда жұлдыздардың тізілуі ретсіз секілді көрінгенімен де, шындығында нақ бір жүйе ішінде. Құран аспанының әр аяты да нәжм-и сақыб секілді хидайәт нұрын басып, күпірдің қараңғылығын таратып кетіреді.⁹ Жаңа ғана мысалдарда көрсетілгендей, оның ешбір сөйлемі немесе сөзі орнынан қозғалтылмайды. Қалайша көктегі жұлдыздарға қол жетпесе сол сияқты...

2) ҚҰРАННЫҢ ТЕҢДЕССІЗ ҮЙЛЕСІМДІГІ

Құранның баянында баурап әкететін бір үйлесімділік бар. Бұл үйлесімділік:

- а) Дауыс үйлесімділігінен.
- ә) Лексикалық әдеміліктерден пайда болады.

а) *Дауыс үйлесімділігі*: Құранда сөздердің, әріптердің, сүкун немесе харекелердің мәд және қасырлардың (ұзын және қысқа буындардың) жүйесінде көрінген, құлаққа немесе рухқа ұнаған бір ырғағы бар. Арабша білмейтін біреудің өзі Құранның оқылуынан біраз алыс жерде (әріптерге және сөздерге зейін қоймай) тек оқылудағы сәйкестікке құлақ түрсе, білінетін музыка мен өлеңнің әуендерінен басқа, әсерлі әрі өзгеше бір үйлесімділікті сезеді. Өйткені, музыканың әуендері бір-біріне ұқсайтындықтан, көп өтпестен тыңдаушы жалығады. Өлеңде де дәл сондай өлшем және ұйқастық жалғасып тұратындықтан бұл да тыңдаушыны бір мезеттен кейін жалықтырады.*

⁹ Б. Сайд Нурси, Сөздер, 144 бет және 388 бет.

* «Құран неге кәдімгі өлең тәртібі мен ұйқастығын алмай, өзгеше бір қалып тәртібін таңдады, кәдімгі өлең тәртібі жағымдырақ емес пе?», - деп сұрайтын боларсыз. Біз бұған былай жауап берер едік:

Жәй өлең ұйқастығының жағымдылығы әр ұлттың ой-санасы мен қалауының әр-түрлілігіне қарай ауысып отырады. Бөрінің көңілінен шығу қиын нәрсе. Сонымен қатар жәй ғана өлең жолдары ретінде түссе, көпірлер пайғамбарды жәй бір мықты ақын деп ойлап қалар еді де иманнан нәсіптерін ала алмай қалар еді!» - дейді Шах Уәлиуллаһ Дыхлеуи (Әл-Фәузүль Кәбир, 95-105 б.б.) Біз оған қосыла отырып, кем кеткен жерін де айтып өтуге мәжбүрміз. Оның кем кеткен жері Құранның өзінше ұйқастығы мен жағымдылығы бар екендігі жайында бір ауыз сөз айтпаған.

Алайда Құранның сәйкестігі бір қалыпты емес, көбінесе бір дауыстан тағы бір дауысқа өте отырып, бұл сәйкестік жүректі толқытады.

Құран түсе бастағанда арабтардың құлақтары бұл сәйкестікті өздерінің зауқы болып және өздері білетін ұйқастырылған әдеби түрлерге ұқсата алмағандықтарынан, әсерлі сәйкестігі себебінен, бұдан да басқа бір орынға қоя алмағандықтарынан өлеңге ұқсатқан, бірақ бұған өздері де толық сенбеген еді.

ә) *Лексикалық әдемілік*: Бұнда біз әріптердің орналасуы мен сөздердің реттелуіндегі керемет күйді айтып отырмыз. Адам әріптердің табиғи махраждарын шығару арқылы Құран оқыған бір кісіні тыңдағанында, аяттардағы сөздердің және әріптердің бір-біріне жалғануындағы фонетикалық ерекшеліктен үздіксіз түрде жаңаланып тұрған бір ләззат алады. Бірі жуан дауысты, бірі ысқырық дауысты, кейбірі жасырын, кейбірі анық, бірі *мәһмусе*, бірі *мәжһуре* түрдегі төжүид ілімінде топтарға бөлінген әріп түрлері қатарласып келеді.¹⁰ Осылайша Құран *лин* мен қуатты, қаттылық пен ұяңдық берік және нақ түрде сәйкестіреді. Әріптері және әріп сипаттарының әрбірін бейне бір өлшеммен соншалықты нақ орнына қояды. Сонда жинағынан таңқалдыратын бір дауыс гармониясы пайда болады. Осы сөз жүйесінде бәдәуиліктің қатігез болмаған салмақтылығы мен мәдениеттілігін, босаңдыққа бармайтын жұмсақтығын келістіреді. Бұл дауыс шығармасы соншалықты биік дәрежеге жеткен. Егер оған адам сөзі кірген болса әрі оқығанның аузындағы әрі тыңдаушының құлағындағы сәйкестік дереу жоғалатын еді.

Фонетикалық мәселе көбінесе мағынаға да лайықтылық көрсетеді. Мысалы: Өлімнен кейін тірілуді қабылдамағандарға қарсы күрес пен қорқыту мәселесі көп айтылған Қаф сүресінде

¹⁰ Зәрқани, Мәнәхил, II, 312.

қаф, ба, дәл, жим секілді қалқалә әріптері басқа жерлердегіден де көп мөлшерде кездеседі. Мұсхаф парақтарымен екі парақтай азғана жерде артығымен табылған (қаф: 64, ба: 74; дәль: 53, джим: 22 мәрте) бұл сатүр-сұтыр сөздер мағыналары сияқты дыбыстарымен де қабыл етпеушілердің аузын жабады.

Иман ету арқылы өзін тастап кеткен сиқыршыларына Перғауынның қорқытуларын бейнелейтін және қаф, айн, ты, кәф, жим, хы, сад секілді шиддәт және исти'ла әріптерімен, сондай-ақ басқа да күштеп қаттауға толы мына сөздері оның от бүркіген қорқыту айқайларын Құран өзіне тән дауысымен бейнелеуде:

فَلَا قُطْعَنَ أَيَّدِيكُمْ وَارْجُلِكُمْ مِنْ خِلَافٍ وَلَا صَلْبَبَنَّكُمْ فِي جُدُوعِ
النَّخْلِ وَتَتَعَلَّمَنَّ أَيْنَا أَشَدُّ عَذَابًا وَأَبْقَى

«(...) Онда сөзсіз сендердің қол-аяқтарыңды шадырлап кесемін де, өздеріңді құрма ағашына керіп тастаймын. Сонда қайсымыздың тартқызар азабымыздың қатты және ұзақ екенін білесіңдер» (Таһа, 71). Жәннаттықтардың рахат пен шаттықтарын суреттеген мына аяттар болса, Кәусәр бұлағының төтті ағысы мен Сәлсәбил суының жұтымындай хош дауысты емес пе?

وَجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَاعِمَةٌ لِّسَعِيهَا رَاضِيَةٌ فِي جَنَّةٍ عَالِيَةٍ. لَا تَسْمَعُ فِيهَا
لَاغِيَةً. فِيهَا عَيْنٌ جَارِيَةٌ. فِيهَا سُرُرٌ مَّرْفُوعَةٌ. وَأَكْوَابٌ مَوْضُوعَةٌ.
وَنَمَارِقُ مَصْفُوفَةٌ. وَزَرَابِيُّ مَبْثُوثَةٌ

«Ол күні талай шырайда бақыт шаттығы еседі. (Олар) еңбектеріне разы. Олар жоғарғы жәннаттарда болады. Еш уақытта қаңқу сөз естімейді. Онда ағып жатқан (мөлдір) бұлақтар бар. Ішінде көтеріңкі тақтар, тізулі кеселер, қатар қойылған жастықтар, салулы төсектер бар» (Ғашия, 8-16).

Құран қиямет күні туралы (الصَّاحَّةُ) (әс-Саххату) және الطَّامَّةُ (әт-таммәту) сипаттарын қолданады. Әс-Саххатү сөзі, сондай бір сөз, ауырлығынан және дыбысының қаттылығынан бейне бір құлақтың жарғағы жарылады. Құлақтың жарғағын жарып, сол қатты айқайды (әс-Саххату) жаңғыртады. Ал, Әт-Таммәту сөзі болса, гуілдеген, шуылдаған бір сөз. Шуылдап, жойып жатқан сияқты ойлап қаласың. Әр нәрсені жойған топан су сияқты. Ал енді бұл сөздерді Тәкуир 18 аят көрiмәсiндегi (تَنَفَّسْ) (төнәффәсә) деген төтгi әрi әдемі сөзiнiң қасына қойшы! Сонда ол сөздердiң орнында таңдалдырған иғжазды және осы сөздердi қолданған тақырыптардың суреттерiн бейнелеудегi мұғжизаны көресiң. Сөздердiң әуенiмен бейнеленген сәйкестiктiң басқа бiр түрi Нас сүресiнде:

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ. قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ. مَلِكِ النَّاسِ. إِلَهِ النَّاسِ. مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ. الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ. مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ.

Ал недi бұларды бiрiнiң артынан бiрiн қатарымен жылдам оқышы! Демек, дыбыстың сүренiң ауанына үйлесiп, нақ бiр «уәсүәсә: сыбырдың естiрiлiп жатқанын көресi». ¹¹

3) МАҒЫНА МЕН СӨЗДІҢ ТЕҢДІГІ

Құранның сөздері артық та емес, кем де емес, мағынаны толықтай іске асыратын бейнеде. Басты немесе толықтырушы элементтің кем болмағанындай, артықтық та жоқ. Бұл іс оңай көрінсе де Құраннан басқаларында мұндай нәрсе кездеспейді. Өте шебер жазушы да «жеткілікті мағына» үшін «жеткілікті сөз» мақсаттарының арасында «екі әйелдің арасындағы ер сияқты». Біреуіне сүйенген сайын екіншісін ашуландырады. Қысқа және нақты айту - мағынаға қайшы келіп

¹¹ С. Кутуб, Құранда әдеби жанр, 139-141 беттер.

қалып, сөзді жұмбақ күйге ұшыратады. Мағынаны кеңірек түсіндіргісі келгенде сөздің ұзап кеткендігі көрінеді. Бұнда сөздің құндылығын салыстыру арқылы жоғалтып алғанда, тыңдаушы негізгі мағына мен қосымша мағыналарды айыра алмайтын күйге түседі. Жазушылар кейде тепе-теңдікті құрастыра алса да көбінесе оны келтіре алмай қалады.

Қаласаңыз Мұсхаф Шәрифті ашыңыз. Құраннан кез-келген бір сөйлемді алып сөздерін санаңыз. Кейін сол мөлшердегі басқа бір сөзді алып, мағына жағынан осы сөздерді мағына және сөз өлшемдерімен теңестіріңіз. Нәтижеде мынаны көресіз: Құран сөзінде алынып тасталатын ешқандай сөз табылмайды. Ал, басқа сөзде шығарылған немесе өзгерген жағдайда сол сөзге нұқсан келтірмейтін сөздерді табасыз.¹² Мысалы, (Бақара, 3) сөйлемін алайық. Бұл сөйлемнің меалы мынадай:

$$\frac{و}{1} \frac{مِمَّا}{2} \frac{رَزَقْنَا}{3} \frac{هُم}{4}$$

Өздерін ‘4’ ризықтандырғанымыз ‘3’ нәрселер ‘2’ ден ‘1’ пайдаландырады ‘5’.* (Бұл жерде мыналарды анықтаймыз:

1) **مِمَّا** дағы ба’зийет бейнелеген (مِنْ) (негізінде **مَا**) болып идғам пайда болған) мал-мүліктің барлығын емес, бір бөлігінің берілетіндігі, садақаға мұқтаж болатын халге түспейтін дейінінің ғана берілуін білдіреді.

2) **رَزَقْنَا** «өздерің бөлімі, басқасыныкінен емес, өз малынан берілуі керектігін білдіреді.

3) Мал-мүлікті Аллаһтың мүлкі деп біліп, бергеніне міндетсімеуі керек. Бұл жерде «ризықтандырғанымыз» сөзі берген - Аллаһ, ал құл болса, дәнекер екендігін көрсетеді.

¹² Зерқани, Мөнөхил, II, 324.

* Бұл жерде аят мәтініндегі сөздердің тәртібіне қарай зерттеу жасалады. Аяттың аудармадағы баламасына негізгі мәтіндегі мағыналас сөздің саны беріледі.

4) Жәрдемнің қабыл болуы үшін, мұқтаждық болған жерге берілуі керек. *Инфақ* (يُنْفِقُونَ), “қажеттен шығу үшін беру” мағынасына келеді. Шынымен “зәрулік мұқтаждық” делінген нәпақа осы етістіктің атауы.

5) Инфақ тек малмен болмайды, ілім және пікірмен, дене арқылы жәрдемдесумен де болады. Бұған да (ما) «нәрселер» дегі жалпылық дәлел болады.¹³

Көріп отырғанымыздай артық ешбір әріп жоқ. Алынып тасталатын немесе өзгертілетін ешбір әріп те жоқ. Бұл қысқа сөйлем грамматикалық ережелер бойынша жәрдемнің қабылдану шарттарының барлығын қамтиды. Сондай мақсатты жеткізу үшін бір адамның қолдана алатын арабшадағы жүздеген жорамалдан қайсысы мұның орнын баса алмақ?

Ибн Атийе (ө. 542/1148) секілді үлкен бір тәпсірші мамандығының беделімен мына нәтижеге жеткен: “Құраннан бір сөз алынатын болса, барлық араб тілінің астан-кестені шығарылса да, оның орнын баса алатын бір сөз табылмайды”.

Құранның аса көркем, нәзік, ерекше баяндау тәсілін аңғара алмағанда терең, жан-жақты ойламағандықтарынан не болмаса, асығыстық себебімен «зайдә», «мұкхамә», «тә’кид» деп атаған кей сөздердің саланың жетік мамандарынша берілген мағыналары бар.¹⁴

4) ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ӘДЕБИ ТҮРЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫНДАҒЫ КЕМЕЛДІЛІГІ

Заң шығару, қисса, дау және тартыс, насихат, тарих, ақирет жағдайлары сияқты бір-бірінен айрықша әдеби

¹³ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 387-388; Ишарат, 37-38.

¹⁴ М. А. Дераз, Небе, 125 б; Зәрқани, Мөнәхил II, 326.

түрлердің бәрінде де сөз қозғалғанымен Құран сөзі өлеңінің тұрақтылығында, әдемілігінде, шешендігінде әрдайым бірдей биіктікті көрсетеді. Бұл да адамзаттың мүмкіндігінен жоғары. Өйткені түсіндірілетін мағына жан-жақты, мысалдары мен қасиет-ерекшеліктері көп болған жағдайда оны жеткізу рахат болады. Бұған қарама-қарсы мағына шектеулі, білінген тараптары және мысалдары аз болған жағдайда түсіндіру қиын, сөз табылмайды. Осы себептерден араб әдебиетшілерінің ең көп сөз айтқан алаңы *фахр, хамасе, мәв'иза, мәдх* және *хижа** болған; философия, заң және түрлі ілімдердің алаңдарына болса олар аз кірген. Бұл басқа халықтар үшін де солай болған.

Түсіндірілуі қаншалықты әдемі болса да, қайсы бір шешеннің түрлі әдеби жанрлардың барлығында бірдей жоғарғы баянәдісіне ие болуы мүмкін емес. Алайда, Аллаһтың Кітабында бұл жағдай мүлдем көрінбейді. Қарасаңыз, Құран бір бөлімінде суреттеу тәрізіндегі бір мәнде табылса, одан кейін бір қиссаларға өтеді. Артынан үкім шығаратын құқықтық бөлім келеді. Барлық бұл бөлек алаңдарда Құран тәсілінің бірдей биік және құнды мағынаны жалғастырғандығын көресіз. Құранның барлығы мұның үлгісі. Мысалы, Бақара сүресінің 164-186 - бөлімдерін алсақ. Бұл бөлімдерде қатар-қатарымен суреттеу, үгіт, заң (үкім беру), зүһд және ахлақ, ғибадат түрлерінен тұратын бір түсіндіру тәрізінің түрлілігін көреміз. Осы өзгеше түрлердің бірінен екіншісіне өтуі ерекше шеберлікпен іске асқанындай, әрбір түрде де кемелді баян өзін көрсетеді.

164 – Көк пен жердің жаратылуында, күн мен түннің

* Бұлар классикалық араб ақындығының тақырыптық жанрлары. Мағынасы жоғарыдағы рет бойынша: мақтану, батырлық, үгіт, мақтау және даттау.

кезектесуінде, адамдардың пайдасы үшін теңізде жүзген кемелерде Аллаһтың көкпен жаңбыр жаудырып, сол арқылы үгілген жерді жандандыруында, сондай-ақ онда әр алуан жан-жануарларды таратуында, (бағыт өзгертіп) соғатын желдерді және жер мен көкті, араларындағы бағынышты бұлттарды басқаруында ақыл иелері үшін (Жаратушының бірден-бір екендігін дәлелдейтін) даусыз дәлелдер бар.

165 – Кей адамдар Аллаһтан басқаны (бұт-бұрқанды) құдай көреді де, оларды (мұсылмандардың) Аллаһты сүйгеніндей сүйеді. Бірақ мұминдер Аллаһты артықша сүйеді. Залымдар азапты көрген кезде күллі күш-қуаттың Аллаһқа төн екендігін, Аллаһтың жазасының қатты екендігін білмейсің!

166 – Ілестірушілер сол кезде азапты көріп, ілесушілерден безеді. Олардың араларындағы қарым-қатынас үзіледі.

167 – Ілесушілер: «Әттең бізге бір рет (дүниеге қайта) қайтар күн болса, олардың бізден безіп кеткеніндей біз де олардан безер едік» дейді. Аллаһ олардың істеген істерінің өкінішін (көздеріне) осылайша көрсетеді. Олар тозақтан шыға алмайды.

168 – Әй, Адамдар! Жер жүзіндегі адал, пәк азықтарды жеңдер, шайтанның соңынан ермеңдер. Өйткені, ол – сендердің әшкере дұшпандарың.

169 – Ол сендерді жамандыққа, жиіркенішті істерге, Аллаһ туралы өздерің білмейтін сөздерді сөйлеуге жетелейді.

170 – Оларға (Мекке мүшріктеріне): “Аллаһ түсірген (Құранға) ұйыңдар” делінсе, олар “жоқ, біз ата-бабаларымыздан қалған дінге ұйыймыз” дейді, ата-бабалары ешнәрсе ұқпайтын, тура жолды таба алмайтындар болса да (олар солардың жолын қумақ па?).

171 – Кәпірлерді үгіттеуің айғайды ғана естіп, сөздің мағынасын түсінбейтін малға айғайлағанмен бірдей. Олар саңырау, сақау, соқыр (ақиқатты естімейді, сөйлемейді, көрмейді). Сондықтан олар ешнәрсе түсінбейді.

172 – Ей, мүминдер! Өздеріңе берілген адал ризықтардан жеңдер, егер Аллаға ғана құлшылық етер болсаңдар Оған шүкіршілік етіңдер.

173 – Аллаһ сендерге өлексені (бауыздаусыз өлген малды), қанды, доңыз етін, Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған хайуанды жеуді арам қылды. Алайда кім амалсыз жағдайда, еріксізден одан (жан сақтап қаларлықтай) өз лайығында жесе, күнәға жатпайды. Өйткені, Аллаһ өте кешірімшіл һәм ерек мейірімді.

174 – Аллаһ түсірген кітаптың (Тәурәттің) сөзін жасырып, оны болмашы ақшаға сататындардың жеп қарнын қампайтқаны тек от қана. Қиямет күні Аллаһ оларға тіл де қатпайды. Олардың күнеларын да кешірмейді. Олар қатты азапқа душар болады.

175 – Өне солар - туралыққа азғындықты, кешірімге жазаны (ұжмаққа тозақты) айырбастап алғандар. Олар тозаққа не деген шыдамды?!

176 – Бұл (қатты азап) Аллаһтың өз кітабын (Тәуратты) хақ түсіргендігінен (олардың Тәураттағыларды жасырғандығынан немесе өзгерткендігінен) болды. Кітап турасында талас-тартыс шығарушылар өте ұзақ уақыт қарсылықта қалды.

177 – Беттеріңді шығысқа немесе бастысқа қаратуларың жақсы іске жатпайды. Қайта Аллаһқа, қияметке, періштелерге, (Аллаһтан түскен) кітаптарға, пайғамбарларға шынайы сену, Аллаһтың ризалығы үшін мал-мүлкінен жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, (мал-мүлкінен қол үзіп қалған) жолаушыларға, қайыршыларға, құлдарды азат етуге заттай көмек беру, сондай-ақ намаз оқып, зекет беру, уағдасына опа қылу, жоқшылыққа, ауруға, (Аллаһтың жолындағы) соғыс зардабына шыдамдылық көрсету – міне осылар жақсылыққа жатады; нағыз адал адамдар, нағыз тақуалар міне осылар.

178 – Ей, мү’миндер! Кісі өлтіргендерден қан қарызын алу (қысас) сендерге парыз етілді: азамат (азат адам) үшін азамат, құл үшін құл, әйел үшін әйел (өлтіріліп қан қарызы алынады). Өлтірілушінің жақын туысы белгілі дәрежеде кешірім еткісі келсе (қан қарызын алудан кешсе) онда өз жөнімен (кесімді құнды) талап етуі, (қылмыскердің де) құнды жақсы мәмілемен толық төлеуі керек. Бұл үкім Раббыларыңның сендерге істеген жеңілдігі әрі көрсеткен мейір шапағаты. Осыдан кейін, шектен асып кеткендер (құн алғаннан кейін қанды қолды өлтіргендер) Алланың ауыр жазасына ұшырайды.

179 – Ей, ақыл иелері! сендер үшін қысас ішінде өмір бар (біреуді өлтірген адам өзінің де өлтірілетінін біледі. Сондықтан райынан қайтады). Бұл (қан төгуден) сақтанулары үшін.

180 – Егер сендерден біреу өлер кезінде артына көп мал-мүлік қалдырса, ата-анасына, жақын туыстарына адалдықпен өсиет айтуы керек. Бұл тақуалар үшін нақты парыз етілді.

181 – Кімде-кім өсиетті (ет құлағымен) естігеннен соң оны өзгертіп жіберсе, оның күнәсі өзгертушіге жүктеледі. Аллаһ расында барлығын естіп, біліп тұрады.

182 – Кімде-кім өсиет айтушы ағат кетіріп немесе қателесіп қалмасын деп оларды (өсиет айтушы мен өсиетті тыңдаушыларды) жарастырып қойса, мұның оқасы жоқ. Аллаһ - асқан кешірімшіл әрі рақымды.

183 – Ей, мұ'миндер! Бұрынғыларға парыз болғаны сияқты, сендерге де (күнөдан) сақтануларың үшін ораза парыз етілді.

184 – Оразаның күні санаулы. Сендерден біреу ауру болып немесе жолаушы жүріп (ораза ұстамаса), кейін сол күнінің орнын толтырсын. Ораза ұстауға дәрменсіздер (кәрілер яки әлсіздер) күніне жоқшылықтағы бір адам тоятындай федия берсін. Кімде-кім (белгілемеден) артық берсе тіпте жақсы. Білсеңдер, сендер үшін (ауыз ашық жүруден, бодау беруден) ораза ұстағандарың әлдеқайда жақсы.

Дәл осы сүренің 264–253 бөліміндегі тарих және қисса, 255 - аят кәрімәсінде тәңірлік қасиет тақырыптарына да қараңыз. Мұныңбарлығында берілген үкімнің дұрыстығының кәуәгерлерін табасыз.

5) БІР СӘТТЕ ӘРҚАНДАЙ ДЕНГЕЙЛЕРГЕ ҮНДЕУІ

Құран мағыналарына ерекше бір тәсілмен сөз қалыбы кигізілгені соншалық бір сәтте әр түрлі замандармен өлкелерде өмір сүрген, білім деңгейлері өте өзгеше болған барлық адамдарға үндеуге қолайлы болған. Құранның көптеген аят кәрімәсі әрқандай деңгейдегі көптеген адамы бар мәжілісте оқылғанда, ол жердегі әрбір кісі іліміне қарай түрліше түсінеді. Бұл аят кәрімәдан қарама-қайшы мағыналар шығады, қай жерге тартсаң сол жерге кете береді деген сөз емес. Шындығы мынау: мағына сол қалпында қалумен қатар, бір топ аят кәрімәлардың беті, тереңдігі және түбірлері болуы мүмкін. Аят кәрімәның тәсілі – бұл үш ерекшелікті де қамтыған. Халық (көпшілік) сыртқы көріністегі бірінші үстірт мағынаны, зиялылар тереңдіктегі белгілі бір мағынаны, мамандар болса мағынаның түптерінің көбісін түсінеді және тіпті кейіннен келетін ұрпақтарға да басқа ерекше мағыналары қалуы мүмкін.

Түрліше түсінілуі мүмкін аят кәрімәларды алғашқы мұсылмандар өз күйлеріне қарай, ал кейіннен келгендер болса жеткен ілім деңгейлеріне қарай түсінеді. *Бірақ, қайткенде де бұл түсініктер – аят кәрімәның жорамалдануы, әйтпесе жасандылықпен сөзге жүктелмейтін мағыналардың зорлықпен жүктелуі емес. Тек мынау ғана бар, бұрын өмір сүргендердің дәуірлерінде, кейіннен келгендер түсінген мағынаға көңіл бөлетін мәселелер болмағандықтан*, олардың білулері әлбетте талап етілмейді.

Құранда мұның көптеген мысалдары бар. Әуелі заманның айырмашылығын көрсетпей-ақ зейін, мәдениет және көңіл қою деңгейімен байланысты бір мысал келтірсек. Мысалы, Ықлас сүресінің *أَحَدٌ لَهُ كُفُؤًا* *لَمْ يَلِدْ وَ لَمْ يُؤَلَدْ وَ لَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ* бөлігін алайық. Көп халық бұдан мынаны түсінеді: “Аллаһ Тағала әкесі және баласы болудан, теңі және ұқсасы болу-

дан пәк. Салыстырғанда, орташа деңгейдегі білімділер бұдан артығырақ мынаны түсінеді: «Аят кәримә сонымен қатар періштелердің, Хазіреті Исаның немесе туылған кез келген бір жаратылыстың Тәңірі бола алатындығын да жоққа шығаруда. Өйткені, іске аспайтын (мүмкін емес) нәрсені қабылдау пайдасыз болғандықтан, шешендікте пайдалы бір керек үкім мақсат етіледі». Яғни онсыз да белгілі болып тұрған үкімнің астарлап керек еткен мағынасы білдіріледі. Сондықтан затқа төн болған бала мен әкені қабылдамаудың мақсаты астарлы түрде анасы, әкесі, баласы тең болғандардың Тәңірі бола алмайтындығын білдіруде.

Бұдан алдыңғы дәрежедегісі болса мынаны түсінеді: «Аллаһ Тағала болмысқа байланысты тууды және туылуды еске түсіретін әр түрлі байланыстан да пәк. Ортақтасудан, жәрдемшіден, ұқсастықтан пәк. Оның болмыстармен байланысы, тек олардың Жаратушысы екендігінен тұрады. Оларды бар етуі Өзінің өзәлгі (ежелгі) қалауымен, тек “Бол” деуімен ғана іске асды. Әйтпесе кейбір философиялық және діни көзқарастардың пікірлеріндей қатты қажеттілік, мәжбүрлік немесе мақсаты болмастан пайда болу (*emanation*) жолдарының біреуімен болмыс алаңына шыққан емес».

Бұлардан да жоғары деңгейлердегілер болса мынаны түсінеді: «Аллаһ Тағала - өзәли, әбәди (басы және соңы жоқ), әууәл, ахір (ең бірінші және ең соңғы). Ешқандай түрде не затында, не сипатында, не іс-әрекеттерінде оған ұқсас теңі, қосағы, ұқсасы, түстесі, мысалы мүлдем жоқ.

Айтылған дәрежедегілерге арифтердің (көрегендердің), шыншылдардың, ғашықтардың басқалай түсініктері де қосылса болады.¹⁵ Біздің байқауымызша бір аят кәриме бір-біріне қарама-қарсы болмай, бір-біріне байланған шынжыр іспеттес түрліше мағыналарды қамти алуда.

¹⁵ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер» 433-бет.

Енді уақыт, ілім және зауық өзгешеліктеріне қарай түрліше түсініктер туралы бір мысал келтірейік: Нәбә сүресінде ұлы Раббымыз **أَوْتَادًا الْجِبَالِ** аят кәрімәсында, “тауларды жерге қазық” қылғандығын білдіруде. Халық сырттай жерге қағылған қазық секілді тұрған тауларды көреді. Олардағы пайдаларды және нығметтерді түсініп Жаратушысына шүкір етеді.

Бір ақын осы сөзден мынаны сезінеді: Жер жүзін табан, көк күмбезін электр шамдарымен сәнделген көрікті жасыл бір шатыр және аспанның етектеріні бастарынан тірелген тауларды ол шатырдың қазықтары күйінде елестетіп, Жаратушысын шексіз құрметтейді.

Жағрафияшы ғалымға қарағанда, жер шары – ауаның мұхитында жүзген кеме, таулар да ол кеменің үстінде тепе-теңдікті сақтау үшін орналастырылған қазықтар және діңгектер болып табылады. Ол да, жер шарын ретке келтірілген кеме пішінінде жасап, біздерді де ішіне салып, әлем теңізінде кезген шексіз құдірет иесі Раббымызға шүкір етеді.

Қоғамдық өмірмен айналысатын бір ойшыл: Жер жүзінің өмірі - бір үйдің өміріндей, осы үйдің орта діңгегі – жандылардың өмірі. Жандылардың өмірінің діңгегі олардың өмір сүрудегі шарттары болатын су, ауа және топырақ. Су, ауа және топырақтың діңгегі мен қазығы болса таулар. Өйткені, таулар – судың қоймасы, ауаны зиянды газдардан тазалауы жағынан ауаның сүзгісі. Батпақтанудан және теңіздің жайылуынан қорғаушы ретінде де топырақтың қамқоршысы. Сондай-ақ, адам өмірінің өзге қажеттіліктері үшін де біршама қазына. Осылайша ойлау арқылы алып тауларды өмір атты үйіміз болған жер жүзіне діңгек қылған және қорегімізге қазына ретінде белгілеген ұлы және ізгілік иесі Жаратушымызға мадақ мен тағзым етеді.

Табиғи ілімдермен шұғылданған біреу болса, жер шарының ішінде оттың болуы себебінен кейбір төңкерістер және бірігулер нәтижесінде іске асатын сілкіністер таулардың пештің түтігі сияқты міндет атқаруымен тынышталады. Жер шарының орбитасындағы тұрақтылығына және жердің сілкінуіне қарамастан жылдық орбитасынан айырылмауына себеп болған нәрсе таулардың бар болуы еді. Осылайша жер шарының асып тұрған күштілігінің таудың тесіктеріменен демалғандығын ойлайды, таулардың дерлік аманат тетігі күйінде болғандығын түсінеді. Қазіргі жағрафияның кейінгі уақыттарда түсінген және isostasy атауын берген «жер жүзінің теңдік заңында» таулардың ең маңызды элемент екендігін еске түсіреді.¹⁶

Қазықтың жер үстіндегі бөлігіндейінің жерге қадалғандығын ойласақ осы аят кәріманың таулардың жерге қадалғандығын білдіретіндігін айта аламыз. Шындығында басқа бір аят кәрімәда «Оған тауларды мызғымас қылып орнатты» (Назигат, 32) делінген. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы білім айтқанындай таулардың кедір-бұдырлығына сәйкес жер астында жер жынысының да сондай өлшемде кедір-бұдыры бар екені Құран білдіргендей таулардың «берік қазықтар секілді» болғандығы жақсылап анықталған.

Аят кәрімә мұның барлығын ашық түрде дәлелдеуде, сонымен қатар теңдессіз тәсілімен адамдардағы білім деңгейіне қарай түсініктерін аздап түрту арқылы, бүтіннің кейбір жақтарын көрсетуменен осылайша бүкіл адамзатқа пайдасын тигізуде. Бұл жағдай, яғни жаңылыссыз бір сөзбен осыншалық кең уақыт, мекен, ілім және тыңдаушылардың сансыз дәрежелеріне зарар тимейтіндей түрде үндеу жасауы - жеке басына бір мұғжиза.

¹⁶ Уахдидуддин Хан, «өл-Исламу ятахадда», 218-бет.

6) ӘДЕБИ ТҮРЛЕРДІҢ АРАЛАСЫП КЕЛУІ

Құранның әңгімелері және тақырыптары көбінесе араласқан түрде келеді. Басқа кітаптарда кездесетіндей тақырыпқа қарай реттелмеген. Зерттелген тақырыптардың барлығы бірден араларында бірлік болмай-ақ бір-біріне жалғанады, бір-бірімен байланады.

Исламға қарсылардың ауызына қараған кейбір адамдар, Құранның бұл мәселесін бір кемістігі ретінде көрсетіп күмән тудыра алатындықтарын ойлаған. Алдымен бұл сіңісудің және қайнарудың неден пайда болғандығы туралы сұрақ қойып, жауапты да өздерін толғандырғандай былайша берген: «Бұл - бөдеуіліктен (көшпенді араб тайпалары), мәдениетсіз және шығарманың қарапайымдылығынан туындаған». Бұл сөздердің астарында ашық түрде айта алмаған бір күмән жатуда. Ол күмән Құранның бір адам тарапынан жазылғаны және шашыраңқы пікірлердің жиынтығы болғандығы демектері еді.

Негізінде, бұл ерекшелік те Құранды адам жазбағандығының дәлелі болып табылады. Оның әдеттен тыс жалғыз ерекшелігі бұл ғана емес. Өткен тақырыптарда Құранның өзіне тән кейбір қасиеттерін ұсынған едік. Бұл солардың біріншісі.

Екіншісі, Құранның әдіс-тәсілін зерттегенде адамзаттың бүгін, кеше немесе алдағы бір уақытта мақұлдап бекітетін қандай бір шығарма не әдеби шарттардың аясында бағалау керек.

Жазушылардың кітаптарын тақырыптарына қарай бір-сыпыра бөлімдерге, ол бөлімдерді өз ішінде тағы кішкене бөлімшелерге бөлулер онша зәру іс емес. Иегердің бұл реттеу ісі кітаптарында дйттеген мақсаттарына байланысты. Бұл көбінесе әдет-ғұрып мәселесі болып, уақыт өте келе ауыса

беретін нәрселерден еді. Ол негізінде Аллаһтың Кітабын өз үкіміне бағындыратын тұрақты, өзгермейтін ақиқат емес.*

Мұны да баяндағаннан кейін істің негізіне кіріп былай дейміз: Жаңа ғана баяндағанымыздай бір кітаптағы мәселелердің бірдей тақырып астында бөлінуі қадағаланған мақсаттарға қатысты. Енді осы принципті өлшеу негізінде алып қарайтын болсақ, Құранның бұл қасиеті Құрани мағынаның тұтасының айналасында айналсоқтаған жоғарғы хикметтен туындағанын көреміз.

Ол хикмет мынау: Құран қамтыған бұл неше түрлі тақырыптардың және бөлшектелген мағыналардың барлығы бір ғана күллі (жалпы) мағынаның төңірегін айналсоқтауда: Бұл жалпы мағына болса, ол адамдарды өз пікір және қалауларымен Аллаһқа құлдық етуге шақыру. Ия, Аллаһ пенделерін қалайша ықтиярсыз құл ретінде жаратқан болса, еріктерімен де сол құлдықтарын қабыл етулерін, өздерін Жаратушыға қарай тәртіпке салуларын және алдарында бақыттылық не бақытсыздықпен өтетін бұл дүние өмірінің оның қасында түкке тұрмайтын мәңгілік өмірдің барекендігін білулерін қалаған. Мінеки Құран, бүкіл әлемнің жаратылыс негізін құраған осы жалпы мағынаны заң, үкім, тарих, дау, бейнелеу, уа'д (жәннатпен қуанту) және уайд (жәһәннаммен қорқыту) секілді түрлі тақырыптардың барлығына рух қылған. Бұл рух сол түрлі тақырыптарға ықпалын таратып оларға өмір беруде. Сондықтан бұл да Құранда кездестірген

* Шах Уәлиуллаһ Дыхләуи бұл мәселеде мынадай ой айтады: «Ұлы Жаратушымыз, топырақ адамға сөз сөйлейтін кезде адамдардың бір бөлігіне ұнап, бір бөлігіне ұнамайтын белгілі бір қалыптармен емес, жалпыға ұйытын ортақ қалыппен сөз сөйлеуді қалады. Мәликуль Мулк Аллаһ, Адам баласына жолын көрсететін кезде дәуірлер мен аймақтардың ауысуымен ол да ауысып кететін кәдімгі заңдарды емес, өзінің қарапайым заңдарын бекітуді қалады. Белгілі бір қағидаларға байланып қалмай сөз бен істің ойықтары мен кедір-бұдырларын көпшіліктің бәріне бірдей теңдестіре білу тек Ұлы Аллаһқа ғана тән құдірет пен қабілет» (Әл-Фәузуль Кәбир, 90-95 б.б.)

мағыналардың сіңісіп, қайнасулары арқылы ортаға шығарған көріністермен болады.

Сондықтан Құран бір қиссаны баяндағанда оған беріліп негізгі мақсатты ұмытуға жол бермейді. Үгіт, уа'д, уайд т.б тәсілмен бұл мақсатты қиссалардың ара-арасына шеберлікпен орналастырады. Бұлай жасауы баяндалған қиссалардан күтілген мақсатты жүзеге асыру үшін еді. Ақыл мен пікірдің майда-шүйде, төмен деңгейде қалуынан құтқарып, оны негізге қайта оралту үшін еді. «Өйткені, мақсат - тек баяндау емес. Мақсат, ақылда орнықтыру және қайталану арқылы пайдаландыру. Сондықтан бұл мағына ретсіз, яғни бөлімдері ретімен тізілмеген мәтінде тым күшті және толық.»¹⁷

Құлшылыққа немесе дүниелік мәмілелерден қайсы біріне тиісті үкім қоярда да Құран сол тәсілді қадағалайды. Бұл үкімдерді бір заң кітабы секілді өзінше тәуелсіз ілім тәртібі бойынша оқуыңызға мүмкіндік бермейді. Баяндалған мәселемен қатысы жоқ, Аллаһтың барлығын және ұлылығын, бақылап тұрғандығын немесе ахиреттің бір жағдайын ойға түсіру арқылы ұсақ-түйекті, егжей-тегжейді әкеліп негізге байлайды.

Айталық Құран мәселелердің түсіндірілуінде адамзат шығармасының тәсілдеріне қарай әрекет жасап, ақайд негіздерін бір бөлімге, жәннат және жәһеннам ақуалын бір бөлімге, заң үкімдерін тағы бір бөлімге, тарих пен қиссаларды бір бөлімге жинақтаса не болар еді? Ия, егер Құран бұл әрекет үлгісін қолданғанда, негізгі мақсатты іске асыра алмай, бұл бөлектер мен бөлімдер рухсыз қалып, барлығының қамтып көрсетуі қажетті болған жоғарғы жалпы мағына жарқырап көрінбей қалатын еді. Оқыған кісі оны бір жерде ғана көріп, басқа бөлімдерге өткенде ұмытатып қалатын.

¹⁷ Шах Уәлиуллах, Фәуз, 98-бет.

Тақырыптары мен мәселелері, мағыналары мен тәсілдері және бірсыпыра әдеміліктері жағынан Құранның орасан жинақылығы бар. Иләһи мәліметтердің көрсеткіш-мазмұндары, тәухид пен Аллаһты танудың дәлелдерін, көптеген мәміле-қатынастардың үкімдерін, көптеген тарихи шындықты және қиссаларды, жақсы мінез-құлықтың бастыларын, түрлі ғылымдардың салаларына кірген көптеген ғылыми шындықтардың негіздері мен өзектерін, адамның жекелік не қоғамдық өмірінің бүкіл пайдалы ережелерін, түрлі ахиреттік жағдайларды және ұқсас ақиқаттарды т.б түрлерді бір араға жинаумен қатар Құран тұрақсыздықтан, байланыссыздықтан және шатасушылықтан аулақ халде. Мамандану тудырған кемшіліктен, жалпыны қадағалап, назар салудың жоқтығынан және рухани күйзелуден адамды құтқаруда.

Құран аяттарына ізгі ниетпен көңіл қойып қаралса оның ұсынысыбасқа кітаптардағыдай бір-екі мақсатты қуалағаннан кейін барып басқа мақсаттарды баяндайтын, біртіндеп жоғары көтерілетін пікір тізбегінің ұсынысына ұқсамайтындығы көрінеді. Бірге келген паршаларының өзі бөлек ұзақ бір жерден келген өте шынайы және маңызды бір хабарласудың жеке-жеке, қысқа-қысқа бір бейнеде келгендігінің нышандары көрінеді.¹⁸ Денені құрастырған және бір қарағанда әр жерде тұрған бірнеше мүше қалай органикалық бүтіндікке кедергі келтірмесе, қайта солай бөлек-бөлек жерлерде болуы дененің өмір сүруінің шарты болса, ал Құрандағы әр түрлі тақырыптардың арасына үйлесіммен сәйкестіру түрінде негізгі мағынаның жан-жаққа таратылуы жан беретін рухтың дененің әр тарапына жайылуы іспеттес.

Аллаһтың сансыз мақлұқтарынан тұратын күллі болмыстағы басқаруы бөлек-бөлек. Құран: «Әр сәт бір іс үстінде

¹⁸ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 423-424 беттер.

болған» әлемдердің Раббысының жаратқан нәрселерімен сөйлесуін және ондағы басқарушылығын көрсетеді. Жеке-жеке адам ретінде біздің де жекеше өміріміз (араласқан емес) шатасқан (*complexe*) күйде. Есіміздің саулығын және бүтіндігімізді толығымен қорғаған кезде арт-артынан топ-топ мәселелермен айналысамыз. Осылайша материалдық дүниелер бізге бір жағынан бытыраңқы, араларында бір ажыраушылығы бар бөлек-бөлек халде көрінеді. Бірақ, маңыздысы сюжеттің күйі және сюжеттегі шашыраңқылық емес, бүтіндік (толықтық) бар және бөлек-бөлек жағдайлар туралы да, олар қажет еткен бөлек-бөлек міндеттер атқарған. Сондықтан Құран қатысты болған екі жақтың мәселелерімен соншалықты сәйкестікте. Былайша: Бір тараптан Құранда сөйлеп тұрған және Құранмен әлемді сөйлеттірген әлемдердің Раббысыменен келесі тараптан Құран өзіне үйретілген жауапты адамның өзгешеліктерімен жанасуда. Ойымызша Құранның мына бөлігі шындықты білдіріп тұрғандай: «Өте Рақымды Аллаһ. Құранды үйретті. Инсанды жаратты. Оған сөйлеуді үйретті» (Рахман сүресі, 1-4). Рахман - Құран – адам (баян). Құран бұл екі бағыт арасында байланысу дәнекері ретінде көктен келген және ол жерге көтеретін *хаблүллаһүл-мәтин* еді (Аллаһтың берік жібі). Ия, Құранда (адамда да солай) *analytique* (талдау) бүтіндік және бірлік емес, *synthetique* (жинақтау) бүтіндік және бірлік бар. Адам өмірінің шашыранды, бөлек-бөлек тұстарды бірдей (делінетіндей жақын) сәттерде бір жерде болдыратын органикалық бүтіндігі Құранмен сәйкеседі. Олай болса Құранда бөлім емес, өмір бар. Қажеттісі де осы.

Өзгеше шарттарда, бөлек уақыттарда және түрлі тақырыптарда кенеттен бір нәрсені білдіруі және жоққа шығаруы бейне бір миға құйғандай етіп, өзге бір әдемі белгілерін ашықтан-ашық өз бойында көрсеткен, өте маңызды хабарласудың деректері болған уахи жиынтығы - Құран

бөлек-бөлек бөлімдерден тұрғанымен ол бір жиынтық іспеттес. Негізінде Оның әрбір бөлімі тәуелсіз жалғыздық (бірлік) ұсынған кейбір бөлшектерден құралады. Әр бөлшектің бұл бөлімде өзіне тән бір жағдайы бар. Қисса, заң, дау, бейнелеу түріндегі бөлімдердің бірінен екіншісіне қалай өткендігі, яғни араларындағы үйлесімділік тәпсірлерде ерекше көрсетілген, оларға қарауға болады.

«Кейбір надандар Құрандағы осы түсінік тұтастығының маңызсыз және назар аударарлық жайт емес» деп ойлайды. Тіпті мұның и'жаздың, негізгі ерекшеліктерінен екендігін мүлдем түсінбейді. Бұларға жауап ретінде жазушы қаламгерлердің сөздерін назар аудара зерттесін дейміз. Егер өздерінде оларды зерттейтіндей жоғары мәдениеті немесе әдеби зауқы болмаса, әдебиет сыншыларының олар туралы айтқан сөздеріне құлақ салсын. Бұл сыншылар шешендердің мақсаттарын жеткізуде жасаған қателерін көрсетіп және баяндамаларындағы бөлімдердің тұтастықтан мақрұм екендігін ашыққа шығарған. Осы жөнінен ақындар бір қасидада бір мақсаттан екінші мақсатқа өтулерінде *су-и тахаллуспен* (бұзық, тұрақсыз өткел жасау) айыпталған. Жазушылар, ғалымдар және авторлар бұл кемшілікті кетіру үшін мақсаттарының біреуінен екіншісіне өтерде есімдік белгілер, демеулік шылау қолдану (هذا ألا إن)*, нөмірлеу, бөлімдерге бөлу, тақыраптар қою жағына баруға мәжбүр болды. «Кітап – түрлі бөлімдерге бөлінген. Бірінші бөлім мына тақырыпты ішіне алуда т.б. Бұл бөлім де бірнеше баптарға бөлінген, біріншісі осылай., «Таңба», «өтініш», «нәтиже», «...ге келгенде», «енді» түріндегі мағыналар осы сияқты.¹⁹

* Қазақ тілінде бұлардың мағынасы мынадай болуы мүмкін: Олай болса, осылайша, демек, шынында және т.б.

¹⁹Зәрқани, Мәнәхил, II, 317-318 беттер

7) ҚАЙТАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ

Құран кейбір тақырыптарды қайталайды. Қайталау – жәһилиет дәуіріндегі араб әдебиетінде де кездесумен бірге Құранның қайталаудағы мақсаты жәһилие арабтарынан бөлек болған. Өйткені, олар қайталауды тек *тәһуил, тәкид, тахуиф және тәфәжжу** секілді маңызды жағдайларда қолданады.

Құран Кәрімде кездескен қайталанулар кейбір сөз немесе сөйлемдердің не кейбір мағыналардың қайталануларымен екі топқа бөлінеді.

Бірінші түрдегі қайталау – күшейту мақсатымен бірге қорқынышты көрсету, сақтандыру, жандандыру және суреттеу секілді шешендік тәсілдерінің біреуін қамтамасыз ету үшін де болуы мүмкін. Бірақ кез келген қайталаудың бұл мақсатқа қол жеткізгені, шеберлікпен қайталаудың сондай оңай іс екендігімен түсіндірілмеуі керек. Қайталау мен шешендік нүктелер арасындағы байланысты көрсетуде мына аяттарды мысал келтіре аламыз:

«Үрейлі уақиға (қиямет) الْقَارِعَةُ

Үрейлі уақиға деген не? مَا الْقَارِعَةُ

Үрейлі уақиғаның не екенін қайдан білесің?»

مَا الْقَارِعَةُ وَ مَا أَذْرَاكَ (Қариға, 1-3). Бұл жердегі қайталау – дәріптеу және қорқынышты көрсету мақсатымен жасалған. Яғни, қияметтің қорқыныштылығын әрі сипатын суреттеместен тыңдаушыға сезіндіруде.

«Расында ол (Құран туралы) ойланды (не айтатындығын) жоспарлады.

* Мұндағы: Тәһуил - өңгіменің дәмін келтіру, Тәъкид - маңыздылығын арттыру, Тахуиф - қорқыту, Тәфәжжу - қайғылылық тудыру.

إِنَّهُ فَكَّرَ وَ قَدَّرَ

Ол құрып қалғыр қалай жоспарлады?

فَقَتَلَ كَيْفَ قَدَّرَ

Тағы сол құрып қалғыр, жоспарын қалай құрды?»

ثُمَّ قَتَلَ كَيْفَ قَدَّرَ

(Мүдәссир, 18-20). Бұл жерде таңдану нүктесі бар; талқыға салынған кәпірдің мәселені мөлшерлеп, жоспарлануына және мақсатына жетуіне қарау арқылы тыңдаушысын қайран қалдыруда.

«Ондай емес (олар ойлағандай емес) كَلَّا سَيَعْلَمُونَ

Олар әлі-ақ білетін болады ثُمَّ كَلَّا سَيَعْلَمُونَ

Әсте ондай емес. Олар әлі-ақ білетін болады» (Нәбә, 4-5).

Ахиретте кездесетін жағдайлар қорқыту мақсатыменен осылайша екпіндетіліп айтылуда.

“Әне солар – Раббыларына қарсы болғандар,

أَلَيْكَ الَّذِينَ كَفَرُوا رَبِّهِمْ

Әне солардың мойнына ажырғы салынады.

وَأَلَيْكَ الْأَغْلَالُ فِي أَعْنَاقِهِمْ

Әне солар тозақтық болып, онда мәңгі қалатындар”

وَأَلَيْكَ أَصْحَابُ النَّارِ

(Рағыз, 5). Бұл қайталанулардағы әдемілікті және бейне-леу ерекшелігін азғана әдеби зауқы барлардың әрқайсысы-ақ түсінеді.

Бірдей сөйлемдердің қайталануына келсек, бұл кейде *мұтааллақтың* яғни байланысты болған жердің көптігінен туындауы мүмкін. Шынында Рахман сүресінде отыз бір мәрте қайталанған әр *فَبَايَ أَلَا رَبُّكُمَا تُكَذِّبَانِ* “Раббыларыңның жақсылықтарынан қайсы бірін жоққа шығара аласыңдар” сөйлемі өзінен бұрын айтылған мәселеге байланысуда. Аллаһ Тағала адамдарға және жындарға үндеуімен олар үшін жаратқан нығметтерін атап шығуда және әр нығметті баяндағаннан кейін олардың бұл нығметтерді мойындауларын қалап, шүкіршілік міндеттерін еске түсіруде.

Мүрсәлат сүресінде он рет қайталанғандардың

وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِلْمُكَذِّبِينَ әрқайсысы бір қиссаның артынан келіп «(...) жоққа шығарушыларға ол күні өкінішті-ақ» деуде. Бұл қиссаның басқа қиссалардан өзгеше екендігі белгілі. Сол үшін тәпсіршілер бұл сөйлемнің әр жерінде мазмұнындағы ұғымды айғақтап «Есеп күнін», «Аллаһтың аяттарын», «Құдіретімізді», «Бұл нығметтерді», «Жәһәннамды» немесе «Жәннатты жоққа шығарушыларға нендей өкініш» секілді мағыналармен түсіндіруде.

Осылайша соңғы екі мысалдағы аят кәрімәлардың негізі - «Аллаһты бір деп танып шүкіршілік ету және ахиреттегі есепті ойлаудан» тұратын екі басты мақсат еді.²⁰ Әлемнің Жаратылу мақсаттарын бұзған, иләһи басқарушылықты қабылдамай кемсіткен кәпірлердің күпірлік, опасыздық пен зұлымдықтарын көктер мен жерге естірткен бұл аят кәрімәлар жүздеген ақиқатпен байланысып, әлбетте келесі сөйлемдерде қайталанулары лазым.

Мағыналардың қайталануы көбінесе кей қиссаларда болады. Мұның көптеген мақсаттары бар болса да ең айқындары мыналар: Біріншісі, діннің мақсаттарын рухтарға, адамдар

²⁰ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 250-251 және 475-479 беттер.

үйреншікті болған бір тәсілмен орналастыру. Адам, бірсыпыра мәселелердің әр түрлі пішіндерде және өзгеше тәсілмен мазмұндармен қайталануымен оларды өзіне телиді. Осы хикметке нұсқап, Аллаһ Тағала былай бұйырады: «Олар насихат алар немесе тақуалардан болар деп, Құранды осылайша арабша түсірдік. Онда түрлі ескертулерді тасфир еттік (баяндадық)» (Таһа, 113). Зәрқәши (ө. 794/1391) тасрифті (баяндау): «Уақыттың өтуімен, біріншісінің ұмытылу қамыменен мағынаны ақылдарға жақсылап орналастыру үшін, ол сөзді немесе ұқсастарын (синонимдерін) қайталау» деп ашықтаған. Осылайша қайталау - Құранның тәлім тәрбиелік тәсілдерінің бірі болуда.

Екінші мақсат болса, сол мағынаны өзгеше баяндау қалыптарымен не түрлі тәсілдермен ортаға салу.²¹ Осылайша Құранды Аллаһтың түсіргендігі және адамдардың оның ұқсасын жасай алмайтындықтары осы жолдарменен де дәлелденген болады. Мынандай: Бір қисса қорыта немесе егжей-тегжейлі түрде (ижмал немесе тафсилмен) өзгеше бейнелерде әр түрлі жерлерде өтуде. Бір ғана жерде көрінгенде тәһадди (Құранның ұқсасын жасау үшін жекпе-жекке шақыруы) дерлік орнына келтірілген болып саналмайтын еді. Өйткені, кез келген бір араб бір сөз айтып немесе бір қисса түсіндіріп, «айта алсаңдар сіздер де ұқсасын айтыңыздар» дей алатын еді. Бір сөздің толығымен ұқсасын айту мүмкін еместігінен бұл пікір Құран туралы да ұсынылуы мүмкін. Алайда, Құранның жекпе-жегі - сондай сөздермен, сондай тәсілмен қаланған сөз үшін емес, түрлі тәсілдерге сондай-ақ қысқаша мазмұндамаға және толық егжей-тегжейлі түсіндіруге мүмкіндік беретін ұқсасын келтіру тұрғысында еді. Құранның түрлі тәсілдермен жасаған қайталауларының әр бірінде қол жетпейтін тіл байлық бар. Алайда адамдар әр түрлісінің ұқсасын жасауда әлсіздік танытумен тәһаддидің жауапсыз қалғандығы белгілі болуда.

²¹ Зәрқәши, Бурһан, III, 26.

Құранда бірдей тәсілмен және бірдей баяндау райымен қайталанған жерді көрсету мүмкін емес. Қайталанған болып келген жерлерде тәсіл өзгеруде және мәселенің белгілі бір жағына назар аударуда.

Мысалы, Хазіреті Нухтың қиссасын Һуд сүресінен (25-49) оқиық. Кейін сол қиссаны Қамәр сүресінен қарайық (9-15). Сонан соң әр екі мәтіндегі ұсыну мен суреттеу тәсілін, мазмұндардың ауырлығын құраған мағына жағын тағы салыстырайық. Сонда екіншісінде қиссаны жаңадан естіп жатқандай болатындығымызды көреміз. Өйткені, Құран ақылы мен білімі түрлі деңгейдегілерге үндеуде. Кейбір адамдарға қорыта айту жетіп жатса, кейбіреулері егжей-тегжейлісінен ғана түсінеді. Бұл да тақырыптың өзгеше баяндаулармен түсіндірілуін қажет етеді.

Құран – ақиқатқа шақыру кітабы. Шақыру мен төблиғ аясында бүкіл адамзат және олардың ішінде де түрлі-түрлі жаратылыстағылар болғандықтан, түрлі тәсілдермен баяндау керек болғаны соншама, мәселе жан жақты түсіндіріледі.

Сонымен бірге Құран дұға және зікір кітабы. Дұға мен зікір болса қайталаудың арқасында ғана әсерін тигізіп, нұрға бөлейді.

Әрі әркім Құранның барлығын (не ғапылдықтың немесе мүмкіндік таба алмағандықтан) оқи алмайды. Бірақ бір сүрені көбінесе оқи алады. Сол үшін Құранның ең маңызды мақсаттары - қысқа сүрелерге орналастыру арқылы әр бір сүре кішкентай бір Құран іспеттес болып, сырттай қарағанда қайталау мұның бір нәтижесі болған. Қайталанған мәселе әр сүреде лайықты түрде мазмұнына енгізілген. Бір қисса бір сүреде қайталанбайды.

Әрі Құран негіздеуші. Қасарысу мен күпірліктің қараңғылығындағы адамзаттың өлем, өмір және адам тура-

лы түсініктерін өзгертіп, түзетіп ең үлкен төңкерісті жасауда. Негіздеуші (құрушы) ең маңызды нүктелерді ақыл-естерге орналастыру үшін әрине кейбір тақырыптарды қайталау керек.

Құрандағы қайталаулардың әлбетте басқа да хикметтері бар. Бірақ, осы жаздырғандарымыздың Құранның кемшілігі емес керісінше, и'жаз (алдындағысын әлсірету) бен хикметтің нақ өзі екендігін көрсетуге жеткілікті болғандығын ойлап, тақырыпты осыменен доғарамыз.

8) БАЯН ТӘСІЛІНІҢ ТҮРЛІЛІГІ

Құран Кәрімнің баян тәсілінің түрлілігі жөнінен ешбір шешенде кезікпейтін байлық пен үстемдікке ие. Мұны мына үш мысалмен түсіндірейік:

Жасалуын қалаған істі баян ету тәсілдеріндегі байлығы:

а) *Ашық әмір сөзімен*: “Аллаһ сендерге аманатты иесіне қайтаруларыңды, адамдар арасында билік айтар болсаңдар, билікте әділ болуларыңды әмір етеді **يَأْمُرُكُمْ**” (Ниса, 58).

ә) *Бұйрық раймен қалау*: “Аллаһтан қорқыңдар, шыншылдармен бірге болыңдар” (Тәубе, 119). “Өз үстілеріне алған міндеттерін өтесін” (Хаж, 29).

б) *Іс-әрекеттің жауапты адамдарға жазылғанын әмір еткендігін білдірумен*: “Сендерге де сақтануларың үшін ораза парыз етілді (жазылды)” (Бақара, 183).

в) *Адамдарға жүктелгендігін білдірумен*: “Шамасы жеткен адамдардың Аллаһтың разылығы үшін Қағбаны хаж етуі парыз (мойнына жүктелген)” (Әли Имран, 97).

г) *Мүкәлләфтің ол іс-әрекетті жасағандығын білдірумен*: “Талақ етілген әйелдер үш әдет (етеккір) өткенше күтеді (**يَتَرَبَّنَ**)” (Бақара, 228). Бұл күтсін дегеннен гөрі шешендік түрі.

Өйткені, берілген әмірдің атқару сатысында болғандығын білдіруде.

д) *Жағдайын білдірумен*: “Кім Қағбаға кірсе қауіпсіз болады” (Әли Имран, 97). Яғни, “Ей, адамдар! Оның қауіпсіздігін қамсыздандыруға міндеттісіңдер” деген сөз.

е) *Іс-әрекеттің абзалы болғандығын білдірумен*: “Олар сенен жетімдер туралы сұрайды. Оларды (тәрбиелеп, мал-мүлкін қорғап) түзеткен жақсы” (Бақара, 220).

ж) *Ол істің парыз екендігін білдірумен*: “Аллаһ пайғамбарға бұйырған істе оған бір қиындық болмайды” (Ахзаб, 38).

з) *Аталған іс атқарылғанда сыйлық уәде ету арқылы*: “Кімде-кім Аллаһ жақсылықпен борыш берсе, Аллаһ оған еселеп қайтарады” (Хаид, 11).

и) *Іс-әрекетті одан алдыңғы бір шартқа байлаумен*: “Хажды және ұмраны Аллаһ үшін толық орындаңдар. Егер жолда тосылып қалсаңдар, қолға оңай түскенін құрбандыққа шалыңдар” (Бақара, 196).

к) *Болымсыз сұрақ түрімен*: “(Күллі ғаламды) жаратушы мен (ешнәрсе) жарата алмайтын (пұттар) бірдей ме? Осыны да түсінбейсіңдер ме?” (Нахыл, 17). Бұл “ғибрат алыңыз” деудің басқа бір түрі.

л) *Аллаһ өз ісін өтініш білдіретін бір сөзден кейін келтірумен*: “Шүкір қылуларың үшін, Аллаһ өз аяттарын сендерге осылай баяндайды” (Мәйдә, 89). Яғни, “Аллаһ сендерге аяттарын баяндайды. Олай болса шүкір етіңіздер”.

м) *Іс-әрекеттің орындалуын қаламағанын соны жаман суретеумен*: «Кімдер Аллаһтың аяттары бойынша үкім етпесе, олардың көпір болғаны» (Мәйдә, 44). Яғни, «Аллаһтың түсіргендерімен үкім ет».

Бір нәрсенің харам екендігі, мұбах екендігі тұрғысында, бұдан басқа қызықтыру немесе сақтандыру мәселелерінде де бұған ұқсас баяндау байлығының көптеген мысалдары бар.²²

9) АҚЫЛ МЕН СЕЗІМГЕ ТЕПЕ-ТЕҢДЕҢДІКПЕН ҮНДЕУІ

Құран төсілі әрі ақылға, әрі сезімге бір сәтте үндейді және екеуін де қанағаттандырады. Мысалы: Нәбә сүресінде, Қаф сүресіндегі қайта тірілу мен махшар күні; Қасас 68-75 немесе Рум, 20-30 бөлімдерінде Аллаһтың барлығын және бірлігін Құранның қалай дәлелдегендігін сансыз мысалдар арқылы оқи аласыздар. Бұл жерде тек хашр (қайта тірілу күні) күніне қатысты Нәбә сүресі мен Рум сүресінің кейбір бөлімінің аудармасын береміз.

Рахман және Рахим болған Аллаһтың атымен:

1. Олар (мүшриктер) нені сұрасады? 2-3. Олар өздері дауласып жүрген ұлғаусар хабарды (қияметті) сұрасады. 4. Ондай емес (олар ойлағандай емес). Олар әлі-ақ білетін болады. 5. Әсте ондай емес. Олар әлі-ақ білетін болады. 6-7. Жерді бесік, тауларды қазық етпедік пе? 8. Сендерді (ер-әйел) жұп қылып жараттық. 9. Ұйқыларыңды демалыс еттік. 10. Түнді жамылғы еттік. 11. Күндізді тіршілікке арнадық. 12. Үстілеріңе жеті қат мықты аспанды жасадық. 13. Жап-жарық бір шырақты (күнді) жараттық. 14-16. Дөнді дақылды өсімдіктерді, орманы ну бақшаларды өсіру үшін қою бұлттардан нөсер жаудырдық. 17. (Ақ пен қара айырылатын) үкім күні расында қарарлы мезгіл. 18. Ол күні сүр үрленеді. Сендер топ-топ болып келесіңдер. 19. Аспан сетінеп, көп есіктер ашылады. 20. Таулар ығыстырылып, сағымға айналады. 21. Тозақ күтіп тұрады. 22. (Ол) Азғындардың барар тұрағы. 23. Олар онда сансыз ғасырлар бойы тұрады. 24. Олардың онда не бір салқындыққа, не бір сусындыққа

²² Зәркани, Мәнәхил, II, 319-322 беттер.

қолдары жетпейді. 25. Қайнап тұрған су мен ірің ғана ішеді. 26. Бұл оларға өте лайық жаза. 27. Өйткені, олар есеп алынатындығын да назарына алмаған-ды. 28. Олар біздің аяттарымызды мойындамаған еді. 29. Біз барлық нәрсені хаттап жазып қоямыз. 30. (Оларға соны айтамыз:) “Енді татып көріңдер. Сендердің тартатын азаптарыңды арттыра береміз.” 31. Тақуалар үшін қол жеткізерлік табыс бар. 32. Бау-бақшалар, жүзімдер, 33. Бүлдіршіндей біркелкі құрдас қыздар, 34. Сусын толы кеселер бар. 35. Олар онда мәнсіз бос сөз және өтірік сөз естімейді. 36. Міне олар – Раббыңның берген силығы, молынан арнағандары (...). 39. Сол күннің болатыны хақ. Кім қаласа, сол Раббына тура барар жол тұтсын. 40. Біз сендерді таяп тұрған азаптан абайландырдық. Ол күні әр адам өзінің бұрынғы істеген істерін ғана көреді. Кәпірлер: «Әттең, бұйткенше топырақ болып-ақ қалсақшы! (дейді)»

Рум сүресінің төмендегі бөлімі де таухидті дәлелдеуге қатысты:

20. Сендерді топырақтан жаратқандығы, одан кейін адам болып (жер-жүзіне) таралуларыңның өзі де оның (құдыретінің) белгілерінің бірі. 21. Бой ұрып тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірім орнатқандығы да оның белгілерінің бірі. Ой жүгірте білетін қауым үшін мұнда көптеген ғибрат бар екені шүбәсіз. 22. Көк пен жердің жаратылуы, тілдерің мен өңдеріңнің алуан түрлі болуы да – оның белгілері. Осының өзінде де білімділер үшін көп ғибрат бар екені даусыз. 23. Түнде және күндіз ұйықтауларың, сондай-ақ Алланың рахыметінен (несібелеріңді) іздеулеріңнің өзі де оның белгілерінің бірі. Құлақ асатын қауым үшін мұнда көп ғибрат бар екені шүбәсіз. 24. Сендерге нажағайды әрі үміт, әрі қорқынышты етіп көрсетуі, көктен өлген жерді жандандыратын жаңбыр жаудыруы да оның (кәміл құдірет) белгілерінің бірі. Түсіне білетін жұрт үшін мұнда расында талай ғибрат бар. 25. Көк пен

жерді өз әмірімен тұрғызуы да оның (күштілік) белгілерінің бірі. Мұнан соң сендерді жер астынан шақырған сәтте-ақ барлығың дереу (көрден) шығасыңдар. 26. Көк пен жердегінің күллісі Аллаһтікі, бәрі түгелдей оған бойсұнушылар. 27. Жаратылысты жоқтан бар еткен де, оны (өлтіріп) қайта тірілтетін де Аллаһ. Бұл оған оңай. Көк пен жердегі сипаттың ең асқағы Аллаһқа тән. Ол – жеңімпаз, хикмет иесі. 28. Аллаһ сендердің өз бастарыңнан мысал келтіреді. Қолдарыңдағы құлдарыңның сендерге біз берген несібе-ризықтарыңа теңдей ортақ болуына, олардан өздерінен (азат адамдардан) қорқатындай қорқуларыңа разымысыңдар? Түсінетін қауым үшін аяттарымызды осылайша егжей-тегжейлі баяндаймыз. 29. Керісінше залымдар білімсіздік істеп, нәпсінің тұлқыны болды. Аллаһ адастырған адамды кім оңғара алсын? Оларға ешбір медеткер табылмайды. 30. (Ей, Мұхаммед!) Бетіңді ауытқымай хақ дінге бұр! Аллаһ адам баласын сол дін үстіне жаратқан. Аллаһтың жаратқанында өзгеріс болмайды. Бұл - тура дін. Бірақ, адамдардың бірсыпырасы мұны білмейді.

Адамзат сөзі, ақыл мен сезім арасындағы тепе-теңдікті құруы мүмкін емес. Өйткені, адамдардағы түсінетін күш пен сезетін күш нақ тепе-теңдік халінде болмайды. Болса да бір сәтте теңдікте болмайды кей уақыттарда болуы мүмкін. Бірақ, әр сөйлемде бұл теңдіктің болуы кездеспеген жағдай. Құранда болса, бұл теңдік бар. Өйткені, Құран – бір ісі басқа істеріне кедергі болмаған және рух пен денені бірлестіріп жаратқан Заттың Кәламы.

ҚҰРАН ТӘСІЛІ МЕН ХАДИС ТӘСІЛІН САЛЫСТЫРУ

Құран тәсілі мен хадис тәсілі арасында салыстыру жасаудың да пайдасы жоқ емес. Мыңдаған хадисті оқыған және арабша баяндау тәсілдерін меңгерген кісі, аят кәримәлар мен хадистер арасында анық бір айырмашылық бар екендігін және Құран баяндарының одан жоғары және ұлы екендігін дереу түсінеді. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) сөзі секілді ең жоғарғы адамға жарасқан және Құран аят кәримәларының баяндаушысы болған кісінің сөзінің өзі Құранның баянынан соншама артта қалса, басқаларының не күйде болатындығы түсінікті.

Бұл пікірімізді мысалмен айқындайық. Сахабадан Ұбай ибн Кағбтың жеке мұсхафында орын алған екі құнуд дұғасының* кейбіреулердің екі сүре деп ойлауына қарсы Нолдеке есімді шығыстанушының дағы тәсілді салыстыруы және талдау жасауы арқылы қандай жауап бергендігіне қарайық. Ол ойын қорыта былай дейді:

Бұл мәтіннің мазмұны және бітімі Құранды емес, дұғаны еске түсіреді. Басында (قل) (былай де) дегені жоқ. Негізінде (قل) болмаған жеке дара бір себеп саналмайды. Өйткені Фатиханың басында да жоқ. Құранда дағдыланбаған сөйлемдер құнуд дұғаларында бар. Грамматика жағынан да ұсақ-түйек айырмашылық табылады. Мақтау (әсна) етістігі Құранда еш өтпеген. Бұл мағынада басқа сөздер қолданылады (хамидә, сәббәха, кәббәрәсекілді). Сә'а (نَسَعَى) етістігі Құранда Аллахқа жету жолында талпыну мағынасында қолданылмайды. Фәжара (яфжурук) (يَفْجُرُكُ) Құранда мәфул (толықтауыш) алмаса да осы дұғада ақузатив жүктелген адам есімдігімен

* Күнде намазда оқылуы жағынан маңызды дұғалар болғандығынан Убәй (радиаллаһу анһу) Құраннан санап, осыларды жеке мұсхафына жазған болуы мүмкін.

алдымызға шығады. *Хала'а* (نَخْلَعُ) етістігі болса, Құранда бір мәрте ол да тек аяқ киімді шешу туралы (Таһа, 12) кездеседі. Алайда бұл жерде өте басқаша мағынада яғни Аллаһ жолында болмағандардан аулақ (жүру) мағынасында қолданылған. Сондай-ақ *кафара* (وَلَا نَكْفُرُكَ) көпір болу мағынасына келгенде Құранда ба (бе) харф жәрмен сабақты етістік болады; тек күфран (жақсылықты білмеу) мағынасына келгенде бұл жерде болғаны секілді мәфулун биһті алады. Алайда бұл жерде көпірлік мағынаға келсе де бе қолданылмаған.²³ Бұл салыстыруда Құран мен хадис арасында сондай бір айырмашылықтың бар екендігін, ақ-қараны тани алатын мамандығы бар әркім-ақ мұны оңайлық түсіне алатындығын көре аламыз.

Құран түскен кезде оның алғашқы тыңдаушысы болған араб қауымындағы ең қадірлі істің көркем әрі әсерлі сөйлеу екендігін, яғни шешендік болғандығын айтқанбыз. Кейбір ақынның екі шумақ өлеңіне бола оған құрмет көрсете білген бір қауымның ыңғайсыз, жаншылған күйге түсуіне себеп болған нәрсе оның қарама-қайшысы болғандығында еді. Бұл ортада табиғи түрде әдеби сын тым дамыған болатын. Тіпті ол сын орнығып, бір мекеме іспеттес қызмет атқаратын. Жәһилие арабтарының өлеңді сынаитындығына мына оқиға тамаша мысал болады:

Әйел ақын Ханса, Ұказ жәрмеңкесінде ақын Хассан Ибн Сабиттің,

لَنَا الْجَفَنَاتُ الْغُرُّ يَلْمَعْنَ بِالضُّحَى
وَ أَسْيَافُنَا يَقْطُرْنَ مِنْ نَجْدَةٍ دَمَا

«Біздің сөске уақытында жалтырайтын ақ легендеріміз бар еді.

²³ Нолдеке, «Құран тарихы», 46-48 беттер.

Жеңістен қылыштарымыздан да қан ағып тұратын» – деген екі тармақ өлең жолын былай сынға алған: “Сіз жомарттығыңызбенжәнеқаһармандығыңызбенмақтанғыңыз келеді. Бірақ сегіз жерде даңқыңа әлсіздік келтіргенсің: Жефенат – он саннан аз болған көптікті білдіреді, одан артықты көрсету үшін жифан деуің керек еді. *Furr* – маңдайдағы ақты айтады, бәрін қамту үшін *bud* (الْبَيْضُ) дегенінде дұрыс болатын еді. Леме’ан аз-аз, арт-артынан келген жарқырақтарды білдіреді: (يُشْرَفَنَّ) (жарқылдады) дегенінде одан да күшті болатын еді. Өйткені ишрақ үздіксіз. Дұханың (сәске уақыты) орнына екінті уақыты дегенінде тіптен күшті мақтанымш болатын еді. Өйткені, қонақ таңертеңнен гөрі кеш боларда келеді (бұрынғы өмірдің шарттарында мұның дұрысырақ екендігі айқын). Қанның тамшылағандығын (يَقْطُرَنَّ) білдірдің, бұл аз өлтіргеніңді көрсетеді. Көп өлтірудің арқасында қаһармандығыңды баяндау үшін (يَجْرِين) деуің керек еді. Сөйтсең қанның саулап аққандығы бейнеленетін еді т.б.²⁴

Мүшриктер Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у) Құран уахиынан бұрынғы тіл байлығын білетін еді. Сондықтан, олардан ешбірі оның (с.а.у.) Құранды баяндағанына қарсы: «Бұл Құран – Мұхаммедтің сөзі» демеген еді. Өйткені, Оның сөздері мен Құран арасындағы үлкен айырмашылықты білетін. Бұған қоса Оның (с.а.у.) өмірінде өлең, сөз және жазумен шұғылданбағандығын да, тіпті, баян және шешендік жарысы үшін құрған айтыс тойларына қызықпайтындығын да білетін. Ол (с.а.у.) туралы білетін жалғыз жақтары - Оның (с.а.у.) туралығы мен жақсы мінез-құлық иесі болғандығы еді. Балалық шағы, жастық шағы және орта жастан асқан піскен кезеңі туралықпен өткен, адамдарға өтірік айтпаған, адамдардан және дүниеден еш нәрсе күтпеген бұл кісінің

²⁴ М. С. Рафи, Ижаз, 225-бет.

(с.а.у.) енді тура сөйлеудің нағыз керек кезі саналатын - кемелденген жасында Аллаһ Тағала жайлы өтірік айтуын ақыл оңайлықпен қабыл ете алмайды.

Құран – Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) сөзі болса оның өзге сөздеріне ұқсауы керек еді. Өйткені, бір адамда екі айрықша табиғат және жаратылыс болмайды. Алайда, Құран хадиске ұқсамағаны сияқты басқа сөздерің де ешбіреуіне ұқсамауда. Қанатты бір сөздің пайғамбардың кәламы ма, әлде сахаба не табиғундікі ма, кім айтқаны тұрғысында әбігерлікке түсу мүмкін. Пайғамбарымыз да шешен сөзді болғанымен басқа әдемі сөздерден оныкін тек өте білімділер айыра алатын. Бірақ, Құран төсілінің айрықша бір таңбасы бар еді: Басқа бір сөзге ұқсамағандығын аз-көп арабшаға әуестігі болған әркім түсіне алатынды.²⁵

²⁵ М. А. Дераз, «ән-Нәбәул-Азим», 91-93 беттер.



БЕСІНШІ БӨЛІМ



ҚҰРАШЫЦ ИҒЖАЗЫ

“Хикмет”
Баспа Үйі

ҚҰРАННЫҢ ИҒЖАЗЫ

Құран Кәрім Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ең үлкен мұғжизасы. Аллаһ Тағаланың адамзатқа қияметке дейін жол көрсетуші ретінде жіберген соңғы нұсқауының *мұғжиз* (алдындағыларын қайран қалдырып, оларды әлсірететін дәрежеде) болуын қалаған. Құранның адамзат әлемінде Хақтың халыққа дәлелі болуын, тәңірлік әлемнен келгендігіне қатысты белгілері болуын қалаған.

Адамды басқа жандылардан айыратын басты сипаттары – ақыл және баян. Құранның иғжазы да осы ақыл мен баянның аясында болған:

الرَّحْمَنُ عَلَّمَ الْقُرْآنَ خَلَقَ الْإِنْسَانَ عَلَّمَهُ الْبَيَانَ

«Рахман Құранды үйретті. Инсанды жаратты. Оған баянды үйретті» (Рахман, 1-4).

Құран Не үшін Мұғжиз?

Өйткені, Құран - осынау орасан әлем кітабының өзәли аудармасы. Әлемнің жаратылыс туралы белгілерін баяндайтын түрлі тілдердің мәңгілік аудармашысы. Көрмес және көрнеу әлемнің тәпсіршісі. Аллаһтың есімдерінің және сипаттарының жерде және көктегі жасырын рухани байлықтарының ашушысы. Құбылыс жолдарының астында жасырын тұрған шындықтардың кілті. Көрнеу дүниедегі көрмес әлемнің тілі. Осынау көріністегі әлем пердесінің артынан келген мәңгілік рахмандық ілтипаттардың және өзәли сұбхандық үндеулердің қазынасы. Исламият рухани

әлемінің күні, негізі, жоспары. Ахирет әлемін киелі қаритасы. Аллаһтың Зат, сипат, есім және істерінің аудармашысы, ашықтаушысы және дәлелі. Адамзат әлемінің тәрбиешісі. Адамзаттың ең алдыңғы дәрежесі болған Исламияттің суы, жарығы. Бүкіл адамзат баласының мойынсұнуы керек нағыз хикмет пен пікір. Адамзатты қуанышқа жеткізетін ақиқат жолды көрсетуші. Әрі адамзатқа бір шарифат кітабы. Әрі дұға, зікір және ғибадат кітабы. Әрі пікір мен хикмет кітабы. Әрі өмір мен дағуат (баяндау) кітабы. Қорыта айтқанда, бүткіл адамзаттың әр түрлі рухани және ақыл-ой қажеттіліктеріне анықтама ретінде көп кітаптарды қамтыған қасиетті бір ұлы кітап.¹

Аллаһтың ұлы аршысынан (Арш ағзам), Оның ұлы есімінен (Исми ағзам) және Оның әр есімінің ұлы мәртебеде көрініс тапқандығынан келгендігі үшін Құран – барлық әлемдердің Раббы сипатындағы Аллаһтың кәламы. Әрі бүкіл болмыстың құдайы атауымен Аллаһтың өмірі. Әрі бүкіл көктердің және жердің Жаратушысы атынан жасалған үндеу. Әрі Аллаһтың абсолютті рұбибиеті (раб) жағымен адамзатпен тілдесуі. Әрі пәк билеушілігі, патшалығы атынан бір мәңгілік құтпасы. Әрі әр нәрсені қамтыған кең рахметтің рахмани ілтипаттарының дәптері. Әрі ұлуһиеттің (тәңірліктің) айбындылығының орасан ұлылығына нұсқауы ретінде бастарында кейде құпия болған бір хабарласулар жинағы... Сол себептен Кәламұллаһ атауы нақ лайықтылығымен Құранға берілген.

Иғжазүл Құран - Құранның ұқсасын жасауда адамдарды шарасыз, әлсіз қылуы. Жоғарыда айтылған ерекшеліктерге ие болған осындай бір кітаптың ұқсасын адамзаттың барлыққа келтіруі мүмкін бе? Жоқ! Міне сондықтан Құран он төрт ғасыр бойы былайша жекпе-жекке шыққан және шыға бермек: (Исра, 88),

¹Б. Сайд Нұрси, «Сөздер» 382-383 беттер.

قُلْ لِّئِنْ اجْتَمَعَتِ الْاِنْسِ وَالْجِنُّ عَلٰى اَنْ يَّاتُوْا بِمِثْلِ هٰذَا
الْقُرْاٰنِ لَا يَّاتُوْنَ بِمِثْلِهِ وَّلَوْ كَانُ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيْرًا

Аяттың түсінігі мынадай: «Құранға жатпаған және Құранның нәрсесі болмаған адамдар мен жындардың бүкіл өдемі сөздері жиылса да Құранның ұқсасы шықпайды. Өйткені, жын мен адам, тіптен, шайтандардың пікірлерінің нәтижесі мен қайраттарының бірлесуінен болған барлық мәдениет атаулы Құранның үкімдеріне және хикметтерімен салыстырғанда мүлдем әлсіз».²

Уахиға алғаш тыңдаушы болған арабтар Хазіреті Пайғамбардан Оның (с.а.у.) елшілігінің растығына дәлел талап етті. Сонда Аллаһ Тағала Оның (с.а.у.) елшілігіне ең үлкен дәлел және мұғжизаның Құран екендігіне былайша назар аудартты: «Олар: «Оған Раббыңнан қалайша мұғжизалар түсірілмейді?» дейді. (Сен:) «Мұғжизалар – тек қана Аллаһ алдында. Мен тек әшкере ескертуші ғанамын» деп айт. Оларға әрдайым оқылып тұрған кітапты саған түсіруіміздің өзі жеткілікті емес пе (мұнан артық нендей мұғжиза болмақ)?» (Анкәбут, 50-51). Міне бұдан байқағанымыздай, Аллаһ Тағала уақытша бір заманда, белгілі бір жерде, санаулы кісілер тарапынан көрінген және жол көрсету жөнінен де (дәлел) одан артта қалатын мұғжизаларды берудің орнына үнемі және мәселеге күшті нұсқауы бар алдыңғы да жоғары деңгейге үндеген* керемет бір мұғжизаны (Құранды) көздерінің алдына жайды.

² Сол туынды 432 бет.

* Мұғжиза деген кезде адамдардың ойына алғаш келетін таңғажайып істер. Мұндай мұғжизалар да пайғамбарлардың Тәңір қолдауымен жүргендерінің дәлелі болады. Бірақ пайғамбарлардың айтқандарына бұл мұғжиза істердің тікелей қатысы болмауы мүмкін. Алайда Құран мұғжизасы һидаятпен және пайғамбар с.а.у. уағыздаған ақиқатпен тікелей байланысты.

Құран өзі түскен ортаның тым дамыған мамандығы саналатын шешендікке байланысты мұғжиза етілген. Бұл жағдайын бекіту үшін ең алдымен Құран жазушылар мен ақындарға өзіне ұқсас бір сөз табуларың туралы жекпе-жекке шақырды:

«Егер олардың айтқаны дұрыс болса,* (қисыны, көркемдігі, баяндалуы) Құран сияқты бір сөз келтіріп көрсін» (Тұр, 34), - деді де, оларға ұзақ мерзім берді. Бірақ олар жасай алмады. Кейін негізсіз, ойдан шығарған нәрселер болса да әсері мен шешендігі жағынан он сүренің ұқсасын жасауларын білдірді:

«Олар Құранды (Мұхаммедтің) өзі жасаған дей ме? Оларға айт: “Айтқандарың шын болса, Аллаһтан бөлек көмекке шақыра алатындарыңды шақырып, сол сияқты он сүре жасап көріңдерші!» (Һуд, 13) делінді. Олар оны да жасай алмады. Содан тағы бір сүре жасауларын қалады:

«Немесе олар: “Құранды Мұхаммед өзі ойдан шығарған” дей ме? (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Егер шыншыл болсаңдар, Аллаһтан басқа шақыра алатын кісілеріңді шақырып, осындай бір сүре шығарып көріңдерші? - де» (Юнус, 38) - делінді. Мұны кейіннен Бақара сүресінің 23 - аят кәримасында да қайталады. Одан кейін де олардың әлсіздіктерін Аллаһ Тағала былайша жария етті:

«(Ей, Мұхаммед!) “Егер адамдар, жындар осы Құранның бір ұқсасын шығармақ болып жиналса, тіпті, біріне бірі көмектесе де, оны жарыққа шығара алмайды» (Исра, 88).

Бұл жекпе-жекке шақыруда ұқсасын келтіріп, бәсекеге түсулері үшін маңызды себептер бар еді: Арабтардың ең көп көңіл бөлген мәселесі - қызыл тіл еді. Қоғамдық өмірлерінде

³ Суюти, Итқан, II 117 - бет.

* Яғни, «мүшріктер Құранның Аллаһ сөзі емес екендігіне сенімді болса...»

ең маңызды орынды бай, қолбасшы, діншіл немесе өнерпаз емес, ақын алатын. «Білетін адам», данышпан ақын еді. Бір ақынның өлең жолдарымен қауымдар соғысты бастай алатын да, соғысқа қызып кеткендер тағы да сол ақынның өлеңінің әсерінде қалып бейбітшілік орната алатын. Мысалы: Тарафа'ның бір-екі жолы асқақтанған бір қауымды ұятты әрі кінәлі күйге түсірген. Қоғамның ойы деген қаруы ақындардың қолында болатын. Жәрмеңкелерінде басқа заттар секілді шешендік пен өлеңнің де құны көрсетілетін. Шешендік пен әдебиет мәжілістері құрылып, атақты әдебиет сыншыларынан төрешілер, сарапшылар құрылып, нұсқалардың бағасы мен құны белгіленетін. Шешендікте жарысу бір әдет еді. Негізінде, Құран жекпе-жекке шақырмаса да жарысуға себеп бар еді.

Кейбіреулері тек істі кешіктіру немесе сол сәтте «жағдайды құтқару» үшін абстрактылы пікір ретінде «Қаласақ мұндай сөздерді біз де айта аламыз» (Өнфал, 31) деп, «бізде де бар» деп таласқан бала құсап, пікірлерін дәлелдеу үшін іске кіріскен еді.

Бұл жаңа дауыстың үнін өшіру, кеңістікке жаңғырықсыз қалдыру, қасиетін түсіру тілектері үшін болса да жарысулары керек болатын. Өте жалынды сөздерді - қатты қиналған, жаны жанған, өш пен сүйініш секілді сезімнің күшті әсерінде болған кісілердің тілге келтіретіндігі баршамызға мәлім. Мінеки, мүшрикердің осы өшпенділіктері өзі оларды қатты қарсыласуға итермелеуі керек еді.

Бұл жерде мынаны ерекше ескерту маңызды: Құранның жекпе-жекке шақыруы бірдей сөздермен, бірдей тәсілмен оның мәтініндегі шешендіктің ұқсасын келтіру емес. Басқа сөздерде де ондай ұйқасын келтіру мүмкін емес. Өйткені, баяндау тәсілі - сөйлеушінің сипаты, айнасы іспеттес. Әр кімнің өзіне тән сөйлеу тәсілі бар. Өзінің сөзін басқасыныкіне

ұқсата алғандар өте сирек шығады. Олар да ол сөздің тәсілін толық меңгергендер қасында еліктеушіліктен аса алмайды. Адамдардың Құранның ұқсасын келтіруде дәрменсіз қалуларындағы мақсат мынау: сөз сөйлеу тәсілі мен баяндау ерекшелігі қалай болса да шешендік пен баяндау жағынан ақиқатты әсерлі түрде жеткізу тұрғысынан Құранның деңгейінде бір сөз келтірулері еді. Бәрібір жазушылар мен ақындар арасындағы салыстыру да осы жөнінде мағынамен жасалған және жасалуда.

ИҒЖАЗ ТҮРЛЕРІ

Құран ілім, үкім және баян жағынан күллі мақлұқаттың шама-шарқы жетпейтін бірнеше көркем қасиеттерге ие болғандығынан иғжаз дәрежесінде болуы зәрулік қасиеті болған және кесімді мәліметпен белгіленген иғжаздың түрлерін белгілеу мәселесінде ғалымдар қайран қалған.⁴ Бұл тақырыпта пікір айтқан ғалымдардан кейбірі Құранның иғжазын белгілі мәселелерге шектеп қойған. Бірақ, көптеген ғалымдардың айтқандарындай иғжаз түрлерін шектемеген дұрыс еді. Біз бұл түрлерге төменде тоқталамыз:

- 1) Шешендік пен тәсілі.
- 2) Мазмұнының байлығы (жамийеті).
- 3) Қамтыған негіздердің адамзатқа жеткіліктілігі.
- 4) Ғайб хабарларын беруі.
- 5) Әрқашан жаңа болып, болашақтағы ашылулардан хабар беруі.
- 6) Құран уахиының Пайғамбарымыздың (с. а. у) қалауына сай болмауы.

⁴М. Абдуһ-М. Р. Рыда, «Тәфсирул-Мәнар» I, 198 - бет.

1) ШЕШЕНДІК ПЕН ТӘСІЛІ

Құран Кәрімнің мұғжизалығы түрлі бағыттарда болумен қатар, иғжазының ең жоғарғы түрі мәтініндегі шешендіктен туған тілдік иғжазында еді. Құранның бұл иғжазы адамзаттың күш-қуатының үстінде. Мұның іске асырылуымына үш жолмен түсіне аламыз:

Бірінші жол: Өлгінде ұсынғанымыздай, Құран түскен қоғамның ортасында ең көп сұраныста болған нәрсе шешендік еді. Өйткені, арабтар сауатсыз болғандықтарынан тарихтарын, мәдениеттерін, барлық қадір тұтқан нәрселерін жазумен тіркеудің орнына өлең және шешендіктің арқасында сақтап отыратын. Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) бұл жайлы: «Өлең - арабтардың құрылтайы (мемлекеттік тіркеу мекемесі)» - деген. Бұл олардың тума қажеттері себебімен болған тілдік жаратылыстары еді.

Арабтар тек қана өздерінің мақсаттарын жеткізе алғандықтарын түсінеді. Ал, басқа ұлттарды сөз түсіндіре алмайтын адамдар (ажәм) санайтын тұғын. (Араб тілінде араб сөзі: сөзі және тілі ашық, анық; ал ажәм сөзі болса; тілі тұтық, көркем болған кісіге немесе ашық сөзді емес дегенді білдіреді. Иғраб болса: Айтқан араб болмаса да «мақсатын дұрыс жеткізген» деген мағына береді. Сөздіктерден: әл-Уаситқа тиісті сөздерге қараңыз).

Ұлы Раббымыздың хикметі - елшілеріне берген мұғжизалардың олардың қоғамдарының ең алда кеткен мәселелерінде іске асуын қалаған. Осылайша олардың көңілдерін аудару және адамзат күшінің шегінің қай жерде бітіп, иләһи құдіреттің көрінуінің қай жерде басталғанын өте жақсы түсінуді қалаған болуы мүмкін. Өйткені, өзгеше бір өнер туындысын лайықтылығымен қабылдау тек істің маманына тән. Осы хикметке қоса сиқыршылығы дамыған Мысырға жіберілген Хазіреті Муса (а.с.) мен медецинада алға шыққан ортаға жіберілген Хазіреті Исаға (а.с.) берілген

мұғжизалардың маңыздысы – сол түрлерден болған. Соңғы Пайғамбардың (с.а.у.) алғашқы тыңдаушылары да шешендікте тым дамығандықтан оның басты мұғжизасы баян аясында болған.

Мінеки, мамандықтарының аясына кіргендігі үшін жарысу сезіміне толы «Құранға ұқсасын келтіру» ісінде, әрі Құран абыройына тиіссе де көкіректі болғандарымен ұқсасын келтіре алмағандықтарынан Құранның игжазы күн сияқты жарқырап шыққан.

Екінші жол: Сөздердің қадірін білуде шебер мамандық иесі дос және дұшпан ретінде аятқа-аят, сөзбе-сөз Құранды тексергеннен кейін ондағы қасиеттердің адамның сөзінде болмайтындығын мойындаған.

Үшінші жол: Уахидың алғашқы тыңдаушылары болған арабтар Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) идеясын сөзбен қайтаруға көп қажеттіліктері бар еді. Құран оларға: «Иман етпесеңдер лағынетсіңдер, жәһәннамға кіресіңдер. Сендер жасайтын мына үш нәрсенің бірі: Не иман етесіңдер, не соғысасыңдар немесе жандарың мен малдарың қатерде, соғысқа дайын болыңдар!» - дегендей еді.⁵

Исламға кіргеннен кейін дүниені басқарған ол ақылды адамдар ең оңайы және ең күштісі болған қаламмен жауап беру жолын таңдап, ақындары бірнеше сөзбен қарсылық берсе Құран өз дауынан бас тартатын еді. Өздері де заттық және рухани қауіптен құтылатын еді. Алайда, шайқас секілді қорқынышты және ұзақ жолды таңдады. Демек, қаламмен жауап беру мүмкін болмағандықтан қылышпен шайқасқа кірісті.

Құранның ұқсасын жасау үшін дұшпандардың әуесі болғаны секілді еліктеу үшін достарының да талпыны-

⁵Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 384-385 беттер; Ишарат, 106-107 беттер.

сы бар еді. Бұл екі талпыныспен немесе басқа себептермен жазылған жүзмындаған арабша кітаптар бар. Олардың ешбірі Құранға ұқсамайды. Ғалым секілді қарапайым біреу де ұқсамағандығын дереу түсінеді. Олай болса, Құран не бөрінен де төменгі деңгейде. Бұл тіпті, оның дұшпандарының барлығы мойындағанындай мүмкін емес. Немесе бөрінен де жоғарыда.

Бұған мысал алдыңғы бөлімде Құран тәсілінің басты ерекшеліктерін ұсынуға тырысқан едік. Сонда ешқандай сөздің онымен бір арадан, бір деңгейден табылмайтын оның ерекше жоғары қасиеттерінен айтқанбыз. Ол жоғары қасиеттерді бір араға жинау былай тұрсын, олардың ешбірінің де Құран ауқымымен ауқымдаса алмайтындығын түсінген болатынбыз. Бұл да оның (Құран) бұ дүниеден болмағандығынан еді.

Құраннан мұғжиз болған бөлім қысқа да болса бір сүре. Құран алғаш жекпе-жекке шақырғанда өзі секілді бір сөз айтуларын (Тур, 33-34) немесе шығарылған хикаялардан құралса да он сүре (Һуд, 13-14) кетірулерін, еш болмағанда бір сүре келтірулерін (Юнус, 38; Бақара, 23) қаласа да, әр мәртесінде де алдындағыларының әлсіздіктері арқасында да айғарылып ашық тұрды. Мұнан түсінікті болғаны мұғжиз болғанның ең аз мөлшері бір сүре. Әйтпесе, Мұғтәзиләның айтқанындай не Құранның барлығы; не болмаса кейбіреулердің айтқанындай сүреден аз болса да «Құран» дей алатын мөлшер мұғжиз емес.

2) МАЗМҰНЫНЫҢ БАЙЛЫҒЫ (ЖӘМИЙЕТІ)

Иғجاز ауқымды түрде көрініс тапқан бір саты да, Құранның теңіне кездестірмейтін жәмиyetі. Бұл сөзіндегі, мағынасындағы, іліміндегі, тақырыптарындағы және тәсілдеріндегі жәмиyet болып бес бөлімге бөлінді.

а) Сөзіндегі жәмиһеті:

Құранның сөздері ерекше бір тәсілмен орналасқаны сонша, әр сөзінің, әр сөйлемінің, әр әрпінің, тіпті, кейде бір сүкунның түрлі тұстары болады да, әр тыңдаушысына өзге терезелерден үлесін береді. Мысалы:

﴿لِئَلَّا تُفَكَّرَ فِيهِ﴾ (Йәсин, 38)* сөйлеміндегі (لِئَلَّا) әрпі араб тілінде иеленуді, қатынасуды білдіретіндей, кейде (فِيهِ) (ө, а күйі жөнелу жағдайы), кейде (فِي) (де, да күйі, табылу жағдайы) мағыналарында қолданыла алады. Өйткені, *мұстақарр*, әрі мекен, әрі уақыттың аты ретінде орналасқан жері немесе орналасқан уақыты мағыналарының біріне келеді.

Халық аят кәримәдағы *لِئَلَّا تُفَكَّرَ فِيهِ* сөзін, (أَلِي مُسْتَقَرًّا) (өзі орналасатын жеріне) мағынасында түсініп, күннің күндердің бірінде саяхатын аяқтап, өз жеріне жетеді деп түсінеді. Аллах Тағаланың күнмен байланысты қылған үлкен нығметтерін ойлап, Оған шүкіршілік етіп, ұлықтайды.

Бір ғалым болса (أَلِي) мағынасында түсініп, бірақ, күнді жалғыз бір шам емес, бұдан басқа көктем және жаз тоқыма станогында тоқылған Раббыға тән тоқыманың бір шөлгірі, күндіз бен түн парақтарында жазылған құдайы хаттардың сиясы және нұрдан сия сауытын көз алдына келтіріп, күннің көрінген қозғалысының әлемдегі жүйенің, тәртіптің белгісі болып, ол жүйені нұсқағандығын ойлап ұлы Жаратушының өнерінің алдында: «Не деген әдемі және нәзік жүйе! Машааллаһ!» - деп сәждеге барады.

Астрономия маманына (فِي) мағынасында мынадай шабыт береді: Күн өз орталығында және соның айналасында серіппе секілді қозғалатын жүйесін Аллаһтың әмірімен қозғалтады. Ол да осылайша үлкен бір сағатты жасап, басқарған Жа-

* Күн де өз тұрағына қарай жүзіп барады.

ратушы Аллаһтың бұл орасан істерінің алдында «Ұлылық Аллаһқа төн!» деп пәлсәпәні лақтырып, Құранның хикметіне үңіле бастайды.

Шешендік пен ақындық жаратылысы бар біреуге бұл аят кәрімә мынаны сілтейді: «Күн – жарқыраған бір ағаш. Планеталары - қозғалушы жемістері. Бірақ, жемістері түспесін деп өзі де қозғалатын бір ағаш». Яки күн - шаттанып зікір салушы имам. Зікір алқасының ортасында шаттанып зікір етеді және зікір еттіреді.

Бұл жерде: «Құранның барлық осы мағыналарды мақсат еткенін және оларға нұсқағандығын қайдан біле аламыз?» – деген сұрақ тууы мүмкін. Оған жауап мынадай: Құран - қияметке дейін әр түрлі қатар халінде арт-артына тізілген адамзат саптарына үндеген иләһи бір жол көрсетуші. Әлбетте түрлі түсінік деңгейлеріне қарай көптеген мағыналарды қамтиды, әрі сол мағыналарды мақсат тұтады. Тәфсир, ұсулүддин және ұсулүл-фиқх ғалымдарының бір ауыздан келісіу және келіспеушіліктері дәлелденгендей арабшаға және діннің негіздеріне сай болу шартымен шешендікте мақұлданған барлық жақтар мен мағыналар Құранның мағыналарынан болады. Ол мағыналарға дәрежелеріне қарай Құран бірнеше белгі қойған. Мағынамен байланысты болған белгі не келесі сөз, не алдыңғы сөзден шығады. Немесе басқа бір аятта сол мағынаға нұсқаған белгі болады. Біз білетін мыңдаған томдық тәпсірлердің мазмұндары осы жәмийеттің дәлелдері еді.

ә) *Мағынасындағы жәмийет:*

Құран аят кәримелері жақсы мінез-құлықтың әр түрін, әлемдегі жоғарғы хикметтің басты қадірлі заңдарын, адамзаттың әрі жекелік әрі қоғамдық өмірінің пайдалы басты принциптерін иләһи мәліметтердің каталогтарын, шешендіктің әр түрлі тәсілін, табиғи ілімдердің түйіндерін

және негізгі принциптерін, ішкі жан дүние мен рухани өмірдің әр түрлі дәрежелерін қамтыған және осыншалықты түрлі, бір-бірінен кереғар мәселелерді қолға алумен кез-келген бір шатасушылыққа, тұрақсыздыққа жол бермеуі – орасан зор иғжаз жүесінің жұмысы болуы мүмкін.

Ия, адам және адамның міндеті, әлем және әлемді Жаратқанның, көктердің және жердің, дүние мен ахиреттің, өткен мен келешектің, басы да жоқ, аяғы да жоқ жалпы мәселерін қамтумен бірге, жеу, жату, сөйлесу әдебінен, адамның қабірге кіруінен, ол жерде кездестіретін жағдайлардан, жәннәт пен жәһәннамның тұрғындарынан, жаратылыстың басталуындағы көктердің тұман болуынан, әр жандының судан жаратылуынан, дүниенің сынақ үшін ашылып-жабылуынан, әлемнің денелерінің шексіз кеңістікке таралып қияметтің қопарылуына дейін адамзат тарихында да болса; Хазіреті Адамның денесінің жаратылып, періштелердің оған сәжде етуінен, екі ұлының ұрысынан, Нұх топанынан, Перғауынның суға тұншығуына дейін, көктердің және жердің біртұтас (*ретк*) күйінде болғаннан кейін айырылуынан, әлемнің кеңейтілуіне және олардың қияметте Құдайдың құдіретімен түрлілуіне дейін, әр адамның саусақ ұштарындағы өзгешеліктен, өлгеннен кейін қайтадан сол түрде жаратылуына дейін... нелер туралы айтылуда.⁶

Өйткені, Құран исми ағзамның (Аллаһтың ең ұлы есімі) және Оның әр есімнің ұлы мәртебедегі көрінісінен келуде және барлық болмысты қамтығанының өзімен әлемге сыймауда. Мұны бір дәрежедей түсіну үшін ең бірінші ойға келетін мына аят кәрімәлардағы түрлілікке қараңыз:

«Бір Аллаһтан басқа Құдай жоқ, Ол мәңгі тірі әрі күллі болмыстың меңгерушісі. Ол қалғымайды, ұйықтамайды; көк пен жердегінің баршасы Аллаһқа тән. Оның құзырында

⁶ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 141 - бет.

кім Оның рұхсатынсыз біреуге шапағат қыла алады? Аллаһ олардың алдындағы (фәни дүниедегі) істерін де, артындағы (бақидағы) істерінде біліп тұрады. Олар (Аллаһ қалағандардан тыс) Аллаһтың білімінен ешнәрсені аңғара алмайды. Аллаһтың күрсісі (білімі, әкімшілігі) көк пен жерді түгел қамтиды, көк пен жерді қорғау Оған ауыр келмейді, Ол бәрінен жоғары, бәрінен ұлы» (Бақара, 225).

«Шынында Раббыларың болған Аллаһ көк пен жерді алты күнде жаратты, онан соң аршқа үкім жүргізді. Ол түнмен (оның қараңғылығымен) күндізді жапты, түн мен күндізді бірін-бірі қуалайтын (алма-кезек ауысатын) етті. Естерінде болсын, жарату, әмір-жарлық түсіру Оған тән. Барша әлемнің Раббы Аллаһтың дәрежесі ерек жоғары» (Ағраф, 54).

«Ғайып қазынасының кілті Аллаһта. Оны Аллаһтың өзі ғана біледі, құрлықтағы, теңіздегі нәрселердің барлығын (Аллаһ) біледі. Тәгілген жапырақтың Аллаһ білмейтін бірде-бірі жоқ. Қараңғы жер астына көміліп қалған бір тал дәнек болсын, қураған немесе жас өсімдік болсын, барлығы да кітапта (ләухүл махфузда) жазулы» (Әнғам, 59).

«(Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: “Мүліктің иесі болған, ей, Аллаһ! Қалаған адамыңа мүлік бағыштайсың, қалаған адамыңнан мүлікті аласың. Қалағаныңды әзиз, қалағаныңды қор қыласың. Барлық жақсылықтың кілті өз қолыңда. Расында барлық нәрсеге құдыретің жетеді. Түнді күндізге, күндізді түнге кіріктіресің (сонымен күндіз бен түннің ұзын-қысқалығы маусымдар бойынша кезектесіп тұрады), сондай-ақ өліден тіріні, тіріден өліні шығарасың, қалаған адамыңа есепсіз ризық бересің» (Әли Имран, 26-27).

«Дәндерді, ұрықтарды жарып көктетуші нағызында Аллаһ. Өліден тіріні шығаратын, тіріден өліні шығаратын да Аллаһ. Ендеше қалайша қыңырлыққа басасындар? Қараңғыны жарып, таң атқызушы – Аллаһ. Ол дамылдауға түнді, уақыт есептеуге ай мен күнді жаратты. Міне бұлар –

бәрінен үстем, бәрін білгіш Аллаһтың (өлшеулі) орналастыруы» (Әнғам, 95-96).

«Сендерді жаратып, (өлген соң) тірілту тек бір адамды жаратып, қайтадан тірілтудей ғана. Аллаһ расында естіп те, көріп те тұрушы» (Лұқман, 28).

«Рас, біз аманатты (парыздарды, шарифатқа) көк пен жерге, тауларға ұсындық. Олар оны үддесіне алудан бас тартты, одан қорықты. Оны адам баласы үддесіне алды – адам баласы тым залым және топас қой» (Ахзаб, 72).

«Олар Аллаһты нақ мәнінде тани алмады. Қиямет күні жалпақ жер бүкілдей оның уысында болады, ал аспан әлемі оның оң қолында бүктетіледі. Аллаһ олардың (мүшриктердің) қосқан ортағынан пәк те жоғары» (Зүмәр, 67).

«Кезінде Раббың періштелерге: “Мен жер жүзінде (Өмірлерімді орындап, Менің атымнан іс жүргізетін) бір халифа (адамзат) жаратамын” деген еді» (Бақара, 30).

«Онан соң аспанды жаратуға кірісті, ол бір тұман әлемінде еді. Онан аспан мен жерге: “Ерікті, еріксіз түрде келіңдер (өмірімді орындаңдар)!” деп пәрмен қылды. Ол екеуі: “Ерікті түрде келдік” деп үн қатты» (Фүссиләт, 11).

«Біз расында інсанды жараттық, оның нәпсісінің нені жыбырлағанына (тілейтініне) дейін білеміз. Біз оған күре тамырынан да жақынбыз» (Қаф, 16).

«“Адамзат бізді өздерінің сүйектерін жинай алмайды” деп ойлай ма? Олай емес, оның (ең нәзік) саусақ сүйектерін де құрап қалпына келтіре аламыз» (Қиямет, 3-4).

«Ей, мү’миндер! Өздеріңе тіршілік беретін иманға шақырғаныңда, Аллаһ пен пайғамбардың тіліне кіріңдер. Аллаһтың адамның өзі мен көңілінің арасына дейін киліге алатынын біліңдер. Аллаһтың алдына жиналатындықтарың даусыз» (Әнғал, 24).

«Олар ұлығаусар күнелардан, жиренішті істерден аулақ, кіші-гірім кінелары болса да. Расында Раббыңның кешірімі кең. Ол сендерді жерден жаратқаннан және шешелеріңнің құрсағында жылбысқа жететіндегі кездеріңнен бастап әбден біледі. Сондықтан өздеріңді пәк-кіршіксіз деп есептемеңдер. Ол тақуалық еткендерді де жақсы біледі» (Нәжім, 32).

«Көк пен жер тұтасқан бітеу еді, екеуін бөліп қойдық. Күллі жандыны судан жараттық, көпірлер мұны көрмей ме? Сондай-ақ (Аллаһтың құдіретіне) сенбей ме?» (Әнбиә, 30).

Топаннан кейін: «“Ей, жер, суыңды жұт! Ей, аспан, (жаңбырыңды) сен де тоқтат!” делінді де, су тартылды, іс орындалды» (Һуд, 44).

«Ей, мү’миндер! Қолдарыңдағы құлдарың мен күңдерің, балиғатқа толмаған балаларың таң намазының алдында толмаған, түсте киімдеріңді шешкен (жататын) кезде, құптан намазынан кейін – осы үш уақытта жандарыңа рұқсат сұрап кірсін. Бұл сендердің (төңдерің ашылып қалатын) ұйятты мезгілдерің» (Нұр, 58).

«Ей, Мү’миндер! Бір қауым бір қауымды (бір топ енді бір топты, бір адам енді бір адамды) тәлкек қылмасын. Бәлкім, тәлкек қылынғандар олардың өздерінен жақсы болуы мүмкін. Сондай-ақ, әйелдер де бірін бірі келемеж қылмасын. Бәлкім, келемежденгендер келемеждеушіден жақсы болуы мүмкін. Біріңе бірің мін тақпаңдар, біріңе бірің жаман ат (лақап) қоймаңдар. Иманнан кейін жаман ат пен шақыру – барыптұрған сұмпайылық. Кім (мұнысына) тәубе қылмаса, оның залым болғаны. Ей, мү’миндер! Көп күмәннан аулақ болыңдар (үй іштеріңе және басқа адамдарға күмәнқор болмаңдар), күмәннің кейбірі расында күнә болады. Біріңді бірің аңдымаңдар, біріңді бірің ғайбаттамаңдар. Іштеріңнен біреулер өлген туысының етін жеуге құштар ма? Әрине, мұны жек көресіңдер. Аллаһтан қорқыңдар. Аллаһ шынында тәубені қабылдаушы, өте мейірімді» (Хұжурат, 11-12).

«Аллаһ көздердің қиянатын және көкіректердің бүккен құпияларын біліп тұрады» (Мүмин, 19).

«Раббыларың адам балаларының белінен олардың нәсілдерін шығарды және оларды өздеріне куә қылып: “Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?” дегенде, олар: “Әрине, біз (бұған) куәміз” деді. (Оларды мойындатуымыз) Қиямет күні: “Біз мұны ұқпаппыз” деп айтпауларың үшін» (Ағраф, 172).

«Күннің нұры өшкен кезде. Жұлдыздар төгілген кезде, Таулар құлаған кезде (...) Тозақ қыздырылған кезде. Жұмақ (имандыларға) жақындатылған кезде, әркім өзінің істеген (жақсы-жаман) істерін біледі» (Тәкуир, 1-14).

«Ол күні талай жүздер нұрланады да, Раббысына қарап тұрады. Ол күні талай жүздер томсарады. Олар өздерінің белі үзіліп, қинау көретініне көз жеткізеді» (Қиямет, 22-23).

Құран аспанының осы нұжумы*, көкте жүйесіз көрінген жұлдыздардың жағдайы секілді. Үстірт қараған белгісіз біреу оларды шашыраңқы деп ойлап қалады. Олардың арасындағы байланыстарды білетін астрономия маманы болса қалайша еш тоқтамайтын, не шатаспайтын бір сағат сияқты жұмыс істеген бір жүйемен жүріп отырып әлемдегі сәйкестікті және теңдікті қамсыздандырғандарын біледі.⁷

Мінеки, Құран және басқа кітаптар! Құран сияқты жәмиетке (жинақылыққа) ие болған басқа кітап бар ма екен? Және осыншалық дәрежеде бытыраңқы тақырыптарды бір-біріне біріктіріп, байлаған кітап табылады ма? Құран бұларды осылайшама баян етеді, ол баян бүкіл әлемді бір сарай секілді басқарған, дүние мен ахиретті екі бөлек секілді ашып жабатын, жер жүзін бақша, көкті болса шамдармен әсемдеген күмбез секілді әшекейлеген және өткен мен келешекті арт-

* Нәжм сөзі (көпше түрі нұжум) араб тілінде жұлдыз мағынасына келуімен қатар, Құранның бөлік-бөлік әрбір түскен тобына да айтылады.

⁷ Сол туынды, 144 - бет.

артынан келген түн мен күндіз секілді көзінің алдында тұрған екі парақ түрінде тамашалаған, ежел мен мәңгілікке, кеше мен бүгін секілді бүкіл іс-әрекеттер тізбегі (оқиғалар мерзімінің) біріккен «қазір» ретінде қараған Аллаһқа (жәллә жәләлүһү) жарасатын жалғыз баян төсілі. Керемет бір ұста соғып, тұрғызған екі үйдің жоспарын және жұмыстарының тізімін жасаса, Құран да осы әлемді жасап, басқарған және істерінің тізбегін жасаған Оның баяны.⁸ Онда ешбір жасанды еңбек көрінбейді. Күндіздің жарығы қалайша «мен күннен келдім» десе, Құран да: «Мен әлемнің Жаратушысының бұйрығымын. Одан келдім» дейді. Бұл баянның ұқсасын жасау кімнің қолынан келмек? Оған ие болу кімнің қолында?

Мазмұнының байлығы және осы мазмұнның көптеген элементтері арасында сәйкестік құру жағынан Құранның ең жоғарғын иғжаз дәрежесінде болғандығы мына мысалмен түсіндіруге болады. Кең бір ғайб пердесінің артында жасырынған, айналасына бұтағын жайған орасан үлкен ағашты елестетейік. Бізге мәлім, әрадамның мүшелерінің арасында байланыс пен сәйкестіктің бар болғанындай ағаштың да мүшелері саналатын талдары, жапырақтары, гүлдері және жемістерінің арасында сәйкестік бар; әрбір бөлігі ол ағаштың мәніне қарай түр алады. Міне, еш көрінбеген (және әлі көрінбейді) ол ағашқа тиісті бірі шықса, перденің үстінде оның әрбір мүшесіне қарсы сурет сызса, шеттерін сызса, талдан жеміске, жемістен жапыраққа сәйкестендіріп сурет сызса және бір-бірінен шексіз алшақтықта болған мәбде мен мұнтәһасының (басы мен соңының) ортасында, мүшелерінің басқа түрі мен бейнесін көрсететін лайықты сызықтармен суреті бітсе, әлбетте ол суретші сол ғайб ағаштың әр тарапын ғайбты көрген назарыменен көріп, аңғарып, кейіннен суреттеуіне күмән қалмайды. Дәл осы секілді баяны мұғжиз болған Құранның өзі болмыстардың мәндері туралы баяндауда.

⁸ Сол туынды, 416 - бет.

Мұны жасарда, әлемнің басталуынан бастап, анау ахиреттің ең ақырына дейін ұзарған жаратылыс ағашына қатысты мәлімет берерде, әрбір бөлікке, мүше мен жеміске сондай лайықты бейне бергені сонша, бүкіл зерттеуші мамандарға «Машааллаһ, әлемнің жұмбағын тапқан жалғыз сен екенсің, ей, Құран Кәрім!» - деген екен.⁹

Аллаһтың сипат, есім және іс-әрекеттерінен ең кішкентай бір әдептілік қағидасына дейін Құранның өз сәйкестігін сақтауына жалпы дәлел, Құранның аят кәрімеларынан және нұсқауларынан шыққан ұлы Исламның шариятындағы кемелді жүйе мен тепе-теңдік еді.

Алайда адамзат туындылары адамзаттың ең күшті ақылдарынан шыққан пікірлердің нәтижелері болса да, бұл үлкен шындық ағашының тек бір-екі талына жабысып, оның тек жемісі немесе жапырағымен әуреленеді. Басқасынан не хабары жоқ, немесе қарамайды. Ия, абсолютті ақиқат шектеулі назарлармен аңғарылмайды. Аңғару үшін Құрандыкі секілді жалпы назар қажет. Құраннан сабақ алғандардың өзі азғана ақылдарымен бүтін ақиқаттың тек бір-екі жағын толық көріп онымен айналысады. Немесе асыра сілтеушілікпен не шегіне жетпеумен ақиқаттар арасындағы болуы керек тепе-теңдікті бұзады. Мысалы: Әр-түрлі асыл тастармен толы бір қазба байлықтың теңізге түскендігін және сүңгуіршілердің ол қазынаны іздегендерін елестетейік. Сүңгуіршілердің көздері жабық болғанда бірінің қолына ұзындау бір алмас тигенде қазынаның алмастардан тұратындығына үкім беріп; достарынан да басқа асыл тастардың болғандығын естігенде, өзінің тапқан алмасының өзгеше түрден және қырлы өрнекті жүзіктен тұратындығын ойлайды. Сүңгуіршілердің бірінің қолына домалақ бір лағыл (рубин), бірінің қолына янтар бөлшегі т.б тиеді. Әрқайсысы қолымен ұстаған гауһарды ол қазынаның бастысы, қалғандарын да ұсақ-түйегі деп ой-

⁹ Сол туынды, 146, 458, 462 - беттер.

лайды; олай болғанда да ақиқаттардың теңдігі бұзылады. Көптеген ақиқаттың нағыз таза реңін көру үшін жобалаулар мен қиындықтарға шыдауға мәжбүр қалады. Кейде тіптен қарсы шығуға дейін барады. Құранның аят кәрімелары да ол теңіз ішіндегі қазыналардың сүңгуірі. Бірақ, көздері ашық болғандықтан ол қазынаның әрбір жағын игеріп, не бар, не жоқ екенін көреді. Ол қазынаны осылайша тепе-теңдігімен суреттейді. Шындықтарды Құраннан дәріс алса да көп құдайшыл пәлсәпәшілердің, Мұғтәзиланың, сондай-ақ, сүннеттің таразыларымен ғана тартпай тек көрегенділік пен аянға сүйеген сопылықтың кітаптарын назар аударып оқығандар осы үкімді бекітеді. Сүннетке мойынсұнбай мәселелердің тереңдігіне батқан және жарты жолдан қайтып, бірнеше сектаның басы болған адасқан мәзһәбтардың имамдары ақиқаттардың арасында теңдікті құра алмағандықтарынан бір топ мұсылмандарды жаңылыс жолдарға түсірген. Міне олардың осы әлсіздіктері Құранның иғжазын көрсетеді.

Кейбіреулері Құранның әлем туралы пән білімдері сияқты айтпағандығын, оның да кейбір жақтарға аса назар аударғанын алға тарта алады. Бұған берілетін жауап мынау:

Уахидан бастау алмайтына да мазһабтардың көзқарас болмыстың мөңдерін және ерекшеліктерін нақтылап түсіндіреді. Бірақ, олар Жаратушыларына деген міндеттерін түк аузына алмайды. Барлығы дерлік әлем кітабының тек нақыштары мен әріптерінен баяндайды. Ал, мағынасына мән бермейді. Құран болса, дүниеге «өткінші, алдаушы, тұрақсыз» деп қарайды. Болмыстың заттық мөңдерінен, ерекшеліктерінен қысқаша сөз етеді. Бірақ, Жаратушының оларға берген міндеттерінен, Оған дәлелдерінен және Оған деген жағдайларынан егжей-тегжейлі түрде баяндайды. Қалайша қолымыздағы (секунд пен минут көрсеткіші болмаған) сағат сыртқы көріністе еш қозғалыссыз көрінсе де, ішіндегі шарықтарында үздіксіз әрекет бар. Илһми құдіреттің үлкен сағаты болған дүние де сырттай тұрақты көрінсе де зауалға қарай дөңгелеп, ауып

барады. Уақыт деген мезгіл араға кіргеннен бастап түн мен күндіз ол үлкен сағаттың секундтары, жылдар минуттары, ғасырлар болса сағаттары үкімінде болады. Бұдан басқа мекен жағынанда әлемде бір өзгеру бар. Мінеки, дүние негізінде аққан су секілді ағып жатса да ғапылдықпен қатып қалған, табиғатшылдық пікірімен тығыздалған күйі лайға ие болып ахиретке перде болған. Адасқан пәлсәпә табиғат пікірімен қоса думаншыл мәдениеттің көрікті және қызықты элементтерімен дүниенің күңгірттігін арттырып, ғапылдықты қалыңдатып, Жаратушыны және ахиретті ұмыттырады. Құран болса: *القارعة ما القارعة* «Үрейлі уақиға (қиямет). Үрейлі уақиға деген не?» деген секілді аят кәрімеларымен қияметті қопару арқылы дүниені түтілген мақта секілді шашып тастайды. «Көк пен жер тұтасқан біреу еді, екеуін бөліп қойдық. Күллі жандыны судан жараттық, көпірлер мұны көрмей ме? Сондай-ақ (Аллаһтың құдіретіне) сенбей ме?» (Әнбия, 30) деген секілді баяндарымен дүниеге мөлдір танымын ұсынып лайлығын кетіреді. «Дүние тіршілігі тек ойын-күлкі, алданыш қана» (Анкәбут, 64) деген секілді ескертулерімен мұз қатқан дүние өмірін ерітеді. «Аспан жарылған кезде, жұлдыздар саудырап төгілген кезде, теңіздер бір-біріне қосылған кезде, қабірлер асты-үстіне аударылған (өліктер тірілген) кезде, әркім өзінің ілгерінді-кейінді нелерді істегенін біледі» (Инфитар, 1-5) деген секілді баяндарымен дүниенің қиялдағы мәңгілігінің парша-паршасын шығарады. «Сендер қайда болсаңдар, Аллаһ сендермен бірге» (Хадид, 4). «Барлық мадақ хамд Аллаһқа. Аллаһ сендерге нышандарын көрсетеді (сонда) оны танисыңдар. Раббыларың істеген істеріңнен хабарсыз емес» де» (Нәміл, 93) деген секілді көктің күркіреуі сияқты қорқынышты да айбынды айқайларымен табиғатшылдық пікірін (тек табиғат құбылыстарына сену) тудырған ғапылдықты таратады.¹⁰

Демек Құран, әлемнің Жаратушы назарындағы айқын

¹⁰ Сол туынды, 457-458 беттер.

мәнін, шындық және динамикалық күйін, мағынасын аша баяндайды. Материалистік көзқарас болса, Хақ жаратқан ұлы әлемнің әріптерін, нақыштарын сөз етіп, қиял мен статикалық (елесіне) дүние танымына қарай жүріп, мағынасыз нәрселермен уақытты бос өткізуге апарады.

3) ҚАМТЫҒАН НЕГІЗДЕРІНІҢ АДАМЗАТҚА ЖЕТКІЛІКТІ БОЛУЫ

Қазіргі таңдағы адамзаттың қолында жобамен айтқанда отызмиллиондай кітапбар. Бұлардың қайсысы қайсыларынан жоғары, нақтырақ, әдемірек және кең ауқымды қамтыған деген сұрақ алдында адамзат өркениетінің белгілі, басты бөлігін зерттеген әділетті бір адамды ойлайық. Ол адамзатқа терең әсер қалдырған дін кітаптарынан табады, мәселен, Таурат, Інжілдер, Авеста, Үнді кітаптары, Конфуций жазбаларды тапса, әдебиет кітаптарынан, мәселен Гомер, Шекспир, Молиер, Данте, Толстой, Тагор т.б. ғылыми-философиялық кітаптарда, ал, ойшылдардың кітаптарынан Платонның “Жумхуриеті”, Сократтың Диалогтары, Аристотель, Декарт, Кант, Гегель, Дарвин, Эйнштейн, Фрейд, Маркс т.б. кітаптарын кездестіреді (Мұсылман ғалымдарының кітаптарының Құраннан бастау алғаны үшін әдейі айтпай тұрмыз. Себебі, біз Құранды танымайтын бір адамды мысалға келтіруіміз үшін).

Ол діндердің киелі кітаптарының кейбіреулерінде тіршілік үшін жұмыс істеуді және байлықты жамандау, ақылға мән бермеу, қалауларға қарсы шығумен енжарлыққа апарып соқтыру т.б түрлерінде жаратылысқа кереғар жақтарын табады. Қоғам үшін жеке басты өлтірген тарихи материализм мифтерді үйреткен кітаптарды көреді. Уақыттың өтуімен ескірген ғылыми-ой кітаптарына тап болады. Осы күннің бір университет студенті медицинаны Гипократтан, геометрияны Оклиттен, астрономияны Коперниктен көп білуде. Тіпті,

ғылыми еңбектерге қарағанда өшпестей болған әдеби және мінез-құлықтық кітаптардан да жарығы мен оты өшкендерді көреді.

Ал, егер ол студент оларды тастап Құранға қараса, нені табатын еді? Нақтырақ айтатын болсақ, әр алаңда адамзатты көтеретін негізгі принциптерді қамтығандығын көретін еді. Бүкіл кітаптар ішінде жеке тұлға мен қоғам, рух пен дене өмірін кемелді түрде реттеген принциптерді тек Құранның қамтығандығын көретін еді.¹¹ Құран, адамзаттың жер жүзіндегі қысқа өмірі үшін керекті рухани, қоғамдық, мінез-құлықтық, басқарушылық және экономикалық негіздерге ие болғандығы секілді келешектегі ахирет өміріне қатысты негіздерді де қамтуда. Тіпті, бұл негіздерді толықтай ашықтаумен қатар, оларды он төрт сөзден ғана тұратын ең қысқа сүрелердің өзінде (Аср сүресінде) толықтай жинақтауы Құранның сирек қасиеттерінің бірі. Мәселен, «Заманмен серт: Иман келтіріп, ізгі істер істеген, бір-біріне ақиқатты, сабыр-тақатты өсиеттеген адамдардан басқаның барлығы зиян тартады» (Аср, 1-3).

Адамға өзінің және өзге болмыстардың кім және не екендіктерін, міндеттерін және алдағы нәрселерін білдірген, осылайша аяғын жерге нық басуына кепілдік берген, топырақты аяғының астына қойып, таюдан құтқарған, қорыта айтқанда әр нәрсені орны-орнына қойған жалғыз Аллаһқа иман келтіреді. Одан кейін де осы иманнан бастау алған, ол жерде жасаған істерін және сыйлығын тауып, берекетті суларымен қауымды нұрландырған «пайдалы істер» келеді. Бұл пайдалы істерді, ақиқатты тек жеке тұлға ретінде қабылдап өмір сүру жеткілікті емес. Бұл иман және акция (бір мақсатқа жету үшін істелетін әрекет) шындығын бұдан алыста болғандарға да түсіндіру керек. Бірақ бұл шақырудағы

¹¹ Али Тантауи, «Назарат фил-Құрани-л Кәрим», «әл-Уайул-Ислами», №1-126 8-14 беттер.

хақ пен ақиқатты жеткізу әрқашан оңай жылжымайды. Қиыншылықтарға, сынақтарға толы болады. Сондықтан бұл жағдайда болғандарға болсын, осы дүние деген қонақ үйінде бәле мен ауыртпалықтарға душар болғандарға болсын, сабырмен қайралып жарқылдайтындықтарын, жат нәрселерден арылып таза күйге келетіндіктерін, осылайша Аллаһқа лайықты құл, жәннатқа лайықты бір тұрғын болатындықтарын адамдардың бір-бірлеріне айтып, жеткізулері керек. Бұл сүренің лезде және қысқа бір ойлаумен ортаға шыққан осы мазмұны да Имам Шафидің мына сөзін бекітпей ме?: «(Құраннан) басқа ешбір сүре түспесе де, тек осы қысқа сүренің (адамдардың дүние және ахиреттік бақыттарына кепілдігі) өзі-ақ жететін еді. Тек осы сүренің өзі-ақ Құран Кәрімнің барлық ілімдерін өз құшағына алған».

Құран ешбір нәрсені жарым-жартылай қалдырмаған. Бірақ, бұл онда оқушы дәптеріндегі математикалық мәселелердің шешімі, грамматика кітаптарындағы сөйлем талдаулары, түрлі химия мен физика формулалары және тығыздықтары бар деген сөз емес. Былай айталық: Құран сізге бір сандық алма бермейді. Оның орнына жер-жүзіне еніп алма ағашына ие болатын қабілет береді. Физиканың заңдарын тізбектемейді. Бірақ, физиканың заңдарын үйренуге және қолдануға бағыттайды. Бір француз мақаласында: «Балықты сыйға тартқан адамыңды бір күн тойдырарсың. Бірақ, балық аулауды үйреткен адамыңды күн үшін өмір бойы тойдырарсың» - деген. Мінеки, Құран осыған нұсқайды.

Әлемнің сырларын ашу үшін Құран жақсылап ойлануды, ақылға жұмыс істетуді қалайды. Нақты дәлелге мойынсұнуды шарт қылады, әмір және үкімдерінің себептерін мәңгілік бейнеде көрсетеді. Бұрысқа сенуге тиым салады. Қоғамдық заңдарына меңзегеніндей, табиғат заңдарына да меңзейді.

Көптеген ілімнің тақырыбы ретінде тәңірлік туралы

мәліметтер, діни сенім негіздері, ғибадаттың үкімдері, абзал істер мен әдептер, саяси, мәдени және қоғамдық ережелерді қамтуда. Рух тазалығы, жүрек тазалығы, жүректі нәпсінің қалауларынан тыю, ар-ұждан тәрбиесі, дененің саулығы, үй басшылығы, құқық, қарым-қатынас т.б секілді ілімдердің басты принциптерінің кестесі - Құранда. Көптеген жағдайда Құран негізгі принциптерді қойып, бірақ олардан шығарылатын үкімдерді және ол негіздерге құрылатын бөлшектерді ақылға және тәжірибеге тапсырған.

Осындай кітаптың қамтыған ілімдерінің үштен бірінің өзі адамзат деңгейінің өте жетілген қоғамда өмір сүрген ең ақылды адамында да болмайды. Сондықтан ар-ұжданы таза, ынсапты адам бұл кітаптың барлық кезеңдерде, әсіресе, бұдан бұрынғы ғасырларда адамзат тарапынан жазылуының мүмкін еместігін қабылдайды.

Құранның адамзаттың қажеттіліктеріне жеткілікті болуы - әр ғасырда және әр жерде, басқа ешбір дінде және жүйеде кездеспейтін түрде адамдарға туралықты көрсетуі еді.

Құран адамдарды тәрбие жолымен мәбдә мен мә'адтың, дүние мен ахиреттің шындықтарына бұрған. Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға, елшілерге, ахиретке иман тұрғысында шындықты білдіріп, бұрыс сенімдерді жойған.

Адамдарды нәпсілерді тазалайтын, рухтарды қоректендіретін ерікті күшейтетін, әрі тұлғаға, әрі қоғамға пайда келтіретін оңай және қарапайым құлшылықтарға бағыттаған.

Мінез-құлық арнасында адамдарға басты қасиеттерді өмір етіп жамандықтардан тыйған, адамдағы ақыл, шәһуәт және күш жұмсау секілді басты қасиеттердің шегінен шығуына, не тым әлсіз болып қалуына тыйым салып, орташа жол ұстануға бағыттаған.

Сенім жүйесінде болғаны сияқты қоғамдық жүйеде де

адамдарды тәухидқа бағыттап, айырмашылықтарды және өзгешеліктерді белгілі топтардың кейбір құқықты иеленулеріне жол бермей, оларды бір отбасының тең мүшелері санаған. Үстемдіктің жалғыз жолы – Аллаһқа деген тәуелділікте еді.

Абсолютті әлідет пен теңдікті орнатып, еңбектің ақысын хақ қабылдау арқылы, уәдеге адалдық, қарым-қатынастарда адамгершілік қағидаларына бағынуды әмір етіп, зұлымдық қылу, қиянат, алдау және нақақ жолдармен пайда табу, пара беру, өсім алу, дін мен бұрыс сенім саудасын жасау секілді жан-жан істерді тиган.

Ысрапты жойып, үнемшіл болуды, сондай-ақ, малды қорғауды, адал табысты әмір етумен экономикалық реформаны жүзеге асырған. Ақыл мен пікірлерді еркіндікке қауыштырып, әсіресе дін тұрғысында зорлық-зомбылықты тиган.¹²

Осыларды білетін адам Исламның қайбір «діндердің біреуі» еместігін, басқа діндермен арасындағы ұқсастығының тек есімде болғандығын түсінеді. Мысалы: Басқа діндерің түп нұсқаларындағы бірдей болған сенім жүйесін алайық. Ислам менәһудилікті және христиандықты салыстырайық. Құранның қандай мәселелерде оларды жоққа шығарғанын қарастырайық. Сөйтсек, олардың арасында айырмашылықтардың өте көп болғандығын көреміз. Сонымен бірге «сенім негіздерінде Құран оларды қайталаған» деген пікірдің негізсіз, керісінше, оның бір қазы ретінде басқару жағдайында екендігін түсінеміз.¹³

Бұл жерде кейбіреулердің ойына: «Құран түрлі ғылымдардан кейбір түйіндерді (қорытындылар) алған. Бір кісінің тек басты мазмұндарды білуімен ол ерекше саналмайды?»¹⁴ - деген ойдың келуі әбден мүмкін. Бұл күмәнді былайша қайтаруға болады. Құрандағы қорытындылар кездейсоқ

¹² Зәрқани, Мәнәхил, II, 351-352 беттер.

¹³ Сол туынды, II, 343-351 беттер.

¹⁴ Б. Сайд Нұрси, Ишарат, 98 - бет; Сөздер, 425 - бет.

түйіндер емес. Ол тек толық нақтылықпен лайықты бір орында және бір жерде естілмеген көптеген белгілерді қамти отырып қолданылған әрі тұқым секілді егілетін қорытындылар. Мұндай нәтижелер толық бір мамандық пен қабілеттіліктен кейін ортаға шыға алатыны соншалық, әрбір түйін тиісті пәннің немесе ілімнің қорытындысы үкімінде болады. Демек, бұлардың барлығы бір ғана кісіден табыла қоймайды.

Енді мына төмендегі ережелерге мән берелік:

1) Бір кісі көптеген пәндердің маманы бола алмайды.

2) Екі бөлек кісінің айтқан бірдей мәндегі сөзі жағдайларына қарай екі бөлек үкім алуы әбден мүмкін. Яғни, біреуінің ойына алтын, ал, екіншісінің көзінде көмірдің ұнтағы болуы мүмкін.

3) Пәндер – пікірлердің бірлесуімен пайда болып, уақыттың өтуімен дами береді. Әйтпесе, бір кемеңгердің өзі кенеттен бір пәнді ойлап тапқанымен, оны дамытуға күші жетпейді. Ол пән өсіп жатқан бір бала секілді соңғылардың дамытуымен біртіндеп пісіп жетіледі.

4) Бұрынғылардың тек ойлағандары мен қиялдағандары болған кейбір күрделі мәселелер, қазіргі замандағылардың әдеттегі мәселелеріне айналған.

5) Өткен заман қазіргімен салыстырылмайды, араларында көп айырмашылықтар бар, үкімдері өзгеше.

6) Шәлейт жердің тұрғындары ақ көңіл және қарапайым адам болғандықтарынан, қазіргі таңның адамдарының мәдениет пен нәзіктік пердесінің астында жасыра алатын қулық-сұмдықтарын білмейді. Жасыра да алмайды. Олардың әр істері ерлік еді. Жүректері мен тілдері бір еді.

7) Көптеген ғылым мен пәндер әдеттердің ықпалымен, тәжірибелердің артуымен үйретілуімен және ортаның жәрдемімен шығады. Алайда, Құранның мұндай тәжірибе-

лермен анықталмайтын көптеген тұстары бар.

8) Адамзаттың табиғи өмірі болатыны секілді жасаған заңдардың да табиғи бір өмірі бар. Құранның үкімдерін заман ескірте алмаса, бұл оның иләһи болуынан еді.

Мінеки, осы қарсылық жасалмайтын нақты ережелерді ақылға жақсылап орналастырып, қазіргі кезеңдегі адамдардың армандары мен қиялдарынан, қоршаған ортаның шүбәсі мен аңыздарынан (теріс нанымдарынан) сыдырылып, осы ғасырдың жағалауынан сүңгіп кіріп, осыдан он төрт ғасыр бұрынғы адамдардың жайымен Хижазға барып, Меккенің михрабынан және Мединаның мінберінен Құран тындаса мәселе өте әдемі түрде түсінікті болар еді.

4) ҒАЙБ ХАБАРЛАРЫН ҚАМТУЫ

Құран Кәрім Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) секілді кісінің білуі мүмкін емес жағдайларды білдіргендіктен, Алләмүл ғүюбтан (барлық жасырын халдерді білгеннен) келгендігін көрсеткен. Құранның ғайбтан хабар беруін екіге бөлуге болады.

а) Өткен шаққа қатысты ғайбтық жағдайларды білдіруі.

Құран сауатсыз қауым ішінде жетілген үмми (оқу-жазу білмейтін) бір кісінің тілімен, Хазіреті Адамнан бақыттылық ғасырына дейінгі көптеген Пайғамбарлардың үмбеттерімен, олардың араларында өткен түрлі оқиғаларды қамтиды. Олардың едәуір бөлігінің Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) өлкесінде бұрын белгілі болмағаны анық. Шын мәнінде Құран, Хазіреті Мәриямның туу қиссасы (Әли Имран, 44) мен Хазіреті Юсуфтың қиссасынан (Юсуф, 102) кейін, ол жердегі түсіндірілген оқиғалардың ғайб екендігін білдіргеніндей Хазіреті Нұх қиссасының артынан: «(Ей, Мұхаммед!) Міне бұлар - ғайып әңгімелері, мұны саған уахи етіп отырмыз. Сен

де, қауымың да мұнан бұрын мұны білмеуші едіңдер» (Һуд, 49), - деп ескертеді. Құранның бұл жағдайды мүшрикерге қарсы дәлел ретінде айтуы және олардан ешбір қарсылықтың болмауы да бұл мәселелердің ол төңіректе бұдан бұрын белгілі емес екенін ашық көрсетуде.

Мұсылман еместердің Інжілдердің, әсіресе, Таураттың заманы жағынан бұрын болғандығынан, бұл мәліметтердің олардың алынғандығы жөніндегі жорамалдарының қолдау табатын жағы жоқ. Өйткені, оларда көптеген жағдайда Құрандағы түсіндірулер бар болғанымен, бұрмаланған Таураттың түсіндіруінен кейде аз, кейде көп айырмашылық бар. Бұл айырмашылық болған мәселелерде тарих ғылымы Құрандағы мәліметтердің дұрыстығына куә болуда. Мысалы, доктор Маурисе Букайлле (Maurice Bucaille) «Киелі Кітап, Құран және Білім» деген кітабының 315-354 беттерінде бұл мәселені мысалдармен зерттеп, дәлелдеп көрсеткен. Әлемнің жаратылуы, Нұх топаны, Хазіреті Мұсаның (а.с.) Исраил ұлдарымен бірге Мысырдан шығуы, Мысыр Перғауынының соңғы сәті туралы тақырыптарын егжей-тегжейлі зерттегеннен кейін, ол, жоғарыда айтылған пікірдің ұстанатын дәлелінің жоқтығын көз алдыға жайған. Өйткені, көптеген мәліметтер Таурат немесе Інжілдерде орын алса да Құранда орын алмаған. Керісінше, оларда болмаған кейбір белгілер Құранда білдірген. Қиссалардың ол кітаптардағы түріне қатты қарсылықтар болғанымен, Құрандағы нақылды жоққа шығаратын ешқандай қарсылық туылмады. Бұл да оның (Құран) Аллаһ тарапынан уахи етілгендігін көрсетуде.

Әрі Құран бұрындары өтіп кеткен жағдайларды көз алдыда болғандай етіп түсіндіруде. Өйткені, ол ұзақ бір оқиғаның ең маңызды түйіні мен жанын алға тартып, өз мақсатына кіріспе жасайды. Демек, Құрандағы бұл қортындылар ол – бұрынғы оқиғаларды осылайша түйіндеп, барлық өткенді

бүкіл жақтарымен көреді. Өйткені, бір кісінің кез келген бір салада маман болуы түйіндейтін кейбір үкім және пайдалануларымен түсінікті болады.

ә) Болашаққа тиісті ғайб хабарлары.

Құранның түскен уақытына қарағанда болашақта іске асатын ғайб хабарларынан әркім түсіне алатындарының өзі да үлкен орын алады. Хабары берілген жағдайлардың нақты жүзеге асуы Құранның әлемді басқарған және бүкіл кезеңдерді қамтыған Заттың (Аллаһ) бұйрығы болғандығын көрсетеді. Өйткені, адамзаттың көзқарасы болашаққа ықпал етпейді. Өте күшті қарсылықтарға тап болған ең кішкентай бір қателігі себебімен дін жаю ісінде жеңіске ұшырау ықтималы болған Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) тілінен кішкентай да күмән сезінбестен, толық бір сенімділікпен бірталай оқиғалардың болатындығын білдіруі оның Аллаһтан үйреніп, жеткізгендігін дәлелдейді.

Құран елшіліктің алғашқы жылдарында (миләди, 614), Сасанилерден енді орынан тік тұруы мүмкін еместей болып ойсырай жеңілген Византиялықтардың таяу арада оларды жеңетіндіктерін білдірген және жеті жылдан кейін бұл жеңіс жүзеге асқан. (Рум сүресі, 1-5). Мұндағы 4 - аят кәрімә осы жеңіс болар кезде мү'миндердің де мүшрикерге қарсы жеңіске жететіндерін білдірумен, себептер әлемінде еш болжамы жасалынбайтын Бәдір жеңісінен де хабар берген.¹⁵

Айналасы дұшпандармен, ұйымдасқан қастандықтарға толы, бейне бір үнемі соғыста болған (және Хазіреті Әлидің айтумен) шайқастың қызған кездерінде мұсылманды паналаған Расулұллаһ (с.а.у.) «Аллаһ сені адамдардың қастандығынан сақтайды» (Мәйдә, 67) - деген кепілдігімен сүйіншіленген. Бұл хабарды және бұл кепілдікті Аллаһтан басқа кім бере алады?

¹⁵ Зәрқани, Мөнәхил, II, 369 - бет.

Құран, мәтінінің кемшіліксіз сақталатындығынан және ұласатындығынан хабар берген (Хижр, 10). Сауатсыз бір қауымдағы 600 парақтық осы ұзақ мәтін 1400 жыл бұрын бір сөйлемі де кемсітілместен және бір сөйлем де қосылмастан халық ішінде Хақтың дәлелі ретінде қалған. Алайда, бұл үш жүз жыл бұрынғы мәтіндердің өзіне қаншама күмөндар айтылуда.

Исламның жеңісті болатындығын (Нұр, 55) білдірген. Бұл кезде Мәдина қаласында бүкіл дүниенің дұшпандығын тартатын және материалдық жағынан олардың алдында еш нәрсеге тұрмайтындай бір топ мұсылман отыз жыл өтпестен Исламның туын бір жағынан Испанияға, екінші жағынан Үндістанға тіккен.

Мекки болған (яғни, пайғамбарымызға (с.а.у.) Мекке дәуірінде түскен) Қамар сүресінде, әлі үш-бес мұсылман бар кезде және олардың соңы не болары белгісіз кезде, алдағы уақытта мүшриктермен соғыс болатындығы - демек мұсылмандардың санының артатындығы - сонымен бірге ширк ордасының ойсырай жеңілетіндігінен (Қамар, 45) хабар берген және бұл, алғаш Бәдірде жүзеге асқан.

Исламның жеңіспен Меккені алатындығын және тағы басқа ғайб хабарларды Фәтх сүресі өз ішіне алған (Фәтх, 27 және 16).

Мұсылмандардың арасында тартыс пен соғыс болатындығын білдірген (Әнғам, 65) және бұл сахабалар кезеңінің өзінде-ақ іске асқан.

Хазіреті Мұсаны (а.с.) қуып жүріп тұншыққан Перғауынның денесінің сақталатындығын білдірген (Юнус, 92). Тәуратта жоқ, Құранға бар бұл хабар Құранның түскенінен он төрт ғасыр кейін ашылған.¹⁶

¹⁶ Маурицио Букаилле, Қасиетті кітап, Құран және білім, 350 - бет.

5) ҚҰРАННЫҢ ҮНЕМІ ЖАҢА БОЛУЫ

Құран барлық ғасырлардағы, әр деңгейдегі адамдарға бағытталған мәңгілік үндеу болғандықтан да, әр ғасырда жаңадан түскендей, әрдайым жаңа болуы керек еді. Сондықтан да ол адамдардың еңбектері мен заңдары секілді ескірмейді. Құранның үкімдері сондай тұрақты әрі тамырлы болғаны соншалық, ғасырлар өткен сайын ол тамырын одан ары тереңге жайып, қуаттана түсуде.

Өзіне тым сенген және Құранға қарсы істерден құлағын басқан осы ғасырдың әһли кітап пен зиялылары! Құранның «Ия әһләл-Китаб», «Ей, Әһли-Китаб!» деген тәрбиелік мәні тым үстем болған үндеуіне сондай мұқтаж болғаны сонша, әһли Кітаппен бірге әһли мектепті, яғни, оқымыстыларды да қамтиды. «Ей, кітап иелері! Не үшін ақ пен қараны шатастырып, біле тұра ақиқатты (Мұхаммедтің Таураттағы сипаттарын) жасырасындар?» (Әли Имран, 71) немесе «“Ей, кітап иелері (яһудилер мен насаралар)! Сендер және біздер болып мынадай ортақ бір ауыздылыққа келейік: Бір Аллаһқа ғана құлшылық етейік, оған ешқандай ортақ қоспайық, Аллаһтан тыс бір-бірімізді төңір тұтпалық” деп айт» (Әли Имран, 64) - деген секілді үндеу-шақырулар яһуди және христиан болған әһли кітаппен бірге әһли мектепке, яғни, ілімдердің дамуымен шындықты аңғару мүмкіншіліктері артқан зиялыларға ескерту еді.

Адамдар мен қауымдар қарсы шыға алмаған Құранға қарсы бүкіладамзаттың білімінің, бөлкім жын-шайтандардың пікірлерінің нәтижесіне сүйенген қазіргі батыс мәдениеті ерегесу жағдайын ұстанған. Бірақ Құранның «(Ей, Мұхаммед!) “Егер, адамдар! жындар осы Құранға ұқсас Құран жаратпақ болып жиналса, тіпті, біріне бірі көмектесе де, оны жарыққа шығара алмайды» (Исра, 88) деген жекпе-жекке шақыруына қарсы шыға алмай жеңіліп, адамзатқа не тұлғалық, не қоғамдық арнада бақыт сыйлай алмаған.

Тек материалдықты ғана көрген, бір көзді Дәжжал секілді рухани көзі көр болып, дүниенің үлкен бір бөлігінде үкім жүргізген осы заманғы Батыс мәдениетінің шындық пен адамгершілік жағынан Құранға қарсы шыға алмағандығы, оның (батыс) негізгі принциптері мен Құранның ережелері арасындағы мына салыстырулар мен айғақталады:

Батыс мәдениеті қоғамдық өмірде тірек, тиянақ ретінде қуатты қабыл етеді. Нысанасын “пайда” деп біледі. Өмірлік көзқарас ретінде күресті таниды. Қауымдардың байланыстарын ұлтшылдық (фашистік) тұрғыдан қолға алады. Мақсаты - нәпсінің құштарлықтарын тойдыру және адамзаттың қажеттіліктерін арттыру үшін кейбір ойын-сауық іспетті мәні жоқ нәрселерді өндіру.

Алайда қуаттың жасайтын ісі өзгенің ақысын таптау, шапқыншылық. Мүдденің ауқымы әркімнің қалауына жеткілікті болмағандықтан ол үшін жұлқыласуға жол ашу. Күрестің апаратыны шайқасу. Фашистік ұлтшылдықтың апаратыны болса басқаны кемсітіп, сөгін тапқанда оны жұтып қоректену, қанау болғандықтан шапқыншылық болып табылады. Мінеки осы негізгі принциптерінен Батыс мәдениеті мөлшер және ұсақ-түйектегі көптеген әдеміліктеріне қарамастан адамзаттың тек жүзден жиырма-сына бір түрлі бұлынғыр, өкінішті бақыт беріп, жүзден сексенін қиыншылық пен жоқшылыққа тастаған.

Ал, Құранның өзгешелігі болса, ол сүйенетін тірегі ретінде күш-қуатты емес хақты қабылдайды. Мақсаты - пайданың орнына абзалдық пен Аллаһ ризалығын негізге алады. Өмірде шайқастың орнына жәрдемдесу қағидасын негізге алады. Ұлттардың байланыстарында туысқандық пен ұлтшылдықтың орнына дін, кәсіп және отан сүйу байланыстарын қабылдайды. Мақсаты – нәпсінің заңды емес күрестеріне, шапқыншылығына кедергі болып, рухтың ұлы сезімдерін қанағаттандыру және адамзатты кемелділікке жетелеу.

Хақтың ауқымы, апаратын жері бірлестік. Абзалдықтың нәтижесі - ынтымақтастық. Жәрдемдесудің нәтижесі - бір біріне дер кезінде қол ұшын созу, медет болу. Діннің нәтижесі - бауырмалдық. Нәпсі әммарәнің басқаруына ерік бермей, рухты кәмілдікке апарудың нәтижесі - екі дүниенің бақыты.*

Міне, осылайша Батыс мәдениетінің философиясы, бұрынғы аспанды діндерден және Құранның тура жолды көрсеткен негіздерінен алған жақсы жақтарына қарамастан, ақиқат тұрғысында Құран алдында жеңіліп қалған. Адамзат тарихындағы барлық жабайылық пен зұлымдыққа тең келетін жабайылығы мен зұлымдығын бірінші және екінші дүние соғыстарында іске асырып, адамзат назарында күйрегендігін білдіргеннен кейін «хақ, құқық, бостандық, артықшылық, жәрдемдесу» секілді принциптерді тергей бастағандығы көрінсе де нәтиженің өзгермегендігі барлығымыз көріп тұрған аянышты шындық.¹⁷

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРДАН ХАБАР БЕРУІ

Құран түскеннен кейінгі ғылыми жұмыстардың, техникалық табыстардың Құран нұсқаған кейбір мәселерді ортаға шығаруы оның ғайбты білдіруінен еді. Бұл тақырыпта көптеген аяттар бар. Тек бұл аят кәримеларға мысалдар келтірмес бұрын Құранның пән білімдерімен байланысы тақырыбында жалпы түсініктеме бере кетелік.

* «Нағыз шындық, дұшпан да мойындаған шындық». Мындаған Ислам дұшпандарының ішінен Исламның ең қатал дұшпаны Е. Ренанның (ө.1892 ж.) бір сөйлемін айтып кетейік: «Өр мәдениеттің құны оның жаратушылығында, ғылым мен өнерге қосқан үлесінде, қоғамға әкелген бейбітшілігі пен әділеттілігінде дейтін болсақ, Ислам алғашқы бес ғасырында және әлсін-әлсін 18 ғасырға дейін әлем тарихының алтын парақтары болды деуге мәжбүрміз» (Ренанның Ислам және Білім конференциясынан алынды, 180-206 б.б.)

¹⁷ Б. Сайд Нұрси, Сөздер, 428, 756-757 беттер.

Құранның пән білімдерінің мәселелерін қолға алып, сілтеме жасауында бес негізгі ерекшелік бары. Оларды сауатсыз бір қоғамның өзі емес, оның үмми бір мүшесінің де талқылауы мүмкін емес.

1) Құран пән ілімдердің мәселелерін негізгі тақырыбы қылмаған. Болмысқа өздері үшін емес мужидтері, яғни, оларды бар еткен Аллаһ үшін, Оны таныту үшін қараған. Бұл туралы адамның мағлұматтары һәм уақыт өткен сайын өзгеруде һәм көріністердің әсерінде қалған көпшіліктің түсінігіне салмақ салуда.

Сондықтан Құранның «адамзатқа жол көрсету» басты мақсатының қасында адамдардың тәжірибе және еңбектерімен иелене алатын осы мағлұматтарды беруі, өте маңызды емес тақырыпқа айналуға болса – тәухид. Әлемдегі жүйе де тәухидтің дәлелі. Құран осы жүйе пікірін және әлемдегі болмыстардың Жаратушыларының басқаруында болған пікірін ақылдарға қондыру үшін, адамдардың оларды не үшін ойлаулары керектігін, қалай ойлайтындықтарын, қандай мәселерде ойлану керектігін түсіндіруде дұрыс ойлану жолдарын көрсетуді қалаған.

2) Көкте және жер жүзіндегі болмыстар туралы түрлі аңыздарға тіреліп қалған адамдарды ескертіп, назар аудартып, тырысу арқылы олардың шын мәндерін үйренуге ынталандырады.

3) Құран Жаратушы Аллаһтың құдіретіне және хикметіне дәлел ретінде табиғаттағы бір мәселені тілге тиек еткенде, ілімімен және құдіретімен бүкіл әлемді қамтыған Заттың жер жүзі, көк, тау, теңіз, бұлт, су, өсімдік, хайуан, адам, жансыз заттар туралы баяндау түрінде Оған лайықты дәрежеде айтады.

4) Құран бұл тақырыптарда сондай бір тәсіл мен баяндау әдісін қолданады. Ол да Құранның Жаратушыға дәлел

және адамды һидайәтқа түсіру жөніндегі негізгі мақсаты ашық болса да, ол нәрсені шын мәні жағынан жабық және мүтәшабиһ болып қалдыруда, шын мәнін білдірту ұсақ-түйек нәрсе саналғандықтан, адамдардың өздерінің деңгейлеріне қарай түсінулеріне мүмкіндік берілуде.

Мысалы, күнді, жерді, көкті және құдірет, ілім, хикмет әрі ерікті көрсететін әлемдегі бұл жүйенің ұлы Жаратушыға дәлел екендігін жиі-жиі алдымызға жаяды. Мақсат осы болғанда әлемнің ар жағында бұл жүйе көрінеді. Алға қойған мақсат нәтижесіне жетеді. Болмыстың пайда болуы және шын мәнісі не болса болсын, алға қойылған талаппен тікелей байланысы жоқ.¹⁸

Мінеки мына ақиқаттардың жарығында:

- а) Құранды пән білімдерінің басқарушылығына қалдырмау.
- ә) Нақтыланбаған теориялар бойынша оны тәпсір етіп айнымалы күйге түспеу.
- б) Мұсылмандарды Құранның өзгермейтін шындықтарды қамтыған сенімінде күмәнға түсірмеу.
- в) Лексикалық көрсетулердің шегінде қалып, ауыр міндеттемелерге жорып, қинауға бармау шарттарымен, пән ілімдерінің ашылуларына Құранның нұсқауын түсіндіре аламыз.

Бұл туралы өлкемізде 1981 жылы жарық көрген «Құран Кәрім және Жаңа ғасырдың ғылымдары» атты ғылыми жұмыс дайындаған құрметті Жәлөл Қыржа былай дейді: «Жаңа ғасырдағы ғылымдардың дамуымен күшейген ілім, көптеген Құрани ақиқаттардың есігін бізге ашып беруде. Бұрын түсініксіз болып келген көптеген сырлы аят көрімә, бұл күні бізге сырлы емес. Осымен бірге көптеген аят көрімәлар одан сайын сырын ашуда. Иманға және үкімдерге тиісті аят көрімәлардан тыс жаратылыс аяттарының

¹⁸ Б. Сайд Нұрси, Ишарат, 103-104 беттер.

Құранның рухына, Исламның мәніне қайшы болмау шартымен тәжірибелік тұрғыда ілімдермен жорамалдануы, әрі сол арқылы мағыналарының ашығырақ болуы үшін жасалған тәпсірлер мен жорамалдауларды қабылдап, заңды санауға тиіспіз. Мұндағы керегі тәпсірлерді шектен шықпай тәпсірлеп, мақұлданған өлшемдер аясында ой жүгірту.¹⁹

ҚҰРАНДА ХАБАРЫ БЕРІЛГЕН ЖАҢА ҒАСЫРДА АШЫЛҒАН ЖАҢАЛЫҚТАРҒА МЫСАЛ

Астрономиялық:

Әлемнің алғашқы затының қалай пайда болғандығы қазіргі таңда нақты түрде белгілі болуда. Бұл, бәлкім үнемі осылай жалғасатын шығар. Бірақ, “дұрыс” деген ықтималды көп сүйеніш ететін кейбір дәлелдері бар бірнеше көзқарас ұсынылған. Құран Кәрімнің осы тақырыпқа байланысты баяндары мына теориялармен жақсырақ анықталуда.

«Көк пен жер тұтасқан біреу еді, екеуін бөліп қойдық. Күллі жандыны судан жараттық, көпірлер мұны көрмей ме? Сондай-ақ (Аллаһтың құдіретіне) сенбей ме?» (Әнбия, 30).

«Онан соң аспанды жаратуға кірісті, ол бір тұман әлетінде (халінде) еді» (Фүссиләт, 11).

Демек, қазіргі кездергі астрофизиктердің айтқандары осы аят кәрімелардың шеңберін айналсоқтауда.²⁰

Дүниенің шар тәрізді екендігін нұсқаған көптеген аят кәрімелар бар:

«Ол түнді күндізге кіріктірді, күндізді түнге кіріктіреді» (Зүмәр, 5) - деген аят кәрімәсында өткен төкуир (юкәввиру), бас

¹⁹ Ж. Кыржа, «Құран Кәрім және қазіргі ғылымдар», 125 - бет.

²⁰ Кең мәлімет үшін сол туынды, 130-133 беттер.

секілді сфералық дененің айналасында бір нәрсені, мысалға, шөлмекті айналдырған орам, нақ қазақша сөйлеммен “орау” делінеді.²¹ Ғылыми көзқарастарға қарағанда Құранды тәпсірлеуден тартынған Сәйид Күтүбтың өзі бұл аят кәрімның тәпсірінде былай дейді:

Бұл төкуир сөзі жер жүзінде көрінген нақты бір ақиқатты суреттеуде. Жер шары өз білігінде күнге қарсы айналуға. Жердің домалақ болған бетінен күнге қараған бөлігін жарық қармиды, әрі күндіз болады. Бірақ, бұл жарық жалғаса бермейді. Өйткені, жер айналуға. Жер жүзі әрекет еткен сайын түн басталады және үстінде күндіз болмаған бөлігі қараңғылықпен бүркенеді. Жердің беті домалақ болғандығы үшін үстіндегі күндіздер де айналады. Әрине оны қуалап отырған түн де айналады. Бір мезеттен кейін басқа жағынан күндіз басталады және түннің үстіне оранады. Бұл әрекет осылайша жалғасады: «Түнді күндізге, күндізді де түнге орады». Қолданылған сөз бейнені сызып, жағдайды білдіртіп, жердің мәнін және қозғалысын ашықтауда. Жердің шар секілді болуы және айналуы осы сөзді (төкуир сөзін) өте айқын түрде тәпсір етуде».²²

Махмуд әс-Саууафқа қарағанда, дүниенің айналғандығына немесе айналмағандығына қатысты Кітапта да, Сүннетте де нақты дәлелдер жоқ. Тек қана, дүниенің айналғандығын көрсеткен аят кәрімелар бар. Ол: «Тауларға қарап оларды мызғымай тұр деп ойлайсың, бірақ, олар бұлт тақылетті көшіп жүреді» (Нәміл, 88) - деген аят кәрімөсын көптеген аят кәрімө арасынан дүниенің айналатындығын нұсқаған аят кәрімө деп есептейді.²³

²¹ Сол туынды, 138 - бет; Тәфсирул-Мөнар, I, 211 бет.

²² С. Кутуб, «Фи Зилалил-Құран», Зұмар сүресінің 5-ші аятының тәфсірінде.

²³ Ж. Кыржа, 141-142 беттер, н. 42.

Физика:

Көкке көтерілген сайын ауадағы оттегінің мөлшері азайып, ауаның қысымы әр 100 метрде 1 дәреже түскендігінен тыныс тарлады. Сөйлеу мен көру қуаты қиындайды. Талу жағдайлары пайда болады. 20 000 метрден өткенде арнайы аспап болмаса тыныс алынбай, өлу халі туады. Сондықтан, биікте ұшқан кездерде тыныс алу аспаптары қолданылады. Бұл шындықты Құран мына аят кәрімәсында: «Аллаһ кімді дұрыс жолға салғысы келсе, оның көкірегін Ислам үшін кеңітеді. Аллаһ кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін ол бара жатқандай аспанға шығып тарылтып қояды» (Әнғам, 125).

Геология:

Геология таулардың жер үстіндегі бөлігіндей мөлшерінің жер астында да іргесінің болғандығын байқаған. Бұл жайлы Құран: «Жерді бесік, тауларды қазық етпедік пе?» (Нәбә, 6-7) - деген. Өйткені, шатыр қазығының жартысына жуық бөлігі жерге қадалаған. Тағы бір аят кәрімада: «Оған тауларды мызғымас қылып орнатты» (Назиғат, 32) дейді.

Атмосфера теңізінде жүзген жер шарының теңдігін таулардың ұстайтындығы да мына аят кәрімәда: «(...) Сендерді (сілкініп) теңселтпесін деп жер жүзіне тауларды орнатты» (Лұқман, 10) - деп көрсетілген. Геологияда таулардың isostasy деп аталатын, жердің тепе-теңдігі заңының маңызды бір элементі болғандығы бертін кездерде анықталған.²⁴ Геофизикада “ыстық нүктелер” (hot spots) деп аталатын және дүниеде 110 жуық деп белгіленген үлкен тау массалары бар. Бұлар жер қабатының әрекетіне кедергі болып, жердің өте тереңдіктерінен (мантодан) көтеріліп, жер қабатын тескеннен кейін үстінде қатаю арқылы дерлік бір шеге түрінде қабатты

²⁴ Уахидуддин Хан, 218 - бет, т.б.; М. Х. Языр, VII, 5532; С. Кутуб, «Фи Зилалил-Құран», Нәбә сүресінің 7-ші аятының тәфсирінде.

анықтаған (базалт қабаттағы) үлкен магма массалары. Аят кәрімелардың білдіруімен жаратылыстағы жағдайды жорамалдайтын ғылымның қазіргі нәтижелері арасындағы сәйкестік күн сияқты ашық көрінеді.

Ботаника:

Ағаштарды ұлау (ұрықтандыру) бұрыннан бері белгілі жағдай болса да, жақын араға дейін желдердің ұрықтандырумен қайсы бір байланысы бары білінбеген еді, «(...) жемістердің әр түрін аталық-аналық етіп екі жұптан жаратты» (Рағыз, 3) - деген аят кәрімәсі білдірген ақиқат ашылып, бүкіл өсімдіктердің гүлдерінде еркек және ұрғашы жұбының болатындығы, әрі еркектің ұрғашыны ұрықтандыруымен жемістердің шығатындығы белгілі болған. Демек, бұл ұрықтану желдер арқылы болғандығы анықталған.²⁵

Генетика:

«Раббыларың адам балаларының белінен олардың нәсілдерін шығарды және оларды өздеріне куә қылып: “Мен сендердің Раббыларың емеспін бе? дегенде, олар: Әрине, жаратушымызсың, біз куәміз” деді. (Оларды мойындатуымыз) қиямет күні: “Біз мұны ұқпаппыз” деп айтпауларың үшін» (Ағраф, 172).

Сәйид Кутуб бұл аят кәрімәны ашықтағанда мына анықтамаға да орын бөледі: «Шынымен Құран Кәрім болмыстың ең терең нүктелерінен адам жаратылысының тереңдіктерінде жасырынған бұл өте тұңғыық ақиқатты осыншалық дәрежеде жарқын, теңдессіз және қайран қалдыратын сахнада көрсетеді. Әрі мұны, ішінде өмір сүрген уақытымыздан он төрт ғасыр бұрын адамдардың тегі және табиғаттарының шын мәнісі туралы жорамалдар-

²⁵ «Тәфсирул-Мәнар», I, 210 - бет; М. Х. Языр, IV, 3053; М. Букаилле, 280-281 беттер; Ж. Қыржа, 166 - бет.

дан басқа еш нәрсе білінбеген бір ортада білдіреді. Соншама ғасырлар өткеннен кейін адамзат бұл шындықтармен қатар, адам табиғаты туралы біршама нәрселерді үйрену мүмкіншілігін тауып отыр. Мысалы: Ғылым Гендердің (адамның бүкіл өмірін ішіне алған бір кесте күйіндегі тұқым қуалаушылықты бейнелеген жасушалардың) бір анкета (тізім) дәптері екендігін және адамдар әлі тұқымдарда жасушалар күйінде тұрғанда олардың барлық ерекшеліктерінің сол гендерде жасырын болатындығын үйретеді. Үш миллиард адамның тізімін сақтаған, әрі олардың барлық ерекшеліктерін қамтыған гендердің көлем жағынан 1см^3 (бір сантиметр кубтан) аспайтындығын, яғни, бір тігіс оймағы сияқты бір жерге сыйятындығын білдіреді. Бұл – бұрынғы дәуірлерде мұны айтқан адамды бірден жыңды дейтіндей пікір еді. «Құранның мүлде ақиқат екендігі айқындалғанша біз оларға атыраптағы және өз бастарындағы белгілерімізді көрсете береміз. Раббыңның барлық нәрсеге куә екендігі (сенің растығыңның дәлелі болуға) жетерлік емес пе?» (Фүссиләт, 53) деп, бұйырған Ұлы Аллаһ әлбетте дұрыс айтады».²⁶

Дактилоскопия:

Бұл ілім бұтағы саусақ іздерін зерттейді. Саусақ іздері өмір бойы сол қалпында қалады. Еш өзгермейді. Адамдардың басқа мүшелерінде ұқсастық болса да, саусақ ұштарындағы іздерде екі адамның ұқсас болуы мүлдем мүмкін емес. Осы арқылы жеке тұлғаларды ең сенімді түрде анықтауда, оған қол қойдыру әдісін қауіпсіздік және құқықтық мекемелер жанды пайдаланып, табысқа жетуде. Бұл әдіс алғаш рет XIX ғасырдың соңғы ширегінде Англияда қолданыла бастаған, сонан соң шартарапқа жайылған.

Құран өлгеннен кейін адамның бүкіл клеткаларымен ті-

²⁶ С. Қутуб, «Фи Зилалил-Құран», Ағраф сүресінің 172-ші аятының төфсирінде.

рілетіндігін білдірерде адамның мына өте жұқа ерекшелігін былайша көрсетеді: «Адамзат бізді өздерінің сүйектерін жинай алмайды деп ойлай ма? Олай емес, Біз олардың (ең нәзік) саусақ сүйектерінің өзін орны-орнына келтіріп, құрауға әрине күшіміз жетеді» (Қиямет, 3-4).

Биология:

Адамның көбею мәселесінде Құранның көптеген аят кәрімеларынан, әсіресе, Хаж сүресінің 5 және Мұминун сүресінің 11-13 аят кәрімеларын қолға ала отырып, қазіргі биологияның осы тақырыптағы анықтамаларымен салыстырып, екеуінің арасында толығымен сәйкестік бар екендігін тапқан медицина профессоры, Құранда білдірілгендердің ХІХ ғасырға дейін жер жүзінің ешбір жерінде адамзатқа мүлде белгісіз екенін айтып, сөздерін былай аяқтайды: «Құран - сырын ашу үшін адамдардың жүздеген жылдарын сарып қылатын көбею тақырыбындағы негізгі шындықтарды қарапайым түсінікпен ашқан»²⁷

Гигиена

Құран Кәрім әр салада бекіткен үкімдерімен адам ұрпағының, дене және рух саулығын қорғауын қамсыздандырғаны секілді, түсуінен көп уақыттан соң түсдіріліп нақтылыққа ие болған кемелді гигиена заңдарын да білдірген еді.

«Құран Кәрімде, гигиена тұрғысынан да маңызды болған киіну (киіммен), оның тазалығы, жеткілікті дәрежеде дем алу, жақсы тамақтану, жаман және бұзылған нәрселерді жемеу туралы айтып, ол жайлы адам баласының назарын аударуда».

²⁷ М. Букаилле, 293-306 беттер.

Тағы Құран Кәрімде жемістер өсімдіктер мен олардың пайдалары туралы ерекше айтылған және жақсы, жаман ішімдіктер туралы мағлұматтар берілген. Онда олардан сөзсіз зиян беретіндіктерінен ішімдік ішуге нақты тиым салынған. Тамақтану мен емделу және жалпы денсаулық әсерінен өлгендерді көму (жерлену) де Құран баяндаған істер.²⁸

Шамадан тыс ішіп-жеу не мүлдем аз ішіп-жеуден аулақ болуды және ұстамдылықты әмір еткен Құран Алмалылы М. Х. Язырдың сөзімен айтқанда, «ол бір аят кәрімәда-ақ (Аграф, 31) медицинаның жартысын қамтыған (түйіндеген).²⁹ Зинаға тиым салумен, жыныстық қатынастан жұғатын соз ауруларының алды алынып, ұрпақтардың қорғалуын қамсыздандырған. Өлексені, қанды, доңыз етін жеуге тиым салған. Медицинада бұлардың көптеген зияндары бар екені қазіргі таңда әбден анықталған. Спирттік ішімдіктерге тиым салудағы, дене және ауыз тазалығының, дәреттің, намаздың және орананың адам руханына болған ерекше ролындай тәндік пайдаларын да қабылдамау мүмкін емес.

Бұл кітапта өзіміз үшін сызылған шектен сыртқа шықпау ойыменен, көптеген мысалдардан таңдап, өте қысқа түрде анықтап берген үлгілерден Құранда пән білімдерінің аясына кірген және оның түскен уақытында ғайб (сырлы) болған көптеген шындықтарға нұсқағандығы қазір белгілі болуда. Мұнда тек мынау есте ұсталуы керек: Пән білімдерінің мақсаты - әлемдегі құбылыстарды бақылау және сынау тәсілдерімен бөліп, меңгеру болса, Құранның мақсаты – бүкіл ғылымдарға қатысты принциптерді ашу және олардан пайдаланған адамдардың хидайәты, дұрыс түсінуі, дүние және ахирет бақыты болып табылады.

²⁸ Ж. Қыржа, 176-177 беттер. (Бұған қатысты аяттың мәліметтері үшін сол жерге қараңыз)

²⁹ М. Х. Языр, III, 2153.

«Тоқсан ауыз сөздік тобықтай түйіні ретінде былай дей аламыз, “ғылымдардың жеткен нәтижелері - тәжірибеге сүйенген шындықтар. Мұнымен бірге ілім адамдардың қиялы мен елестерінің әсерінде қалуы мүмкін. Тіпті, адамдардың ойындағы аңғарттықтары да қол жеткізген нәтижелерге әсер ете алады. Сондықтан, ғылыми нәтижелерді бұл шектеулер мен өлшемдер шеңберінде қабылдау керек. Бұл жағдайымен ғылыми нәтижелер де саны жағынан мәлімет пен тәжірибенің шекарасы ішінде қалуға мәжбүр».

«Негізінен ілімдер, жорамалдармен басталып, жорамалдармен аяқталуда. Ілімде соңғы жетістік жоқ. Сондықтан, ашылған жаңалықтар, нәтижелер қорытындыға жақын тұжырымдар. Өлшем мен бағалауларда қателесу ықтималдығы әр уақыт болуы мүмкін. Шыққан қортындылар жалпы алғанда жеке тұжырымдар болып, әр уақыт арту не кему жолымен бір өзгеріске душар болатындықтан ең соңғы қорытынды деп есептелмейді. Қазіргі таңда адамзат әлемі бір заң немесе бір көзқарасқа жеткенде «осы күнге дейінгі жеткен ең соңғы ғылыми шындық осы» делінеді және әр уақыт жорамалдау есігін ашық қалдырады. Өйткені, келешекте өзгерістер енгізуді керек ететін мәліметтер мен жаңалықтар пайда болуы мүмкін».³⁰

6) ҚҰРАННЫҢ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ (С.А.У) ҚАЛАУЫНА САЙ КЕЛМЕУІ

Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у) Құранға танытқан сый-құрметі әдепті бір шәкірттің ұстазына деген сый-құрметі сияқты болып, Оның Құранда кішкентай да үлесінің болмағандығының анық белгісі. Бұл жағдай Ол күткен жағдайларда уахидың келмеуі немесе оны ескерткен бірнеше аят кәрімәлардың келуі түрінде көрінеді.

³⁰ С. Кутуб, «Фи Зилалил-Құран», III, 7-ші жүз, 229 бет.

а) Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) күткен жағдайларда уахидың келмеуі:

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) машақат-қиыншылыққа, қайғыға толы, сабыр тауысарлық ұзақ елшілігі бойынша ауық-ауық бір үкім беруін, бір нәрселер айтуын керек еткен сондай оқиғаларға тап болатын. Осындай жағдайларда бір нәрселер айтуға қатты мұқтаж болатыны сонша сөз айту билігі өзіне тән болғанда, сөз сөйлемей қалуы әсте мүмкін емес еді. Соның өзінде күндер өтіп жатса да адамдарға оқитын бірнеше Құран аят кәрімәсын таппағаны көп болған.

Ифк оқиғасы бұл мәселедегі ең көрнекті мысалдардың бірі еді. Бәни Мұсталық соғысынан ораларда Хазіреті Айша (р.а) аманат болған алқаны жоғалтып алып, соны іздеп аз уақыт артта қалып қойған еді. Осы кешігуді сылтау еткен кейбір мүнәфықтар оның намысы жөнінде өсек-аяң айтып, жасырын түрде жайған, кейіннен жаман ой туындаған. Мүнәфықтар өсек-аяң қазанын бар күштерімен қайнатып, мұсылмандардың көңілдерін астан-кестең етуге тырысып жатқан еді. Күндер өтіп, жүректер ауыздарға тығылды. Өсек-жала көшкін бұлт елді кеулеп кеткен жатыр еді. Сыбыстар шығар-шықпастан Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хазіреті Айшаға (р.а.) әкесінің үйіне баруына рұқсат берді. Аллаһтан уахи келмегендіктен оған нақты ешнәрсе айта алмады. Тек: «Қазірге дейін мен Айшаның жақсы істерінен басқа еш нәрсесін көрмедім» - деген. Мәселені сұрастырып, жақын асхабымен ақылдасып, бұл туралы барлық қайратын көрсетті. Сол арада толық бір ай өтті. Бірақ, кім болса да ол туралы күмән туғызатын ешбір іс-әрекетіне жолықпағандықтарына куәлік етіп, айтып жатты. Оған қарамастан Оның (с.а.у.) айтқан соңғы сөзі мынау болды: «Қара, Айша! Сен туралы мынадай нәрселердің айтылғандығын есітітім. Егер күнәсіз болсаң Аллаһ сені ақтайды. Жоқ, егер бір күнәға кірген болсаң, Аллаһтан кешірім тіле». Бұл, міне осындай жағдайда, тек бір Пайғамбардың ғана айта алатын сөзі еді.

Осы сөзді айтқаннан кейін дереу Нұр сүресінің басқа аяттары түсті. Онда Хазіреті Айшаның (р.а) күнәсіздігін былайша жария етті:³¹

“11. Сендерден бір топ адам (Айша туралы) өсек таратты. Сендер оны өздеріңе залалды деп есептемеңдер, қайта ол сендер үшін хайырлы болмақ. Өсек өргізушілерден кім қаншалық күнә өткізсе, оған соншалық жаза беріледі, өсекті бас болып көбірек таратқандар ауыр азапқа душар болады. 12. Бұны естігендер ер-әйел мүминдер (діндестері үшін) хайыр ойлап: “Бұл бір ап-анық өсек” деуге қалайша ауыздарың бармады? 13. Олар бұған неге төрт айғақ келтірмеді? Айғақ келтіре алмаған екен, ендеше олар Аллаһтың қасында суайт саналады. 14. Сендерге дүниеде және ахиретте Аллаһтың кеңшілігі, мархаматы бұйырмаған болса, өсек айтып даттағандықтары үшін әрине ауыр азапқа душар болар едіңдер. 15. Сол кезде ауыздарыңа келгенді көкіп, өздерің білмейтін қауесетті тараттыңдар, мұны жеңіл іс деп санадыңдар, Аллаһтың қасында ол (жала) үлкен күнә деп есептеледі. 16. Оны естіген шақтарыңда сендер: Мұндай сөздерді айту бізге мінәсіп емес. Иә, Аллаһ, сен пәксің! Мұнау бір сұмдық жала деп неге айтпайсыңдар. 17. Егер мүмин болсаңдар, Аллаһ сендерге ендігәрі мұндай сөзді қайталамауға насихат етеді” (Нұр, 11-17).

Мұнда мынаған көңіл аудару керек: бұл аят кәримелардағы шеберлік, өктемдік (беделділік) тәсілімен Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) тартыншақтаған, сақтық сөзі арасында бір байланыс бар ма? Егер оның Құранда өте кішкентай үлесі болғанда өзінің дәрежесін, намысын, сондай-ақ, жұбайының намысы мен қадірін өсек-аяқтан ақтау үшін осы сөзді бірден мәселенің басында айтып, жала жапқан өсекшілердің ауыздарын жабар еді. Бірақ, Аллаһ Тағаланың

³¹ Бұл оқиғаның егжей-тегжейлі білдірген хадис Бухари мен Муслимде болса керек. (Бухари, К. Тәпсір, Нұр сүресінің тәпсірі).

атымен өтірік айтудың жауапкершілігін өте жақсы білетін Ол болғандықтан, адамдардың не айтқандарына қарамай, толық мойынсұнушылықпен Оның үкімін күткен еді.³² Бір сағат күтуге де шыдам жетпейтін бұл жаланың анық-қанығы туралы Аллаһтың хақ аяты толық қырық күн өткеннен кейін келеді.

Тағы бір оқиғаға назар аударалық: Расулұллах (с.а.у.) Қағбаның құбыла болуын ішінен қалайтын-ды. Ол жайлы бір уахи келе ме деп күшті ынтамен күтуде еді. Осылайша он жеті ай күткеннен кейін Қағбаға бұрылуды білдірген бір аят кәрімә (Бақара, 144)³³ келді. Егер Құран өзіне тән болғанда әрі өзінің, әрі өзіне бағынғандардың бұл қалауларын дереу жүзеге асырып, қиындықтан арылтпайтын ба еді?

Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) Асхабы Кәһф, Зұлқарнайн және рух туралы сұралғанда, ол да: «Ертең жауабын беремін» деп, «иншааллаһ» деуді ұмытып кеткен еді. Іс жүзінде жауап көп кешікті. Құрайш мүшріктері оны «өтірікші» деп шығарды. Міне осыған байланысты: «Сен ешбір істі “Ертең соны сөзсіз істеймін» деме. «Егер Аллаһ бұйырса» деген сөзді қосып айт. (Бұл сөзді) ұмытсаң Раббыңды есіңе ал да: «Раббымның мені дұрыстыққа мұнанда жақынырақ жолға салуын үміт етемін» деп айт» - деген аят кәрімәлары түсті. Уахи бірнеше күн кешіккенде Пайғамбарымыз (с.а.у.) Жәбірәйілден (а.с.) себебін сұрады. Аллаһ Тағала да Жәбірәйілге (а.с.) былай деуін уахи етті: «(Жәбірәйіл, айт): Біз (дүниеге) Раббыңның өмірімен ғана түсеміз, біздің алдымыздағы, артымыздағы және осы екі арадағы істерді білу Аллаһқа тән. Раббың өсте ұмытпайды» (Мәриям, 64).

³² М. А. Дераз, «ән-Нәбәул-Азим», 17 - бет.

³³ «(Мұхаммед ғ.с.) Сенің жүзіңнің көкке қарап жүргенін өрине көрудеміз, сондықтан да өзің разы болған қыблаға қаратамыз. Енді жүзіңді Харам Мешітіне қарай бұр! (...).» (Бақара, 144)

Бақара сүресінің 284 және Тәубе сүресінің 80 - аят кәрімеларының түсу себептеріне және төпсірлеріне қарау арқылы уахидің Пайғамбарымыздың (с.а.у) қалауына сай келмегендігіні көреміз.

ә) Ескерту және сөгу аят кәрімелары:

Құран Кәрімнің түрлі аят кәрімеларында Расулұллаһқа (с.а.у.) кейбір берген үкімдерінде қателескендігін³⁴ білдіріп оны ескертеді. Кейде тәтті, кейде қатты сөгіс алады. Құран Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) сөзі болғанда адамдардың үнемі тиләуәт, төпсір және ашықтайтындықтары, тіптен ғибадаттарын сол арқылы қылатын Кітаптарында өзінің кемшілік жақтарын үнемі тіркеуін, ақылды да ынсапты адамның қабылдауы мүмкін емес.

Уахи, кейде оның қалауына қайшы түрде келіп, Оның пікірінің қате екендігін білдіреді. Әйтпесе, қаланбаған бір мәселеге рұқсат беретін еді. Кейде ең кішкентай бір себептен қатал түрде сынға және сөгіске душар болатын. Бұған қатысты мысалдар келтірейік:

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) балшәрбөтін өте жақсы көретін. Әйелдерінің бірі Хазіреті Зейнептің бөлмесінде болғанда, ол

³⁴ ((Расулұллаһтың (с.а.у) үкімінің нәтижесінде қателесуі – бүлік шығару болмағандықтан оның күнәдан тазалығына зиян бермейді. Расулұллаһ (с.а.у) адамдардың әр жағынан да тәлімгері ретінде жіберілгендіктен, иләһи хикмет оның да ойланып кейде дұрыс істей алмауын қалаған. Осылайша адамдар ақылдарын істетіп пікірінің дамуынан артта қалмауға ұйғарылған еді. Ең кемелді жол бастаушы Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у) өзі ой және керек кезде (уахи келмегенде) қателескендігіне қарағанда адамдардың оны бұл мәселеде де үлгі тұтулары қаланған. Осы маңызды өзгешелікте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) қатесін жалғастырмаған. Қатесі міндетті түрде Аллаһ тарапынан түзетілген. Өзге мүжтәһидтер үшін мұндай бір кепілдік жоқ. Оның ойында қателесуі сонымен бірге адам екендігін және құл екендігін еске түсіртіп, уахи болмаса ең жоғарғы адамның өзі қатеден аман-сау болмайтындығын көрсетеді. Аллаһ Тағаланың нұсқауы болған мәселелерде пайғамбарлардың қатесі болмайды. Төрк-и әула (өте нақты болғанды жасамау) немесе соңында зәллә сөз болуы мүмкін.

бал шәрбәтін берген еді. Пайғамбарымыз (с.а.у) да ол жерде күндегісінен көптеу уақыт болған еді. Бұл жағдай Хазіреті Айшаның қызғануына жол ашып, әйелдерінің бірі Хазіреті Хапсаға Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) қасына келгенде қалжың мақсатымен одан магафирдің иісі шығып тұрғандығын айтуын өтініп, осыны араларында ойластырған еді. Магафир – ағаштың шайырының сасыған иісі. Олар ойлағандарын істеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) магафир жемегендігін, бал шәрбәтін ішкендігін айтты. Сонда олар Пайғамбарымызға (с.а.у.) балды жасаған аралардың ол жаман сасыған ағаштан алуы мүмкін екендіктерін айтты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ендігері бал шәрбәтін ішпейтіндігін білдірді. Сонда мына аят кәрімәмен басталған Тахрим сүресі түсті:

йЕй, Пайғамбар! Аллаһтың саған халал еткен нәрсесін қалайша жұбайларыңды ризаламаққа бола арам етесің? Аллаһ өте кешірімді, өте мейірімді (Тахрим, 1).

Бәдір жеңісінде тұтқынға алынған мүшриктерге не істеу керек тұрғысында Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) асхабымен ақылдасып, нәтижесінде толымды болған пікірге қарай қимылдап, фидия алып, оларды қоя берген еді. Осыған орай түскен аят кәрімәлар көпірлердің алдыңғы қатардағыларының өлтірілулерінің басқа көпірлерге мүлдем жақсы сабақ болатындығын баяндады:

«Жер жүзінде дұшпанды көбірек жоймай тұрып, тұтқын ұстау ешбір пайғамбарға лайық емес. (Әй, мұсылмандар, сендер төлем алып) дүние пайдасын көздейсіңдер Аллаһ сендерге ахиретті тілейді. Аллаһ – аса үстем, хикмет иесі, Аллаһтың (ашық тиым салынбаған істі (жаза) істегендерді жазаламау деген) бұрынғы үкімі болмаған болса, (тұтқындардан) бодау алғандарың үшін ауыр жазаға душар болатын едіңдер. Олжа ретінде алған алал, таза нәрселерді жеңдер және Аллаһтан абай болыңдар. Расында Аллаһ өте кешірімшіл аса мейірім-

ді» (Әнфәл, 66, 68).

Бұл бөлімде қатты назар аударарлық жағдай бар. Алдымен бұл істің қате екенін білдіріліп, қатаң түрде жоққа шығарылып, артынан дереу қабыл етіліп, Расулұллаһтың (с.а.у.) көңілі ауланады. Тіпті, бұл әрекет кейіннен бір ереже қалпына келтіріледі. Ашудың гүрілдеумен ризалықтың күлімсіреуінің арасы бөлінбей, оны бөлетін ешбір нәрсе кірмей-ақ, бір кісіден бір сәтте көрінуі мүмкін емес. Бірақ, оның мүмкін екендігі түсінілгенде, екінші ризалық пікірі бірінші болған ашуды өшіреді. Бұндай жағдайда егер қойылған үкім де сол бағытта болса, ашуды білдірген сөзді айтуы назарды аудармайтын еді. Психология ғалымдары бұл бөлімді оқығанда, мұнда бір-бірінен бөлек екі мінездің бар екендігін, бұл сөздің былай деген төрешіге тән болғандығын қабылдайды: «Жасаған ісің тым жақсы емес, мұнымен бірге сені кешірдім және бұл тұрғыдағы істе саған рұқсат бердім».³⁵

Құранның отбасылық өмірде жасаған төңкерістерінің бірі - бала асырап алу (тәбәнни) дәстүрін жойып, отбасы қатынастарын табиғи негізге қарай реттегені. Сол кезге дейін арабтар, асырандыны шын әкесіне бағыттап емес, асырап алғанға қарай ат қоятын. Бұл әдет Ахзап сүресінің 5 аят көрiмәсымен жойылды.

Расулұллаһ (с.а.у.) Зәйд Ибн Харисәні қатты жақсы көретін. Пайғамбарлықтан бұрын оны асырап алып, кейін азат етіп, азат еткен күні Үмму Әйманмен үйлендіріп, одан кейін тағы апасының қызы Зейнеппен некесін қиған еді. Өйткені ол Зейнеп Зәйдпен тұра алмады. Себебі, өзіндей текті азат құл болған Зәйдке лайық көрмеген еді. Тек Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) көңілі үшін Зәйдті қабыл еткен еді. Оған бір түрлі жылына алмады. Тектілігімен мақтанатын еді. Бас қосулары бір жылдан асты. Зәйд бі-

³⁵ Сол туынды, 17-18 беттер.

раз сабыр етсе де, соңында Пайғамбарымызға (с.а.у.) барып ажырасқысы келетіндігін айтты. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) да бірге тұра алмайтындықтарына көзі жетіп, Зәйдке ашып айтпай: «Әйелінді жаныңда ұста» - деді. Аллаһ Тағала елшісіне Зәйдтің оны талақ ететіндігін және өзінің онымен үйленетіндігін көңіліне салған еді. Расулұллах (с.а.у.) тек өзінің кірісуімен болған бұл үйленуден апасының қызы Зейнептің және жанұясының қадірсіз қалған мәртебесін қалпына келтіру үшін олар ажырасқанда, өзінің Зейнепке үйленуін орынды деп түйді. Сонымен бірге, Аллаһ Тағала төбөнни (бала асырап алу) әдетін мүлдем ортадан қалдырып, асыранды баласының ажырасқан әйелімен әкенің үйленбеу әдетін жоймақ еді. Әдеттер рухтардың тереңдіктеріне тамыр жайғандықтан оларды өзгерту оңай емес еді. Кейде жол бастаушылардың істеуін керек ететін. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Исламның теңдік принцибін көрсету үшін, тұқым қуалаған тап айырмашылықтарын қабыл етпейтіндігін білдіру үшін, баласы ретінде болған Зәйдке апасының қызын алып берген еді. (Өзі онымен үйленгісі келсе, мұны оңай-ақ істей алатын еді және онсыз да апасының қызы болған Зейнептің жанұясы бұл істен мәртебе табатын еді).

Иләһи хикмет Расулына (с.а.у.) жүктеген елшілік жүктерінің арасында асыранды жүйесінің нәтижелерін күшінен қалдыру және асыранды баласы Зәйдтің ажырасқан әйелімен үйлену ісімен оны сынаған еді. Өлгінде ғана айтқанымыздай Аллаһ мұны оған аян еткен. Иман тұрғысында ешбір нәрседен тартынбаған, батыл Расулұллах (с.а.у.) мәселе өз жеке басымен байланысты болғандықтан бұл істе іштей қауымына жаман көрінгісі келмей, мұны кешіктіріп жатқан еді.³⁶ Аллаһтың білдіруімен істің келмегендігі де, Одан (Аллаһтан) ашық өмір келмегендігі үшін қауымының бұл іске тым қатты қарсы шығуынан шегініп тұрған еді.

³⁶ С. Кутуб, «Фи Зилалил-Құран», Ахзаб сүресінің төфсирі, 22 жүз, 27 - бет

Әйтпесе, бұл істің кешіктірмекші емес еді. Ақыры Зәйд Зейнепті талақ етті. Бірақ ол екеуі де өздерін күтіп тұрған соңғы істерден мүлде хабарсыз еді. Зейнеп иддәтін бітіргеннен кейін Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) Аллаһтың әмірімен оған үйленді. Бұл кезде Пайғамбарымыз (с.а.у) 54 жаста, ал Зейнеп болса 36 жаста еді. Мінеки, мына сөгіс аят кәрімәлары осы оқиғаға қатысты түскен:

«Аллаһ та жақсылыққа кенелткен, сен де игілікке кенелткен адамға: «Әйеліңді қоя берме, Аллаһтан қорық» дедің. Аллаһ аян етпек болған істі сен көңіл түкпіріне бүктің. Ел-жұрттан (кекеп, мұқай ма деп) қорықтың. Әсілі Аллаһтан қорқуға тиісті едің. Мүминдер асырап алған балалары әйелдерімен бітискен (ажыраған) кезде олардың әйелдерін өз некесіне алудан қиналмауы үшін біз Зәйд (яғни Пайғамбардың (с.а.у.) асыранды баласы) әйелін шығарған соң оны (Зейнепті) сенің некеңе бұйырдық. Аллаһтың (сенің Зейнепті алуың туралы) әмірі, сөз жоқ, орындалады. Пайғамбарларға Аллаһ бұйырған істе күнә болмайды. Бұрынғы өткендерге де Аллаһтың тұтқан жолы осы еді. Аллаһтың әмірі - өзгермес үкім. Олар (пайғамбарлар) Аллаһтың әмір-пәрмендерін жеткізеді. Аллаһтан қорқады. Одан басқа ешкімнен қорықпайды. Есеп алуға Аллаһтың күші қаптал жетеді» (Ахзаб, 37-39).

Хазіреті Айша (р.а.) бұл мәселе туралы: «Егер Расулұллах (с.а.у.) өзіне уахи етілген Аллаһтың кітабынан бір нәрсе жасырған болса, мына: «Аллаһ аян етпек болған істі сен көңіл түкпіріңе бүктің. Ел-жұрттан қорықтың. Әсілі Аллаһтан қорқуға тиісті едің» - деген бөлікті жасыратын еді» - деген.³⁷

Қорытынды ретінде мына бір оқиғаны мысал етейік. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) Құрайш қауымының атақтыларының кейбіреулеріне дінді түсіндіріп жатқан еді. Оның бұл ісінен хабары жоқ соқыр Абдұллах Ибн Үмми Мәктум есімді мұсыл-

³⁷ Табари, Тәфсир, XXII, 11.

ман оның қасына барып: “Аллаһтың саған үйреткендерінен маған да үйрет, уа Расулаллаһ!” - деді және ол сөздерін бірнеше рет қайталады. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.у) Уәлид немесе Үмйяя Ибн Хамд секілді қоғамға ықпалы күшті басшылардың бірін көндіруге тырысып жатқан еді. Бұл адамдар өздерінің жанында кедейлер болып, олардың сөзге араласуларын жақтырмайтын еді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у) осы қысылтаяң жағдайда оның осылай айтып, өз сөзін бөлуінен қысылып, қабағын түйіп, басқа жаққа бұрылды. Осыған орай мына сүре түсті (Бұдан кейін осы кісі қасына әр келген сайын Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: «Ей, сен арқылы Раббым мені сөккен кісі! Қош келдің!» - деп және шапанын оның астына жаятын):

«Жанына соқыр келіп еді,

қабағын шытып, теріс айналды

Сен қайдан білесің (сенен алған тәліммен), бәлкім ол тазарып, пәк адам болып шығар

Немесе насихатты естіп, оған тәрбие қонар

Ал, енді ісі түспейтіндей сердең біреулер келсе

Оларға икемделесің.

Ол тазарып ағармаса саған не түспек?

Ал Аллаһтан қорқып, саған жүгіре басып келген адамға нараусың» (Абәсә, 1-10).

Бұл сөгіс аят кәрімәларының тағы басқа бірнеше мысалдары бар.

Осы сөгіс тудырған барлық жағдайлар көз алдынан өткізілсе, ол сөгістердің мына мәселелерден болғандығы анықталады: Расулұллаһ (с.а.у) мұбах болған екі жорамалдың арасында қалғанда тыңдаушылардың хидайәтына,

жақындарына мархаматқа және дұшпандарының көңілдерін табуға ең ыңғайлысын, дөрекіліктен, қаттылықтан және дінге күмән келтіруден алыс болғанын таңдайтын. Ашық әмір болмағандығы үшін осы оймен қателескен бір мүжтәһид немесе абзал болғанын орындамаған адамның күйінде болады. Яғни, кешірілген әрі сауапқа жеткен халде болады. Ескерту алған оқиға адамзаттық ойларымен болған және нәтижеде ең нақты үкімді Аллаһ жіберген әрі ол үкімге мойынсұнған.³⁸ Құран Кәрім болса иләһи хикмет таразысында, тіпті, нақты болғанын білдірген. Негізінде ақылмен қарасақ бұл сөгістерге себеп жоқ. Тек Рұбубийет (Әлемді тәртіпке салған Рабб) билігінің үбудийет (құлдық) мәртебесіндегіні үйрету және тәрбиелеу сатыларында жоғарылатуы деген еді.

Қорыта айтқанда, Құранның тек уахи болғандығын ортаға салады. Хазіреті Пайғамбар өз пікірінің нақты еместігін білсе де, өзі туралы осы секілді ащы сөздер қолданып, осылай қатаң түрде сөгер ме еді? Керісінше, бұл мәселерде үндемеумен өзінің кемшілігін жауып және төңірегіннің өз пікірлеріне деген құрмет әрі құлақ асуын сақтау қамына түспейтін бе еді? Құран оның өзінен бастау алатын бір сөз болса, аз дегенде осыларды жасырар еді.³⁹

Осының барлығынан білетініміз Құран - Әлемдердің Раббы сипатымен Аллаһтың сөзі. Оның пәк билігінің мәңгілік бұйрығы. Басында кейде құпия белгі болған өте маңызды нұсқаулар журналы.

³⁸ Бәдір соғысының тұтқындарымен болған жағдайдағы секілді бірнеше жерде Хз. Омар керемет даналық көрсеткен. Бұл даналық шешімдері көбіне оның табиғи қаталдығынан болған. Дәл осы қаталдығы Худәйбия оқиғасында оны Аллаһтан ұзақтата жаздаған болатын. Олай болса оның асқан дәлдікпен төрелік етуі тек Аллаһ ж.ж. біле алатын ақиқаттарды білуінен емес, кездейсоқтық деп білу дұрыстау болады. (Мұхаммед А. Дераз, Өн-Нәбәул-Азим, 19 - бет)

³⁹ М. А. Дераз, «Өн-Нәбәул-Азим», Нәбә, 18 - бет.

Болмыс жұмбағының сырын және иләһи қазыналарының есігін ашқан кілт.

Бізге көрінген әлемдегі көрінбейтін әлемнің тілі

Ахиреттік әлемдердің қасиетті картасы

Рұбубийеттің ең үлкен көрінісімен аспаннан сарқырап, өзәлді мәңгілікке, жерді аршқа байлаған нұрлы шынжыр. Аллаһтың берік жібі.

Исламиет рухани әлемінің ірге тасы. Жоспары. Геометриясы.

Адамзаттың әрі пікір, әрі хикмет кітабы. Әрі мінез-құлықтың әрі құлдық кітабы. Әрі үкімдері. Шарифат кітабы. Әрі барлық рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын, көп кітаптардың негізгі өзегін қамтыған бейне қасиетті бір кітапхана.

Орасан әлем кітабының адамзат сөзіне мәңгілік аудармасы.

Қайнары - иләһи уахи. Мақсаты - адамзаттың дүние және ахиреттік бақыты, іші таза һидайәтқа толы болған, әдеміліктері таусылмаған, қайталануынан зерігілмеген, уақыттың өтуімен ескірмей үнемі жаңа болған, ақылдарды және жүректерді баураған шынайы жолбасшы, ақиқи ұстаз.

Өмір осы әлемнен сүзілген бір нәр, бір қайнар болғаны секілді, Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) материалдық және рухани өмірі де өмірден және әлемнің рухынан сүзілген нәрдің нәрі. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у) елшілігі әлемнің негізгі өзегі және нұры болғанындай, Құран уахиы да бұл өмірлік шындықтарының куәлігі мен әлем өмірінің рухы және әлем санасының ақылы.

Ия, ия, ия... Егер әлемнен Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у) елшілігінің нұры шығып кетсе, әлем өлетін еді. Егер Құран

кетсе, әлем ақылы ауысып, жер шары басын - ақылын жоғалтып, бәлкім ақылсыздықтан басын бір планетаға соғып, қияметті қопаратындай қорқынышты делсапдығымен өлетін еді. Сөйтіп бұл сынақ әлемі де толығымен жоғалатын еді.⁴⁰

“Хикмет”
баспа үйі

⁴⁰ Б. Сайд Нұрси, «Сөздер», 115,140 - беттер.